

Софьян
Софы Сматаев



АҒАЛАРЫМ - ЖАҒАЛАРЫМ,
ІНІЛЕРІМ - ІРІЛЕРІМ




УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз7-5
С 52

СМАТАЕВ С.

**С 52 Ағаларым - жағаларым, інілерім - ірілерім.
Алматы: “Алманар”, 2013. 452 бет.**

ISBN 978-601-7011-51-2

**Қазақ әдебиетінің классигі, алаштың халық жазушысы
Софы Қалыбекұлының Абылай ханға һәм замандастарына
арналған дастандары бүкпесіз шыншылдығымен, көркем
шеберлігімен оқырмандарының жүрегіне жол табары хақ**



УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз7-5

ISBN 978-601-7011-51-2

© “АЛМАНАР”, 2013

БІРІНШІ
БӨЛІМ


**Ағаларым -
жағаларым**





ТАҚТЫ ЕМЕС, ТАПТЫМ АДАМДЫ

Абылай ханға тағзым



I

Қалғыдым ба екен ұйқылы-ояу әлде мен
Адасып жаннан,
Босаған кезде тән, денем?..
Қалықтап жүрген жаныммен бірге
Өзімді
Табардай сезем әлдекім ... бәлки әлденем.

Тазардым білем сарсудай қаннан ұйыған.
Хақ, таққа емес,
Әлдебір күшке сиынам.
Бойыма тәнсіз шымырлап қайнап құйылды
Пейіштен шығып,
Ғарыштан жеткен сұйық ән.

Жаңғыртып ойды, жанымды сипап құйды-ай мұң!..
Құлдырап жетіп, көзіме құлап сиды Ай, Күн.
Ғасырлар түгіл
Мәңгілік дейтін мезгілге
Осы бір шақтың қас қағым сәтін қимаймын.

Кеттім бе еніп кейістен шығып пейішке,
Шарықтап ұшты қамалып жүрген ой іште.
Періштелер мен перілер басқан ізбенен
Ой-тұтқын босап,
Ұмтылды сайран-сейіске.

Сол ойды жаным мініп ап мықтап тізгіндеп,
Ғарышты бойлап,



Кеңісті шарлап жүздім кеп!
Саңқ етті кенет миымды шағып бір дауыс:
«Кіндікті Жерден, шырақ-ау, неге үздің?» деп.

Сілейдім үнсіз.
Күрсіндім,
Тындым таң қалып.
Мәңгүртпін тілсіз.
Ұқпадым түкті аңғарып.
Ойымның құштым жоқ қолмен мықтап мойынын,
Кетер ме - деумен - белгісіз дауыс жанды алып.

Бар болса жүрек ұғар ем сырын дүрсілдің.
Денесіз жанмын...
Өкіндім,
Сәл-сәл күрсіндім.
Апырай, бар ғой!..
Бар денем! Сап-сау орнында..
Шеше алмай... күлдім ғажабын мынау тылсымның.

Ал дауыс төкті мерейге толы мейірін.
Ауды да кетті құлақ, пейіл боп зейінім.
Елжіреп жетті әп-сәтте тентек еркелік,
Ілгері шапшып кешіге берер кейінім.

О, тоба! Мынау дауысқа тосын ынтықпын.
Жұмаққа ендім.
Шуағын шашты жылтып күн.
Кімде кім мөлдір сол үнді былғап, қызғанса,
Ұңғысын соған қадар ем қанды мылтықтың.

Борай да борай жауды да шаңы Кеңістің,
Орай да орай алды ғой құшып тегіс Күн!..
Қарай да қарай Хақты емес,
Көрдім адамды
Мекен ғып Көкті, менсінбей кеткен Жер үстін.

Сейіліп бір сәт жүзіне тұнған күзгі бұлт,
Құйылып кетті жанардан ыстық ізгілік.
Кеудеме енді Ол жаныма жайлы сыбырмен,
Жаңғырығын үннің ғарышта сонау жүздіріп:

II

- «Барасың қайда, адасып тау мен далаңнан,
Киелі, ыстық топырағыңнан жаралған?
Тірінің, ұлым, туған жер - нағыз тұрағы,
Өлгендер ғана мекенін табар ғаламнан.

Адамнан, деуші ем, болмасын бір сәт Жері ұмыт,
Кетпесін, деуші ем, кердеңдік билеп,
Жерініп.
Ұсақтап ұлтым,
Жыртылып жұртым жүр ме екен,
Таптаған кезде дәстүр мен салтты кері үгіт?

Көп еді-ау қазақ ұғардай үңгіп: «кім?», «нені?»
Өзегі таза.
Булықпас іште тың демі.
Қойшысы - ойшы.
Ойшылы еді-ау - данышпан
Еңсесі түспей, еңкейтпес елдік мүддені.



Көкседің нені көгіңе замғап сен бүгін.
Тұс-тұсқа безсең,
Құлпыртар сонда елді кім?
Тентіреп қашсаң сағымы жібек Далаңнан
Кім сақтар ұлттың асқақтығы мен кеңдігін?»

III

Сезіндім күнде жүргендей естіп тап үнін,
Адамды ғажап...
Ғажап-ай, жазбай таныдым!
Абылай хан ғой!..
Алаштың абзал Оғланы!
Айналып кетті-ау жұмаққа, Дүние, тамұғың!

Ып-ыстық толқын жаныма лықсып құйылды.
Тоғытып өттім кеудеме ұшқыр құйынды.
Адам боп қана Әлемді шолған
Кім ұғар
Періште де емес,
Пері де емес
Күйімді?!

Айнымай басар саусағындай дәл күйшінің,
Адаспай танып кеудемді ұрды-ау түйсігім.
Көжектей бұққан қазағын қайта көкжал ғып
Құлпыртқан жанның қаныма, Тәңір, құйшы үнін.

- «Алдияр ханым!
Апырай, мына сізбенен...
Кездестім бе екен жылдардан талмай іздеген?..

Қиялмен ғана ілесіп сізге кетуші ем,
Ғасырлар бойы бабалар салған ізбенен.

Шаңдатқан Далам қан менен жасқа батқанда,
Озғанда ғұмыр тіреліп меңіреу шатқалға,
Өмір мен өлім тайталас түсіп жатқанда,
Мөлиген көзді қадаушы ем аңсап ақ таңға...

Найзаға жем боп пәк сәби шамдай сөнгенде,
Өткенде ана семсерін сұғып өңменге,
Өңешін жаудың жұлып ап қартым өлгенде,
Сағым боп сіңіп енуші ем жылап белдерге...

Қаралы халқым зар менен шерге бөккенде,
Қазамен қажып,
Азамен белі шөккенде,
Қалжырап жаны азаптың күйін шеккенде,
Төгуші ем іштен өксікті ғана өткенге...

Кеткенде елім ақ табан болып шұбырып,
Бергенде зәрін тағдыр боп жетіп зымырық,
Ілескем зарлап, бір тұрып,
Бірде жығылып,
Күйінген жаным,
Түйілген мылқау жұдырық...

Беймарал жұртты қорқау жау аңдып, тап басқан.
Сенделген ұлтым түнектен сәуле таппастан,
Торлаған түннің тұншыққан таңы атпастан,
Кеудесін елдің қара қазан боп жапты аспан.
Өзекті өртеп, мен бірге елмен шоқ басқам...» -

Кідірдім жүнжіп,
Тамаққа өксік кептелді.
Ақтарсам деп ем ойымнан тілге жеткенді.
Қамалған сонда Алашқа тұзақ-тұйыққа,
Нұсқармын бүгін мен енді қандай өткелді:

- «Сан ғасыр көміп кеудесін құмы, батпағы
Көбейген ұлттың жоғалтқаны мен тапқаны.
Бозінген болып боздаған күйі іштегі,
Өксікке толып көмейден зарлы ақты әні.

Айқас пен шайқас шаңдатып жетіп далама,
Жармасқан ажал сіңірлі қолмен жағаға.
Сәулет пен өнер гүлденген кезді жоғалтып,
Қош айттық небір құм жұтқан кент пен қалаға.

Ыдырап, қаусап тұтастық пенен дербестік,
Алауыздықпен,
Қарау жүздікпен белдестік.
Қаңбақ боп көшіп,
Кіндіксіз, босап қалған соң
Шашырап кеткен әр тұсқа шұбап елде өстік.

Жазу-сызудан,
Ілім-білімнен кешігіп
Қалдық қой біраз,
Болған соң жұрттың десі ұмыт.
Көршілер озып,
Төнгенде созып найзасын
Тістедік бармақ жоғалтқандарымызды кеш ұғып.

Қираған жұрттан іздедік ұлттық көнені,
Қан айдап жанға, тірілттік семген денені.
Аманат еттік аңызда қалған ерлікті,
Оралды елдің ән жыры, күйі, өлеңі.

Азаттық аңсап,
Еркіндік іздеп алысып,
Қарғысқа қарсы қасқайып тұрдық қарысып.
Әділет үшін айқасар әулет өсіріп,
Ұрпақтар туды жорға жылдармен жарысып.

Шұбырттық ізді шаңдатқан қырда көшпенен.
Жаңғыртты кекті мұң шалған өңін ескі өлең.
... Зеңбірек, мылтық кезенген
Русь,
Қытайға,
Тойтарыс берер болмады-ау, әттең, ештеңем...

Тәңір не
Болмыс қазаққа дұрыс жүз беріп,
Сол кезде, тақсыр!
Тарихқа мына Сіз келіп,
Қалдыңыз бізді екі өңешке де жұтқызбай.
Тиген-ді сонда жоламай жүрген бізге ерік.» -

IV

Қадады Ол көзді шымшып ап қасын көтеріп.
Тамағын кенеп, ышқынтты сұсты жөтеліп.
От шашты жанар сұп-суық өткір қараспен
Жоғалып өшті әлгі бір кескін әкелік.

- «Әй, шырақ!
Епте!
Ешқашан тақсыр болмағам.
«Тақсырмын!» - дейтін бәкене байқұс сорлы адам.
Көбінен өзін ерекше тұтса кімде кім,
Адасып жұрттан,
Адамдық атын қорлаған.

«Тәңірмін!» десең, тартасың тағдыр жазасын.
Ластайсың онда жаныңның мөлдір, тазасын.
Ұлтыңнан құлқың бөлініп мүлде аулақтап,
Табасың ардың бұлтартпай бүрер қазасын.

Дауыл боп соғар кеудеңе желік - жел ексең.
Жұрт безер сенен.
Кетерсің елден бөлек сен.
Бықсыған умен өзегің толып өксікке,
Тәніңді сүйрер жаныңнан үріккен өлексең.

Адасқам мен де.
Семсерді жөнсіз сермегем.
Арым мен нәрім қиналтып жанды тергеген.
Түсіртпей қояр төменге асқақ жанарды
Қонжитқан таққа ақ орда дейтін - төр немең.

Астында Көктің аңсатқан Төр де,
Төбең де.
Естілер менен сестілер көп-ау сенен де.
Құлайсың лезде төріңнен және
Төбеңнен,
Құдайсып көзді қадамай қойсаң төменге.

Жалғыздық, шырақ, жарасқан жалғыз Құдайға.
«Құдаймын!» дейтін табылар менсіз былай да.
Шіренер солар кердеңдік кернеп кеудесін
Құрығын салып алғандай анау Күн, Айға.

Бөлініп көптен,
Өткізбей қамал - мекені,
Желігіп кеткен желкелер Тәңір жекені.
Түрілер сонда арсыз һәм жансыз қабығы,
Білінер сонда күнәһар пенде екені.

Ұлтынан безіп,
Жұртынан жеріп, үзілген,
Жан таппай елден жаутаңдар көзі сүзілген.
Алаштан көрсе ол өкпесін сығар өгейлік,
Өкініш толы өңештен суық күз үрген.

Өкінер білмей биіктен оңбай құларын,
Күпсінген көңіл күлге аунап барып тынарын.
Асып-тасқанда аспанда ғана қалықтар
Көміліп кетер көмейге сіңіп құмар үн.

Тағымнан тайып,
Талтайып талай құлағам.
Өкінгем өксіп,
Тоқпақтап басты жылағам.
Тәубаңа келіп,
Тобаңды іштен таппасаң,
Арылу қиын пенде боп қапқан күнәдан.

Жығылғам,
Тұрғам.
Кеудемді игем халқыма.
Алдыма аттап,
Үңілгем тоқтап артыма.
Қарамды үзіп,
Кетпегем ұзап Алаштан
Айналмасын деп бүтін көңілдер жартыға.

Сесің мен десің билікпен жымдай өрілген,
Тас-талқан болар құлаған сәтте-ақ төріңнен.
Тұшынтқан жанды тұншығып жұтар ләззаттың
Кермегі қабар,
Тәттісі қашып еріннен.

Мың жерден оран көз қарыр үлде-бүлдеге,
Жоғалтсаң арды тұрар-ау жетпей бірдеңе.
Алғанмен қымтып тізгінін елдің қолыңа,
Бақытты болу - тақтағы жанға құр дәме.

Үмітті үгіп үргедек күдік бүктейді,
Санаңды түрткен сезігің мүлде бітпейді.
Өлмейсің бірақ,
Сөнбейсің бықсып көңірсіп,
Азат боп тумай,
Азаптың уын жұт мейлі.

Бойыңды жайлар ойыңда ойнар күншілдік,
Еркінді құл ғып,
Өтерсің соған құр шұлғып.
Күндерде бір күн бақас тірлігің бақыртып,
Тұзағын салар құтқармас түбі - бір шындық.

Есірген кезің есек қып мініп талайды
Алдыңнан шығып, кінә-күнәңді санайды.
Шыңғыртып жанды шындық шыбығы шықпыртып,
Теріңді тесіп,
Түрме-тәніңе қамайды.

Күйзелмес үшін зар шегіп жүдеп мұңлы адам,
Құлақ боп күйін күйік пен шердің тыңдағам.
Күндізгі күлкі көгімнен нұр боп төгілсе,
Өксікті шертіп көп сырды құйған түн маған.

Суарғам жанды шелектеп аққан терменен,
Көл болсам дегем безгенде елім шөлменен
Сезіну үшін қараның халін кей-кейде
Ханына керек қайнатар қанын шерлі өлең.

Жүректің қылын шертеді күліп шерменде,
Түйсігің тулап,
Түршігіп мұңға ергенде.
Бөтенің емес, бөлінбес сенен ән, зары
Алашың қандас - артыңнан ерген әр пенде.

Халқымен ғана қажырлы, құнды ірілер.
Ірі - тек, шырақ, болады ары тірілер.
Ары жоқ пенде жансыз құр тәнін сүйретіп,
Күнәға батып аттаған сайын сүрінер.» -

V

Үңілді ме екен өткенге көңіл көзімен,
Байқалды діріл баяулай қалған сөзінен.
Ашылып өзі,

«Ашылшы!» маған дейтіндей
Табысып кеткен түйсіктерді дәл сезінем.


- «Алдияр ханым!
Айтатын сізге датым бар.
Ұлт үні боп сөйлейді десек ақындар,
Алашың емес.
Өткенде берді асынды,
Аздаған ғана төреден шыққан жақындар.

Жұртпыз-ау, аға, бағалай білмес асылды.
Теке ғып қойғыш лақтан да әлсіз масылды.
Той десе қозар Астана үнсіз қалса да,
Тойлар ма елің үш жүзге толған жасыңды?

Әй, қайдам...
Біз ғой - өзегі қуыс, жасықпыз.
Өз дәмін құяр өзге көмейге қасықпыз.
Езгенде тірлік
Қайнаған кекпен іштегі
Қай жерде, қашан ағыл да тегіл тасыппыз?..»

- «Борай да борай боран боп қысқан замандар.
Бұрқаған қыста бөрі боп ұлыр далам бар.
Талай да талай тағдырға тап кеп тарығып,
Таланын іздеп, даламнан тапқан адам бар.

Адамың сонда кім десең, шырақ?
Бірі - мен!
Алладан күткем.
Алмағам сыйды тіріден.



Арай да арай таңдардан шуақ жамылып,
Бекіткем нұрмен бірлікті біраз іріген.

Ой безер бойдан даңғаза тойды көбейтсең,
«Мен бүйтем - деумен көршіңді күндеп, - сен
өйтсең!»
Төре-қаранды тең көріп жүрсең, жөн біліп,
Озасың, шырақ,
Құшақты жаяр кеңейтсең.» -

VII

Арқамнан қақты бұрыла беріп жымыып,
Жасырды қабақ көздерді тұрған мұң ұйып.
Шынымен қазақ ескермей мүлде қала ма,
Көгінен кеше тұратын жанға Күн иіп?..

- « Қашанғы үркіп қараймыз төрге мәлиіп,
Жазылар қашан қушиған, аға-ау, кең иық?
Әділет сөзін жаныңа құяр жан шығып,
Туар ма күнім,
Құлшынар соған ел ұйып?

Адалдық,
Шындық адаспай бізді табар ма,
Кеудеде шоғым үмітін үзбей жанар ма?
Қашанғы бізді «Егемен» алдай береді,
Өтем бе қор боп өтірікті айтқыш «Хабарға»?

Бабалар салтын ұмытып шындық іздеген,
Қалайша көнбіс боп кеттік, аға, біз деген.

Өрт болып лаулар тұлға боп қашан атылар
Жүрегі әлсіз,
Баяулау қаны,
Мұз денем?

Құрдымға сіңсе емірентер Ерін еркелік,
Жүргенше күнде қорлыққа батып,
Дерт еміп,
Іштегі кектің қып-қызыл шоғын тұтатып,
Кетпеймін неге өмірден мынау өртеніп?!

Қашанғы сеніп,
Ереміз шұлғып жалғанға,
Адалға бізді адаспай ертер жан бар ма,
Жетелеп жүріп жеткізер елін жеңіске,
Тигізіп қолды көкейді тескен арманға?» -

VIII

- «Жазғыра берсек жазмышы жұмбақ жалғанды,
Бергеніңді айтып,
Жасырып жұрттан алғанды,
Толағай дәулет қомағай көзге ілінбес,
Кеудеңнен қуып, түнетпей қойсаң Аллаңды.

Таппасаң жұртты көлеңке түгіл күнестен,
Татпасаң әнін сазынан сергек сыр ескен,
Кетпес пе өшіп халқыңның ғұмырбаяны
Бақиға сіңіп,
Балқытқан бойды күні естен.

Өкініш өктеп, кептіріп босқа өкпені,
Келіп пе ек айтшы,
Зар менен шерді шеккелі.
Алыса бермей өзіңмен өзің жұлысып,
Өзгеге ақтар запыран кекті өттегі.

Өзекті қымтап булыққан деммен қыстама.
Сендегі сесті сезбесін қызған іш қана.
Сыртыңа шығар қозданған шоқты кеудеңнен,
Қорлықтан зор ғып көтерер сені күш қана.

Табанға түсіп жалтақтай берме ешкімге,
Оралмас онда өңіңнен шапшыр сес мүлде.
Ақырып тұрсаң,
Бақырып қашар «мықтың» көп,
Шуағы барын ұмытпа салқын кештің де.» -

IX

Қарыстан артық көргендей болып тұтамды,
Терек қып мақтап бара ма әлде бұтамды.
Сипалап қана жұқалап жонған ағаға
Ерегіс оты кеудемде бықсып тұтанды:

- «Кеңейтіп кетер Әлемнің қыспақ, тарлығын,
Өксікті тыйып,
Жанымды сипар бар ма ұлың?
Көрсетіп көзге Азамат ердің нарлығын,
Алдауды құртып,
Жалғанның жояр жарлығын?!.

Қолыңды созсаң,
Пара іздеп тінтіп,
Жең түбін,
Ашқарақ көзі табардай сенен жемтігін
Шенеунік дейтін шегінен асып-тасқанның,
Басамыз қашан пайдаға құмар еңтігін?

Құзғындай қаптап,
Төбе мен төрге үймелеп,
Жолатпай көпті,
Өздері топ боп кимелеп,
Астауға қол мен ауызды салған еркіндеп,
Ашыққан бізден
Оларда сый мен күй бөлек.

Жұлып ап шіркін
Көтергіштерден шашпауды,
Туар ма сәтім
Ортаға қояр астауды.
Ерінге тиіп елес боп қашқан есеміз,
Қозғап бір кетсек «шындық!» деп күрес бастауды...

Ойпырмай!
Осы ойымнан өзім шошынам.
Зар болып кейде шақпай ма миды тосын ән.
Айтыңызшы, аға,
Туды ма ән боп зар тілек
Ақтабан болып кездеріңізде жосыған?

Тығардай қорқам көмейге әнді өктемдік.
Еңсеңді езер құласа зілдей көктен бұлт.

Көкесін маған айдап салудан жаңылмас,
Етікті жалап, атақ пен даңққа бөккен қырт.

Өңешті қысар жігерлі үнді шығармай,
Зіркілдер зілі ойыңды бойға тығардай.
Әттең-ай, әттең!
Ақ тілеу, арман, аңсарың,
Жеткізбес жазғы сағым боп ойнар мұнардай.

Өксітіп ойды,
Айта алмай әсем аңсарды,
Қаншама жүрек қара қанжарды қарсы алды.
Аппақ аққуды қара қарғаға қосақтап,
Не болар еді күнәға мықтап таңса арды?!» -

X

Ақынмын ғой мен
Мінезді, ойды аңдаған
Қабағын шытты жалт етіп қарап хан маған.
Артынша ілез арқамнан қақты жай сипап,
Жолымды, сірә, қолдауы болар таңдаған.

- « Кеудеңе үңіл,
Өсегін қырттың тыңдама.
Зар болмас сырлас.
Жүректі түртер мұң ғана.
Дана боп ұлтқа,
Пана боп жұртқа жүрмесек,
Олжа боп тосар жотасын жатқа тұл Дала.

Анаңдай қорға жусаны жұпар жеріңді.
Жауыңды тоғыт,



Ағызып қан мен теріңді.
Топырағың тозса
Табаны жаттың таптаумен,
Қаза бер онда өзіңе өзің көріңді.

«Ақтабан» болып шұбырса да жұртың жеңіліп,
Сүйреген алға Алашты қайсар кек, үміт.
Өңешін сығып бірге өлген жаумен бабаңның
Сүйегі қалған сусыған құммен көміліп.

Кеудеңді төсе!
Басқызба жатқа сол құмды.
Еселеп толтыр есесі кеткең олқыңды.
Отанын сатар
Қотанын сатқан опасыз
Тоқтата алмай «пайда-а!» деп ұйтқыр толқыңды.

Ойрат пен шұршіт лап қойған ылғи іргеден.
Шап берген қазақ.
Кеудеге үрей кірмеген.
Түнекті түріп,
Азаттық таңын атқызған,
«Елім-ай» сынды туғызып зардан мұңды өлең.

Қаңғыдық біраз пана іздеп желбір жекендей,
Өзбек пен сарттан жөн таппай,
Тілек өтелмей.
Намысын жанып,
Қайраған кегін халқыңның
Сынса да сүйек,
Шыңдалған жаны, еті өлмей.

Шайқасқан жаумен,
Айқасқан даумен іштегі
Билігін құрған үш биі - ойдың үш кені.
Бөгенбай, Есет, Қабанбай, Саңырақ батырлар
Бар кезде қазақ Әзіреті Әлідей күшті еді.

Күйдіріп жүзін үш жүзге ұлтын бөлмеген,
Еркіндік аңсап бірге өскен тұтас елменен.
Намыс пен арды арудан бетер аялап,
Сатқындық жасап,
Ұяттан безіп өлмеген» -

Бөгелді сәл-пәл.
Маңдайға қолын тіреді.
Тесердей төсін ұрғылап берді жүрегі.
Қадады көзін ноқаттай сона-ау Жеріне
Құбылып кетті біртүрлі жасып іреңі:

- «Мойыма, шырақ!
Үгіле берме бекерге.
Сүйегі түгіл ұлының жаны, еті Елде.
Тіл менен ділден айырар пірсіз басшылар,
Рухы ұлттың жерінен безіп кетерде.

Тіліңді сақта!
Анаңның тілі - ол!
Қорлама!
Тіл үшін күрес!
Қаматпа ор мен торға да.
Мәңгүрт боп көніп,
Тілсіз қап малдай көндіксең,



Еңсеңді езіп,
Төбеңнен түйер сор ғана.

Алғанда қоршап мұнар да, мұнар, мұнар күн,
Болғанда құлы
Аярдың кімдер,
Кім ардың.
Қасқая қарап ажалға күліп Ер тұрса,
Аяқты құшып, еңіреп Езің сынар мың.» -

XI

Изедім басты, маңдайға саусақ тіредім.
Апыр да топыр менің де шынжау жүрегім.
Бір тиіп қолға,
Бір тимей тұрған тәрізді-ау
Ұстатпай жүрген Әлеммен жалғар тірегім:

- «Шеркеуде неткен көп еді мынау тірлікте,
Өркеуде бүгін ноқаттан кіші бір нүкте.
Күйігін ғана күйініп ішім созады,
Түтін боп ыстап, тіреліп көмей - түндікке.

Дауасын берер ауасын жұтпай,
Қысылып,
Қорлық пен зорлық шыңғыртар жанды,
Іш ұлып.
Табар ма тәубам,
Даламда әнім жаңғырып,
Тиер ме көкке бұлтымды төбем ысырып?

Аңсаймын, тақсыр,
Тамсаймын дәмді үмітті,
Кеудемнен аулап кеуделеп сүйер үтітті.
Ұмтылса ұлтым,
Қыртымды қуып биліктен
Демес ем онда:
«Ұтылып кімдер?
Кім ұтты?»

Белгілі маған кімдердің кімді ұтары!..
Жалғанның арды,
Әлде ардың зарды жұтары.
Табылмай бүгін Абылай ханым
Сөз тыңдар,
Бола алмай жүрмін қырғидай тілді Бұқары...

Көрінсе көзге тақаппар текті аз, көптей,
Болар ем биі,
Қолдаса елім, Қазыбектей.
Жетер ем мініп тұлпарын кектің мұратқа,
Өтер ем көкке
Зар менен шерді,
Назды өктей.

Сіңіретер кеуде,
Есітер құлақ табылмай,
Лапылдап жүрмін елсізде жанған жалындай.
Жаңғыртпай түкті өтер ме, тақсыр,
Босқа үнім
Оянбас жұрттың назарына да шалынбай?

Тұртумен келем бұзсам-ау деумен ұйқысын.
Шығарсам деумен салғырттың ұйқы-тұйқысын.
Басар ем жырға,
Ашар ем кеудем тоғанын
Уқалап көзін,
Тырбанар қазақ сиқы үшін.

Сілкініп тұрып көтерсе бойын әз халық,
Бөзді емес тозар,
Иліксе сеніп,
Сөзді алып.
Алдағы күнге нық басып аттап қадамды
Тарихқа жаңа кетер ед көші қозғалып.» -

XII

- «Бүгілме, шырақ!
Халқымнан қайсар түңілме!
Жүрегін тыңда!
Жанына барлап үңіл де.
Арнасаң сөзді **Біреуге** емес,
Баршаға,
Боларсың Бұқар, жігер бар екен үнінде.

Құлағын қағып,
Кеудесін ұлттың түрте бер.
Жайбасар,
Жалтақ,
Ішмерездерден үркеді ел.
Тұтата білсең жұрт төсіндегі жалынды,
Кеміріп жатқан іштегі дерттің құрты өлер.

Тастүйін болар біріксе ойлар ірімтік,
Еңбекке,
Іске,
Ырысқа бетті бұрылтып.
Көзіңнен ұшқын,
Жүзіңнен жылу шашырап,
Ән-күйің шалқыр Далаңды қайта тірілтіп.

Шаруаңның қолын жеткізсең бейбіт еңбекке,
Күлгенде ұл-қыз қалмайды ер мен елде өкпе.
Қос қолға күрек табылып,
Жаппай жабылып,
Отанды гүлдет,
Маңдайдан терді селдет те.

Ырғала бермей,
Орныңнан дереу тұр, бала!
(Бала деп қаппын...
Арналар ұлға сыр ғана).
Өшкенді жандыр!
Өлгенді тірілт!
Дәнің ді ек!
Нәріңді сорып жұта бермесін бір қала.

Басқа емес, нағыз жұмағың бүгін - Алматың!
Есіңді жина, Алашым,
Сонда қалды атың.
Ата-бабаңның қанымен, шырақ, суарған
Бермегін жерді кескілеп жатқа жалға тым.

Киелі жердің -
Әр тасы,
Жаны,
Әр тұсы.
Жер-анаң - денең!
Емес ол тәннің жартысы.
Жартысын сатып,
Жартысын жалға ұсынсаң,
Мың жылда бітпес жұлқынған жүйкең тартысы.

Білемін, шырақ,
Қос көршің - мұжық, шүршітті.
Мен түгіл Далам солардан талай түршікті.
Сол кезден сақтап келемін намыс, кегімдей
Қан болып тамған көзімді өртеп бір шықты.

Жеріңді таптап,
Еліңді құмар билеуге.
Жарыңды мақтап,
Жаның ды қақтап илеуге.
Ентелеп жетсе,
Іргеңді қымта,
Енгізбе!
Азамат арын қайтпас қару ғып түй белге!

Басына берер шошынып түссең күйбеңге.
Кектенсе кектен!
Шектелме үркіп,
Именбе!
«Кеден!» деп келіп,
«Егеңмін!» десе қоқандап,

Опырып төсін,
Тұрмастай етіп түй белге!» -

Жоқ болды Ол кенет...
Оятып бойда сан күдік.
Елес пе, түс пе,
Не көрдім?..
Қалдым мәңгіріп.
Ғаламға сіңді ақ сәуле бір-ақ жарқ етіп,
Құлақты тесті «Түй белге!» деген жаңғырық.

Ояндым білем...
Жұмбақтау халден сергідім.
Шаңытқан Көктен жалын боп шарпып төнді Күн.
Әлдебір қолда шар құсап жіпке ілесіп,
Жетімси жүдеп тұрғандай болды Жер бүгін.

... Өз кебенегімізді келгенде шошып кие алмай,
Көрінді ме екен шынымен маған
Кие, Алла-ай?!.
Түреміз бе енді көнбістік торын иықтан,
Жүреміз бе әлде ешкімді белге түйе алмай...

... Ух, шіркін-ай!

11-22 шілде 2011 жыл.



ҰЛЫ ҰСТАЗ ҺӘМ ЖАС ТҰЛПАРЛАР

Мұхтар Әуезов аруағына



Ол - ұстаз-тын.
Шәкірті де емес ем.
Дәріс алғам,
Оқытпады демесең.
Ал жүрегім бұлқынатын,
Тулайтын,
Тығылып кеп қоңыр үнге бөлесем.

Ол - әке-тін.
Баласы да емес ем.
Бірақ көңілім ол бар жерде неге әсем.
Өйткені мен ұлындай боп ұлының,
Өзі болып өзіменен кеңесем.

Төгілетін тіл көмейден,
Ой - іштен.
Нәрін, әрін құнығып кеп тоя ішкем.
Алғаш сонда сезініп ем,
Кей-кейде
Аласаның болатынын бойы үстем.

Қазағымнан туғызған нән асылды,
Мақтан етем жиырмасыншы ғасырды.
Көкті жерге,
Жерді аспанға шығарып,
Қақпақыл ғып ойнататын жасынды.

Сөзі - бата,
Ал дәрісі - имандай.
Елтіп еріп кеткен бізде күй қандай!
Жанарымыз қадалатын бір аумай



Кең маңдайға
Ұлт тағдыры сиғандай.

Ұшқыр оймен сіңіп кетіп маңайға,
Ілесуші ек Құнанбайға,
Абайға.
Сыңғырлағыш ақ шолпылы Тоғжанның
Сілекейін бір жұтсақ деп қалайда.

Еруші едік,
Көруші едік билерді.
Бақанасты бойлай қонған үйлерді.
Қызыл-жасыл қынаменде қыздырған
Талайлардың ыстық тілден күйді ерні.

Әнмен,
Күймен ойды, бойды қандырып,
Қарсы алушы ек қырдан қызыл танды ұрып.
Тірілетін санамызда саржайлау
Күміс көмей күлкісімен жаңғырып.

Жанымызды шертіп, түртіп жаңғырық,
Естелік кеп,
Естен мүлде тандырып,
Атқан сонау Хан, Шыңғысқа таң күліп,
Жетуші едік бәрін мұнда қалдырып.

Ақ сүт сауған таспа жолмен талайғы
Ай бастайтын Ербол менен Абайды.
Тақым басып біз де бір-бір жорғаға,
Еретінбіз қасып қойып самайды.

Ай әуені сыңсып жетіп құлаққа,
Шомытатын саз боп аққан бұлаққа.
Түн қойнынан пейішке еніп кетесің,
Періштелер көлбеңдеген қыратта.

Әрін, нәрін жұтып, тұтып Далаңның,
Жаңарады,
Жаңғырады санаң мың.
Түршігесің,
Күрсінесің,
Күлесің,
Ғаламатын сезгендей боп ғаламның.

Сен кетесің шешен тілге ілесіп,
Ержетесің кеудең тола мұң өсіп.
Ғажабымен,
Азабымен тандантып,
Ашылады бір есіктен бір есік.

Ол - ұстаз-тын.
Шәкірті едім ұмтылған.
Көкірекке сыр ұялап,
Мұң тұнған.
«Бәрі, бәрі сол Данадан!» дер едім
Азаматқа айнала алса бұл тұлғам.

* * *

Бөлеп нұрға қара көзден тарқаған,
«Сарбала!» деп қағушы еді Ол арқадан.
Білмеппін ғой назарыңда жүргенін
Ұлы Ұстаздың мына мендік әр қадам.

Кішкенеден басталарын ұлылық
Біздер әлі сезбеген кез ұғынып.
Тану қайда тап басардай
Адаспай,
Кеудемізде жатқан сырды буғынып.

Жыл жеткенде жазын таусып,
Күзді өрген,
Қайрат кеміп,
Әр тайғанда жүздерден,
Қайран ғана қасиетті әкелер
Ертеңісін іздейді екен біздерден.

«Келешегін әдебиет, өнердің
Өркендетсін өрге сүйреп келер күн!»
Осы тілек түн ұйқысын төрт бөліп,
Тыныштығын ұрлай берер шебердің.

Бүгінгідей өзеуретпей «... мен саған!»
Әр шәкірттің асқақтауын аңсаған.
Ықыласын аямаған ешкімнен
Өз алдынан өтсе-дағы қанша адам.

Ойлайды асыл елдің қамын, ер қамын,
Қарсы алады зор үмітпен әр таңын.
Білдірмейді жараларын жүректің,
Тағдыр тілген жолақтарын арқаның.

Ес тандырар естелікке ен мейлі,
Күрсінгенмен енді ештеңе өнбейді.
Ахаң,

Жақаң,
Мағжан,
Сәкен,
Әлекең,
Қайран дүния-ай, енді айналып келмейді!..

Ағаларын еске алады күрсініп.
Бір жылатып,
Бір жұбатар тіршілік.
Боздақтардың қаны тамған қырларды
Қып-қызыл ғып жосалайды гүл шығып.

«Қызыл... қызыл... туы да қан түсіндей.
Толған көсем, сұсты құдай-мүсіндей.
Ескерткіш боп төніп тұрар төбеңнен
Қорқытуға туа салған кісіндей.

Қалқып алып солар ұлттың қаймағын,
Қалдырды тек шобыры мен жайдағын.
Өксігіңді қайта тықса өкпеңе,
Жүрегіңнің кім тыңдайды қайғы әнін.

Кешегіңді ертеңіңнен ұрласа,
Сүлдең жүрер әупірімдеп қыр баса.
Сор тірліктің қор ғұмыры не керек
Кеудеңде әлсіз сәулең жанып тұрмаса.

Жоғалар ма қазаққа тән тектілік,
Өсер ме ұрпақ жалындатар кекті ұғып.
Жағалар ма жанымыздың жиегін
Бас шұлғығыш жарамсақтық, ептілік?

Қайран дала - даналықтың мекені,
Таптар әлі-ақ өзге жұрттың бөтені.
Топ-топ қылып айналдырды тобырға
Солар бүгін ел бастайтын Жекені.

Біле алмайды баяғыдай кім, нені,
Жылаудай боп еп-ерсілеу күлгені.
Көміп кетті асқақ әнін Арқаның
Келімсектің қанденінің үргені.

Қайран ғана бабалардың дәстүрі -
Кердең төрдің қудалайтын қашқыны.
Бүлкілдейтін көмекейің көміліп,
Анаң тілін басқалардың басты үні.

Өз жеріне өгей ұлт ек не деген,
Төмпештейтін тоқпағы көп төбеден.
Алаш жанын аялайтын азамат
Шығар ма екен мынау ылғи көбеден.

Осыларда тұр үзілмей сенімім.
Сол сенімім - алға сүйрер серігім.
Ел мүддесін кеуделерге еге алсам
Текке өлді деп сөге қояр мені кім.

Елдің сөзін ері айтпаса,
Кім айтар.
Ұл жүрегін езген ұлттың мұңы айтар.
Ұлдарым ғой - мынау көбең шәкірттер
Ертеңімде елдің көңілін тыңайтар.

Қалай басам күйік іштің ызыңын,
Темір торда бұғауланса қызығым.
Көз қызарды көре-көре көр болып,
Қан жалатқан төңіректің қызылын.


Қызығымды таба алам ба ұлдардан
Құнды арманға айналар ма мұңды арман.
«Еркіндік!» деп жас тұлпарлар заулар ма,
Жарып шығып бас изегіш құлдардан?..

Есе алар ма еркін аттап елдігім,
Ес жияр ма естияр боп ендігім.
«Озбырлықты өлтір!» деуді жастардың
Құя алам ба санасына мен бүгін?

Басар ем-ау аяғымды мен алшаң,
Көлеңкесіз жұрттың жүзін көре алсам.
Мынау өңшең өрімдердің қолымен
Ашық күнін ашып елдің бере алсам!..

Қалың елім, қазағымның кеселі -
Күншілдігі,
Таусылмайтын өсегі.
«Сілкін!»
«Жұлқын!» дейтін шіркін жеткізсем,
Даналардың аманатын кешегі.

Бауырын жазып, көтеріліп ұядан,
Басар ма еді,
Асар ма еді қиядан.
Шәкірттерден шырқап шыңға,



Самғар ма,
Арман - Тұлға,
Жыр - Азамат,
Күй - Адам.

Әділдіктің тізгініне жармаса,
Тұлғаларым күй, жырды елге арнаса,
Тәуба дер ем
Енбекқорлық,
Білгірлік
Азаматым кеудесіне орнаса.

Өсер елдің баптай алсам ұл-қызын,
Жоғарыда сақтай алсам жұлдызын,
Ағалардың орындар ма ем, шіркін-ай,
Көкейінде арман болған ындызын?!»

Дәл осылай ойлады ма,
Айта алман.
(Шашырамас дәл мендей боп майталман).
Ұлылардың мақсаты ұлы болады,
Жердегі үні сонау Айда байқалған.

... Жә-жә, қайтем пәлсафаны езгілеп...
Жас едік-ау құтырынған сөз тілеп.
Бізді айтысса сабаласа кететін
Айтпас ешкім мылжыңдықтан безді деп.

Мылжыңдық та - бір парасы сөзгердің.
Сөйлей де біл, келсе тіл боп өзгергің.
Сынағынан өтіп, мүмкін жетерсің
Кезеңіне қаламгерлік кездердің.

Тағы адастым мылжындыққа бет бұрып.
(Іштен бәлки көп қыжылым кетті ұлып).
Қадап басып,
Санап сөйлер орнымен
Қол жетпестей қиында гой тектілік.

Ұмтылдым ба сол қиынға арманмен,
Қудым ба оны үміт атты тарланмен.
Әйтеуір бір жатқан ішті кеміріп,
Хас жазушы болсам деген бар-ды әурем.

Шықпаушы едім кітапхана залынан,
Кейде мұңға,
Кейде нұрға малынам.
Қара көзді қасымдағы елемей,
Қара көзін өткендердің сағынам.

Қиял шіркін шарықтатып биікке,
Кезек қамар сүйінішке,
Күйікке.
Бекетіне айналдырып ғарыштың
Қала орнатам өзім туған Киікке.

Қанат бітіп,
Көңіл самғап сондайда,
Бақыт немең өзі іздеп кеп қонбай ма.
Күнмен бірге жерді айнала зымырап,
Сұлу бикеш - созасың гой қолды Айға!

Рас, рас
Ай бикештей бар қалқам.

Сыр, жырымды сол Аруға арта алғам.
Бөгіп, еріп отырғанда сезімге
Әлдебір қол қағып қалды арқамнан.

- «Әу, Сарбала! -
Әй, керімсің сен бүгін.
Жалқаулықты өзіндей боп жеңді кім.
Артығымен толды,
Мақтау болмасын,
Тайбурылдай дәл қырық күн кемдігің.» -

Күлді ұстаз.
Аймалады көзімен.
Анау жүзден бір жылылық сезінем.
Қипақтаймын,
Мүдіріссіз өтсем деп,
Сыншыл көздің ымырасыз тезінен.

- Тыңда, ұлым, қуыстанбай сен менен...
Таптым жасты эр мен нэрге шөлдеген.
Нұсқап саған жаңа жөн мен жобаны,
Тағдырыңа килігемін көлденең...

* * *

Килікті рас тағдырыма сол ағам,
Өнегесі үлгі тұтар мол адам.
Бағытымды мүлде өзгертіп жіберді
Тәлтіректеп өзім салған жобадан.

«Тарт ілгері!
Өрге қадам бас!» деуге

Құлшыныспен көнеді ғой жас кеуде.
«Миыңды ұштар инженердің оқуы!»
Деген Мұқаң.
Тартып кеттім Мәскеуге!

Домалаттым солай өрге тасымды.
Жұлдыз - арман қарсы алдымнан шашылды.
Өнері мен өнегесін ұсынып,
Талай қақпа,
Талай есік ашылды.

Құнықтым да сол тұнықтан жұттым мен.
Дәмін, нәрін мол сімірткен тұттым дем.
Богемалар ауасыңда ауаңшып,
Араластым талай ғажап мықтыңмен.

Театры,
Музей,
Салон...
Форумы
Бәрі, бәрі - ғылым, білім қорығы.
Қыл аяғы афишасы көшенің -
Екінші бір жоғарғы оқу орыны.

Келді айтқаны ұлы ұстаздың айнымай,
Құштым көкті,
Кең құшағын жайды да Ай.
Жұмағыма еніп кеттім ентелеп,
Болып кетті өксік - күлкі,
Қайғы - май.

Өте берді Ай бозарып,
Күн іріп.
Әр сәтімнен туындатып мың ілік.
Тәттісін де,
Қаттысын да,
Дәмдісін
Дәл «губкадай» ала бердім сіміріп.

* * *

Көкейімде тіріліп сан тақырып,
Шығардай боп шедевр боп атылып
Жүрген кезде,
Деканыма «звандап»,
Қонақүйге алды Мұқаң шақырып.

Қуандым да асып-тасып,
Әй, жандым!
«Қадірлісі болдым шіркін қай жанның!»
Жүрексініп қақтым дана есігін
Ашып қалды... Болатханы Тайжанның.

Бұрын оны танымағам, білмегем.
Жеткізді ұлды Мұқаң шешен тілменен.
Сол ұланнан өскен қыран досым боп,
Екеуімізді алған баурап күллі Әлем.

Ерміз,
Шерміз
Біз қазақ боп жай ұқсақ,
Жағынудан,
Табынудан айықсақ.

Сол теңдікті ұлы Мұқаң сездіртті
Жанындай кең дастарқанын жайып сап.

Еркін едік қоймайтын түк мұңды елей,
Бейіл бердік бас шұлғумен үндемей.
Құнарлы ішке дән себерін ұқты ма,
Ойды билеп ақтарылды-ау тіл-көмей.

«- Оу, Софыжан, салам тағы есіңе.
Дарынды - сен Болмыс Хақтың десі де.
Ешкім оқып бола алмайды қаламгер
Қаламгерлік - Тәңір берген несібе.

Оның жауы - жалмауыздай жалқаулық,
Құдіретті жіберетін аңқау ғып.
Әділдіктен сәл адасып кеттің бе,
Ілеседі иттей үріп сан даурық.

Тұтас ұлтты мүйіздеместей жеке ру
Азап жолы - азаттықты көтеру.
Бардың емес,
Ардың сөзін ардақ тұт,
Бір ғұмырда болмақ емес екі өлу.» -

Сәл кідірді.
Алды демді солықтап.
Ішке күйік...
Әлде әлдене толып қап.
Мен отырмын кездескендей Тағдырға.
Не боларын алдағымның жорып қап.



- «Адалдықтан басқаны үндеп не дермін,
Көп әніңді көлеңкелеп көмер мұң.
Шын шырылдап іздеп түссең шындықты,
Мол болады-ау қиянатшыл кедергің.

Кедергіні кесіп өтер сес керек.
Аз-ау бізде жөн ұғарлар есті елеп.
Тығар солар қызыл тілді көмейге,
Сөз өнерін шарықтатар кестелеп.» -

Бөгелді де ұлы Мұқаң күрсінді.
Ертеңгі емес,
Маған сол сәт мұң сінді.
«Қасиетті бір қасірет алқымдап,
Қалмайды-ау» деп шештім білем тылсымды.

Сол күрсініс - азапты іштің ышқыны,
Көбейген соң көп күйіктің қышқылы.
Сөніп жанып,
Сөніп жанып қиналды,
Анау көздің,
Алау көздің ұшқыны.

- «... Көтере алсаң қара сөздің азабын,
Жазушылық - ең ауыры жазаның.
Кейде мақтап,
Кейде даттап құбылар
Бірде олай,
Бірде былай қазағың.

Тағдыр-тозақ салса да сан қармағын,
Сол қазағың болсын әман ардағың.

Мерт ұңғысы қадалса да кеудеңе,
Туралығын жоғалтпасын ардағы үн.

Азамат боп,
Сақа шығып кенейім,
Көтеретін сендер елдің мерейін.
Біз жасаған қателікті жасатпас
Үш кеселдің түсін түстеп берейін:

Ем-дом үшін жасап арақ, шарапты
Талай ұрпақ қадесіне жаратты.
... Дәруге деп тартып ішкін,
У қылмай,
Қамамасын десең ойды абақты.

Қаламгерлік түссең қырғын додаға,
Темекіге, ұлым, бірақ жолама.
Түтін ыстап кең сарайдай кеудеңді
Айналтады азынаған молаға.

Тұт жадыңа мықтап ұғып,
Әй, бала!» -
Көз қадады.
Бас изедім жай ғана.
Тұла бойым шымыр-шымыр,
Қан ысып,
Қызыл-жасыл болып кетті айнала.

«Ұлым!» деді-ау аямастан жылы үнін.
Ұлымын ба шыныменен ұлының.
Айтқаны кеп болсам мен де қаламгер
«Ұлтым!» дер ем үзілгенше жұлыным.



Ыңыранды көмейлетіп бір үнді,
Толқығаным сірә оған да білінді.
Иығымнан алақаны сипады,
Ду ете қап сүйінішім тірілді.

Жандым білем...
Қандым білем мейірге,
Сүңгіп кеттім мынау шалқар пейілге.
Ықыласы неге үнемі аумайды
Асқар таудай ілгергінің
Кейінге?..

- « Тойдан қайтқан,
Бал базары тарқаған,
Ақыл айтқыш десеңдер де қарт адам,
Тағы саған «Аулақ болды!» айтамын
Еркінді ұрлар құмар ойын - картадан.

Текке кетпей,
Еңбекте өтсе ай, күнің,
Жазушының уақыты - байлығың.
Карта - өнердің ең қас жауы көрінбес
Қыспағында қалдыратын қайғының.»

Түсіндіріп айтқыздырмай «негесін»,
Бері ысырды етке толы тегешін.
- « Оу, Болатжан, құлаққағыс саған да,
Екеуіңе ортақ мынау кеңесім.

Отбасының түп негізі - ата-ана.
Әке - қазық.
Берекесі - отана.

Ана тілін ақ сүтімен емізіп,
Салт-дәстүрін сіңіретін ботаға.

Біз - пақырмыз
Ұлы үрдістен жаңылған.
Ұрпақтары ұлт исінен қағылған.
Әйел алып орыс, татар, басқа елден
Өкінішпен бармақ тістеп,
Сан ұрған.


«Болмады ұлттың аруынан, әй, теңім!
Оқымаған!» деп кіналап қайтемін.
Ашпағанмен институт есігін
Оларға да нұрын төккен Ай тегін.

Теңесетін ұл, қызымыз жетті күн.
Оқып жүрген ұлт аяшы көп бүгін.
Қандастармен бас қосыңдар, ұлдарым,
Сақтап қалар халқың сонда тектігін».

Тастай салды алақанға иегін.
Мұң көмкерді ұяң көздің жиегін.
Ойлады ма алған жарын өзгеден,
Сағынды ма орыстардың жиенін.

Бара жатты жанар өшіп, жұмылып.
Мен отырғам сөзін жұтып құнығып.
Ұлы адамның мұңайғанын көргенде,
Түйін өксік жетті өңешке тығылып.

Сәулесі ойнап,
Сырғанады жылжып Күн.



Мұқаң мұңын,
Мен түйінді қылғыттым.
Көңілдердің үнсіз, мұңмен табысқан
Тылсым сәтін айта алады сыр ғып кім?..

Не табармын қопарғанда ақтарып,
Айырғанда бастан бөліп жақты алып.
Әр адамның құпиясы - жұмбақ қой,
Қала берсін тылсым жұмбақ сақталып.

Кенет Мұқам даусын қырнап кенеді.
Ал көздер ше?..
Қос шырақ нұр төгеді.
Бір жып-жылы толқынға орап денені
Мамыражай рақат күйге бөледі.

«Мен бе мынау?»
Өзіме өзім сенбестей,
Күй кешемін іңкәр сәтім сөнбестей.
«Жарық жалған тек мен үшін жаралған,
Сол жалғанда ғұмыр кешем өлместей!»..

Ілезде әлгі күй толқынның буы іріп,
Сарсаң тірлік апшыны тез қуырып,
Сол толқыннан сұп-суық қып ойымды
Ала қойды оп-оңай-ақ суырып.

- «Бұл Мәскеуде бір мың қазақ жас бар да
Тігем көзді ырзалықпен асқарға.
Ертең сендер бір-бір маман болып ап,
Алаш даңқын жазасыңдар аспанға.

Ал біздер ше?..
Тас түйін боп жұдырық
Қарсы атылдық... Тұрдық...
Жаттық жығылып...» -
Үзді сөзін,
Үзді ойдың толқынын
Көмейіне күрсінткен дем тығылып.

Судан жұтты сәл бөгеле кідіріп,
Кеткендей ме жаны сыздай түңіліп.
Ықылық қып атты білем кейісін
Өз ішіне өз көзімен үңіліп.

- « Құлаш создық...
Таба алмадық кемерді.
Тілім-тілім...
Далаң тыңнан не көрді?
Сор далаңа су себердей, өр ұрпақ,
Жас тұлпар боп берермісің өнерді?...

Талап жатыр байлығыңды қазып ап,
Жер қойнында ұлттың әні, сазы қап.
Мен жылар ем,
Ел қосылса шеріме
Кеудемдегі желмен бірге азынап.

Сорып жатыр,
Орып жатыр барымды,
Көрге тығып көмейдегі зарымды.
Жасар ма едік тұтас ел боп тік тұрып,
Басқаша етіп сонау «түнгі сарынды».

Ойлағанда ертеңгісін елдің де,
Безіп кетер жер таппаймын мен мүлде.



Таусыларын неге айтпаймыз халыққа
Шашып, тасып, талап жатқан кеннің де.

Жоғалтқанда кім ұятын,
Кім есін,
Жылай алмай,
Жыңды адамдай күлесің.
Кешірер ме мына бізді келешек
Тонатқанда ұрпақтардың үлесін.

Тулақтай боп тарылғанда аспаның,
Ғасыр болар қиянатшыл қасқағым.
Ұлттың қамын жатпай-тұрмай ойлаңдар
Көзі ашық,
Уай, мәскеулік жастарым!

Империя - бүйрегіндей сиырдың.
Сығындысы ол бөлек-бөлек үйірдің.
Ыдырайды,
Ұзамайды алысқа
Дүмпуімен «Азаттық!» дер құйынның.

Сенем соған,
Сенем мынау сендерге.
Ширығатын
Дауыл жерді жөндерде.
... Ертең жатып,
Жасатам да отаны
Жаңа күшпен аттанамын мен де елге». -

Сәл жымиды,
Көзі бірақ күлмеді.

Босатпады құрыш көңіл ілгегі.
Кеудемізді қаққанымен - тілдегі,
Ыстық магма қалды атылмай ділдегі.

Төгер сыры,
Шертер шері көп еді-ау
Босай беріп,
Шешілмеді-ау көне бау.
Біз сезе алмас үрей тізгін тартқызып,
Еңсені езер құпия зіл төнеді-ау.

Үзіп алмай ізгі үмітін тым арық,
Шер-шеменнің шетін сәл-сәл шығарып,
Жел өтінде қала берді батагөй
Таба алмастан бұл пәниден құмар ық.

* * *

Ойға баттым,
Мұңды кештім еңбектеп:
«Империя зауалымен төнбек көк!
Жарармыз ба бүгін тұяқ серпуге?
Кеше ғана қырғынына көнбеп пе ек...

Аяп қап ек отты өңештен немізді,
Ұлтты сақтар сындыртпап пек негізді.
Қанды жасты Мәскеу қинап емізіп,
Жасамап пед бізден құлға егізді.

Ел бастайтын ерте үзілсе жұлындар,
Серке болар,
Ертіп алар кімім бар?
Қырдың төсін дүбірлетіп шығар ма,



Жалы өспеген
Біз сияқты құлындар?...

Құлындардан жас тұлпарлар өспей ме,
Болат тұяқ тас бөгетті теспей ме.
Төбемізден төнген зауал - құл тірлік
Быт-шыт болып бұлтпен бірге көшпей ме?..»

Ойға баттым.
Малшындым да арылдым.
Бұрдым бетті ақ жолына арымның.
Сендім,
Ердім Мұқаң тартқан бағытқа:
«Болады - деп - нағыз Алаш бәрі ұлдың!»

Әй, бәрібір босатпайды-ау мұң неме.
Көтертпейді бүккен белді құл дене.
Күн нұрына қадай алмай жанарды,
Шіренеміз кәдімгідей түнге ене.

Күн де,
Тіл де - орыстікі.
Қайың да.
Қар. Арақ та¹,
Солар ие дайынға.
Қалғанына қолың жетсе - қанағат.
Түк өнбейді -
Уайымдама, уайымда.

Осы ұғымға көніп, сеніп өскенбіз.
Күйік жасын күліп қана кешкенбіз.

¹ русская береза, русский снег, русская водка и т.д.

Өз үйіңнің есігінен телміртіп,
Төрде отырған жат төреңнен ескен мұз.

Атылар ма Айлы аспанға бөрі тік,
Мұз ызғарын төрден қуып,
Ерітіп.
Еркіндіктің жұтармыз ба ауасын
Кеудеміздің кемістігін кеңітіп.

Табармыз ба ыдыраған бірлікті,
Сипай бермей мұрт өспейтін құр түкті.
Өз далаңда өз даусыңмен ән салып,
Өгейліктен аршырмыз ба тірлікті?..

* * *

Айға толмас арада сәл күн өтті.
... Мынау жүрек неге оқыс дір етті.
Тегін емес...
Тегін емес...
Апыр-ай!
Қандай сұмдық түртіп кетті жүректі?!.

«Алқымдады-ау үрей деген сұм неме.
Аяқ асты бұлт бүркенді Күн неге?
Айрылды ма әлдебір жан тәнінен,
Жамылды ма ақ кебінін тұл дене?

Жақыным ғой кім де болса сол адам.
Өлім бе екен өмір гүлін тонаған.
Қанды жасты қара көзден ағызып,
Кімді іздеймін қаңыраған моладан?..



Тегін емес...

Үркек жүрек сезеді.

Жеткен екен қай қыршынның кезегі?

Мынау Әлем неге ыр-дуын тыймайды,

Өртенгенде бір ғұмырдың өзегі...»

«Апырайлап!» үнсіз іштей өксідім.

Сыртта бу ғып

Күн ұшырды көк шығын.

Шырылдаған шыбын жандай тыпырлап,

Тереземді сабалады көк шыбын.

Тесілемін мәңгіргендей көшеге.

Құлазыған көңіл солай көше ме...

«Қасіретті неге үнемі арқалар

Ес-ақылға ие адамдық пешене?»

Запыранды төккеніңмен өттегі,

Кімге айтуды біле алмайсың өкпені.

... Дыр-дыр етіп,

Қыр-қыр етіп динамик

Бір дауыстың құлақты үңгіп жеткені:

«Шыдай алмай отасына азаптың,

Өтті өмірден Әуезовы қазақтың!..»

«Не деп кетті?!»

Сөнді дей ме жарық күн?..

Төнді дей ме төбемізден азап күн?!.

Нені естідім?..

Осы ма еді күткенім?..

Қалай ғана данышпанды үкті өлім?

Туламайды бұл Дүние,
Білмей ме,
Бір Адаммен бір Әлемнің біткенін?

Бір Дәуірдің жоғалғанын, өшкенін,
Әсемдіктің оралмастай көшкенін.
Күдіреттің көз жұмғанын қапыда
Жаңартатын өткен күннің ескі өңін.

Ұлы өлгенін сезбес қалай Жер бүтін,
Анау көкке неге атпайды шерлі үнін?
Қазағының ақын жанын ардақтап,
Жалғастырар Абай жолын енді кім?

Өртенді ғой уға толып жылан іш,
Ұлт солығын бар ма басар жұбаныш.
Жалған заман,
Шын-ақ жалған екенсің
Жалғандыққа батып кетті-ау қуаныш.

Кім тыяды өксік жасын Алаштың.
Қалай ғана, Мұқа-ау, сізден адастым?
Сау еді ғой кеше ғана ағзаңыз,
Келмеді ме сұм Ажалмен таласқың?..

... Ой, ойпы-ро-ой!
Ойпырым-ай!
Немене?!.
У боп тарап күдік енді-ау денеме...
Солқ еткізіп сұмдық күдік жүрекке
Шынымен-ақ миды қажап ене ме?!.

Ой, ойпырай!
Қорқамын ба сезіктен?..
Бір түйсіктен лаққаным ба безіп мен.
Төтенше кеп, киіп-жарып бұл өлім
Қалай ғана тұтқиылдан кезіккен?

Сау еді ғой...
Тың еді ғой өлместей.
Тосын өлім!..
Көңлім мүлде сенбестей.
Қалай енді,
Қайтіп енді жүрермін
Күдігіммен кінәліге «Сен!» деспей.

Тірегі қойып шыңыраудың шетіне,
Іреп қойып кек қанжарын етіне,
Айта алатын күн туар ма, шіркін-ай,
Қас сұмдығын қаскүнемнің бетіне.

Неге ғана отасына көнді екен,
Болғаны ма
Далам бөтен,
Ел бөтен?
Қалай ғана Кремльге жақпады,
Адамзаттың Әуезовы - ер көкем?!.

Мынау кеудем оқыс үркіп дір еткен
Қорқынышын қуа алар ма жүректен.
«Отан үшін!» деп енді біз кешегі
Табыса алар екенбіз бе тілекпен?

Айтатындай сол ұранды қайталап,
Жырта қояр енді өңешін қай тамақ.
Ернімізден суырып ап қашанғы
Тартылады тек соларға бай табақ?..

... Сау еді ғой кеше ғана арысым,
Батқаны ма су түбіне ары үшін.
Тауық па едік басып, жаншып бір-бірін
Теріп жейтін қожасының тарысын?..

Іздемейміз ердің құнын неге біз,
Неге жанға құлдық уын егеміз?
Көне берсек,
Төге берсек қанды жас
Тапталмай ма тас табанда төбеміз.

Жоқ, көнбейміз!
Енді өлмейміз құл болып.
Ұлттың қамын біз ойлаймыз ұл болып.
Ұстаз салған ұлы бағыт жолымен
Кек боп жанып,
Біз шығамыз мұңда өніп!

Түн түнегін жас тұлпарлар қуады.
Шашырайды Далама таң шуағы.
Еркіндігі,
Нұрлы ертеңі Алаштың
Жас тұлпардың тұяғынан туады!
Сенем соған!

01-09.04.2012 ж.



ТЕКТИЛІК НЕМЕСЕ БІР ӨКІНІШ, БІР ӨКСІК

Сәбит Мұқанов рухына



Артта қалған қайта оралмас көп күннің,
Сағынышын сезген сайын шектім мұң.
Көп емесін білем бүгін мықтының,
Адалдығын саны аздау тектінің.

Тектілерім аз бен көпті теңгерген,
Алаламай бәрімізге өң берген.
Жоқтан барды жасамаған бүгіндей,
Бүгілмей-ақ ұлылықты меңгерген.

Жас едім мен биігіме талпынған,
Қуғандарға жеткізбестей артымнан.
Бір сүрініп, бір жығылып жүрсем де ,
Жанталаса озам деумен алқынғам.

Қайран жастық!
Тау жығардай екпіні
Қыңқ етпейтін көрсе де сан гепкіні.
Алау шақта кездестірген тағдырым
Қиясы жоқ,
Саясы мол тектіні.

Көмейі еді ол төгілетін халқының,
Қарлықса да аймалайтын шалқып үн.
Тілейтін ол азамат боп шығардай
Дәу бүтінге айналуын жартының.

Жартыларым көп еді ғой мұң ұқпас,
Бітеу көңіл,
Қара қабақ,



Сұлық бас.
Қара «Волга» тосып алар есіктен
Шенеунікті шекелейтін ұлықтас.

Алалайтын,
Қаралайтын жақсыны.
Суыратын,
Қуыратын апшыны.
Күрейтін ол алақанда жатқанды,
Тұқыртатын алақаны тапшыны.

Жартыларға жүйкемізді жұқартып,
Алушы ек-ау жөнсіз жүгін тіке артып.
Көзі ұшында көлгірсуші ек,
Білсек те
Еместігін көк есектен түк те артық.

Жартылардың жартылығын бетке айтып,
Тайлықса да бетсіздерден бет қайтып,
Бетсіздердің тексіздігін айғақтар,
Өлтірсе де өзгермейтін текті айтып.

Жалғыз адам Сәбең еді-ау сол кезде
Батыратын сөзін безге,
Қолды езге.
Сол күндердің содырлығы тең келмес
Қазіргідей сойқандығы мол кезге.

Сол заманда-ақ жол кескіштер бар еді,
Кеңсесі - кең,
Ал іштері тар еді.

Қабағынан қар жаудырып,
Ел үркіп,
Ыңыранса-ақ қашыратын зәрені.

Үміт бар-тын кеуделерде сөнбеген
Жем аңдыған сон-а-ау ортақ көмбеден.
Бірен-саран жүректерді жұлқыңтар
Ерлік бар-тын өктемдікке көнбеген.

Ерлік, қорлық қабаттасып түнеген
Қайран кеуде -
Түсініксіз бір әлем.
Сол әлемнің іші-тысын ақтарар
Ақындардың табынатын Пірі - Өлең!

Пір-өлеңнің құнын, мәнін кемітіп,
Жазғыштардың айта алмайтын көбі түк.
Күн көсем мен партияны мақтаумен
Аш көмейін алған мүлде кеңітіп.

Аш көмейден асып-тасып,
Көпіріп
Ағылатын жалт-жұлт етіп өтірік.
Жағылатын
Кешке жетпей өшетін
Жылт етпе жыр өз бағасын кетіріп.

Ақты жылдар.
Тапты жылдар тектісін,
Күлге аунатып кешегі зор ептісін.
Еңбекшіден елі сүйген ер жасап,
Күйкентай ғып қылшылдайтын кектісін.

Театрда ине шаншар жоқ орын.
Тұс-тұсыңнан саз боп шалқып жоғары үн
Бір әсем күй билеп алып еркінді,
Жиілетті жүректердің соғарын.

Бәйек сезім ертіп, шарпып баршаны
Әлдиледі,
Тебірентті,
Шаршады.
Жылт-жылт етіп жанып-өшіп тұрды да,
Шақырайды сахнаның бар шамы.

Ду шапалақ шатыр-шұтыр тірілді,
Қақ жарылып зер шымылдық түрілді.
Тоса қойды жарқыратып маңдайын
Алыбымды!
Алаш туған Ірімді!

Сәбит аға, Сәбең еді - ардағым!
Қазағының алда ұстаған арманын.
Қыраны еді шарықтайтын заңғарға,
Ұшыратын зәре-құтын қарғаның.

Тойлау үшін ұлы ұлының жетпісін
Ұлты жанның бар мерейін төкті шын.
Мақтан етті жер мен көктің алдында
Азаматын,
Ар оғланын,
Тектісін.

Анау төрде кілең ығай-сығайлар.
Талай елге нұрын шашқан Күн, Айлар,
Арнап келген он бес ұлттың өкілі,
Және біраз кішігірім «құдайлар».

Екі-үшеудің Алтын жұлдыз белгісі
Деп тұрғандай: «Дәл осылар ер кісі!»
Тәжік Мырза¹ жарқыратса жұлдызын,
Сипар төсін түрікпеннің Бердісі².

Жандырам деп жандыра алмай өшкенді,
Біздің қазақ талай зұлмат кешкен-ді.
Арыстарын қамап атып аңдай ғып,
Біріне де бұйырмаған төс белгі.

«Қатемізді осы бүгін жөндерміз!»
Деген ойға түгел ұйып, сенгенбіз.
«Берді, Мырза - шәкірттері Сәбеңнің,
Ер Сәбеңе халық болып ергенбіз!»

Қазақ кең ғой шын беріліп құласа,
Нәрестедей шаттанады-ау тым аса.
Астындағы атын түсіп береді,
Бейтанысқа бір әзілі ұнаса.

Сол бір кеште сонша әсерлі шақ кештік,
Тұрғандаймыз көктен жеткен бақты естіп.
Бар жүректі баурап алған бір сезім
Кеуделерге шүкірлікті тақты ес қып.

¹ Мырза Тұрсын-заде

² Берді Кербабаев

Сабамыздан асып-тасып марқайып,
Төбемізді бұлттан да әрі артайық!
Баяндама ел сөзі боп шалқып тұр,
Сәбең отыр төр төсінде шалқайып.

Ұлттың қаны ұл бойында аралап,
Ұлт пен Ұлдың кірігуі ғаламат.
Сәбең бар да - Алашы бар,
Елі бар.
Өткендер мен кеткеннен Ол аманат!

Табысуы-ай,
Қабысуы-ай көңілдің!
Осы сәті қандай қымбат өмірдің.
Тілің жетсе тылсымына бұл кештің
Жыр боп, сыр боп келеді-ау бір төгілгің.

Ақылымен,
Ақынымен Алаштың
Бүршігі боп ардың, жанның жанастың.
Жанастың да
Күш- қуатың еселеп,
Келіп кетер ғарышпен де таласқың!

Көппен бірге мен де ғажап күй кештім.
Ырзалықпен,
Мырзалықпен үйлестім.
Еміренсе бүгінгідей Еріне Ел,
Ешқашанда суық тілмен сүймес мұң.

Ұмытармыз күдік, бүлік, қайғыны.
Алашымның аса берер айбыны.
Төрі ерін асқақтатса,
Болар-ау
Қыз - көрікті,
Бөріктісі - әйгілі.

Ер мақталды-ау,
Әй, шаттанды-ау Ел бүгін,
Қазағымның тағы айғақтап кеңдігін.
Түсіністік - туымыз боп желбіреп,
Ұлылық боп еңсе тіктер ендігім.

Жүрсе-дағы көп үлестен құр қалып,
Кейде - бала,
Кейде - дана бұл халық.
Қанша жерден мәңгүрт болып кетсе де,
Осы бүгін кілт оянып,
Тұрды Алып!

Еміренді ұлтым менің - Алыбым.
Тебірендім,
Мен ұлтымды таныдым.
Азаматын алқалайтын бар жұртым!
Сол жұртымның өнегесі - тағылым.

Тағлымы мен тәліміне бой ұрдым.
Дәл Сәбеңдей ықыласқа тойындым.
«Қазақ - күншіл!» десе біреу сол мезет
Алар едім тура астына сойылдың.

Тасуын-ай әсем әдет-ғұрыптың,
Ашылуы-ай жүрек дейтін құлыптың.
Сол жүректен ел тілегі сауылдап
Құйып жатты алғыс демін бұрып мың.

Рахат күй рахат қой не деген!
Ду қыздырар ток өткендей денеден.
Қазақ осы асып-тасып қуанар
Қасиетін сақтап жетіп көнеден.

Шаттық орнап, сап тыйылды мұң неме.
Қоймай,
Тоймай жұтынамыз нұрды еме.
Жалындадық жалғыз оймен тұтанып,
Сансыз адам болып кетіп бір дене!

Жалғыз ой ол -
Елдің Ерге құрметі.
(Өлмесе екен тап осындай сырға еті),
Келешекке кемелдікті арқалап,
Аударылды тарихтың бір беті.

Арамдықты адалдықпен адақтап,
Құшты бізді тазалықтың жаны аппақ.
Жер бетінен жоғалды деп түсіндік
Бар жауыздық жүретұғын жалақтап.

Театрды жайлап кетті іңкәрлік,
Жасты - қыран,
Жасамысты сұңқар ғып.

Әсерлендік бір сезіммен тұтасып,
Кетердей боп өш пен қасты мың қарпып.

Желік емес желпіндірген біздерді.
Ұлы сенім нұрландырып жүздерді
Алардаймыз әрқайсымыз жұлдызды,
Болашаққа бастау үшін іздерді.

Болашаққа ақ ниетпен аттаймыз.
Осы күнді мәңгі есте сақтаймыз.
... Ах, ойпырай!
От жүректі суытып,
Қадалғаны-ай кеуделерге оқтай мұз!

Жә, ертерек тым асығыс кетпейін,
Тізгін тартып,
Өзімді өзім шектейін.
Тоқта, қалам!
Мерейтойдан хабар бер,
Өксігімді өңешімнен төк кейін.

... Бір әсем күй орап алып желпінтіп,
Бойым босап,
Мүлде сезбей еркім түк
Отырғанда төрағаның дауысы
Қоя берді ой-бойымды серпілтіп.

Тұрды орнынан сесі мығым,
Ірі адам.
Картина емес,

Өзіміздей тірі адам.
Ду шапалақ кернеп кетті кең залды
Жағыну ма ... тілемсектік құраған!

Жетті кеуде ... дәу мінбеге асылды,
Бір сәттен дәл туғызардай ғасырды.
Қарап қаппыз жарқыраған жанар боп
Көзден атып қызыл-жасыл жасынды.

Иіп кеттім Күннен шуақ сауғандай.
Биіктеткен Ерін Далам, Тау қандай!
Шақ кешеміз осы қазір баршамыз
Кеудемізге көктен жұлдыз жауғандай!

Жаудырамыз,
Жауғызамыз жұлдызды.
Қуантамыз қазақ атты ұл-қызды!
Тындырамыз, ұлтты ұшпаққа шығарып,
Құрып жүрген көптен бері ындызды.

Әр жүректен жалғыз тілек сауғызып,
Сол тілекті бір арнаға ауғызып,
Бір ауызға мүлгіп, шұлғып қадалдық,
Жіберердей көктен жұлдыз жауғызып.

Дәл сол сәтте ақ тілеумен бір едік.
Бірігіп ек,
Іріместей ірі едік.
Жауғызардай көптен күткен жұлдызды
Тұрмыз міне бір асуға тіреліп.

Кірпік қақпай әсем шақты тосамыз.
Бір лепке барлық демді қосамыз.
Осы қазір туар аңыз-дабыра,
Талай жылға кетер шұбап осы аңыз!

Мың аңызға бір ұлт болып жараймыз.
Өнеге боп осы арадан тарайды із.
Жер бетінен түн түнегін қуады
Бұл залдағы бар Алаштық арай жүз.

Арай жүзді аудармастан мінбеден,
Бізбен бірге үміт сауып тұрды Әлем.
Күй еседі шалқып сонсоң даламнан,
Желпінтеді Алатауды түрлі өлең.

Қандай ғажап - күте білу ынтығып,
Көмейіңе атойлайтын үн тығып!
Атылады көп көмейден қуаныш,
Шашылады «Сүйіншілеп!» бұлқынып.

Бұл Жалғанға нұр жалғайтын бар ғажап.
Құл тірліктен ада еткенбіз арды азат.
Сахарасын эн мен күйге толтырып,
Дүрілдейді бүгін тура бар қазақ!

Осы қазір туып жаңа өнеге,
Бүкіл халқым айналып бір денеге,
Тағады да Сәбеңе алтын жұлдызды,
Сол жұлдызды қондырады төбеге.

Пай-пай шіркін ел тілеуі - мөлдір тым.
Мейірленсе,

Асқар тау мен көл - жұртым.
Уай, Болашақ!
Залды көр де, бізді көр,
Келсе Әлемге шапағатты ендіргің.

Жасытпайды енді ешқашан мұң бізді.
Өжет етіп өсіреміз ұл-қызды.
Алтын жұлдыз тағылғанда кеудеге,
Төбемізден жаудырамыз жұлдызды.

... Әне, әне!
Кетті еріндер ашылып,
Күткен үміт жарқырайды шашылып.
... Зал солқ етті,
Бір-ақ деммен күрсініп,
Иін біткен бара жатты басылып.

Түнек жапты іп-лезде орап ап.
Қоя берді іштен дауыл борап-ақ.
Көп тосқызған көктен жұлдыз жауған жоқ.
Ай тумады, бетін бүркеп қоралап.

Уыстатқызбай ұстатпайтын жұлдызды,
Түнге айналтып шуақ шашқан күндізді,
Ыстық қанды мұздай қылып суытып,
Театрды басып, жаншып мұң жүзді.

Ана ауыздан атқыды да албасты,
Алау жүзін Алашымның қар басты.
Жалмап жұтып

Жалмауыздық ізгіні,
Кеуделерді жылытып тұрған ар қашты.

Мейірімнің мөлдіріне сұс тамып,
Ес адасты,
Сес жоғалды,
Күш талып.
... Мінбедегі тіл безеген зор бастық
Бара жатты кішірейіп,
Қысқарып.

Шөге берді қасиеттен кетіліп,
Өз қадірін өзі ұрлап кетіріп.
Өкінді зал бастығы үшін күйзеліп,
Өксіді зал Сәбең үшін өкініп.

Бір жұлдызды таға алмады бір халық
Ырысынан,
Дұрысынан құр қалып.
Ал анау ше?
Мінбедегі мекерлік
Тұра ма енді аузын керіп,
Ырғалып?..

Бос мақтаумен кімнің көңілін аулайды.
Кішірейтті неге ғана таудайды?
Ел үмітін етігімен таптаса,
Төбесінен қарғыс неге жаумайды?

Түзелер ме өкпе қысқан бұл заман
Табылар ма сұм билікке ырза адам?

Қалам ұстар тек оң қолы Сәбеңнің
Артық еді-ау Берді менен Мырзадан.

Неге билік өз данасын кемітті,
Пайғамбарын бағаламай нені ұтты?
Дәл осындай ұлы күнде ұлысқа
Жегізейін дегені ме жемітті?

Кімге керек мәртебесі төренің,
Ел үніне болса ылғи да кереңім.
Таба алар ма ол жұрт жадынан өз орнын,
Ала алар ма ұлт ойынан керегін?

Еріндердің сөгілді де көбесі,
Ал басталсын залдың төрге егесі.
«Арсыз!»
«Құнсыз!» деп атылып іштегі оқ
Театрдың төңкерілді төбесі.

Басып қалды еңселерді қысастық,
Мейірімге
Мейірімсіз күш аш қып.
«Апыр-айды!» зарлы өңештен үш төгіп,
Өксік жұтқан көмейлерді үш аштық.

Жас көмейлеп,
Тұтас ұлт боп өксідік.
Бар өкпеден тура атылды кек шығып.
Төңкерілген тік көтерді төбені
«Халық» атты тәкаппарлық тепсініп.

Түсіп кетті зор бастықтың иіні.
О, ғаламат! Аласарды биігі.
Шимайланса төрмен елдік дүние,
Ел қолымен шешіледі түйіні.

Ел - құдірет.
Ерді ардақтап сыйласа.
Төр - қасірет.
Ерді елемей қинаса.
Елі төрді тымақтай ғып лақтырар,
Ашу кернеп,
Қанасына сыймаса.

Атылды-ай кеп ызалы ұлттың кекті үні,
Теңселдіріп театрды екпіні.
Ұғындырды ұғынбайтын кеудеге,
Кімнің кімге жасайтынын тепкіні.

Бір-ақ сәтте паңды пәс қып, қор қыла,
Үкті халық кердеңдігін сорды да.
Ұлттың ұлын менсінбеген бірінші
Сүмірейіп әрең жетті орнына.

Ел талқысы қандай ғана күшті еді!
Төрдің көрдік түк емесін іскені.
Көп тіксінсе,
Биліктегі беделдің
Оңай екен биігінен түскені.

Өксіп тұрып күйіп соны сезіндім,
Шарасынан асарын да төзімнің,

Содан бері қиянатты көрместей
Келмейді-ау еш қалғып кетіп көз ілгім.

Әділеттің болсам деумен сақшысы,
Ұшсын деумен адалдықтың ақ құсы,
Аршып өтем тазалықтың ақ жолын
Тұрса-дағы бөгеп ұстап тақтысы.

... Тағы әкетті аулақтатып мұң неме.
Жетті Сәбем алты-ақ аттап мінбеге.
Шапалақтан шашу кетті шашылып,
Шуақ төкті ел көңілінен Күн-кеме.

Әр жүректен алғыс сезім жұлына,
Ақтарылды жұрт пейілі ұлына.
Әлгіндегі аяз ұрған көз, жүздер
Сала берді сүйінішпен жылына.

Қадап қалдым мінбеге емес,
Көзді елге,
Үміт, күдік түскен кезде безбенге.
Жұлдыздан да бақыт артық!
Соны ұқтым
Махаббатын Елдің Ерге сезгенде.

Үміт жеңіп,
Күдік түгел аршылар.
Нұрлы күндер болашақта бар шығар.
Сәбең болып түйсіндім бе,
Білмеймін.
Самайымды қарып жатты тамшылар.

Бағанағы ғажап әсер тірілді.
Қату қабақ ықылас боп түрілді.
Қарлығыңқы үн дірілдеді,
Сезді ме,
Жұрт бойында орнай қалған дірілді.

Дүр сілкінді зал толы адам сол үнмен,
Домна-өзектен жалын атып төгілген.
Өксік өшті.
Өкпе айналып бауырға,
Лез қатайды қабырғалар сөгілген.

- «Қандастарым!
Қадірлестер! Бауырлар!
Сендер бар да арқа сүйер тауым бар.
Бұл Жалғанның жалғандығын көп көрдім,
Желұшықты мен емеспін ауырлар.

Мен табыммен жөргегімде-ақ табысқам.
«Табым!» дегем.
Тап жауымен алысқам.
Шап берсем де, «Тап!» деп талай жағаға,
Нақ қазақтық айрылмағам намыстан.

Иә, адасқам!
Табыма тек табынғам.
Жаным жанған төңкерісшіл жалыннан.
Оқ пен өрттің дерт себерін сезгенде,
Жарып шыққам қымтап алған қабымнан.

Тіліп шыққам тар шеңбердің торынан,
Өрге ұмтылғам большевиктер орынан.
Мені ұлтымнан бұлжытпайтын құдірет -
«Елім!» дейтін кеудемдегі зор ұран!

Таппен емес,
Мен көбіммен біргемін.
Дауыл екен көп қолдаса бір демім.
Қоң етімді кесіп берем ел үшін,
Қыңқ демеймін шаққанына бүргенің.

Төрден жерге түспейтіндер биіктен,
Талай басты тірідей-ақ үйіткен.
Нар қазағым азабына көнбесе,
Баяғыда-ақ өлер еді-ау күйіктен.

«Әттеңі!» жоқ көнгіш, сенгіш халықпыз.
Дүр сілкінсек,
Жер сілкінтер алыпмыз.
Тау шөгер ме,
Тартылар ма талай көл
Оң мен солды жетіскенше танып біз?

«Оян!» деумен өткен абзал ерлерім,
Өзегіне құйып зар мен шерлерін.
Сол шерлерді қол-аяғын шынжырлап,
Матап берген тақтан түспес төрдегім.

Үнсіз,
Тілсіз болсын кейде ел мейлі,

Ер - кебенек,
Өлтірсе де өлмейді.
Өйткені онда аруақтардың рухы бар,
Өр рухты ешбір билік жеңбейді.

Мен ұлтымның өткеніне үңілгем,
Жігерленгем,
Еш кезім жоқ түңілген.
Азаттықты алмастырған қамытқа
Үркеді ішім үрей буған бүгіннен.

Көрмәдіктің үркітеді үргені.
Жылатады жанды уыстап, күлгені.
Қашан,
Қалай сыпырып біз тастармыз
Ой, бойдағы тұншықтырар түрмені.

Ашынамыз...
Басыламыз ілезде,
Сайып бәрін көнтерілі мінезге.
Кешегіден теңдік іздеп ақырар
Болып қап пед дәл бүгінгі күн өзге?

Өзгермейді қайсар жігер алаштық,
Өмір үшін өліммен сан таластық,
Кеудемізден жоя алмаған өрлікті
Тең жартысын ұлттың қырған бөрі-аштық,

Ашылады,
Тасынады әлі елім.
Оған мынау ашынғаның - дәлелім!

Құтылады құрығынан
Сауығып,
Ездік,
Құлдық,
Қорлық дейтін бәленің.

Тұрған кезде қарап алды-артыма,
Мен сенемін даламдай кең халқыма.
Баршамыз боп айналмауын тілейік
Бүгінгідей бүтін көңіл жартыға.

Бүтін болсын ырысымыз, нәріміз.
Бүлінбесін шер жамылып әніміз.
Көңілдерден шөл қандырып өтейік
Бір анадан туғандай боп бәріміз...»

Өксіді ме іштей ғана бір күрсін,
Көкседі ме әлденені,
Кім білсін.
Түсіп кеткен қабағын жарқ еткізіп,
Күлді Сәбең.
Залды елітіп күлдірсін.

- «Жақсыларым,
Жайсаңдарым, күліңдер.
Күлген ұлттың көркейерін біліңдер.
Кейде күлкі жылатқаннан ауыр боп,
Ет жүректі қанжарсыз-ақ тілімдер.

Қандай болар, халқым менің, ілгергің,
Жетегінде кетермісің кімдердің,

Өтермісің тар өткелден тайсалмай,
Саясына еніп азат күндердің?

Сондай заман кешіктірмей келер де...
Көре алам ба жарық сәулем сөнерде.
Бастап елін еміренген азамат
Шапағатын шашар ұлттық өнерге.» -

Кілт мұңайды.
Сәл шегінді мінбеден.
Басын иді қобалжыған түрменен.
Ғажап толқын ақтарылды жүректен
Қанша айтсаң да жеткізе алмас тілменен.

Кім шыдайды ұлылыққа бас ұрмай.
Зал толқыды.
Зал жылады жасырмай.
Сақтап келем сол мезетті жанымда
Ұмытылмас қасқағымдай...
Ғасырдай.

17-21.04.2012 ж.



АТАСАҚАЛ СЫРЫ

Сәбең һәм Ғабеңе



Даналар,
Қайран ағалар
Іздейтін бізді,
Табатын.
Құндыздай асыл жағалар
Үміттің отын жағатын.

Келетін,
Шуақ төгетін
Мейірге толы жанынан,
Ақылын бойға егетін
Сәбеңді бүгін сағынам.

Сағынам мінез-мейірін
Сіңірген шым-шым біздерге.
Ауады ылғи пейілім
Сонау бір нұрлы жүздерге.

Ақтарып ішкі нәрін де,
Жадырап жылы сыртымен,
Беретін бізге... бәрін де
Халқының әдет-ғұрпымен.

Шолатын сонау кездерді
Арбаған ұлтты,
Алдаған.
Ерлерді атқан
Ездерді
Тізеден қанды жалдаған.

Тына қап Сәбең үн-түнсіз
Тесетін көзбен нүктені.

Жас едік жайраң тым мұңсыз,
Ой-бойда болмас бүккені.

Қарайтын едік жымыңдап,
Сәбеңе,
Жүзге томсарған.
Көмейге күлкі тығындап,
Қызыққыш түрмен тамсанған.

Томсарған жүзден қан қашып,
Кеткен-ді көздің жылты өшіп.
... Сездірді мұңды жанды ашып
Зұлматтың зілді бұлты өсіп.

Ілезде шермен қауыштық,
Арыстар төккен қанменен.
Зарладық іштей дауыс қып,
Құрысып,
Қаусап тән-денең.

Кеудені сауал тебе ме:
«Өлді - деп - қалай адалдық?»
Мұңая қалған Сәбеңе
Көз болып түгел қадалдық.

Сұрапыл шақтың құйыны
Айналып қайта соқты ма.
Жазылмас іштің күйігі
Жетті ме жанға шоқ тыға?

Өксіктей атқып күрсініс
Лық ете қалып өзектен,

Үзіліп барып бір тыныс
Түйдектеп демді тез өткен.

Өшердей сәтте...
Тұтанып,
Жылт етіп жанды жанарда от.
Әлгі бір үні жұқарып,
Көмейден тамбас-тамар боп,

Төгілді дыбыс дірілдеп,
Егілді бізге дән болып.
Күндерден сонау бір үн кеп,
Жүрекке қонды зар болып.

Тылсымдай әлгі дыбыстан
Ашылды алдан бір есік.
Ойменен,
Боймен құрысқан
Елеске кеттім ілесіп.

* * *

Зұлымдық қандай күшті еді,
Зіл болып түйген іргеден.
У болып елдің ішкені
Басталып кеткен дүрбелең.

Арыстар кеткен айдалып,
Ай батып кеткен,
Күн сөніп.
Жел жеткен ұлтқа қайғы алып,
Ұйысын төрге кім сеніп.



Қалқып ап елдің қаймағын,
Қаңғытып ойдың асылын,
Қалдырып жұрттың жайдағын,
Шығарды төрге жасығын.

Тепкілеп құртып тектіні,
Теңгерген езді ерменен.
Қазақтың зарды шекті үні
Жылатып әнді шерменен.

Өзек пен өңнен әр қашты,
Өгейлік кебін жамылып.
Ақ пенен қара арбасты,
Дақ жұққан ардың жаны ұлып.

Аранын ашқан ажалға
Жиірек алаш тіреліп.
Жем болып қорқау тажалға,
Қыбырлап қалған тірі өлік.

Білмейді кімге сенерін,
Жоғалтқан басын денедей.
Мәскеуге білмей не дерін
Тапқызып ұлттан өгейін,

Кешегі асқақ өр үні
Астында зордың өшкен соң,
Жыбырлап қалды еріні
Кеудесін қорлық тескен соң.

Атылмай кегі булығып,
Кептеліп іште ызасы,

«Аттанға» баспас ту қылып,
Болған соң у мен мұз - асы.

Көкбөрі қазақ тобыр боп,
Жоғалтып қайсар ұлуын,
Өзекті жанға обыр боп,
Қылғытты жастың құр уын.

Өкпеге тығып өкпені.
Төкпеді кегін...
Қырғанға.
Құдайын қарғап көктегі
Ұсынды басын құрбанға.

Ноқтаға басы керілді
Ежелден азат алаштың.
Даласы жатқа берілді,
Өздері таңдап...
Жер астын.

Жартысын жұтты қара жер
Қазақтың тоймай қанына.
Зарлады жоқтап
Дала,
Жел
Күйік пен мұңға малына.

Миықтан күлді мұрт көсем
Даланың құртып тектісін.
(Бүгін де «құнды» қырт көсем
Талайға...
Жеген тепкісін).

Тобыр боп халық сандалды,
Айрылып ұлттық санадан.
Қаймағын қалқып,
Жанды алды.
Құл болып семді паң адам.

Кремль түн боп түнерді,
Езгілеп,
Жыртып қазақты.
Алашқа зар мен мұң ерді
Аямай тиеп азапты.

Еңбектеп төрден есікке,
Кірмеден қашып шықты үйден.
Күшігін бөлеп бесікке,
Жамбасқа басты жүкті үйген.

Бөлісіп алды байлықты,
Басынып,
Енген қонағы.
Қалдырып мұнда шайлықты,
Состав қып тасып тонады.

«Жыласын мейлі,
Күлмесін.
Номадты аяп нетеді.
Арсылдап бүгін үрмесін,
Қапқаны Русті жетеді.

Азуын басқан бөксеге,
Абылай,
Кене хандары.

Теңдікті бұлар көксеген,
Ақса да су боп қандары.

Жабамыз аузын жым қылып,
Бүлікшіл ұлттың біз бүгін.
Тұсайды еркін мың құлып,
Жұлып ап қолдан тізгінін.

Түлейміз кекті қайтарып,
Түнейміз түспей иықта.
Тілегін мүлде тойтарып,
Қамаймыз мәңгі тұйыққа!»

Айтты да,
Асты,
Қамады
Темірсіз кемір торына.
Кешегі түздің номады
Кезікті солай сорына.

Су қылып ішті көз жасын,
У қылып жұтты азабын.
Көп екен қинар азға сын
Түрімен небір жазаның.

Қазадан ауыр жазаны
Көтерген көнбіс ұлт едік.
Былғатып алып тазаны
Қорлықты жүрдік бүркеніп.

Көтердік,
Кештік ездікті,

Үн қатпай
Сыздап,
Көгеріп.
Жүрекке сұғып кездікті
Кетпедік екен неге өліп?

Жоқтар ма ед Әлем жас төгіп,
Зорлықшыл күштен түңіліп?
... Еленбей қалып қасқа өлік
Қарамас бәлкім үңіліп.

Білінбей ұлттың бар-жоғы,
Сезілмей тұяқ серпкені,
Аршылмай мүлде ар жолы
Көбейер меді дерт кені?

Таппаймын жауап мен оған
Мақтайтын Әлем жоқ бүтін.
Әділдік кеткен санадан
Сатқындық сертке боп тығын.

«Пайда!» деп шауып Айға да,
«Қайда - деп - пайда?» шулаған.
Анасын сатқан пайдаға,
Бар жерде бүгін туды адам.

Тулайды қанның тамшысы
Ұмтылып сорып алтынды.
Ғұмырды жалмап қамшысы
Шеңгелі бүріп халқыңды.

«Сен, қазақ, өлсең, өле бер
Босатып байтақ далаңды!»
Деп Әлем бәлки кенелер
Тапқызбай тіпті молаңды.

Тарихтан кеткен жойылып,
Баяғы ойрат жоңғардай,
Сенің де төбең ойылып,
Жолыңды қояр оңғармай.

Бүйірлеп қысып қос қорқау
Үйірлеп қылғып ұлтыңды,
Бола алмай, қазақ, асқар тау
Тапқызармысың мүлтіңді.

Путин боп бүгін ақырып,
Шебіңе жеткен аюдан,
Жолындағыны жапырып,
Басқаны білмей баюдан,

Қаусыра қысқан құшақтан
Қабырғаң кетсе қақырап,
Тамақтан ора тісі аппақ
Қаныңа толар атырап!

Таласып, тартып қоңыңнан
Айдаһар жетсе ысқырып.
Берерсің жанды қолыңнан
Ақырғы рет ышқынып.

Кетерсің көрдің түбіне,
Өтерсің пәни жалғаннан.

Су құйып үміт ініне,
Айрылып мәңгі арманнан.

Өзгеге беріп Далаңды,
Өзгеге тастап Тауыңды,
Тәрік қып Әлем, ғаламды
Қиратып қалаң, ауылды,

Адыра қалып Жер - мекен
Ғарышың көзден бір ұшып,
Жатарсың
Тосса көр - мекен
Ноқаттай болып бүрісіп.

...Құрысын, ойбай, құрысын!
Сұмдығы-ай қиял пәленің!
Қарашы ойдың ұрысын
Үрейін алған дененің.

Қиялмен миды шабақтап,
Езіппін ойдың батпағын.
Қайдағы жоқты парақтап,
Жайыппын жанның шатпағын.

Кетіппін тым-тым шығандап,
Еркіне еріп үрейдің.
... Сәбеңнің жүзі қылаңдап,
Түк ұқпай...
Үнсіз сілейдім.

Күлді аға.
Күлді басқалар,

Күлкілер - қандай ғаламат!
Күлкіден күдік жасқанар
Үміт боп жетті ол - аманат.


Ес жидым күлген болып мен
Арылып әлгі ойымнан.
Кеудеме таза толып дем,
Азайды үрей бойымнан.

Азайды-ау үрей,
Күрсіндім.
«Қамады неге бір елес?
Жұмбақтау мынау тылсымның
Тапқаны мені құр емес.»

Селк еттім...
Қолы иыққа
Тиіпті адал Сәбеңнің.
Сезді ме батқан ұйыққа
Жыбырлап кеткен
Мені
Ерні.

Езуден қуып күлкіні,
Көзінде ұшқын тұтанып:
«Әй, Софы!» - деді сілкініп,
Кәдімгі Сәбит Мұқанов.

«Атасақалды қойсаң, сен
Өсетін ерін астыңда.
Оятып бойда



Ойды өңшең,
Тірілер еді-ау хас тұлға!..

Мадиярдан сонда аумас ең...
Мадиярым ол - Міржақып!»
Көзінен шуақ жауды әсем,
Жүзінде ойнап сыр-жақұт.

Арада апта өтпестен
Қайран сол Сәбем...
Көз жұмды...
Берерін түгел төкпестен,
Даналық - дейтін көз тынды.

Өксікке кеудем қақалды,
Сәбеңнің сөзі -
Аманат!
Жібердім атасақалды
Бар-жоқты жатпай саралап.

Немене "
Бес тал көсеге!
Ауыр ма ол, тәйір, қазаққа.
... Кеңседе,
Үйде,
Көшеде
Айналдым бірақ мазаққа.

Қадау да қадау
Серейіп,
Ауызға біткен бес талды

«Көрейік.
Сонсоң өлейік!»
Деп әжуалау басталды.

Арада жылжып жыл өтіп.
Көз жұмған Сәбең жетті күн.
Жүректі жұлқып,
Жүдетіп,
Кеудемді кернеп кетті мұң...

Достарды барға жинап ап,
Арақты құйдым,
Шарапты.
Жанымды бір ой қинап ап,
Санама күдік таратты:

«Төзімім бітіп,
Қуарып
Келіп ем шыдап әрең мен!
Сендерді түгел куә ғып,
Өтінем бүгін Сәбеңнен!»

Ұқпады.
Ұқты сырымды
Шуылдап достар гулесті.
«Сақалсыз қалар түріңді,
Тағы да, тағы жу!» десті.

* * *

Сырқатты сана тори ма,
Жалыққан кезде бар емнен.



Тау жақта,
Санаторийда
Дем алып жаттым Ғабеңмен.

Сүмбіле түскен шақтарда
Оралар күзгі мейірім.
... Жанынан шуақ ақтарған
Ғабеңнің көрдім пейілін.

Сіміргем,
Қанбай тыңдағам.
Тараған ойдан далаға от!
Ағылтқан талай сырды Ағам
Дана боп,
Кейде бала боп.

Көзінен қуып күлкіні,
Жанымды кенет
Сұсы іреп,
Кілт тоқтай қалып
Бір күні
Бас салды Ғабит Мүсіреп:

«Бес талды жүк қып
Бес пұттай
Ауырсынғаның неткенің?!
Екі арыс жанды ес тұтпай,
Кесірлік пе еді жеткенің?!»

Деді де, кетті бұрылып.
Бастап бір сөзді көлденең.

Ойым да
Өзім сүрініп,
Ештеңе ұқпай мен келем.

* * *

Құрақты қурай еткізген
Күз еді көктен жас тамған.
...Ғабең сырды жеткізген
Мән-жайды ұқтым Асқардан.

Сақалды қойған,
Сыпырған
Айтыпты ол сырды Ғабең.
Қолқаны ұқпай,
Құтырған
Қашыпты-ау менен өнеге.

«Жер қылып Сәбең тілегін
Өзімшіл болып кетті» деп,
Өкінткен Ғабең жүрегін
Өксітіп маған жетті леп.

Ал содан...
Жарқ-жұрқ лапылдай,
Кеудемде бір шоқ от алды.
Үшеудің аманатындай -
Өсірдім атасақалды.

15.08.03 ж.
04-08.05.12 ж.



ҚУЫРДАҚ ИІСІ

Ғабиден Мұстафинге



Алдын ала талай апта,
Талай күн.
Жоспарлаушы ек әрбір санын әр айдың.
Күндіз-түні тыным таппай жүргенбіз,
Тойлаймыз деп мерекесін Абайдың.

“Мықты жайлы сөйлеу керек мықтылар.
Мықты ғана нықтап-нықтап ұқтырар!”
Дәл осыған сеніп кеткен кез еді.
Қарсы келмей,
Қалбаң етіп тік тұрар.

Дәл осыны қатты ескеріп Сырағаң
Баршамызды сүзіп, шолып,
Сынаған.
Жігіттерге бір мықтыдан бөлгенде,
Сары Ғабаң - болған менің “сыбағам!”

- Атың Софы.
Болмасаң да - молдасың!
Сөйлескенмін.
Қызыр баба қолдасын! -
Деп Сырағаң иығымнан қағып қап,
Салып берді жамбасыма “Волгасын”.

Барар жерім - жер түбінде “Қарғалы”
Атымен-ақ көңілімді арбады.
- Бір тоярмыз!...-
Қутың қақты айдаушым
Жорғалатып, (түрікше айтсақ) арбаны.

Аласа үйлер.
Бой серейткен тау ғана.
Келдік.
Кірдік жемісі мол аулаға.
Ауа қандай!
Жұпар шашқан гүл қандай!
Шүйілгіш тап самолеттей жауды ара!

Мықтылығын танығандай бағамның,
Сыртқы есіктен қарсы алды өзі Ғабанның.
Оң қол селсоқ жоғарыдан сұғынып,
Жүздесуін тәмамдады адамның.

Қиын болар кішірею іріге.
Көкшіл көздер сәл кідірді түріме.
Содан кейін “Отыр!” деді иек қағып,
Шетте тұрған екі орындықтың біріне.

Біреуіне өзі отырды үндемей,
Екеумізде бұғып қалды тіл-көмей.
Сөйлеп кетті:
- Нені айтамыз алдымен
Асылдардың ең асылы - тіл! - демей.

Тіл - сөзбенен сарай салар, кірпіші.
Тіл - сезімі.
Ойы, нәрі,
Күлкісі.
Ақау түссе бір сәт ана тіліңе,
Сақау болар миллион ұл,
Мың кісі. -

Тіл туралы Ғабан ойын ағытты.
Тебіренді.
Көп күрсінді.
Жабықты.
Шыдай алмай:
“Абай!..” дедім абайсыз
Тақырыпқа бұрайын деп бағытты.

- Ә, ә! - деп қалып ойшыл аға мүдірді.
- Тіл Абайда!
Түптер болсақ түбірді.
Жүйрік қана жарысады жүйрікпен
Жер түбінен естіп қалып дүбірді.

Көп төбелер көтереді шың, құзды.
Абайды да алыптар тек туғызды.
Сонау Бұқар,
Пушкин, Дулат,
Хафиздер
Баулып биік,
Көкке қанат ұрғызды.-

Абай жайлы айтты біраз көсіліп,
Көз алдымда сөзбен керуен көшіріп.
Кенет бірден сол жүйткүін қалт тыйып,
Айдаушыға қарай қалды тесіліп.

- Кекірт едік,
Тасыр едік неткен біз,
Кеуде керіп,
Ісіп-кеуіп кеткенбіз!

Анау шопыр ішті ме обед-сәбетін
Ойлау қайда.
От көкірек өктембіз! -

Мына мендей «парықсызға» таңдана,
Бас шайқады өкпелі аға сәл ғана.
«Обед» ішпес аяды ма шоферді
Ысып-жанып қоя берді паң дала.

Суық көздің сызып қана ізі өтіп,
Тау, даласын тұрды сәл-сәл күзетіп.
Сұйық шашқа тиер-тимес жанасып,
Жалғыз ара ұшып өтті тыз етіп.

Бұлғап қалды тобылғы сап ағашты.
Сұлық көздер қадалмады.
Адасты.
Сығалап кеп,
Сырғанап кеп сыртымен
Оң алақан саусағыма жанасты.

Бір серпілді кең маңдайда ай қабақ,
Ойшыл жүздің жылуы өшті тайғанап.
Кете бердім,
Қуырдақтың тәтті иісі
Танауымды қуып жетті аймалап.

2

Тағы бір жыл жылжып қана жылысты.
Еселеді ойды,
Тойды,

Ырысты.
Мерекесін өткізбек боп Жамбылдың
Көбейткенбіз шабылысты,
Жұмысты.

- Жәкең жайлы Ғабаң айтса ерсі ме,-
Деді Сырбай. Мені сайлап елшіге.
Сұхбаттасу мәртебесі Ғабаңмен
Тиді сөйтіп тағы менің еншіме.

Бағытымыз баяғы сол “Қарғалы”
Тік шаншылып әлденеге бармағы:
- Тоямыз ғой!...- деп айдаушым қутыңдап,
Ырғандатып шайқап қалды “арбаны”.

Қабылдады көк қақпалы сол аула.
Жемісі мен жұпарына мол аула.
Верандада шыжғырылған қуырдақтың
Тәп-тәтті иісі ұрды келіп танауға.

Асырды ма,
Түсірді ме бағамды?!
Сыртқы есіктен көрдім тағы Ғабаңды.
Жоғарыдан төмен сырғып сұлаған
Оң қолымен оң қолымды тағы алды.

Қос орындыққа былтырғыдай жайғастық.
Жайғастық та
Тіл туралы ойды аштық.
Тіл дегенің - кірпіш екен ғаламат

Қалай білсең,
Жеңбейтіндей қоймас түк!

- Тіл - мерейің!
Қасиетің,
Киелің!
Тілің - арың,
Жаның, тәнің,
Сүйегің.
Тілің өлсе - жануардан нең артық,
Адаммын деп қышымасын иегің!... -

- Дұрыс, Ғаба!
Айтсақ деп ем Жамбылды,..
- Жамбыл - тіл мен жырдың нөсер жаңбыры.
Алтын ғасыр қазақта да болған-ды.
Алыптар ғой таң қалдырар әр бірі!

Анау Абай!
Шоқан, Ыбырай,
Махамбет!
Біржан, Ақан...
Солар салған махам көп.
Құрманғазы,
Ахаң, Жақаң,
Мағжандар...
Әрі аңсаймын,
Әрі күйік татам кеп...

- Жақаң... Мағжан, Ғаба, олардан бері ғой...
- Иә, бері.

Отырғанда теріп ой
Бірін-бірі жетелеген алыптар -
Ұлтты өсірген ұлылықтың тегі ғой-

Сағынғандай күрсінсе де біртүрлі
Сәл қысыңқы көздеріне нұр тұнды.
Ағалықтың даналығын ұғындым,
Шығаратын биіктерге ұлымды.

Қазағымның даналығын ұғындым,
Ұғындым да іштей шұлғып, жүгіндім:
«Қайран Ахаң, Жақаң, Абай, Ғабаңдар!
Біз бе екенбіз - қалған-құтқан жұғындың?

Сол биіктен құлатып ап ертеңді,
Басар ма екен арыстарсыз дерт елді?»
Деген ойды тұтаттым ба кеудемде,
Тұлабойды дуылдатып өрт енді.

Күйіп тұрған өзім емес,
Дала екен.
...Ғабаң сөзі - жанды ұйытқан ән екен.
Суық көзден бір жылылық кұйылды,
Қарсы алдымда тұрғандай боп дәл әкем.

Сол-ақ екен асқақтады тұлғасы,-
Тіл мен ділдің сырласы
һәм мұңдасы.
Қысты қолды.
Бас изедім.

Жарқ етті.
Верандадан әлдекімнің сырғасы.

Таусылғандай айтар сөзім бітіп қап,
Кете бердім сілекейді жұтып қап.
Таңсық иісі шыжғырылған қуырдақтың
Қала берді танауымды қытықтап.

3

Зулап күндер,
Тағы бір жыл ұласты.
Жеңістерге толып жатты Күн асты.
Қос құрлықтың өткізбек боп форумын,
Қазақстан кеңге созды құлашты.

Шығар болсақ сондай биік төбеге,
Мықтыларды сөйлету де - өнеге.
- Көзі үйренген Сары Ғабаңның Софыға
Интервью алу деген немене! -

Деді солай жаңа бастық Ахтанов.
Бастық айтса,
Тұру қайда баптанып.
Қара “Волга” сол баяғы астымда,
“Қарғалыға” кете бардым аттанып

- Кекіерміз!... - Сол қуақы айдаушым.
Айдаушыға өтуші еді қай даусың.
Қайран таулар!
Шыққан бойда қаладан

Тік шаншылып,
Өр бейнесін жайды-ау шың!

Көк қақпаға тұмсық тірей тоқтадық.
Ыстық шілде.
Даланы тұр от қарып.
Сыртқы есіктен шықты Ғабәң қарсы алып,
Сылбыр оң қол бұрынғыша оқталып.

Жайғассақ та сая болмай көлеңке.
Бұлдырады,
Сағымы ойнап кең өлке.
Тіл туралы Ғабәң ойын тыңдатпай,
Шанышқы ойнап,
Сықырлады тәрелке.

Мұрын жарған исі қандай кәуаптың,
Сұрағындай табылмастай жауаптың.
Сыртта отырмыз...
Сілекейді шұбырған
Өкпелетіп өңешіме қаматтым.

- Қолдамасаң,
Қорғамасаң тіліңді,
Баз кешесің тірлігіңнен бүгінгі.
Қасиет тұтып ұйымасаң тіліңе,
Өз қолыңмен қопарасың түбінді!...-

-Рас, Ғабә!...
Сөз қылсақ сәл форумды...

-Алматыда өтері оның орынды.
Ортақ мүдде - бейбіт тірлік ғаламға,
Сол мақсатқа беру керек төріңді.

Әрбір жұрттың жазушысы,
Ақыны -
Ар-ожданы,
Намысы мен ақылы.
Ойшыл жандар Алматыда бас қосса,
Табысады алысымен жақыны.

Аянбайық алаш үшін, ел үшін.,
Бір көмейден шықсын гулеп тегіс үн.
Дүниеге тыныштықты орнатсақ,
Әкелеміз адамзаттың жеңісін.-

Қандай асыл ақ ниетті ағалық!
Ағалықты иіп басты табалық.
Тазалықтың тәңірінің алдында
Әлем біткен қоя берді ағарып.

Қоя берді әлем-ғалам құлпырып,
Жалғандықтың тұл жалауы жыртылып.
Ұра берді жүрек тулап кеудемді
Шыға берді ойлы көзге мұң тұнып.

«Бар болыңдар, жар болыңдар, алыптар!
Сендер бар да мәңгі өлмейтін халық бар.
Тойшылы емес топ бастаған қадірлі
Ойшылымен ел бағасын анықтар.

Алыптарым,
Арыстарым,
Тірегім!
Бірге соққан ұлтыңменен жүрегің.
Биіктерге шығардыңдар самғатып,
Қазақ атты қасиетті қыр елін.

Жаным жайнап,
Қаным ойнап қайнады.
Біз болармыз жетер әлі Айға әні!
Даналарым - жүрегімде, жанымда,
Ағаларым - Алашымның қаймағы!»

Мен Ғабаңа төне бердім,
Исініп.
Жүрегіме тебіrentкен күй сіңіп.
Әлгіндегі ыстық аптап азайып,
Жасыл төңірек тына қалды сүйсініп.

Тула, жаным!
Көкірегіңе сырды үйші.
Тауым,
Далам, күнде осылай нұр құйшы!
...Мен жөнелдім даналықпен қоштасып,
Танауымда қуырдақтың тұрды исі...

16-17.08.03



ХАҚ - ДАЛА

Ұлы Қасымның аруағына



СЕС

Өңімде сұмдық көрдім түсімде емес.
Тірілді жүректі егеп ішімде егес.
Тіл жетіп айта алам ба алапатты
Еш адам ешқашанда мүсіндемес?!

Дүбірлеп,
Тау қозғалмай,
Дала көшкен!
Тіршілік үрейленіп танады естен.
Мәңгілік ұйқысынан өлі оянып,
Жарқырап, бықсымастан жанады өшкен...

Жаңғыртып,
Түртіп сілкіп қиялды ескі
Пышақсыз, қорқынышпен қияр ма есті.
Кетердей аспан құлап қара жерге,
Дүрбелең дүрілдеді қиянкескі.

Кім көрген жердің тулап жосылғанын,
Ғаламды кернеп кетті шошынған үн.
Қопарып қара түнек ақ Әлемді
Үреймен аспан жердің қосылғанын?!

Мұң айдап,
Зарды сүйреп,
Шер жамылып,
Барады-ау қақ бөлініп,
Жер жарылып!..
Қысылған қиянаттан күпті Әлемнің

Қираған бер жағы - ұмыт,
Ар жағы - үміт.

Жөңкіді тауды сүзіп,
Дала көшіп.
Ай тұтылып,
Көкте Күн барады өшіп...
Бұрқырап қара боран көкке атылды,
Бөлеп ап қара Күнді қара бесік.

Тынысын дүниенің іркуде дем,
Шошынтып қаптады үрей,
Үрку деген.
Сарнатып дүлей тылсым Тажал әнін
Жазықты қақыратты жыртуменен.

Оянды дүр сілкініп жым-жырт Дала,
Қозғалды шақыр-шүкір жылжып қана.
Ойлының миын шұқып,
Миғұла ғып,
Ес біткен естен танды жүнжіп қана.

Келеді жылжып Дала,
Жосып Дала!..
Мөңкіді өзен шапшып,
Шошып қала.
Кете ме жер бетінен адам, пенде,
Біте ме бар тіршілік өшіп қана?!.

Жосытып Дала көшті дүрілдетіп,
Шошытып Аспан, Жерді дірілдетіп.

Ашуға алапат күш басқан кезде
Қашқанда бас сауғалап сүрінді етік.

Сасқан жұрт!
Қашқан тобыр!
Босқан халық!
Қол жайды көкке емініп,
Естен танып.
Тәнінен ұшып шыққан шыбын жанды
Кетсе деп Жаратқан Хақ аспанға алып.

Босқан жұрт!
Сасқан халық!
Қашқан тобыр!
Дос іздеп аяқасты қастан небір.
Көмілген күл астында Помпей емес,
Дейтұғын Ақырзаман басталды өмір.

Көшкін боп сұстанғанда қыран Дала,
Сиынды сасқан, қашқан бір Аллаға.
Атеист төре қазақ: «Құдай жоқ!» дер
Сандықтан маңдайға ұрды құранды ала.

Апырай!
Таусылар ма Тірлік демі.
Қадап Хақ жоқ қып Жерге бір нүктені?
Ғарышқа бір-ақ сәтте шаң боп сіңіп,
Келіп пе ек бұл Әлемге құр біткелі?..

Көрем бе қара көздің жұмылғанын,
Дал-дұл боп ақ қайыңның жұлынғанын?

Көше ме сәби күлкі меңіреуге,
Өше ме мәңгі естілмей ғұмырдан үн?..

Тәж-тағын Сарайлардың қопарып ап,
Тартарға егесімен атары нақ,
Патриций плебеймен араласып,
Апатқа тегістегіш жатар ма ұнап...

Тажалға бай мен кедей бірдей бәрі.
Тозақта Тазалықтың кірлейді әрі.
Несіне ес-сананы иелендік
Сұмдықтан Шындық өлсе жүрмей кәрі?...

Бақ емес,
Ұшар бастан Әлем, Ғалам,
Қалмаса қара жерде қараңдаған.
... Қадады жаутаң көзді бір жалт етіп,
Қарт Бабам -
Ең бірінші Адам маған.

Кім білсін ұрпақтарын аяды ма,
Сүйеніп тұрды біраз таяғына.
Жарқ еткен көк жасынға жармасып қап,
Қайтадан сіңіп кетті баяғыға...

Қақ бөліп қара жердей ақыл-ойды,
Тәңір Хақ неге бізге шақырайды?
Естіні естен неге адастырды,
Көмейге кептеп тіреп «Апырайды!»?

Сасқан жұрт!
Қашқан тобыр!

Көшкен халық!
Балықтай жағадағы естен танып.
Хаостың құшағына қайта оралып,
Өшер ме тарих атты көштен халық?

Жауыз нұр айқыш-ұйқыш аспан тіліп,
Аңыздың Тажал әні басталды ұлып.
Сол әуен құбыжық боп қалықтады,
Кетердей сасқанды ұрып,
Қашқанды іліп!..

Жерде зар,
Көкте қиқу азан-қазан.
Дүрсілі бар жүректің озандаған.
Уай, Әлем!
Бір-ақ сәтте жым-жылас боп,
Шынымен көрінер ме қазаң маған?..

... Жоғалды басқан зілі қанша иінді,
Тыншып үн,
Борандатқан шаң сейілді.
О, тоба-ай!
Ғарыштан бір ән құйылды,
Тұрғанда құлақ әсем аңсай үнді!

О,тоба!
Ән екен ғой - жан ынтығы,
Сыққанда Ажал сұмның жаныңды үні.
Кеудені әлдилеп кеп асқақ әуен,
Сипады сап-салқын боп жалын тілі!

О, тоба-ай!
Жас оралтып қара көзге,
Адам боп бара жатты Дала лезде.
Дала емес,
Алып Адам құшақ жайды,
Сүңгітіп бар ғаламды дара кезге!

Берілме, сыршыл жүрек, үрейге сен.
Көңілім ғажайыпты тілейді әсем.
Ардақты Ақыныңды,
Жақыныңды
Таныр ең қорқынышпен сілеймесең.

О, тоба-ай!
Адам-Дала тебіреніп,
Шіренді шабыттана еміреніп.
Тірелген қос өкшенің арасынан
Сол сәтте-ақ қоя берді Өмір өніп.

Тірілтіп бір ғаламат күдіретті,
Еріні Дәу Адамның күбір етті.
Ғажап-ай!
Кездеспеген бұрын-соңды
Болмыс Хақ жайып салды сүгіретті.

Нәп-нәзік күй тербетті төңіректі,
Тәнті ғып Көкті Жерге еңіретті.
Ғарыш пен Ғалам мидай араласып,
Бір сәтте бір ғасырлық өмір өтті!

Жалғады келешек пен бұрынғыны.
(Шыдамай тек пен кекке бүрілді ірі).
Жапырып астан-кестен өгей тілді,
Қазақтың қажырланып тірілді үні!

Тірілді үн!
Түрілді аспан төңкеріліп.
Шіренді Адам-Дала кең керіліп.
Шапшыды Көкке қолдан асқар шың боп,
Тау-Тұлға
Қадау-қадау ер көрініп.

Әлемнің күй ойнады құлағында.
(Болмас-ау дәл осындай жұмағың да)
Жеткенде Тіршіліктің мәз күлкісі,
Күлдім де,
Қуандым да,
Жыладым да.

Жоғалды кейіс,
Өкпе,
Күпірлігім.
Оралды ырзалығым,
Шүкірлігім.
Бәрібір мен пендені күндемеспін,
Жыртса да тал бойымнан бүтінді мың...

Жоғалды Ажал мыстан өмірді аулар.
Жоғалды сыбыс,
Өсек,
Дабыр,

Даулар!

Даланың қақ төсінен биік шапшып,
Орнады Тәңіртау, һәм
Қадыртаулар!

Бой созды тағы үш тау Жерден Көкке,
Әр тасын орап өшпес шер мен кекке!
Шаншылған елдің сұсы - найзадай боп
Сес беріп тұра қалды төңірекке.

Атқыған аспанға тік шоқысына
Ұрынбай өзен үрікті оқыс ыға.
Сол шоқы бірте-бірте тау боп өрлеп,
Айналды алты Алаштың Софысына!

Көбейді көкке ұмтылып қырат, төбе,
Жарысқан көлеңкесін бір-ақ төге.
Тілі мен үні болды сол төбелер
Халқының кеудесінен мұратты еме.

Ақындар тізбек кұрды қыраттардан,
Жырынан мәңгі бітпес сұрақ тамған.
Сөзі боп ақиқат пен әділеттің,
Көмбесін көкейдегі сыры ақтарған.

Шашқанда Ақын-Дала мырзалығын
Тау,
Шың ғып көтергенде құр жазығын,
Құс біткен сайрап алып жөнелді де,
Төбемнен құйды нұрын ырза Күнім!


... Хақ-Дала!
Ақын-Дала!
Қасым-Дала!
Тазарып кір-қоқыстан асылдана,
Жарқ та жұрқ жалын шашты жан-жағына
Қойнына көктен жауған жасынды ала.

Тау емес.
Сен - құдірет, айхай Дала!
Жағынбас жаңғырықпен айқайға да.
Оралар Өзіңді аңсап, өзек жарып
Кетсе де сан ұлдарың қай-қайдаға.

Тау емес,
Сен асқақсың кендігіңмен.
Сұрамас жолды кімнен,
Жөнді кімнен.
Бүгінгім тауын мақтап,
Бұрылмаса,
Даласын табар шындық ендігімнен.

Табады.
Бар Әділет!
Сенемін мен.
Шын талант дарынсызды жеңе білген.
Күрмелген Даласына кіндігімен
Халқың бар
Тірі жеткен көне күннен.

Жараспай төреңменен,
Төріңменен,



Өмірден,
Көріңнен де жерінбеген.
Ұрпаққа рухымен сіңіп кетіп,
Ол әне, тағы әкелді өмірге өлең.

Аруға жыр-сырымен назданатын,
Өлмейді
Өлмес өлең жазған ақын.
Ғарышқа самғап ұшып,
Тірі кеткен
Сермеп қап жаз-қанатын,
Қаз қанатын.

Жақтырман тас табытта шіренгенді,
Тірілте алармысың бір өлгенді.
Жеңбейді ажалы да,
Тажалы да,
Жыр егіп көкіректен,
Нұр емгенді.

Салмаймын табытыңа ұлы Ақынды,
Іздейтін мақсатымды,
Мұратымды.
Пендеден биік етер, уай, адамзат,
«Ақындық!»
Дейтін ғажап біл ақынды!

Сөзімді дұрыс ұғын,
Теріс демей.
(Несіне бұғамыз біз, өрістемей).

... Ғаламды барлап тұрған Дала-Ақынның
Жанары тұнық еді періштедей.

Дарытып сұсты қарас,
Ойлы пішін,
Жаратқан Ақын-Хаққа қойды мүсін.
Табиғат үйіп-төгіп бере салған
Болған соң ойға сойы сай Кісінің.

Алып боп Ақын әне көтерілген,
Оралып Мәңгіліктің мекенінен.
Жалғанды жаңғыртып кеп дүбірлетті
Ағылған асыл сөздер екі еріннен:

- «Ояндым уыз уын еміп нұрдың
Кеткен соң дос азайып,
Кеміп құрбым.
Үстімде кебін емес,
Кебенегім.
Көгімнен жер боп өніп,
Келіп тұрмын!

Көр емес,
Ел жүрегі - шын тұрағым.
Кеудемнен жамыраған мың бір ағын.
Көруге қайта оралдым Туған елді
Мініп ап ауыздықтап жыр пырағын.

Қорыққан,
Қашып-пысып үрейменен
Ісім жоқ әкім-төре,

Дүлейменен.
Қазағым - жаны нәзік қандастарым
Өзімнен баяғыдай тілейді өлең.

Таниды,
Безінбейді елім менен.
Кетпегем,
Ұлтымнан мен бөлінбегем.
Өзекті өзектеспен жалғастырған
Арым да,
Жаным да - өлең,
Тегім де - өлең!

**Барым да,
Бақытым да осы өлеңім,
Жақыным,
Жүрегімнің досы өлеңім.**
Асқарым - Алашыма арқам сүйеп,
Жырыммен толтырамын бос әлемін.

**Гүрілдеп жалын атқан кеудем - көрік,
Сөз соғам құлашымды еркін керіп.
Суарып шынықтырам күйге малып,
Болсын деп әрі әдемі,
Әрі берік.**

Таниды.
Іздеп мені табады елім.
Табады алты Алашым,
Дала,
Көлім!

Қайтейін кей «мықтымның» кешелігін
Қуанар жетсе еріне қаралы өлім.

**Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде.**
Әй, анау бір шыбықпен кімді айдап жүр?
Апырай, жер жетім бе,
Ел жетім бе?!

**Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап...**
Осыны мен айттым ба,
Жел айтты ма,
Көңілім құлазыды-ау құр жабырқап...»

Кідірді жасыра алмай ренішін,
Әлде өксік,
Әлде сұрақ тіреп ішін.
Есірген есекмасы дүмділерге
Ышқынып ашу толы күреді ішін:

«- Әй, қарақ!
Тоқта былай!
Кескестеме!
Басыңнан бақыт құсы көшпес деме.
Жарлыны жағалатпай қуғаныңмен,
Бар ғылып алып шығар өшпес дәме.

Кетіпті-ау кембағалдар тым далиып,
Салбырап түскен неге мыңдағы иық?
Даламның тоз-тоз қылып тіршілігін



Шер қамап,
Орап апты-ау мұң жайылып.

Кетіпті-ау төрдегілер төбе болып...
Жайраң жүз айтшы, ау, інім, неге солық?
Білмей ме құдайсынып құтырғандар
Тиерін құрыш қолдың төбеге нық.

Білмей ме дертті шерден кек табылып,
Түйрерін қақ жүректі оқ сағынып.
Бүгінгі биліктегі жетесізге
Жетерін жер түбінен жоқтау ұлып.

Белшемнен от кешсем де езілмеп ем,
Күйзелтті-ау өксігі елдің безілдеген.
Күніне мың мүжіліп,
Мың өлсе де,
Қазақы қандай берік төзім деген?!

Не деген алдамшы едің Сезім деген,
Серің боп сені іздеумен көз ілмеп ем.
Сезімге,
Төзімге де
Талақ! Талақ!
Ерімді алмастырсам езімменен.

Жүректі түйрер кезде бізі іздеген,
Қырғынның қиялымды сызы үзбеген.
Тастамай сұр шинелді иығымнан
«Қайдасың Дариғалап?» қыз іздегем.

Дуылдап қанымдағы жалынды үміт
Жүргенде ел мен жерді сағындырып,
Сол бір қыз,
Қазақ қызы, қастерлім-ай,
Жарасқан жанарымнан жанымды ұғып.

Сол бір қыз
Жетті маған атыра Күн,
Көңілімнің күйге бөлеп атырабын.
Жайқалтты ыстық жүрек лебімен
Жанымның жалын шалған жапырағын.

Сол бір қыз
Аңыз болған ерте күннен,
Оралған Ана-Дана ертегімнен,
От құйып мұз жайлаған кеуделерге
Әманда артық туған еркегімнен.

Сұм жендет Кремль боп қыс жамылып,
Сол қыздың сыққан жанын ұстап ұрып.
Алаңда арман өшіп,
Үміт сөніп,
Жын жылап,
Пері күлді,
Мыстан ұлып!..

Жын ойнап,
Пері ойнақтап,
Мыстан ұлып,
Сол қызды тар карцерге қысқан ұлық.

Қызыл қан ақ тамақтан көкке атылып,
Кеудеден жанмен бірге ұшқан үміт...

Тас жүрек,
Безбүйрек ед егелерім,
Шекеге қадап қаққан шегелерін.
Мәскеуден құтқарса да Жаратқан Хақ,
Әлі де жауап таппас «Негелерім?»

Не өнер тісінді құр қайрағанмен.
Шарасыз құр дәрменің жайрап өлген.
Не шығар өре тұрған ішіндегі
Жыланды ысылдатып айдағанмен?!

Қайнаймын тар қазандай ызаменен,
Сол қыз боп
Қоштасты ма Муза менен?..
Ақынын ақиқаттан адастырса,
Қамалын қаскөйлердің бұза ма Әлем?..

Жапқандай жабу етіп тасқа кілем
Өтем бе өзгерте алмай қасқаны мен.
Ақылды тентіретіп жіберер-ау,
Ақынды ақымақтар басқарумен.

Кім ұлық?
Кім кемеңгер?
Кім данышпан?
Сезердей зар мен шерді,
Мұңды алыстан.
Жоқ қой, жоқ!

Өз қазағын жұтып жатқан
Кіл қасқыр!
Кіл жолбарыс!
Кіл арыстан!

Сен маған десең-дағы «Айхай, Дала!»
Түңілген өң-түсімді байқай қара.
Шыңғыртып шыбын жанды шырқыратып,
Ішімде бұғып қалған айқай ғана.

Өңештен от-жалыным төгілмеген.
Өксікті азық еткен көңіл-дөнен.
Түсімде бұрқ-сарқ еткен асау толқын
Қайтейін...
Бола алмады-ау өңімде өлең!

Жетімдік желкелеген...
Жеңілмеп ем.
Жанымда құр жаңғырып,
Жеңілді өлең...
Сөзімді көмейіме кептеп тығып,
Өксітті өкінтумен өмір деген.

Іздеген «халық жауын» қырағылық -
Бөрі боп жатсаң, тұрсаң тұрады ұлып.
«Ұлтым!» деп мұрт астынан бүлк еткізсең,
Жағыңды опыратын бір-ақ ұрып.

Күмілжіп ұйқамақта қорғалақтай,
Жабысқан қабырғаға жарқанаттай,

Гүл жүзді, бұлбұл үнді, сырлы сазды
Жырымды қор болдым-ау сорғалатпай.

Айтқызбас айтарыңды сұры надан
«Мықтыңның» мәлім әлсіз сыры маған.
Шошимын «Ұлы!» деуден өлтіріп ап...
Алса ғой өз бағасын тіріде адам.

Түсті де тіл тістеткен күшке күнім,
Булықты астан-кестен іштегі үнім.
...Қоғамның өзгергенін қашан көрем,
Бүгін де ұрпағымның ішкені ірің.

Құл қоғам құлдығынан тазара ма.
Мәңгілік мүлгіп, көзі бозара ма?
Бұл қоғам батпағына батырады
Алмасақ қағып, сілкіп тез арада!..

Ел - мықты!
Елден туар тектілерің.
Жасайтын,
Жарылқайтын көп тілегін.
Қысады биіктегі құйрықтарын,
Ұшады биліктегі ептілерің.

Құшады жан жазасын азғындаған.
Ұсынар ар тазасын әз ғып ғалам.
Елжіреп еміренген Ел жүрегін
Ғарышқа жеткізеді саз ғып балаң.

Аршындап басар арлы қадам бар да,
Сенемін азғындамас адамдарға.
Ірі мен тірілерге өсиетім бұл,
Сөзімді қор қылмаспын жамандарға.

Уай, Тәңір!
Көктен лаулар құралды ұшқын.
Халқыма қанатын бер қыран құстың.
«Жұмақта жүрміз!» деумен
Алға тосқан
Келмейді шикі өтірік ұранды ішкім!..

Қарыштап өсуі үшін ел-барыстың
Қаматпай қапасына дағдарыстың,
Ұлтыма ашуын бер арыстанның,
Жұртыма жүрегін бер жолбарыстың!..»

Тоқтады дауылдатып күрсінді де.
Бас шұлғып тына қалды сыршыл Дүние.
Қызынып тұла бойым бара жатты,
Білмеймін...
Жыр сіңді ме,
Нұр сіңді ме?!

Лақтырды шинелді де,
Шекпенді де.
Бір өксік тамағына кептелді ме,
Қылғынды жер сілкітіп Ақын-Дала
Сұр бұлтты жотасына бөктерді де:

-«Түсіртпей «кірме» дейтін жауға күнді,
«Естірт - деп ессізге емес,
Сауға үніңді!»
Айтсын деп елдің сөзін
Ақын етіп
Төсімнен тұрғызбап па ем Тауларымды?!

Жанына қан ғып құйған аз ба сырым,
Қалайша «Аттан!» салмай азды асылым?!
Бермей ме сыбағасын тексіздердің
Өзгеге матап берген өз нәсілін.

Апырмай,
Жүрем бе ылғи жанымды жеп,
Құнсыздың бере алмастан арын түзеп.
Әлемнің сылып тастап кір-қоқысын
Онда сен бомба бол да, жарыл, жүрек!..-»

Өңештен өксік-тілек саулады да,
Өкпелеп ақын тұтқан Тауларына,
Қарады қимай, тоймай жалт-жұлт еткен
Ғаламның кіп-кішкентай аумағына.

Қадады от жанарды Көк пен Жерге,
Ыза боп бүгінгіге,
Өткендерге.
Қайтадан айналды да Даласына
Сағымды сіңіп кетті көк белдерге.

ЕС

Қайран Қасым!
Түсінем өкпеңді мен.
Күтпейсің сен құрметті өктемдіден
Ардақ тұтқан Тауларың кішірейіп,
Жағымпаз боп жарыса шөккен кілең.

Ірілігің,
Ұлылық,
Алыптығың
Тамсандырды тәнті етіп халықты мың.
Ұғысуға Өзіңмен өзім бармын,
Жұлысуға ұмтылмас Анықты кім.

Сен - Анықсың
Көтерген қоғам мұңын.
Азған қоғам тұсында жоғалды үнің.
Ұғынбаса қайтейін көп ағайын
Толағайдан біп-биік шоң арғынын.

Қажыдың ба күрсініп,
Қайран Ақын,
Қаусап,
Күйреп
Кеткен соң айнала тым?
Өңешіңе тағы да кептелді ме,
Қызыл тілің қыжылмен қайралатын?

Жан сырыңды қоймаса надан ұға,
Адамыңа,
Бар кінә - заманыңа.



Елдегінің жетпей жүр күш-қуаты
Төрдегінің мызғымас қамалына.

Ақын - жалғыз.
Жалғыздық еншісіндей.
Жалғыз Хақтың жердегі ол елшісіндей!
Күншіл қауым жабылып талағанда,
Жым-жырт қалар
Ұлы Ерін
Ел түсінбей...

Ақын - тағдыр.
Пысқырмас ақылгөйге.
Құдіретке бар болса ол
Жақын Бейне.
Ақын - автор
Тірілткен талай жанды
Тәңірмен де тең түсер Ақын кейде.

Ақын сыры - ғажап сыр.
Аңдамадық.
Өгейлеттік,
Өксіттік,
Талғамадық.
Ашықтырып,
Азайтып асыл бәсін
Алмақ болды қырт пен мұрт қолбала ғып.

Ақын - Пірім!
Қолбала бола алмаған.
Ар-ұжданым!
Асылым тоналмаған.

Ғазалымен Ажалды алып ұрған
Кем көрмеймін кей-кейде оны Алладан.

Пайғамбар ол болжайтын алдағыны,
Кеудесінде түнеген Аллам үні.
Сүмірейтер сұмдықты шындықпенен
Қалғымайтын ешқашан ар дабылы.

Күреседі ол қалғанша құр сіңірі,
Ел жүрегін ертеді тылсым үні.
Мәңгі жайы - Көгіне қонақтар ол
Тартып өтсе тәңірдің бір шыбығы.

Симайды Ақын тұқыртқыш бір арнаға,
Алда жүрер арыңдай мұнарлана.
Өзектегі өзің боп дамыл бермей,
Өшкеніңде өмірден
Тынар Дана.

Деміңменен Ақынның туыс демі.
Жылытады жаныңды буы іштегі.
Кәусарына қандырып қара халқын
Ұлы ақындар туады у ішкелі.

Ызғары бар күзіндей көктемнің
Төккені зар көмейден,
Шеккені мұң.
Қалың елдің қайғысын қанында ертіп,
Дәл өзі боп кетеді Көктегінің.

Епсектікпен еңкейіп,
Ептегенбіз.
Қолды сүйіп,

Құл болып кеткен елміз.
Төбемізге қондырып төменгіні,
Қадіріне ұлының жетпегенбіз.

Арсыз,
Жансыз,
Ұждансыз
Неткен елміз.
Жалғандықтың уына бөккен елміз.
Құл тірліктің қылғынып құрығында,
Ұлымызды табалап сөккен елміз!..

Айналса да Ақын - жер серігіне,
Мәңгілікке кетсе де демі іліне,
Айдап салып ажалдың қақпанына
Күліп қарап тұрамыз өліміне.

Өлтіргенмен қамалап,
Өлмейді Ақын.
Тағдыры боп халқының өрлейді Ақын.
Ат-атағын Алыптың әжуалап,
Өшіргенмен табалап,
Жеңбейді әкім.

Кердеңдікпен керілген кері тақым,
Бақ пен таққа өлердей жерік әкім.
Жетпістегі ақынын танымаған,
Түзер ме екен жүзіңді Серік әкім?..

Суатынан сусындап ел кенелер
Жеңе алмайды Ақынды жер кенелер.
Ел тұтқасы боп жүрген бәкенелер
Белгісіз боп бар-жоғы ертең өлер.



Кейде дана,
Кейде ала халық деген.
Кейде бала,
Кейде алып Алыппенен.
Өлмес рухы ұлтына сіңіп кеткен
Сала алмаймын Ақынды табытқа мен.

Ұлы Ақынның ғұмыры - бір бір заман.
Келешекке оларсыз жылжыр ма адам.
Сөнеді Күн,
Жұмыр Жер қақ жарылар,
Тұншықтырса ақынын құрғыр заман.

Заман қанша тықса да қапасына,
Жыр-жүректің лап қояр оты асыға.
Кеудесінде булыққан шерлі зары
Бозінген боп оралар ботасына.

Төр, төре де тұсалып,
Бағынады.
Қондыртпаған қонады ол тағына әлі.
Бар қазаққа құшағын айқара ашып,
Сарыарқасын елжіреп сағынады.

Жүреді Ақын өлместен жыр елінде,
Бір өмірі берілмей мың өлімге.
Рухы көкте.
Ұлы Ақын қалады тек
Мәңгі-бақи жұртының жүрегінде!..

27маусым - 3 шілде 2011 жыл.



ҚИМАС АДАМ - ДИМАШ АҒАМ



1

Ағалар бар жағадай інілерге,
Алдан үркіп, артына үңілерде.
Ар боп өткен іздейсің ағаларды
Көңіл қажып күйкіден түңілерде.

Күйкі тірлік күйдіріп күйбеңімен
Қуанышын заманның тыйды өңінен.
Екі қолға бермеді бір күректі
Айырғандай ғашықты сүйгенінен.

Аңсап ек қой арудай егеменді
Сол егемен құл қылып тебе ме елді?
Кеше ғана құт қонған қазағымның
Маңдайына жоқшылық шегеленді.

Тәуелді боп келсек те Кремльге,
Риза боп кетуші ек бір өмірге.
... Жарқырайтын жанардың нұры қашып
Неге ғана оралды мұң өңірге?

Алла Хаққа табынар үнін үзген
Таптық па екен зауалды тілімізден?
Шуақ емес ызғарын сезінеміз
Тәуелсіз боп атса да күнімізден.

Адалдығым,
Ақтығым қайда қалды,
Бұза берем қашанғы қай қамалды?
Елдің сөзін естірдей құлақ таппай
Төрелерім тердегі майдаланды.

Жемқорлармен жалғасқан жең ұшынан
Шенеуніктің шіренген көбісі паң.
Өз қазағын қазағы көздеп атып,
Болып кетті бүгінде ел іші қан.

Көркейтумен бар алаш бір қаланы,
Шаршы әлемді шақырып мұңдалады.
Қалай бағар қалғандар баспанасыз,
Астанасыз шырылдап бір баланы?

Аспан асты кең еді,
Керім еді.
Аққа тиген,
Май сорған ерін еді.
Сол күндерден алыстап кеттік пе екен,
Жеткізбестей арман боп көрінеді.

... Ол кезде де болған-ды қиғаш қылық
Батпаққа айдап,
Сорлатқан ми бастырып.
Бірінші боп елімде Димаш көкем,
Көмекшісін сайлаған Имаш¹ қылып.

Қазағына тілеген көктен, жерден
Сақтаймын деп тіл-көзден,
Өктем желден.
Жүрегінің жылуын елге төккен
Көктей өтіп сағым боп көк белдерден.

¹ Имашев Саттар

Ел ұланын қастерлеп көк ұнатқан.
Жат еді оған бос даурық,
Тегі мақтан.
Барын, нәрін аямай,
Қазағының
Түсірмеуге тырысқан көбін аттан.

Қала тізген кең-байтақ даласына,
Айналдырып жұмақтай панасына.
Әр түкпірден тірілткен өндірісті
Болсын деумен қазақтың баласына.

Қаптатқан-ды кеңшарын,
Ұжымшарын.
Көңілінің ұшырып қызыл шағын.
Қабағына халқының қарауменен
Қалқан бола қоятын бұзылса күн.

Мықты Мәскеу оны да діңкелеткен.
Өткіздірген тонналап күнді електен.
Күндіз-түні байлығын сорып алып,
Түн қойнында ұйқысыз мұңды елеткен.

Күрсінетін желкеден мұң басқанда,
Мұңын шағып мұнартқан мұңды аспанға.
Түсінетін ақтарын ұлт тілегін
Тілді ұшпаққа шығарса,
Жырды - асқарға.

Шығартпаған ұшпаққа ана тілін,
Орыс әні тілетін қала түнін.

Көтере алмай кеудесін қысылатын
Шовинистер астында қанатының.

Қысылатын, ыза боп қыстығатын.
Жіберетін еріксіз күштіге ақын.
«Еркім!» десе,
Сол еркін мәскеуліктер
Көмейіне үш кесіп,
Үш тығатын.

Жеке тимей тізгіні өз басына,
Қадайтын-ды аспанға көзді асыға.
Тәуелсіздік аңсаған сол кездерде
Тиіп жатты шоқпар мен сөз басына.

«Кетпесін - деп - азаттық әуенді ұғып»,
Ұстады Русь бар ұлтты тәуелді ғып.
Қолдан жасап Кремль тауқыметті
Қырып кетті сан мәрте сау елді жұт.

Мектеп жатты жабылып қыр елінде,
Қан ұйытып қазақтың жүрегінде.
Әттең сонда өкінем,
Димаш қазақ
Басын тігіп бармады-ау бір өлімге...

Батырлыққа бас тігіп бара алмаған.
Жаза алмады жандағы жарамды адам.
Абылайды қайталар ерлік қайда,
Ең болмаса Тәшенов бола алмаған.

Таз көсемнің тайсалмай зіркілінен
Жасын атқан Жұмабек кірпігінен.
Бес облыс сұраған Ресейге
Ұстатпаған жерінің бір түгінен!

Нағыз қазақ еткенде басты құрбан
Көкке өрледі дақбырты,
Асты қырдан.
Ел марқайды Ерінің ерлігіне,
Жарқырады жанарлар жас тығылған.

Азаматтың ойлантып ардақ ісі,
Асқақтаған алаштың ар-намысы.
Ұлт мерейін көтеріп ұл жеңісі
Айдан да әрман кеткен-ді ел дабысы!

Сол дабысты дәл бүгін іздеймін мен.
Өп-өтірік өксікті үзбей күлем.
Жабығынан жанымның ызғары есіп,
Шуақ шашар көктемім күздей кілең.

Жұмыс таппай қиналтып тентірген
Осы ма еді егемен ел тілеген?
Ашық-тесік кеудемді жайлап алып,
Боран соғып,
Ысқырып жел түнеген.

Мен сағындым өзінді, Димаш аға!
Мұң-зарымды тыңдаушы ең, сыйлас аға.
Жүрегіме қондырдым нар тұлғанды,
Сол орынды өзгелер қимаса да.

Елдің ұлы болып ең жоқ-барыңмен.
Жылытып ең жұртыңды отты арыңмен.
Ұмытса да тірілер,
Ұлт ұмытпас.
Қайда жүрсем Өзіңді жоқтарың - Мен!

2

Гүлге бөлеп жүретін, күнге бөлеп,
Ағалар-ай, қадірі мүлде бөлек!
Іздеріне ілесіп кетер едім,
Тоқтамайды-ау зымырап Күн-көбелек.

... Алып ұшқан көңіл бар жасын себер,
Екіленсе тау жығып, тасын жеңер.
Асқар¹ ағам басқарған бір бөлімде,
Арқыраған мен едім бас инженер.

Жаным - жалын,
Көзім - от,
Құйын - демім.
Келмейтін кез қиынды қиын дегім.
Аспаным бар,
Алатау, Алматым бар,
Өзім болсам орыстың үйіндемін.

Артық маған сол орыс қазағымнан,
Ол мінезін,
Мен өңді таза қылғам.

Дәл әкемдей тілеуші ед “дядя Миша”
Ожауымның кетпеуін қазанымнан.

Жалтара да қоймастай,
Жасқана да,
Шалқақ бастым,
Шалқыдым астанада.
.. Ойда жоқта бір істің сәті түсіп,
Ауыстырмақ пәтерін Асқар аға.

Түтін басқан кең цехқа келіп кіріп,
Күйе жұққан түрімді көріп, күліп,
Асқар ағам жай ғана айта салып,
Аяқ асты жіберді-ау еліктіріп.

Еліктірді.
Кеудемде күй аунады.
Қияға ұшты көңілдің қиялдары.
Бермек ағам босайтын өз пәтерін
Оп-оңай-ақ шешілмек үй арманы.

Қиялдаймын алам деп қонысымды,
Қия алмаймын әкемдей орысымды.
Әрі-сәрі жүргенде екі ойлы боп,
Пәтерімнің болмастан жолы сынды.

Қуанбасам, мен оған өкінбедім.
Өтімде сыз болмады.
Бетімде мұң.
Қиналмай-ақ
қолдаумен озғанымша,
Өз бетімше керек қой жетілгенім.

Ал мен үшін қиналды қайран аға,
Қалдырғандай елсізде,
Айдалада.
Жаны жайсаң кешегі ағалар-ай!
Бүгін біреу қол созар қай балаға...

...Көшті бастық.
Сол күні жұмыс қалды.
Тиелді жүк.
Тасылды. Дұрысталды.
Асқар бастап, үш жігіт ептеп қана
“Волгаменен” апардық хрустальды.

Әзіл, күлкі есілді майда желдей.
Бет беріп ек кетуге,
Шайға көнбей.
Дәмханадан алдырып түрлі тағам,
Дастарханын жайнатты Ләйла жеңгей.

Жібермей ме коньяк жігітті ер ғып,
“Үй алармыз біз де!” деп үмітке ердік.
Дуылдадық қызығып,
һәм қызынып,
Қоныстойдың пердесін түріп бердік.

Алтын қасық,
Нән қасық, кіші қасық...
Бай мен бардың тұрады-ау мысы басып.
...Кенет төрде отырған екі жігіт
Атып тұрды сұп-сұр боп түсі қашып.

Құбыжықты,
Әлде бір аң көргендей,
Түн ішінен жарқ еткен таң көргендей.
Есеңгіреп әлгі екеу тұрып қалды,
Ал көздерден тандану шаң бергендей.

Жалт бұрылдым.
Көзіме от қарылды ма?!
Әлде бомба,
Әлде Күн жарылды ма?!
Демім, үнім көмейге тарс бітелді,
Есім шықты,
Тынысым тарылды да.

Жүрек ұшты!
Ұмтылды ми тасаға.
Туды тасқын кеудеме симаса да.
Келе жатты есіктен күліп кіріп,
Кәдімгі адам құсап Димаш аға!!

Аумайтын әулиеден түрі кейде
Фото емес!
Өзіміздей тірі бейне!
Тәңір тұтқан быт-шыт боп бір түсінік
Тұман құсап сол түйсік ірімей ме.

Әулие емес,
Адамды анық көрдім.
Адамдығын күлкісі-ақ танытты Ердің.
Қой көздердің нұр шалған жылуымен
Тұтандым да, лапылдап жанып бердім!

Елі міне үрпиген.
Ері міне!
Аспан іңкәр. Тәнті ғой Жер үніне.
“Құтты болсын, Ләйлажан!
Ұнады ма?”
Мейірлене қарады келініне.

- Бек ұнайды.
Ағатай, жақсы бәрі!..
Кірпік түсті.
Көздері шапшымады.
Асқар күлді.
Ағасы қақты иықтан,
Дым демеді қазақтың жақсылары.

Аттамады.
Дәм татты дастарқаннан.
Боп кетпей ме ондайда жастар дархан.
Таныстырып болашақ ғалымдар деп,
Жоқ атақты біздерге Асқар таңған.

- Ә, ғалымдар! Отанға керексіңдер...
Жастар ғажап! -
Жымиды. - Зерексіңдер!..
Түсіп қалдым, жігіттер, қолдарыңа
Айтып қалғын.
Маған не демексіңдер?

- Шуақ болып кеудеге жауды үніңіз.
Қазағымның төбесін тау қылыңыз.
Ал бізде ме...

Біздерде барлығы бар!
Мықты болсын, Димеке, саулығыңыз.

Мерейлендік,
Тасыдық,
Жамырадық.
Ізгіліктің жайылды тамыры анық,
Қоштасты да ұлы Адам шығып кетті,
Кеуделерде шырағын жағып алып.

Өтті осылай бір кеште бастан аңыз.
Еске алғанда тасимыз,
мастанамыз.
... Үшеуімізден бай адам жоқ ед сол күн!
Үшеуіміз де едік-ау баспанасыз...

3

Жарылқаса Жасаған жас талабын,
Қайда апармас пендені асқақ ағын.
Партиялық Орталық Комитетте
Әдебиет секторын басқарамын.

Көргіш көздер төбемнен көп тесілер,
Көл емеспін кәусары көпке сіңер.
Атақ, орден, пәтерге қолын жайып,
Қылқылдағыш көбейді өкпешілер.

Сындырардай кимелеп қабырғаны,
Тоқталмайды құныққан тобырлары.
Тойған сайын толдым деп бір айтпайды,
Үсті-үстіне жұтатын обырлары.



Ар-ожданның қарай ма парызына,
Көл ғып төгер көз жасын арызына.
Көкпар етіп талауға бәрін дайын
Кеше беріп кеткендей қарызына.

Осы тірлік ашынтты,
Діңкелетті.
Өзімшілден ашқарақ үркек етті.
Бір “мықтының” жүргенде жоғын жоқтап,
Ұрлатып-ақ алушы ек мың керекті.

“Шешем мендей тумаған бекер ұлды.
Өзім білем не істеп, не етерімді!”
Ақ тер, көк тер жан-жаққа сұрау салып,
Ақтамаққа тырыстым Шәкерімді.

Үмітімді үш әріп кесті, жапты.
Бітеуші еді-ау тірідей ес, құлақты.
Ерегіс пе,
Әділет тілегі ме,
Жатып қалған шығарттым бес кітапты!

Жықпасам да құр қолмен тас қамалын,
Баға алмадым өзгедей қас-қабағын.
Өршеленіп өзгерттім жарғыларын
Өзгертуге көнбейтін қасқалардың.

Тырс-тырс ұрдым тылсымдай тас қамалын,
Жік түсірдім қышына,
Қасқаладым.
Бір пәтерді Тоқашқа алып бердім,
Көп сермеуге болмады басқа амалым.

Шыға алмадым бәрібір биігіме,
Салмақ түсті жотама, иініме.
Кеше ғана алшаңдар қаламгердің
Ноқталанған әкімшіл күйі міне!

Еркім кетіп,
Көміліп тереңге ырқым,
Езуімде тірілер әрең күлкім.
Тәтті өмірмен бұрынғы жалғастырып,
Телефонмен сөйлесті Ғабең бір күн.

Шешен тілі ілгері сүйрете ме,
Жүрегіме Ғабит боп күй жете ме?
Еріп кеттім.
Ал Ғабең тілек етті,
Келетінін кіргісі Димекеңе.

Батып кеттім күдіктің ортасына,
Түспейтіндей асығым омпасына.
Әй, жоқ қой, жоқ!
Табылмас ірі кеуде
Қолқ ететін Ғабеңнің қолқасына.

Бардым, айттым бөлімнің бастығына.
Көз көгерді ашудан жас тығыла:
-Ано-оу Адам оп-оңай отырғандай,
Тау мен тасқа соқ дейсің басты мына!..

Үріккенінен түңілдім, үндемедім.
Тым болмаса бермеді-ау тіл көмегін.
Іштен тынып,

Бомбаңды жасырасың
Жүргеннен соң ішінде бір кеменің.

Құр түксиген қабаққа кірбің дарып,
Қос өкпесін қысастың тұрдым жарып.
Мен Ғабеннің тілегін тастай алман!
Кідірместен хатшыға кірдім барып.

Ұстатпайтын осы ағам, өңге берік.
Кесер жерде тоқтайтын он бөгеліп.
Ұлы ағаның қолқасын естігенде,
Сала берді екі көз дөңгеленіп.

- Тым асығыс... Қиын-ау... Әй, білмеймін...
Біріншіге бұл адам жай кірмейді.
Бір кебіске бір кебіс сұққыш қазақ
Бірін бірі түрткіштеп...
Ой, күндейді!.. -

Көмейіне құмығып бір үн сіңе:
- Айта алмаймын мен мұны Біріншіге, -
Деген кезде кірпіктер жыпылықтап,
Ұқсап кетті саусақтар тіленшіге.

Әңгіменің шорт кесті ұзын бауын,
Қажет болмай ендігі ызыңдауым.
Әй, заман-ай!
Ойлатар өз бас қамын,
Тынышының тілетіп бұзылмауын.

.. .Тек сол жерден тиер деп тисе пайда,
Нартәуекел!

Жөнелдім Дүйсетайға.
Құл тірліктен бұл тірлік құтыла алмас
Жата берсең бас изеп, күйсеп Айға.

Көмекшінің көзінде сес тірілді.
Тікірейді жотасы.
Осқырынды.
- Кім көрінген беталды кіре берер
Двор емес!
Бұзбаңдар дәстүрімді!

- Емес! Емес! Ер Ғабең кім көрінген!
Нұр төгілген!
Сөзінен күн өрілген.
Ал кетпеймін!
Отырам осы арада,
Димекеңнің өзіне бір көрінем!..-

Сенді білем бөлмеден шықпасыма,
Телефонның жармасты тұтқасына.
- Мүсірепов кіруге сұранады... -
Маған сонсоң қарады тіпті асыға.

- Осында отыр...
Ол емес... Сматаев!
Иә...иә! Келуін сұратайық.
Да, Димеке, Ғабең ол! Да, глыба!
Төлейімісіз? Сіз оған бір ат айып?!

Трубкины аялап қойды орнына,
Қондырғандай тап қазір Айды орнына.

- Ертең! Үшке! Алып кел! - деді дағы
Маңғаздана шіренді жайлы орнына.

...Көңілім толып, тоғайып жайланды ішім.
Сасқанымды ұлы ағам қайдан білсін.
Ағаларым - ұлтымның жағасы ғой
Жағаларым әрқашан жайраң жүрсін.

Ертеңінде Ғабенді алып кірдім.
Шағылысын көрдім мен анық нұрдың.
Қос алыптың қосылған құшағынан
Қазағымның кеңдігін танып тұрдым.

Шықты дауыс дірілдеп, жамылып мұң:
- Мен өзінді, Димаш-ау, сағыныппын!..
Не шыға алмай, қипақтап, не тұра алмай,
Этикадан мен болсам жаңылыппын.

Ал Димекен балаша елжіреді.
Нәзік екен Елбасы, ер жүрегі.
Иығына ағаның бас игенде,
Кірпігінде бір тамшы мөлдіреді.

Туған дала,
Асқар тау,
Биік көкті,
Жинап әлем тамшыға сиып кетті!
Аға сыйлап ініні,
Іні аялап,
Бауырмалдық қазақы сүйікті етті.

Мейірімнің жүздерде жүзді Күні,
Дүниенің жоғалды ызғырығы.
Құдіретті құшағы-ай Ағалардың
Қасиеттей ұйытты-ау ізгілігі!

Екеуіндей мөп-мөлдір ұлы бар да,
Қазағымның тамыры жұлынар ма.
Қуанышқа лық толып шығып кеттім,
Әсерленіп,
Марқайып ұлыларға.

4

Араласқан суық мұз ел деміне,
Үш ай толған Колбиннің келгеніне.
Сүт бетінде қаймақты сүмірейтті,
Азаматты айналтып ермегіне.

“Ұлтты қорлар зорлықты тыямысың!
Қазақ бастар қазақты!”
Қиялы үшін
Қойдай қуып ұл-қызды желтоқсанда,
Жертезек қып жасытты зиялысын.

Тұншықтырған түнертіп түннен қатты,
Шошынды ма, жайсаңдар тілден қапты.
Өз жақсысын жамандап,
Өсек тасып,
Опасыздар есіріп,
Күлмең қақты.

Көнді қазақ көміліп көгі бұлтқа,
Іштен тынды.
Атылмай кегі сыртқа.
Қандай ауыр ұлтшыл деп кінә тағу,
Бас көтертпей тұқырту тегі, ұлтқа.

Қасірет қой халықтың күрсінгені,
Кеудеде шер,
Көзде мұң,
Құр сүлдері.
Миға ине,
Жүрекке шеге қағып,
Жетіп жатты Мәскеудің дүрсілдері.

“Мөңкімек пе, азиат!
Туламақ па?!
Қыс тұзағын! Тауына ту қадатпа!
Қиқандарлық өзге ұлтқа үлгі болсын,
Жанын шығар!
Итпенен қу, талат та!”

Бұйрық солай.
Жандайшап дікілдеді.
Шовинистік бетте ойнап бүкіл кегі.
Отыз жеті оралып ел басына,
Жамау жамап,
Ескіні бүтіндеді.

Артына көр қазды да,
Алдына азап,
Елге түнек орнатты,

Арға мазақ.
Көзге шыққан сүйелдей сүмірейіп,
Қазақпын деп айтудан қалды қазақ.

Жер мен көктің арасын орай қозғап,
Аңырады аналар борай, боздап.
Желтоқсанда от болып лапылдаған
Мұз боп қатты түрмеде талай боздақ.

Кремльде Горбачев екіленді.
Қаратпады тұқыртып бетіне елді.
Сатқындардың қолына садақ беріп,
Қастастырып бір ұлтты екі бөлді.

Екі бөлді.
Айтақтап Ерге құлды.
Құрықтады.
Құлатты жерге Күнді.
Өз қолыммен ұлымды тұншықтыртып,
Қар үстіне төсетті жөргегімді.

Ән орнына көмейден шер ытқытты.
Бұғауланды еркіндік.
Ерік бұқты.
Қызыл туын қып-қызыл қанға бояп,
Қызыл қанға сол туын жерік қыпты.

Тоз-тоз қылып тоздыру қыр баласын,
Қосқызбастай түңілту бірге басын.
Осы мақсат шүйілтті самұрықты
“Державаның бұзды, - деп - ірге тасын!”

Тұрғызды да қозғалтпас мың қамалды,
Ожданды илеп, езгілеп, былғады арды.
Жоқ кінәні басына үйіп-төгіп,
Қаралауды бастады тұлғаларды.

Қанды шеңгел қадалды Қонаевқа,
Қайран сабаз таңылды он айыпқа.
“Нағыз ұлтшыл!”
“Бүлікші!”
“Дем беруші!”
Нанбайық па осыған.
Нанайық па...

Не көрмедік.
Нелерді естімедік.
Естен тандық.
Есті алар кескі көріп.
Қабағынан қар жауып хатшы Колбин
Кісәпірлеп Арысты бөсті келіп.

Тінтіп,
Түртіп қуысты, тесіктерді,
Астан-кестен қопарды есік-төрді.
“Ел ырзығын отыз жыл сорған ханның”
“Күнәсі” мен “қылмысын” шешіп берді.

Қылмыс екен -
Туғызса таза Күнін!
Қылмыс екен -
Азайтса азап үнін!
Ең ауыры кінәнің - алға шырқап,

Жетілуі,
Өсуі қазағының!

Көп ұлтты елдің достығы, гүлденуі!
Жайылмауы өштіктің сіңбей уы!
Қылмыс екен -
Ұлдарын қудаламау,
Қысқа жіптің ұзарып күрмелуі!

Кінәсі екен - сормауы,
Жемегені.
Сақтағаны ар-ұят,
Өнегені!
Дәл қырық жыл жетімдер нан-шайына
Қалтасынан айлығын төлегені!

5

Арты ызғар күндер-ай!
Алда мұнар.
Ожданға - кір,
Арға жүк таңғаны бар.
... Димекеңмен бір күні Үлкен үйдің
Фойесінде кездесіп қалғаным бар.

Жетіп бардым жүгіріп,
Алдына ұшып.
Қос қолымды қос қолдап алды қысып.
Қой көздерден жаныма шуақ тарап,
Қаным тулап,
Заматта жандым ысып.

Мен - іні едім.
Аға еді Ол тілегі бір.
Жаны - мөлдір
Сөзі - іңкәр
Жүрегі - жыр.
Ақтарғанда іштегі көп қойманы
Қабат-қабат кеудеме түнеді сыр.

Айтты Ағам елікті атпағанын,
Тік қопара астықты сатпағанын.
Ұмытпауды Ел барда Ер туарын,
Ұмытпауды қазақтың “ақтабанын”.

Азаматын елінің сақтағанын.
Аманатын жерінің ақтағанын.
Айтты Адам:
Дегенді “Халқым үшін!”
Мәңгілікке жадында жаттағанын.

- Болған емес көмбелеп жасырғаным.
Бар кезде де тек шындық бас ұрғаным.
Мен мінбеге бір емес, үш ұмтылғам,
Шыққан күні алаңға асылдарым.

“Шықпады ол!” деп Колбиннің кіл алдауын,
Шошытады себебін біле алмауым.
Шақырып ап бүгін де
Кездескен жоқ...
Түсінбеймін түлкіше бұлаңдауын.

Ақиқат пен жалғандық сиыспайды”...-
Фойедегі қазақтар жылыстайды.

Жалт бергендер үркектеп көбейгенде,
Мүлт жібермей қыран көз,
Қиыстайды.

Сусып толқып өретін,
Жылыса күн,
Димекеңнен безді көп тірі сағым.
Көрсетпеуге солардың бетсіздігін
Жотам төсеп, калқалап, тырысамын.

- Киігіндей шұбырған өріп қырдың,
Қорқынышы мол болар көп тобырдың.
Мен емеспін!
Үрей ғой үріккендері
Әуре болма!
Бәрібір көріп тұрмын.

Еш кінәсіз ешкімді қаралама.
Көзіне үңіл!
Өзіне қара, бала!
Ә, бала деп!..
Кешіргін, азаматым,
Адалдықсыз дүние жарала ма. -

Қолым қысты. Жымиды.
Күлді көзі.
Жұлып алды жанымнан мұңды көзі.
Сап-сау әлем ән салып қоя берді,
Сап жоғалып Колбиннің “жыңды” кезі!

10-14.09.03 жс., 13.07.12 жс.



КЕРЕК ЕКЕН ЕКІНШІ РЕТ КІРМЕУІМ

Бәйкен Әшімов ағаға наз



Поэзия басқарамын «Жұлдызда»,
«Жұлдыз» ол кез шарықтаған шың-құзға.
Безілдеді телефоным.
Отыр ем
Кеңес беріп әп-әдемі бір қызға.

Құлағыма төсей қойдым тұтқаны,
«Визавиым» әрбір сөзін нықтады.
- Сматаев керек маған! Табыңыз!
- Мен едім ол... - даусым әрең шыққаны.

- Зейініңді онда бері бөл, аға!
Ертең үште қабылдайды Төраға!
- Кімді? ... Мені?! Министрлер Советі?!
- Кешікпеңіз. Кездесер жер сол ара!

Зырқ-зырқ етіп телефоным үзілді.
Құлақ әлі қайталайды ызыңды.
Басқа әлемнен келгендей бос состиып,
Сескендірдім әп-әдемі қызымды...

Күні бойы неше түрлі ой қамап,
Үміт, күдік кезек-кезек аймалап,
«Не бүлдіріп, не тындырып қойып ем?»
Көп сауалдан күлай бердім тайғанап.

«Төраға дейд... Төрағамыз кім ед?»
Апырай, ә! Мені ол қайдан біледі?
Білсе білер»... жүрек тулап қуанса,
«Әй, бір гәп бар!...» - деумен жаным жүдеді.

«Не де болса нартәуекел, көрейін.
Үміт-серік.
Соған сеніп ерейін.
Патшасы ғой дүрілдеген бір елдің
Себі тиіп, үстем болар мерейім».

Суық еді сол бір жылдың ақпаны,
Ай бітсе де қары кетпей жатқаны.
Сықыр-сықыр сары аязды басып кеп,
Үлкен Үйге құр сүлдерім аттады.

Ұзын-ұзын бір дәлізден бір дәліз,
Ұзақ кілем.
Естілмейді жүрген із.
Кең бөлмеден бес дөкейді көргенде,
Қоя берді үңірейіп іргеміз.

Бес дөкейдің бесеуі де министр,
(Ал министр жасайды тек игі істер
Деуші ем ол кез).
Бас изедім жапақтап,
Тұла бойды жуып кетті құйғыш тер.

Шарықтап ем қиял буып ең бітік
Бес дөкейдің мысы басты,
Дем бітіп,
Былқ-сылқ етіп сұлай кеттім орындыққа
Бес сағатта жетермін деп мен күтіп.

Ал бесеудің екпіндері ғаламат,
Төрт тарапты есіп отыр аралап.
Анау әлем,
Мынау әлем - ойыншығы
Асты-үстіне түсіреді-ау саралап.

Алғаш олар елеусіз көз тастаған,
Одан кейін селт етпеді еш маған.
Жай біреуді жолатар ма маңына
Лауазымды,
Құдіретті, сесті адам.

Төрағаға «Солай! Сөйткін!» демекші...
Қалт тыйылды.
Жетіп келді көмекші.
- Сматаев! Жүріңіз! - деп кеудеме
Құйып берді-ау бальзам әлде эликсир.

Маңғаздана тұрдым баяу баппенен,
Көкке бойлап кетті-ау сонда шақ денем.
Бес дөкейдің бақырайып көздері
Жайып салды бір-ақ сөзді «Қап!» деген.

Бір-ақ сәтте мен айналсам қыранға,
Сұқ көздердің сұқтанғанын ұрам ба.
Күйкі пенде құлдық ұрса пендеге,
Сиынғаным,
Сүйенгенім - бір Алла!

Бір есіктен биік-биік бір есік,
Ашылады әрең-әрең сіресіп.

Кең бөлмеге ойым, бойым қалтырап,
Көмекшімен кірдім иін тіресіп.

Кіре беріп, зәрем ұшып тоқтағам...
Суық көзден ұшты суық от маған.
- Сіз сәл ғана анда күте тұрыңыз...
Келе жатыр үлкен Адам!
Текті адам!

Өңменімнен сәл итерді Төрағам.
Ұрыдай ғып мал ұрлаған қорадан.
Су сепкендей өшіп кетті іштегі
Қуанышым алай-түлей бораған.

«Қойса осылай көсегеміз көгермей,
Құриын мен!»
Жалт бұрылдым бөгелмей,
Керіп қалдым.
Көмекшінің саусағы
Төнді маған: «Сол осы адам!» дегендей.

Сол-ақ екен Төраға тез өзгерді.
Жылу басты ызғар шашқан көздерді.
Кең бөлмені тар көмейден төгіліп,
Небір әсем лебіздер кезді енді.

- Адам ойы сонша биік, эрі асқақ!
Сол асқақ ой кейде бірақ адасқақ.
Сматаев деген кезде... мен сізді... -
Тына қалды аға даусы толастап.

- Сездім, аға. Ойыңыздан шықпадым...

- Жо-жоқ, інім! Мені тайыз ұқпағын.

Елестеуші ең маған сондай алып боп,

Алпыс жаста...

Самай шашта шық қалың...

- Жас емеспін.

Тақап қалдым қырыққа.

Қоя берсем, қылау түсер мұртқа.

- О, жоқ, бауырым! Жастығыңды жоғалтпа!

Жалыныңды ілдірме құрыққа.

«Елім-айды» сүйсініп мен оқығам,

Тұтанғанмын «ұлтым» деген отынан.

Егері мен берері көп ұрпаққа

Көкірегінде нәрі болса тоқыған.

Ештеңені жасырмастан халықтан,

Өз тарихын еш өзгертпей танытқан,

Керек осы «Елім-айдай» кітаптар

Сусап жүрген көңілдерді жарытқан.

Ән-күйі бар, әуені бар мың түрлі,

Дәл қазақы әдет-салт пен ғұрпымды.

Жаңғыртыпсың,

Тірілтіпсің қан құйып,

Түнде ұйқыңды, бөліп күндіз күлкіңді.

Жанмен сезіп шын перзенттік қарызын,

Сен айтыпсың босқан елдің арызын.

Хас талантқа алғыс-құрмет көрсету -
Азаматтық һәм һәкімдік парызым. -

Елжіреген, еркелеткен көздер-ай!
Жан жүректен нұр төгілген кездер-ай!
Көрдім сонда ықыластан Күн туып,
Орнайтынын шын тебіренген сөзден Ай.

Бар екен-ау еркін кеуде, ер жүрек,
Ерім бар да талмас, қалмас ел жүдеп.
Мен ағадан көрдім ұлтым бейнесін,
Шымыр-шымыр қоя бердім елжіреп.

Төрағаның маңдайынан күн көрдім,
«Бақыты ғой мұндай жандар күллі елдің.
Азаматын ардақ тұтса әкімі -
Қандай жарқын,
Қандай әсем ілгергім!»

Осы ойымнан шалқыдым да шаттандым.
Ұмтылып қап... құшақтауға шақ қалдым.
... Бесінші ме, оныншы ма бір түйсік
Оянды да,
Есті жиып, сақтандым.

Босатпайды ыстық толқын денені,
Ашылған соң түсінісу бөгені.
Қасын керіп, күлімсіреп, бас изеп:
- Не қалайсың? Айтқын, інім! - дегені.

Аялау бар, ардақтау бар түрінде.
Толып кетті даусым сол сәт дірілге.
- Үй берсеңіз... алысырақ пәтерім.
Шәмшіше айтсам, Фрунзенің түбінде.

Қарқ-қарқ күлді.
- Болдың біраз күтетін.
Бір жақсы үй бар декабрьде бітетін.
- Онда әзірше құтылмайды екем-ау
Автобустан жүн ғып жүйке түтетін. -

Күлді тағы.
- Жеңіл көлік мініңіз. -
- Түсіп тұр ғой соған енді күніміз...
- Ал, жаз онда! Бір машина бөлейін,
Жүрмесінші жаяу сендей ініміз!... -

Жанарынан ал құйылсын жылылық,
Мені - іні ғып,
Мені тіпті ұлы ғып.
Адамға адам ашқан кезде құшағын
Тіріледі-ау қарапайым ұлылық.

Тасып кеттім,
Асып кеттім шарамнан.
Жететіндей не тілесем -
Бәрі алдан.
Мынау аға - өзі емес пе Қыдырдың
Шапағаттан,
Мейірімнен жаралған.

Қазақ осы - жүректен нұр құятын,
Ардақтайтын
Арын,
Нәрін,
Ұятын.
Бір сөзімен жауын, дауын жеңіп ап,
Бір сөзіне бар тірлігі сиятын.

Қазағыма - ғажабыма ырзамын.
Бұдан артық бола қоймас мырза күн.
Төрағаға алғысымды айта алмай,
Діріл қағып,
Шығар-шықпас тұр жаным.

Буып кетті,
Жуып кетті тер мені.
Сезді білем,
Сезімтал ғой төрдегі
Басты изеді,
Жанарымен аймалап,
Қалың қасын сәл көтере сермеді.

Жанасып кеп тиді қолы арқама,
Тірегендей тауды әкеліп арқаға.
Дәл осындай ірі болсын ағалар!
Ұлыларға,
Ұлылыққа мархаба!

* * *

Кемірмейді күткен кезде миды не,
Қабақ бағу - зиялыға сый міне.
Көре алмадым жаңа жылдың басында
Желтоқсанда бітер деген үйді де.

Жетті жағып мамыр сұлу жасылын,
Жас жүректер тауып жатты ғашығын.
Ақын қызға кеңес беріп отыр ем,
Телефоннан саңқ-саңқ етті ашық үн.

- Сматаев! Сіз бе?
Былай етіңіз!
Бүгін үшке! Совминге тез жетіңіз! -
Үзді сөзін!
Бәлекей қыз қуланды.
- Ө-лэй, аға! Күйіп барад бетіңіз!

Күймек түгіл өртенсе де шыдармын.
Осы жолы пәтер алып шығармын.
Ұмытылар көп күдікпен көміліп,
Бұлдыраған сағым буып мұнар күн.

Сол Үлкен Үй.
Ұзын, ұзақ сол дәліз.
Сүйреп келед ентелетіп сондағы із
«Мықты екем-ау! Тағы іздетсе Төраға!
Айтарлықтай келешекте болды аңыз!»

Асып-тасып екпіндеймін кимелеп,
Бұрынғымнан бүгін менде күй бөлек.

Төрағаның ықыласы ауған соң
Өзгелерден өзге маған сый керек.

Кең бөлменің елемедім дөкейін.
Көп дөкейден артықпын дер көкейім.
«Талант - мықты!
Қолдың кірі - дәреже!»
Тігіп алдым даңғойлықтың жеке үйін.

Төрт министр!
Құдай емес, тірі адам.
«Мен - творец! Сендерден көп сыбағам!»
Деп ойлаймын балқып, шалқып, шіреніп,
Іштен шықты өз бастығым - Жұбағаң.

Түсі қашқан.
Тым салыңқы қабағы
Енжар жүзден суық ызғар тамады.
Сол арада мені ерте жөнелді,
Көмекшінің жерге тимей табаны.

Сіресіп қап биік-биік есік тұр.
«Ашылады маңдайыма шашып нұр».
Арсаландап кіріп бардым.
Қарсы алды.
Төрағаның көзі өңменді тесіп құр.

Бас изеді.
Қолын бірақ созбады.
Сол-ақ екен менде де өкпе қоздады.

Шүйіркелесіп иілуін күтпеспін
Керек десең - мен ұлтымның боздағы!

Тарихын қопарғанмын халқымның,
Шықпас кезде
«Халқым!» дейтін жалқы үннің.
Тіресе де алдым меңіреу шатқалға,
Қолдайтынын сезетінмін артымның.

Жаба алмайды билік ұлттың ауызын,
Кептегенмен бір тарының қауызын.
Матағанмен қол-аяғын еріктің
Әрқашанда ұлы үміттің бауы ұзын.

Сенгем ұлтқа,
Үмітіне сенгем-ді.
Ел үрейін «Елім-айлап» жеңгем-ді.
Жапырардай жар салғанмын жалғанға,
Кремльдей - төбемізден төнгенді.

Неге үркейін шақырайған көзінен,
Сөзім артық
Жапсыратын бөзінен.
Ол - өткінші,
Болса-дағы төраға,
Мен мәңгілік екенімді сезінем.

Қарсы атылған қабағымды танып қап,
Күрсінді ағам екі өкпесі солықтап.
Ызасы да,

Назасы да
Қосылып,
Шықты даусы үзік лықсып, қалықтап:

- Әлгі Жұбан панель үйді менсінбей,
Алыс дейді қала шетін жерсінбей.
Классик қып бәрін түгел дүрдитпей
Бергенінді неге алмайды пәлсінбей?

Айтшы маған! Жазушылар - құдай ма?
Қол жаюмен ылғи бізді сынай ма? -
Жарық әлем қап-қараңғы боп кетті
Қирағандай соқтығысып Күн Айға.

Қайран көңіл,
Адасқақ ең не деген.
Төре біткен неге сонша тебеген?
Төрге шықса,
Төменгіні менсінбес
Менмендік пе келе жатқан көнеден?

Қарапайым мінезімен ұнаған
Кеше ғана қандай еді бұл адам!
Азаматтық биігінде тұрмап пед,
Пенделікке бүгін қалай құлаған?

Құлазыды күңіреніп көңілім,
Ап-ауыр боп әлгіндегі жеңілім.
Қашан ғана бостандығын табады,
Осылардың қолындағы өмірің?

Құбылтатын оң, теріс қып билік пе?
Сол билікте жанды өртетіп күйдік пе?
Жақсымызды жолатпастан шеттетіп,
Жандайшапты төрге апарып үйдік пе?

Өкініш көп көмейлеткен өксікті,
Запыран ғып көзден төгер көк шықты.
Сүрлеуімді жалғау үшін даңғылға,
Қоя алмаспын «мықтыларға» көпшікті.

Қысқа жіптің келтіре алмай күрмеуін,
Тығырыққа тарс тірелді сүрлеуім.
Ең алғашқы әсерімді жоғалтпай,
Керек екен екінші рет кірмеуім.

12-13.08.03 ж.



ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ АҒАНЫҢ ҚАЙРАУЫ



Танымай қалдым мен сені,
Ұстағын биік еңсені.
Іздемес әкім,
Мықтылар,
Іздейді халқың,
Ел сені.
Ұстағын биік еңсені!

Назарды төмен түсірме.
Жасқана көрме,
Кішірме.
Көп шобыр саған жете алмас,
Өңінде тұрмақ
Түсінде.
Назарды төмен түсірме!

Қушитпа,
Кеңіт иықты.
Еңкейтпе шыққан биікті.
Қаскүнем ойлы қаскөйдің
Өздері тартсын күйікті.
Сен шыққан төбе биік-ті!

Күдікке берме десінді.
Алмастыр таңмен кешінді.
Аршындап алға тарта бер,
Тоқтатпай жүрдек көшінді,
Самалға тосып төсінді!

Халыққа біткен жыр-әнсің.
Аспанға ұшқан қырансың.

Өзіңді қапқан өштіктің
Өзегі талып бұралсын.
Ұлтыңа керек ұлансың!

Қыранға көзін салмаса,
Адасқан болар елбасы, ә.
Жақсысын кейін ысырған
Тірлігі онда далбаса.
Мән берме оған сен де аса.

Іздейді сені ертеңің.
Табады халқың дерт емін.
Алтыннан тұғыр қойғызып,
Әлпештер ұлтың өркенін,
Елінің қолдап ерке ерін.

Айқас пен шайқас.
Ұрысқа
Дайын бол.
Басты тік ұста!
Ұмытпа қастың берерін
У қосып балды ыдысқа.
Іркілмей ұмтыл!
Ығыспа!

Жүнжіме бекер,
Жүдеме.
Көтерер бәрін бұ дене.
Науқасқа,
Дертке мойыма,
Шығасың сонда үдеге.

Тасқындай жөңкіл!
Үде де!

Алашқа арнап арыңды,
Нәріңді құйғын,
Барыңды.
Ел үшін туған ұлансың,
Қамшылай түс те
Жаныңды,
Халқыңа жұмса дарыңды!

Баптасаң -
Өсер жемісің.
Жемісің - мынау жеңісің.
Том-томдап тусын “Елім-ай”,
Жазбайды біреу сен үшін.
Сөзіңмен сергіт ел ішін.

Қасқая тартып қарышта
Бас қамшы!
Қосыл жарысқа.
Алысқа кеткен дүбірің
Шарықтап жетсін ғарышқа.
Келістік!
Қолды ал, ұста!

07.08.03



ӨКПЕ

Сырбай ағаға



Өзгелерден таза
Әрі алғыр-ды.
Нән жүректен борататын нән жырды.
Сол алғыр жан әзәзілге ерді ме,
Аяқ асты көңілімді қалдырды.

1

Адам - пенде.
Кәдімгідей кейде адам.
Адам жолы адалдықтан таймаған.
Әзәзіл боп құлағына сыбырлап,
Сол адамды адастырар кей надан.

Бір босатса берік, мықты іргені,
Біле берсін дана болып кім нені.
Кейбіреудің артық болар әнінен,
Кейбіреудің ауыз жаппай үргені.

Адасады адаспайтын жерінен.
Ылдилайды шыққан биік төрінен.
Әсерліге қара тас боп қатып қап,
Есерлерге майдай қылпып еріген.

Қайран көңіл босап кетсе,
Қатаймас.
Көңілшектің қойны қуыс,
Заты ойнас.
Ыржандаумен күн өткізер құр босқа
Ұмыт қалып жауға шабар атойлас.

Ер мен ездi айыра алмай iшiнен
Қыста күйiп,
Жазда тоңып үсiген.
Көрген көздер көлеңке деп қалады
Бар мен жоғын айыра алмай түсiнен.

Жолын кескен жағаласып тектi ердiң.
Мен сондайды бұл жасымда көп көрдiм.
Болмайды екен әлгiлерден құтылу
Тумайды екен болымсызды шектер күн.

Қиқу кетпес бастық қойсаң тырнадан,
Мерекеңдi, берекеңдi ұрлаған.
Дуылдасып, шуылдасып қалады
Бiр жақсыны құрту үшiн кiл надан.

Қиқым-сиқым сөз қылумен әр ненi,
Баса алмайды жұрт көксеген перненi.
Пыш-пыш өсек,
Әрекесiз ыр-дуы -
Даурықтырып таусылмайтын ермегi.

Кейде күлiп,
Кейде ұлып көмейден.
Табар өзiн
Келiмсектен,
Өгейден.
Дастарқанын табанымен таптайтын
Бәлду-шәлду маңайында көбейген.

Ол оларды тәңір тұтар тізерлеп,
Ырысымды, бұрысымды түзер деп.
Жауыздықтың бетке түскен ызғарын
Білмей өтер жөндемесін жүз өрнек.

Өз қолымен өз кеудесін жаралап,
Қонар қандап қарақшыға қара бақ.
Талап алған құт болмасын білмейді-ау
Жағыларын жан мен тәнге қара дақ.

* * *

Ол - ақын-тын.
Ұқсамайтын өзгеге,
Өзгелерді өзгертетін кезде де.
Төбесінен тік қарайтын
Төреге
Өз орынын аршып берер кезбеге.

Саңқылдайтын нақ қыранша өр үні.
Арам асқа тиген емес еріні.
Арыстан боп түнде Айға атылса,
Қайталайтын қимылы көк бөріні.

Іздемейтін оңай жолын әр істің,
Ып-ыстық қып жіберетін қар үстін.
Сол қолымен солқ еткізсе үстелді,
Нағыз өзі деп қалар ең барыстың!.

Ойдан, бойдан жалғандықты қудырып,
Қаламынан найзағайды тудырып,

Жыр оқитын өзі күндей күркіреп,
Адалдығын айнымастай ту қылып.

Бір бидай боп көп ішінде арпаның,
Шабыт буып атыратын әр таңын.
Азаматы,
Ақыны еді Алаштың
Көкте жүзген ақиығы ед Арқаның.

Бөлмейтінді жүзге, жікке ешкімді.
Арай таң қып жіберетін кеш күнді.
Топырақтан аршып алып алтынды
Жарқыратып ала қояр ескінді.

Жас, кәрі деп қаламгерді бөлмейтін.
Жоқтан барды,
Бардан жоқты термейтін.
Су сепкендей бірден баса қоятын
Көбігі көп көкіректе «Мен!» дейтін.

* * *

Құтыла алмай күдіктерден ең ескі
Қайран көңіл ашық,
Кейде көмескі.
Дұдамалдау тілекпенен ұсындым,
Бастығыма өзім жазған повесті.

Қолын қойды.
Күдігімді кетті үзіп.
Сырағам-ай!

Төбем көкке жеткізіп.
Кете бардым екі айлық әскерге.
Шығармамды баспа үйіне өткізіп.

“Жұлдызымда” бұл шығармам шығады,
Шығады да жарқырайды шырағы!”
Екі ай бойы осы бір ой желпінітіп,
Болып алды арманымның пырағы.

Келдім.
Көрдім.
Өз көзіме сенбедім.
Тұра екі есе қысқарыпты еңбегім!
Қолын кесіп,
Көзін ойып тастапты!
Жақсы еді ғой онан да өзім өлгенім...

Өз “Жұлдызым” жұлдызымды сөндірді.
Кеудемдегі от орнына
Сең кірді.
О, күншілдік!
Сен ғой қайшы ұстатып,
Айдап салған
Өз шырағы сөңгірді!

Көнбедім бе көпе-көрнеу қастыққа,
Қалшылдатқан
Қанжар жүзді жастық па?
Журнал менен жүрегімді парактап,
Апыр-топыр кіріп бардым бастыққа.

Айттым бәрін!..
Болды-ау біраз терісім.
Сырағанның ашу буды терісін.
Шықшыт сүйкеп солқ еткізген сол қолдан
Күйреп түсті әдеттегі келісім.

Нысанаға көздеп мені алды ағам:
- Кінә тақпақ екенсің-ау сен маған!
Қайдан шыққан классик ең дауласар,
Сен - жаңқасың!
Бықсымаған,
Жанбаған.

Кең кеудеден кемсітулер ағылды.
Ағылды да
Быт-шыт қылды сағымды.
Повесімді туратқаны аздай-ақ,
Жазықсыздан шырқыратты жанымды.

- Оу, Сыраға!
Жас жетіліп өспей ме?
Адам емес тағдырды Хақ шешпей ме.
Өкінерсіз!
Кездесерсіз зауалға.
Атылады оқтан бетер өш кейде! -

Дедім,
Демім көмейіме тығылып.
Шыға бердім
Әбден жүнім жығылып.
Шалалық па шақылдатқан ағаға,
Хан сыртынан білемдетіп жұдырық.

Мен жүдедім.
Жүдеді ме Ол, білмедім.
Солықтады өкінішпен мұң демім.
Теріс болды-ау жақсы ағадан сөз естіп,
Жақсы ақынға жамау-жасқау ілгенім.

Әй, мінез-ай - теріс езу тыз еткен!
Ашу қашан терісінді түзеткен.
Тар қазандай таси берсең ызамен
Айрыласың ініліктен,
Ізеттен.

Білдім, сездім эбестікті жасаған,
Батыраштай балта шапқан тасадан.
Сақалына жармасқаны емес пе,
Ағасына сөз қайтарса жас адам.

Үш күн өтті жабырқатып жанымды.
Күлмең көздер
Күліп ішті қанымды.
“Такси қағып!..
Мертігіпті Сырағаң!...”
Сұмдық хабар кірш-кірш төске қағылды.

“Тілеп пе едім сол ағама бұны мен”.
Олай-бұлай дөңбекшідім түнімен.
“Өксік іштің кекшіл тұсын түгендер
Зауал дейтін болғаны ма шынымен?”

Өш алардай өршігіп пед өксігім,
Ыршытып пед запыран ғып кек шығын?
Айтшы, көңлім, қырындымды ашып сап,
Көкіректің адаспастай тек шынын.

Сәттік ашу бітегенмен санамды,
Кекті тұтып жек көрмегем ағамды.
Мен ақылсыз емес ем ғой ес білмес,
Құны жетпес жыртатындай жағамды.

Мен сыйлаймын ел сыйлайтын ақынды.
Қаламдастар бір-біріне жақын-ды.
Өкпе бөлек,
Кекке бірақ баспаспын,
Қайшысына туратты деп ақымды.

Сырағама бара алмадым.
Кірмедім.
Көрдім сонда күлгендерін
Үргенін.
Запыландым.
Жүрегімді қамадым
Кеудедегі қапасына түрменің.

Аңдып жүрер арамдықтың несі үгіт,
Адалдықты бас салардай өшігіп.
Сүрінгенін көрсе тасыр жақсының
Қуанышы жеткендей-ақ кешігіп.

Былғанғанын тілеп ылғи ту аппақ,
Шәуілдейді бірін бірі қуаттап.
Әй, бөседі-ау,
Әй, өседі-ау жебірлер
Көбігінен көл өсектің суаттап.

Бақастықтың қаулап,
Өршіп егесі.
Жақсымызды жер қыламыз неге осы?
Қылжаң,
Ыржаң: “Сұлатыпты Сырбайды
Екі аяқты шайтан арба немесі!..”

“Ішкі ырылға көзді алартып қосып ән,
Жау іздейтін неткен ұлтпыз досынан.”
Әлгілердің үндерінен жерініп,
Әлгілердің түрлерінен шошығам.

Жауыздықты тіздей алмай,
Дерт еміп,
«Неге?» дейтін от сұрақпен өртеніп,
Тұншығамын қапасты іштен жөн таппай,
Кететіндей жалғандықтан ерте өліп.

Сырағама
Көріруге бет керек.
Шыжылдадым,
Көкірекпен отты елеп.
Күйкілердің күңкіліне қосылмай
Шыға бердім жалғыз өзім шеткерек.

Баға жетпес былғанғандай бағалым,
Дал боламын,
Таппай жанның амалын.
Әрі-сәрі жүргенімде Жәкеңнен¹
Естідім мен іздеткенін ағаның.

Аясам да,
Ұмытпағам өкпемді,
Өкпемді ағам жермен-жексен еткен-ді.
Қайта оянды көкіректі сыздатып,
Көп тұяқтан қалған іште көп белгі.

Сарнап қыжыл сықырындай арбаның,
Ыңырантты.
Қыңыратқып бармадым.
Ақын - нәзік.
Қағаз жазып шақыртып,
Рахаңнан² тағы сапты салмағын.

Бұл жалғанға жылағанда не дейін,
Көріп өсsem жақынын да
Өгейін...
Қағазды ашып,
“Кешірі!” деген сөзді оқып,
Ыстық жасқа толып кетті көмейім.

Жалған дүние-ай!
Жасын аттым!

¹Ж. Тілеков²Рахматулла Райымқұлов

Аһ ұрдым.
Аһ ұрдым да тысқа қарай атылдым.
Он минутта өкпемді алып
Жеттім де,
Қолын алдым
Қолы сынған Ақынның.

Қолын алдым,
Жанына ендім ағаның,
Бауырмалдық - ең асылы бағаның.
...Сағынғанда күркіреген дауысын,
Тызылдайды жүгірердей табаным.

Содан кейін үш айналды үш көктем.
“Елім-айды” шығардым-ау күштеп мен.
...Ал, Сырағам:
“Классиксің!” дегенде,
Төбем көкке,
Ал ғарышқа ұшты өкпем!

2. БАСТЫҒЫМ

Сырбай -бас редактор еді.
Ал мен жас редактор едім.
Алды кең,
Кейде тар еді,
Ашудан тапса керегін.

Ашуы теп-тез қайтатын,
Жібек орамал кепкенше.
Гүрілдеп әзіл айтатын,
Кеудеңнен зілің кеткенше.

Жүгіріп сол қол шықшытқа,
Сүйкеп қап,
Сүңгіп өтетін.
Мейірімі көзден ытқытқан
Аялап бізге жететін.

Оқитын өлең гүрілдеп-
Аспаннан шуақ таматын!
Тылсымдай ғажап бір үн кеп,
Уысқа бүріп алатын.

Зулайтын еді-ау өр шабыт
Тулатып жанын алыптың.
Қарайтын едік тамсанып,
Акиығына халықтың.

Самғатып көкке жыр үнін,
Ойнатып жасын сөздерден,

Құдірет күшін жырының
Табатын біздің көздерден.

“Волгаға” сонсоң тиеп ап,
Далаға,
Тауға тартатын.
Жанарға жалын ұялап,
Сыйлайтын бізді мәрт ақын.

Ағыл да тегіл дастарқан,
Болмайтын мүлде мас тіпті.
Қазақы көңіл,
Хас, дархан
Сағынам сол бір бастықты.

01-03.08.03



ҚИЯНАТ

Е. Дүкебаевқа



Он ай бойы кітабымды ұстаған,
Болмап еді Есағаңнан күшті адам.
Күн-күн сайын бір сылтауды қаптатып,
Құртып еді әлсіретіп мысты ағам.

Жеті жылда жоспарға әрең кіргенде,
Өшер ме екен “Елім-айым” бір демде.
Бір күдіктен мың қауіпті тұтанып,
Бықсық дертпен аласұрып тұр кеуде.

Қолжазбамды он ай бойы оқыды.
Тәтті ерінге түскендей у қоқымы
Күбір-күбір,
Жыбыр-жыбыр түртініп,
Сол он айда миымды әбден шоқыды.

“Сен патшаны сүмірейттің!” деген-ді.
Алшаңдаттым сүмірейген неменді.
“Жеріңді алса - нан берді!” деп нән қылды
Қазағымның сыбағасын жегенді.

“Сен Иванға имансыз деп тиіспе.
Арағын іш.
Темекісін иіске!”
Дәл осылай мәймеңдеген еріңдер
Қайта-қайта оралатын күйіске.

Қажап солай таң қылды да,
Дал қылды.
Терегімді жона-жона тал қылды.

Демалысқа шығып,
Елге кетпек ем,
Дәл сол күні жолымнан ол қалдырды.

Қиянаттың шебері-ау тым осы адам,
Ұрар жерін дәл табатын тасадан.
Отбасыммен мен перронда тұрғанда,
Тыпырлатып құрық салды Есағаң.

Есағаңның тұзағына іліктім,
Батып кетті
Тұрған балқып күліп Күн.
Жанұямды жібердім де поезбен,
Мен сапарды келер күнге іріктім.

Өзі күлді.
Есағаңда көз күлді.
Еркімді алды.
Езгіледі
Ез қылды.
Әй, жалған-ай!
Қайдан бастық қойып ең,
Баспаны емес,
Тасты тінтіп кезгірді!

- Саясаткер саналылар санаулы.
Маған сенген тіміскілеп қарауды.
Орыс-қазақ достығына дақ салар
Қайтадан жаз
Міне мынау тарауды! -

Он күннен соң енемін деп қыркүйек
Жүн жүйкеме зілзаласын түр тиеп.
Бұл тамызда терілуге кетпесе,
Кітап шықпас.
Құр дірілдеп тұрды иек.

- Үлгермесем...
- Онда бәрін жабайық.
Мәселені таусылды деп санайық.
Кітабыңды сырғытамыз бір жылға.
Болды!
Бітті!
Осыменен тарайық!-

Табылған соң сылтауынын фактісі,
Шайнайтындай сығалады ақ тісі.
Шек-қарнымды орап алды қолына
Жүйке жұлқып,
Жанда ойнардың әккісі!

Қасарысқан қастандыққа не дейін,
Өңешіме қадалған соң өгей үн.
Жеті атаның жер түбіне жететін
Бүлкілдейді,
Дымы шықпай көмейім.

Амал нешік
Тәуекелге бекіндім
Керек екен бойдан биік секіргім.
Ертең ерте дәл жетіге келуін
Журналдағы хатшы апайдан өтіндім.

Жеттім үйге.
Оңашалық қамады.
Қансыраған іштің ыстық қаны әлі.
Ақ қағазға төнген,
Енген Софының
Тура он сағат табжылмады табаны!.

Шырмалдың ба жазушылық шіркінге,
Сол тірлікте жылауың да,
Күлкің де.
Тілеп алған азабым
hәм ғажабым
...Он бес бетті жазып шықтым бір түнде.

Ой, өзім-ай!
Арыстанмын!
Қасқырмын!
Қара түнді қаңсылатып басқа ұрдым.
Таксилетіп жеткен бойда “Жұлдызға”,
Хатшы апайға машинкаға бастырдым.

Қолжазбаға қостық жаңа тарауды.
Реттеуді қатырдық
hәм санауды.
Редактор Төлек досым екеуіміз
Желімдедік
Түк білдірмей жамауды.

Ауды сәске.
Көктен шуақ шашты Күн.
Іштен тынып,

Жүрек шошып,
Састы үнім.
Ертіп келіп,
Тар бөлмеде қалдырдым,
Суретшіні,
Төлек,
Бөлім бастығын.

Есағаңның кей мінезі тосын-ау,
Сол мінезден мүмкін емес шошымау.
Үрке қарап жоламады папкіме,
Ұстайтындай тап бомбаны осынау.

Шақырайып,
Шошып,
Шоршып көз кетті.
Бір суытты,
Бір ысытты саз бетті.
Бір шашалтып,
Бір қақалтып адамды
Үзік-үзік
Оттай қарып сөз кетті:

- Бұл немене?
“Неменесі” бітпеді.
Сол тарауды ежіктеді.
Жіктеді.
Күбір-күбір,
Жыбыр-жыбыр оқыды.
Табылмады-ау іздегені,
Күткені.

- Робот па ең,
Автомат па ең сен өзің?
Темір шығар өңешің мен өңезің. -
Ағамыздың әзілінің түрі осы.
Бірақ көзден сығалады көне жын.

- Қол қояр ем...
Редактор не дейді?..
Пенде емес пе!
Ертең нелер демейді,-
Есікті ашып кіргіздім де Төлекті,
Бітей қойдым бітпес даулы көмейді.

- Келісіп пе ең...
Ә, суретші көнбес-ау.
Ол да мынау тіршіліктің пендесі-ау...-
Айқайлап қап,
Суретшіні енгіздім,
Әрең тиып ашу қысқан жанды асау.

Ал Есағаң одан сайын қиналды.
Қиналғаны ұшырады-ау иманды.
Солқ еткізіп тастай салды алдыма
Кеудесіне үйіп-төгіп жиғанды.

- Мен Мағзұмсыз қоя алмаймын қолымды.
Мен емес-ау,
Сол байлайды-ау жолыңды!-
Ауырып жатқан Мағзұмды мен алдырғам,
Есағаңа құрғам сөйтіп торымды.

Бітеп жауып,
Бүркеп,
Қымтап тесікті,
Адамға адам неге сонша өшікті?
...Мен Мағзұмды тоса қойдым көзіне
Тарс еткізіп ашып қалып есікті.

- Әй, сен өзің!..
Шпион бең?
Кім едің?-
Кім болсам да сындырдым ба тірегін,
Құп-қу болып,
Өңі қашып Есағам
Сылқ түсті қысып ұстап жүрегін.

Сылқ түскенде,
Рас, рас, қорықтым.
Қол қойылмас...
Күрсіндім һәм торықтым.
Жүріп кетсе,
Аяқ асты үзіліп,
Мен үшін де жоғалмас па жарық күн.

Жо-жоқ ағам дес бере ме жүрекке,
Ұйыды ма бір әдемі тілекке.
Жымыып қап қаламсапқа қол созды,
Сол күлкімен шуақ құйып түнекке.

Төртеуімізге қадап көзді, кең ашты.
Қаламсабы қолжазбаға жанасты.
Иректеді.

Сүйретпеді сияны
Бар сияны жұтқандай-ақ жер асты.

Қулығы екен.
Ісіндім де түсіндім.
Мен жалмажан қаламымды ұсындым.
Алтын ұшты бір қаралық зат еді,
Сыйлап еді қаламгері Мысырдың.

- Әй, мынауың!-
Көздер қашты жалтара.
Қол қойылды.
Іздерінен бал тама.
Біз қуандық.
Ол қуарды.
Содан соң
Қаламымды атып ұрды қалтаға.

Бір тасқынды ал тулатсын төрт кеуде.
Сол тасқынды болар еді өрт деуге.
Таба алар ма қуаныштың төркінін
Адам жанын ұмтылғандар зерттеуге.

Құшағыма мен үшеуді ап сүйдім.
Езуімді жия алмастан ақсидым.
Баспа үйіне Зотовты тез жөнелттім,
Артығымен беріп пұлын таксидің.

Кеңіп арқам,
Босап біраз терім де,
Жіберген соң қолжазбаны терімге,

Ақ қайнармен жеңісіме шаттанып,
Жуып жаттым өндірістік бөлімде.

Кіріп келді бір мезгілде Есағам.
Тағы нең бар алдан тосар, Жасаған!
Қолжазбаның естігенде кеткенін
Шын аядым
Түрін көріп босаған.
Әй, жұмбақ-ау,
Әй, қиын-ау осы адам!

16-17.08.03



ІЗДЕЙМІН АҢСАП АҒАМДЫ

Ә.Нұршайықовқа



Көктем мен жаз жүрген жанға түнеумен,
Көктен емес, көптен мейір тілеумен,
Барша жұртқа құшақты кең ашушы ем,
Бір ащы сөз естіместен біреуден.

Көңілім шалқып тұлпар мінді, тай мінді.
Серік етіп алғам нұрлы Ай, Күнді.
Мынау әлем жаралғандай бақыттан
Ұмытып ем өксік түгіл қайғыңды.

Жасау үшін кешегіге өткелді,
Оймен шолдым халқым кешіп өткенді.
Қазағымның қасиетті бір әні
Жүрегім мен көмейімде кептелді.

Елдің зары, ердің мұңы - қымбат тым,
Сол әнге мен сүңгідім де, шым баттым.
Қаратаудан босқан көшке ілесіп,
«Елім-айлап!» жанын жұртқа тыңдаттым.

Тыңдамады биліктілер төрдегі,
У боп сіңіп санасына ел демі.
Жерден алып, жерге салды өзімді:
«Ақтардың - деп - қу сүйекті көрдегі!»

Айналды да күлкімді өксік жеңуге,
Тақап қалды Ай мен Күнім сөнуге.
Дайын тұрды баспалар мен қасқалар
Кітап түгіл авторын да көмуге.

Жолатпады мықтылардың бірі де,
Күле қарап сүмірейген түріме.

Бір жемтігін алар кезде,
Сездім мен
Бөрілердің қалатынын біріге.

Жайшылықта жүретіндер боқтасып,
Жау тапты ма,
Шыға келер топтасып.
Тыншымайды «жаудың» көзін жойғанша,
Мылтық беріп,
Бір-біріне оқ тасып.

Ауып кетіп қолдарына қонар Күн
«Иемденіп ала қоймақ бала Арғын!
Құтырмасын құтырынған келімсек».
Түсіп кетіп бақшасына солардың.

Екілентіп осы пиғыл талайды,
Ішке кекті,
Түске шоқты жамайды.
Шикі өкпені шайнап тастау түк емес,
Төбет тобыр ұрып кеткен Абайды.

Мен ұмыттым серік еткен Ай, Күнді.
Көмейледім күлкімді емес, қайғымды.
«Қопарды - деп - қопармайтын тарихты!»,
Беріп жатты желкемді үзер «бәйгімді».

Беріп жатты «сыбағамды»,
«Сыйымды».
Талай «мақтау» тас төбемнен құйылды.
Сылап-сипап арқам қаққан алақан
Ту сыртымнан жұдырық боп түйілді.

Тұстастар да,
Ағалар да,
Қарты да,
Ысылдады кекті көзге зәр тыға:
«Қарашы оның романды жазуын,
Қарамастан темір-терсек' артына!»

Жан таппастан жан сырыма үңілген,
Барша жұрттан қаршадай мен түңілгем.
Ойда жоқта қалжыраған жүрегім
Дүр сілкінді атойлаған бір үннен.

«Әу, жарандар! Басыр едің не деген!
Өгейлік пен өктемдік пед өнегең?
Сеземісің тамырыңды үзгенді,
Безе қашсаң үлгісі мол көнеден?

Таптаймысың өкіндіріп өкпеңді.
Таппаймысың кешегінді, өткенді.
Туа сап па ек бүгін ғана аспаннан,
Ескерместей қан мен терге бөккенді?

Ақтабан боп көп шұбырған қазағың,
Тартқан зардың, шер мен мұңның азабын.
Елім салған «Елім-айдың» әнінен
Жетеді әлі құлағыма азалы үн.

Елдің зарын жеткізіпті жас бала.
Жас бала емес. Біле білсең - хас дана. ¹

¹ Мені металлург деп менсінбей, «темір-терсек» дейтіндер болған.

Шырақ жақты ол тірілтем деп рухты,
Сол шырақты өшірем деу - масқара!

Көбейтпейік күншілдікті күйікпен
Тірілтейік мейірімді иіткен.
Арамдықтың батпағына малшынбай,
Әділетті табайық тек биіктен.

Тосқау қоймай жас таланттың жолына,
Бақ тілейік оңы менен солына.
«Елім-айын» тез шығартып баспадан,
Тигізейік қазағының қолына!»

Жарылардай алып-ұшып жүрегім,
Қарманғанда қалт-құлт еткен тірегің,
Ішкі өксіктің запыранын ақтарып,
Ыстық жасты кірпігімнен күредім.

Ықыласты мейірімді таптым мен.
Менен артық болмас адам шат күлген.
Қара бұлтын түріп жұлып тастады,
Өзім күткен шұғылалы ақ күннен.

Жан кемірген құтқарып ап жазадан,
Атой салған - Нұршайықов Әзағам!
Қара аспанның қақ жарды ғой қазанын
Жаны жайсаң,
Жүрегі кең,
Әз Адам!

Оралғандай болды жаз бен көктемім.
Жоғалғандай қиянатты шеккенім.
Жазушылар съезінде шаншылды
Биліктілер төбесінен өктем үн.

Қандай ғажап, қандай ыстық мейірі!
(Ілгеріні қуантты ма кейіні?)
Төр, төбеге шығу үшін төтелеп,
Төбемізден тепкілейді-ау кей ірі...

Жөні бөлек Әзағамның өзгеден,
Көрері көп көңіл - деген көзбенен.
Тазалық бар, мөлдірлік бар жанында
Мұрт пен қырттар ешқашанда сезбеген.

Әй, танытты-ау жүрегінің кеңдігін!
(Сол ағама ұқсасам ғой мен бүгін).
Ағалар жоқ бағалайтын ініні,
Ұсақ-түйек,
Бақа-шаян ендігім.

Қолды сүю,
Етік жалау - білері.
Сүйек-саяқ,
Атақ күту-тілері.
Иығына жабар шапан табылып,
Жамбасына темір тұлпар - мінері.

Айта алмайды елдің мұңын зиялым.
Арнайды тек бір адамға күй-энін.

Кигізеді кәріптікті ұлтына,
Тигізеді ел-жұртына зиянын.

«Беремін - деп - асты-үстілі баспана!»
Мұндаласа мұртты, қыртты Астана
Басып, жаншып бірін бірі ұмтылар
Қар жауса да,
Қан жауса да басқаға.

Ағаларым тайыз еді не деген -
Алды-артына жан жуытпас тебеген.
Дәл пейішке енетіндей асығар
Көз қиығы түссе сонау төбедең.

Ағалар көп інілерін көрмейтін.
Көру қайда!
Жатып тұрып тергейтін.
Құлап жатсаң, аттап өтер үстіңнен,
Өңшең сараң - қыста да қар бермейтін.

Қайран ғана кешегі өткен қазағым!
Соңы болып өттіңдер-ау тазаның.
«Алаш!» деумен алаш жұртын бастап ең,
Ашып тастап жан-дүниенің ғажабын.

Кеттім тағы қиялыма ілесіп,
Өз кеудемнен өксігі көп мұң есіп.
Жабыларын неге ғана сезбейміз
Әлихандар ашып кеткен бір есік...

...Мәні ерекше Әзағаның басқадан,
Азулыны мысымен-ақ жасқаған.
Шырақ еткен елім деумен жүрегін
Сескенетін құр өзімшіл қас надан.

Мен ағаны дәл солай деп сезіндім.
Бұрынғымдай келмес енді езілгім.
Қуат қосты аға сөзі жаныма,
Күресемін,
Бұзам құлпын төзімнің.

Мен ағадан көрдім кейпін жұртымның.
Бірақ сәтте марқайдым да құлпырдым.
...Босатпады тұтқынынан бәрібір
Жара - жаным,
Шер - жүрегім,
Мұң - ғұрпым.

Төрдегілер төмпештеуге құмар-ды,
Тал ететін жонып, шауып шынарды.
«Елім-айды» қамап ұстап жеті жыл,
Үзіп-жұлып әрең-әрең шығарды.

Кітабымның шыққанына ырзамын.
Дәл төбемнен нұр шашқандай мырза күн.
Әзағама ең алғашқы данасын
Қобалжумен ұстатқалы тұр жаным.

Тік шаншылды мейірлене ай-қабақ,
Құшағына басты ол мені аймалап.
Тебіренген жүрегінің қос шығы
Кірпігінен сырғып түсті тайғанап.

Көрдім жанның тереңдігін, кеңдігін.
«Ел құшаққа енер - дедім - ендігім!»
Сағынамын сол сәттегі ағамның
Елжіреген мәрт көңілін мен бүгін.

Көмейіне ысылдатып тұсап үн,
Кезенгенде кей «достарым» пышағын,
Жалғыз өзі - жалпақ жұрт боп көрінген
Сағынамын Әзағамның құшағын.

- Айналайын, аймалайын парқыңды.
Дәл осылай қарсы ала бер әр күнді.
Қуана бер шыққан сайын кітабың,
Қуанта бер кітабыңмен халқыңды!

«Елім-айың» - махаббатың Еліңе,
Биік тауға, кең далаңа, көліңе.
Алашыңның азаматы болдың сен
Тартып туған нақ қазақтық тегіңе.

Шарықтатсын шабытыңды күн, айың.
Табыла бер Ел көңілінен ылайым.
Тоқтамасын жүйткүінен қаламың,
Талабыңды еселесін Құдайым! -

Кіргендей нақ қақпасынан Әлемнің,
Мен батаның бесігіне бөлендім.
Тұлабойым шымыр-шымыр дуылдап,
Нұрға оранды әр талшығы денемнің.

От тұтатты-ау өзегімде тілегі.
Шағын тұрқы қандай Алып, Ірі еді!
Қызғану жоқ,
Қызығу көп жастарға
Әділдік пен ұстаздықтың Пірі еді!

Адал еді,
Тап-таза еді,
Нар еді.
Тал бойында бір дегдарлық бар еді.
Жанарынан құйылатын жылуы
Басқалардай зәру қылмай «әреңі».

Басқалардай отты көзбен атпайтын.
Көзге мақтап,
Сырттай сені сатпайтын.
Өзгелерім түнге ораса күнімді,
Ол бар жерде Күнім, рас, батпайтын.

Жүргенде аңсап сол ағаны іздеген,
Құдай қалап көрші қылды бізбенен.
Сыйлас көңіл тылсымымен орады,
Ұлы арқауын бір сәтке де үзбеген.

Аға-іні боп, туысқан боп табыстық.
Табыстық та ғарыштан да әрі ұштық.
Әлияның туған күнін тойладық,
Сол күндердің еске алғанда - бәрі ыстық.

Сұр жалқаулық бүрсе бізді желкелеп,
Қыдыратын аулада аға ертерек.
Халимадай асыл абзал жеңгеге
Жүруші едік кәдімгідей еркелеп.

Қайран ғұмыр қымбат едің не деген!
Әр мезетің - тағылым мен өнегең.
Махаббаттың болдық біздер куәсі,
Бір аумайтын,
Күн ауса да төбеден.

Қос аққудай қалқып жүзген айдында,
Сезілместей уайым да,
Қайғың да,
Аға, Жеңгем иықтасып қыдырса,
Болушы еді-ау Күн де мұнда,
Ай мұнда.

Болушы еді-ау ару-нәзік,
Ер - мықты.
Сұлулықты жырлар солар,
Ерлікті.
Сыйластықты мәпелетіп жанымен
Кеуделерін ашып тастап - төр қыпты.

Сүйінетін, сиынатын көршілер.
«Өзім!» деумен сол екеуін еншілер.
«Махаббаттың мәңгілігін айғақтар
Аға, апаға қараңдаршы, көрші!» дер.

Қадайтынбыз көз, жанарды қызығып.
Тірілетін жігіт - арман,
Қыз - үміт.
Бақыт шіркін бір мөлт еткен жас болып,
Жарқырайтын қос кірпікте тізіліп.

Маңғаз басып,
Бір біріне жарасып,
Шоқ шашардай шағылысса қарашық.
Жүгіретін бүлдіршіндер алдынан
Қол беруге кәдімгідей таласып.

Жеңгем күліп,
Күлімдейтін Әзағам
Күлкісіндей өздері де таза адам.
Жұбайына жарқ еткізер жанарын
Мейірге де,
Пейілге де мәз ағам!

Мен сағынам Ару, Ана, Жеңгені.
Жарға арналған Сәні, Мәні, Еңбегі.
Мінез, пиғыл, ар, иманы ғажап-тын,
Ұлт Анасы деп атардай ең кемі.

Қайран ғұмыр, - сәт екенсің сәскелік.
Біреу - ерте,

Біреу кетер кеш келіп.
Сол күндердің қызығы мен шыжығы -
Бір күлдіріп, бір жылатар естелік!

Табынамын Әзағама әлі мен,
Махаббатын биік қойған бәрінен.
Жан жарына мәңгілікке орнатты ол
Ескерткішті жүрегiнiң әнімен.

Өтіп жатты жылдар талмай жүгіріп.
Бірде сипап,
Бірде түйді жұдырық.
Жүрек қинап ағаны да, мені де,
Кейде тұрдық, кейде жаттық жығылып.

Жасытпадық қаламгерлік жігерді.
Салғызбадық аяқ-қолға шідерді.
Аяқталмас арманға арман жалғасып,
Үздірмедік үміті мол күдерді.

Жазушылық - ес тандырар құмарлық.
Сәт болмайды босқа отырып тынарлық.
Әр секундтен тасқа басар ой аулап,
Том-том қылып кітаптарды шығардық.

Ой ауладық, жаяуладық, жүгірдік..
Кейде біраз баяуладық, кідірдік.
Көбік сөзбен кептірмедік көңілді,
Кейбіреудей оқырманды ығыр ғып.

Жылға жылды қоса бердік тізбектеп.
Қабылдадық аппақ қыс пен күзді ептеп.
Әзағаңмен кездесетін қуанып,
Бар қазағы әр қиырдан іздеп кеп.

Қаламгердің ойындағы даналық
Құйылатын жып-жылы боп таралып.
Айтатын жұрт Әзағаңды жыр қылып,
Қайтатын жұрт кеңесінен нәр алып.

Жүрегiнiң аңыратып шат әнiн,
Мөлдіріне шомылдырып батаның,
Берген маған көп томдығым шыққанда,
«Ең бірінші ұлт жазушы!» атағын.

Төр қимаған берген маған құрметті.
Дегендей боп:
«Ұлтқа мәңгі бұр бетті!»
Сол мәрттікпен асыл ағам тағы да
Кеудем шоғын от болсын деп үрлепті.

Неге ендеше от боп, өрт боп жанбайын,
Ұлтқа ұл боп тақылдасын таңдайым.
Әзағаның орындауға уағызын
Қаламгер боп өле-өлгенше мен дайын.

Айтып өтем елдің сөзін,
Ер сөзін:
«Тапсын - деумен - ұлтын ұғар төр сезім!»
Атқардым деп міндетімді кетер ем,
Ерлікті аңсап ар жолына ерсе езім.

Қайран аға!
Қайран абыз, кемелім!
Ұмытпайды барша алашың,
Сені Елің!
Орны толмай үңірейіп қалатын
Азаматты әкетеді неге өлім?

Күпірлікке бой ұрдым ба, қазалла,
Азаматты қимаймын деп ажалға.
Ардың сөзін ақиқаттай аңыз ғып,
Қарсы атты ғой арамдықтай тажалға.

Жеңілген жоқ.
Жеңген ағам жауларын.
Желеп-жебеп шалқар шабыт,
Тау дарын.
Айтып кетті кейінгі жас ұрпаққа
Күрес барын,
Таусылмайтын дау барын.

Әй, бәрібір мен ағаны аңсаймын.
Өтсе-дағы көз жұмғалы қанша ай, күн.
Тігем көзді Әзағам боп
Тіріліп,
Сонау көктен жансын деумен
Жанса айбын.

Бар едің-ау, нар едің-ау, тірі едің.
Нағыз қазақ марқасқаның бірі едің.

Неге асықтың, жүре тұрмай, бақиға
Бір-ақ сәтте қақ жарылып жүрегiң.

Ұлы едің сен, ері едің сен Алаштың.
Әз халқыңмен Әзағам боп жарастың.
Тыныш едің, дұрыс едің Әлеммен,
Келмеді ме сұм ажалмен таласқың?

Пәк едің сен, тазасы едің тазаның.
Қанымда есті зарлы әуені азаның.
Ұмытпайды елің, жерің, байтағың,
Ұмытпайды өзің сүйген қазағың!

26-27 қыркүйек 2011 жыл.



КІСІЛІК

Тахауи Ахтановқа



Әй, мінез-ай, құбылар сәтте түрлі,
У қылатын
Қып-қызыл тәтті ерінді.
Қайран Тахаң тұрады көз алдымда,
Ақтарғанда парақтап өткенімді.

Әулие ғып жіберер тірі адамды,
Тудырғанда бір жақсы романды.
Өзге емес,
Дәл өзің орнатар ең,
Көк пен жерді жалғайтын мұнараңды!

«Бола алдым ба әулие,
Болмадым ба,
Биік, биік мұнарым орнады ма?»
Тапсырдым да Тахаңа қолжазбамды,
Батып кеттім көп ойдың толғағына.

Үміт байлап күдікшіл ілгеріме,
Кете бардым ілесіп күндеріме.
Пысқырмадым көлгірдің күлгеніне,
Шәуілдеген күншілдің үргеніне.

«Ауыш шығар
Қуатын көп елесті...»
«Жап-жас болып ұрады неге төсті!...»
«...Темір-терсек жазады, ә, романды!...»

Жарылардай өттері,
«Негелесті».

Шуылдақты қайтемін.
Күйіп-жансын.
Маған десе іштерін күйік жарсын.
Бар тілерім Құдайдан күндіз-түні:
«Шығармамның жұлдызы биік жансын!»

Табынарым,
Пірім - тек Тахаң ғана.
Тахаң барда момақан «нахал бала».
«Жүгіртермін соңымнан!» деймін іштей,
Өтіп кетсе бұрылмай сақалды аға.

2.

Күндер өтті зымырап.
Айлар өтті.
Су боп ағып шыдамым сайға кетті.
«Не «бар!»
Не «жоқ!» деп Тахаң неге айтпайды?»
Талай қыжыл кеудемде қайнап өтті.

Күн артынан тағы да күн озады.
Жәрдем аға оқитын прозаны.
Бір данасын «кітаптың» бердім ептеп,
Ұстатқандай қолына розаны.

Қиын екен төзімнің езілгені.
Жәкеңнен де ештеңе сезілмеді.
Бір-екі рет сыр тартып,
Сұрап едім,
«Тахаң айтар!
Тахаң!» деп безілдеді.

Көкейімнің қалыңдап уайымдары,
Көп үміті кеудемнің қайырлады,
Ойда жоқта Армия күніне арнап,
Дастарқаны журналдың жайылғаны!

Мен емеспін өзгедей «топас, тағы».
Офицермін білдей бір
Запастағы!
Әй, сілтедім ағын да,
Қызылын да,
Босатпаққа күдікті қапастағы.

Қылқ-қылқ еткен толтырып көмейді де
Ташлағаным,
Білмеймін, көбейді ме.
Сырдың суы - сирақтан мас адамға
Ішкен - батыл
Батырсып демейді не.

Шақырайдым Тахама
Шекем қызып.
Бір мінезді таптым да

Бөтен, бұзық.
«Тағдырым ғой - шығармам!
Неге сендер
Ойнайсыңдар ойыншық қып,
Желкемді үзіп?

Айтсаңдаршы нем жақпай,
Нем ұнайды,
Елден бұрын мен жазсам «Елім-айды»?
Тоғыз айдай сенделтер жазығым не,
Жалтақтатып қоярдай жаны байды?»

Құпиясын ұға алмай,
Істің мәнін.
Запыранның іштегі құстым бәрін.
Одан сайын үдедім үсті-үстіне
Едірейген көрдім де ұсқындарын.

«Оңбаған!» деп кемсітіп,
Баласына,
Жәкем кетті бір кезде аласұра.
Жаны күйген тәңірді тыңдасын ба,
Қолым тие жаздады жағасына...

Дәлелдейін деді ме тірі екенін.
Мені - осал.
Өздері ірі екенін.
Тап бергенде тұс-тұстан жандайшаптар
Апперкотпен сылқиттым бір-екеуін.

Жан ұшырдым.
Қолыма бұрып кекті.
Жіберердей жасынды
Түріп Көкті.
Мен жалғыз да
Олар көп.
Қоршап алды.
Қайсыбірін жеңерсің ұрып көпті.

Кебін кидім жетім ұл,
Жұтаған үй.
Тығылды жан тау-тасқа,
Бұтаға ми.
Дәл сол кезде қасыма тұра қалды
Қайран сабаз
Марқасқа Мұқағали!

Тосты арқасын арқама тұра қалып,
Қанын тартқан ішіне түрі ағарып.
Созды қолын жалғызға жан ұшырған
Ұлағатын танытып ұлы ағалық.

«Тоқта, өңшең ырылдақ!
Тоқта, бала!
Жүгінейік, уа, Таха, аққа ғана.
Ашығын айт:
«Басамын!» «Баспаймын!» деп,
Еркін жанын ешкімнің ноқталама!»

Ырылдақтар жым болды қайрап тісін,
Көзден атып,
Көгеріп қайрат, күшін.
Қиқ-шиқ етіп құрысты шеттерінен
Жоңғар кеуде болып қап,
Ойрат пішін.

Тахаң ғана қабағын түсірмеген,
Өзгелердей қабынып,
Ісінбеген.
Жалғыз адам сол сәтте болды өзі
Өкпесінде қыжылын пісірмеген.

Тірелгенін ұқты ма жар басына,
Жан емес қой құрысар болмашыға,
Қағып мені арқамнан
Қайран Тахам
Жіберіп ед мінгізіп «Волгасына»!

Кетпесін деп қызулық еліктіріп,
Қосып берген бір «досты» серік қылып.
Орта жолда сол «досым» тастап кеткен,
Ес білместей халімді көріп тұрып.

Тастап кеткен адамды қарға көміп,
Арамға еріп,
Адал мен арға кеміп.
Қаламгерді балаушы ем әулиеге,
Әулиеден кеткен бе арман өліп?

Жаттым үйде дөңбекшіп үш күн, үш түн.
Жаннан маза,
Көзімнен ұшты ұшқын.
Қоштастым деп ойладым қызметіммен,
Тұра алады жолында күштінің кім?

Бұлт бүркеніп төбемде,
Түнеріп күн,
Үміті жоқ,
Күдік көп тірі өлікпін.
Телефон жоқ.
Тым-тырыс күйді бұзып,
Тахам менің Ахатты жіберіпті.

Бардым,
Кірдім бастыққа.
Тұр сүлдерім.
Аттандатып жүректің күрсінгенін.
Адам - ағам күліп кеп құшақтады,
Білсеңдер ғой...
Жаныма нұр сіңгенін!..

Білсеңдер ғой жанымда таң атқанын,
Қаным таңды бойыма таратқанын.
Адам ғана адамды ұлықтайды,
Соны ұқтырды сол сәтте Жаратқаным.

Адам ғана - ең асыл жер бетінде.
Үлгі болар ұлылық келбетінде.
Бар әлемді сәл ғана күлкісімен
Жаралған ол әлдилеп тербетуге.

Қайран Тахам қапсыра құшақтады,
Мейірімге шым баттым құшақтағы.
Сынып түсті
Күйік пен күдіктердің
Кескілеген ішімді пышақтары.

Кісілік-ай!
Кегі жоқ.
Аймалаған.
Зор еді ғой,
Нар еді-ау қайран ағам.
Бір тамырым қалмады сайрамаған.
Бір тамшы қан қалмады қайнамаған.

Кең екен-ау!
Кең екен қайран Ағам.
Жаралыпты-ау биік тау,
Бай даладан.
Көңіл шіркін көңілден су ішкенде,
Шыға келер жалындап,
Жайнап Адам.

Бір-ақ сәтте жарқырап жалындадым,
Басымда түн,
Қалмады жанымда мұң.
Ағалардың жанына жағаладым,
Кешірілді кешпестей жаңылғаным,.

Қайта оралды құлпырып көгіме Ай, Күн.
Көңілімде шалқыды көлім айдын.
Ертеңінде-ақ Ер Тахам
Мақтап-мақтап,
Кесіп берді кіндігін «Елім-айдың»!

04.08.2003 ж.



БЕТИҢДІ ЕНДІ,.... .. ҚАЛАЙ БҰРАСЫҢ?



Әбдіжәміл ағаның ашылуы



Тандайыма жабысқандай тіл-көмей,
Жүруші едім көзге түспей, үндемей.
Көгім - биік,
Көңілім - киік жүйткіген
Қайран жастық қойғызбайтын мұңды елей.

Сәбең онда теңіздей дәл тасқыны,
Прозаның кеңесінің бастығы.
Сол кеңестің хатшысы едім мен байғұс
Үндетпейтін ұялшақтау жастығы.

... Сынау, мінеу үсті-үстіне жалғанып,
Бір мықтының романын талдадық.
Төрде отырып көшіремін сөздерді,
Есіремін жазғаныма малданып.

Қарамайтын еш беделге кез еді.
Шоқ боратты талайлардың өзегі.
«Үрит-соққа!» басты дейсің қиқулап
Жетпегендер сөз алуға кезегі.

Әй, қинады-ау,
Әй, талады-ау мықтыны.
Ызаланып қаламгердің шықты үні.
Атты көзбен екеуімізді төрдегі.
Сәбең күлді.
Қағаз жазған бұқты іні.

Шыдай алмай шоқты көзге шын бұқтым.
Тапқанымды қас жауымды енді ұқтым.
Сәбитті емес,



Нысанаға мені алды,
«Ну, Сарбала!» деп көгерген ең мықтым.

Бір ықылық көмейімде тізіліп,
Үркек демім ұшып жатты үзіліп.
Нұрпейісов әлдекімнен сұрап ап,
Фамилямды жазып алды кіжініп.

Ол көгерді.
Мен көнердім суынып,
Қорқыныштың үрейімен жуынып,
Қынабынан біле қойдым алғанын
Маған деген кек қанжарды ол суырып.

Өтті күндер, төкті күндер шырайын.
Шабыт болып бөкті сырға күн, айым.
Қаламыма үйіп, құйып көңілін
Оң қабағын беріп еді Құдайым.

Отыз толмай «Елім-айды» тудырдым.
Еңбек жанды.
Асқарыма туды ілдім.
Арман бастап, үміт тартып ілгері
Ой мен бойдан бар күдікті құдырдым.

Романым кездескендей шың-құзға,
Жатып-жатып жарық көрді «Жұлдызда».
Бір-ақ сәтте жарқ ете қап жұлдызым,
Бір-ақ күнде аға болдым ұл-қызға.



Жаңа авторды іздеушілер ағылды.
Оңнан Айым, солдан Күнім жағылды.
Неге екені, жұрт мақтаған кітапқа
Баспа есігі мүлде мықтап жабылды.

Мүлгіп жылжып жыл артынан жыл өтті.
Түте-түте жігерімді жүн етті.
Әбілмәжін¹ - директоры баспаның
«Цека қарсы!» деумен әбден жүдетті.

Талай кірдім нән есігін күзетіп,
Шұқшиятын Шерияздан² тыз етіп:
«Хан, сұлтанда нең бар, бала!
Жазсаңшы
Қойшы, малшы, жұмысшыны түзетіп!»

Министрге айтар менде дат бар ма,
Жүйкем тозып,
Әбден күйген шақтарда,
Екі-үш бардым компартия хатшысы
Шындық іздеп Имашевқа... Саттарға.

Тасасында тұрғандай ел жұмағы,
Сілкінетін желіндеген бұғағы:
«Кимейсің бе шляпаны!
Қазақтың
Кімге керек тер сасыған тымағы!»

Жүрдім солай тауым құм боп шағылып,
Қысастықтың қысымына бағынып.

¹ Әбілмәжін Жұмабаев

² Шерияздан Елеуенов

Көрем деумен «Елім-айдың» авторын
Келіп жатты оқырмандар ағылып.

Мен солардың пейілінен нәр алдым.
Төрге құл боп,
Елге ұл боп жаралдым.
Қалт-құлт еткен тірлігімді сүйеді
Сүйініші Арқа, Орал, Аралдың.

Торлағанда білдім мұнар, мұнар күн
Құлы екенін кімнің сұмның,
Кім ардың.
Арқасында Плотниковтай¹ орыстың
Жеті жылда кітапты әрең шығардым.

Көрдім сонда шапағатын еңбектің.
Табылыппын талабынан мен көптің.
Қол созыппын жүрген кезде халқымның
Тарихына шөлдеп жер мен шөлдеп күн.

* * *

Әділеттің атты ақыры ақ таңы.
Романды ел-жұрт болып мақтады.
Сол бір жылдың қортындысы бойынша
Озып шығып,
«Ең үздік» боп аттады.

Маңдайымнан сүйді деп Хақтағала,
Қуандым да уандым сол бағаға.

¹ Цеканың бөлім меңгерушісі

Әй, бәрібір көрінбейтін бір қолдың
Жармасқанын сездім бүріп жағама.

Мен қуандым.
Күншілдерім қуарды,
Өзектерін кек, қыжылмен суарды.
Тұншықтырып тастамақ боп құтырды
Қаламымнан шедевр боп туарды.

Байқасам да,
Байқамадым,
Қыңбадым.
Өткендердің өксік үнін тыңдадым.
Кеткендердің керуеніне ілесіп,
Көкірекке құя бердім мұңды әнін.

Ерлерімнің іздеріне ердім мен,
Тау, Даласын кездім туған жердің мен.
Тозаңы мен дәмін жұтып түтіннің
Азабымен шектім күйін шердің мен.

Өрт, дерт шалып Атамекен аумағын,
Ойдан, қырдан құйылғанда жауларым,
Хас қазағым тас өңешті жұлғанда,
Көмейімнен жылап, күліп жауды әнім.

Мен еліммен тірілдім де, өлдім де,
Біле алмадым:
Жеңілдім бе, жеңдім бе?
Басқыншының басын кестім бақыртып,
Үрейімді үрейіммен көмдім де.

Азан даусым аспандады қырдағы.
Азат қазақ - сатқындықтың құрбаны.
Қара жерден қып-қызыл боп гүл өсті
Қызыл қанмен суарылып құндағы.

Мен іздедім бағзы күннің іздерін,
Оянсын деп қаладағым, түздегім.
Оянды тек бақастық пен күншілдік
Көктемімде-ақ сездім жауыз күз демін.

Сол **ызғар дем** буып, қысып шарпыды,
Сәт-сәт сайын еселеніп қарқыны.
Тіліп жатты аш кеудемді осқылап,
Көрінбейтін найзағайдың сартылы.

Бір **ғаламат** опыр-топыр килікті.
Менде - өксік.
Ғаламатта күй мықты.
«Жыл үздігі» болған қайран кітапты
Ұрып жығып,
Бергізбеді сыйлықты.

Ұрып жықты үмітімді, сенімді.
Ажыратпақ болды менен Елімді.
Киелімді күншілдіктің күлі өртеп,
Қасиеттім қиянаттан жеңілді.

Құрығандай менен басқа еңбегі
Жұмарлады жағамды **қол шеңгелі**.
Суық тырнақ өңешіме қадалды,
Өзектегі өзімді де жеңгелі.

Қиналсам да ауа сордым жұтынып,
Тартты ілгері арыс арман,
Құт үміт.
Көрінбейтін сол **шеңгелден** бәрібір
Тырбансам да кете алмадым құтылып.

Жаза бердім қанға малып қаламды.
Даудан - ерді,
Жаудан қорғап даламды.
Әдебиет Сарайына халқымның
Том-том болып кітаптарым қаланды.

«Құлы болсам мен ұлтымның ең кемі!»
Десем-дағы
«Ұлым!» деді Ел мені.
Азаматын іздесем де ардақтап,
Әріптестен таптым ылғи пендені.

Пенделерім ентеледі жармасып,
Кетердей мен
Асуды аттап,
Жарды асып.
Өз беттерін айғыздады солардың
Арамдық пен адалдығы арбасып.

Неге оларда түні қымбат, күн бөлек,
Тозғанға еріп,
Озғандарды күндемек.
Сезер ме екен кеудесіне үңілсе,
Жүргендерін кімді боқтап,
Кімді елеп?

Не табармын артып пәске кінәні,
Құлаған жоқ аспанымнан Күн әлі.
Өзегімнің домнасында балқыған
Құйылады көмейімнен діл әні.
Құйылады ұлтым үшін жыр, әнім.
«Елім-айлап!» шарықтайды ұраным.
Қарға-құзғын қанша жерден қарлықсын
Түсіре алмас көктен жүзген қыранын.

Кеттім самғап осы ойыма иланып,
Тоғышар боп отырмастан күй бағып.
Буып жатты құдіреттің толғағы,
Туып жатты «перзенттерім» қиналып.

«Күнді түн ғып түнек жапса пайда не,
Шуақ шашпас түнде Әлемге Ай неге?»
Күн мен түннің қойнауынан нәр алған
Қостым тағы томдарымды бәйгеге.

Қойынына тығып шоқпар, кесегін,
Тұлпарыма қосақтады есегін.
Кесек - маған,
Шоқпар тиіп күлікке
Шындықтай ғып шырқыратты өсегін.

Есек озды.
Тұлпарларым мертігіп.
Ез марқайды.
Іштей солды ер тынып.
Қан шеңгелі жұлқып, жыртып жағамды
Қызғаныштың сарнап жатты дерті ұлып.

Кетті елімнен тас құрсауы кеңестің,
Ашылғандай болды алдан көмескім.
Үш ғасырдай ертеп мінген Русьтің
Боданы да, одағы да емеспін.

Ал тасиын бөркімді атып аспанға,
Тәуелсіз боп алғаш қадам басқанда.
«Уай, Алашым! Көтер туды жоғары!
Азаттықта атта ілгері!
Жасқанба!»

Осы ұранмен ояндым да құлпырдым.
Бір сүріндім,
Бір құладым,
Бір тұрдым.
Ортадағы ортағымды талап төр
Мың түрлі боп кетті лезде бір түрлім.

Кен де,
Жер де тулақтай боп таланды.
Кезіп кетті бір даңғойлық даламды.
Одан, бұдан аш бөрілер құйылды
Төбемізге төңкере сап ғаламды.

Зауыт кетті қоржынында кірменің.
Құлпы ашылды керегесіз іргенің.
Ауып кетті қазақ кеңшар жойылып,
Итінің де ести алмай үргенін.

Ел адасты шаң боратқан жолынан.
Іште бұқты өксік жұтқан мол ұран

Жем аңдыдық бұралқы иттей мәлиіп,
АҚШ,
Қытай,
һәм түріктің қолынан.

Састық, қаштық қырдан ойға, не керек.
Жүрек соқты жер мен көкке: «Негелеп?»
Табылмады сор тірліктің жауабы
Тас маңдайға сол сұрақты шегелеп.

Аспандатқан аспанына қиялын
Мәңгірді де қаңғып қалды зиялым.
Профессор кебіс сатып базарда,
Богеманың қырт ұрлады күй, әнін.

Қаламгер ше?
Тақырланып қалтасы,
Талақ болды поэзия - қалқасы.
Гонорары - қара нары оққа ұшып,
Сілекейі - болды сорар малтасы.

Бедері мен беделінен ажырап,
Бос кеудесі қоя берді азынап.
Бас шұлғытты билік
Көзді сүзетін
Біразына сүйек тастап азырақ.

Ет түгілі түспесе ішке тас бұршақ,
Қол жоюдан тыйылар ма аш құрсақ.
Қайдан шықсын қаламгерден қайраткер
Қалталының табанына басты ұрсақ.

Білді соны төрелерім төрдегі
Қарсы атылған кірді оп-оңай көрге ері.
Көптен - тобыр,
Ал тобырдан ез жасап
Сүмеңдету - болды олардың ермегі.

Бөз орнына сөз берумен лепіріп,
Көкіректен атты билік кекірік.
Азаматты азғырумен көпіріп,
Шындықты ұрлап алға шықты өтірік.

Жарылқаулар жалғандықпен жалғасты.
Атақ, сыйлық ар, иманмен арбасты.
Дүмділерім үнділерді жеңгендей
Ет-терісіз қалдырмақ боп әр басты.

Ордені мен медальдарын қаптатып,
Сыңғырымен қызыққанды жатты атып.
Кеуделерге қадай берді жыл сайын
Көсемдерін күмпілдете мақтатып.

Академик,
Генералдар үймелеп,
Мантия мен
Мундирлерін киді елеп.
Әлгілердің көптігінен көз тұнды,
Бірін бірі жеп қоярдай
Күйгелек.

Жә, тартайын, жүйтки бермей, тізгіңді.
Құр қыжылмен түземекпіз біз кімді.

Күрсінтеді-ау өкініштің өксігі
Жоғалтқан соң инабат пен ізгімді.

Сол биік үй елеп, екшеп мені де,
Қоспақ болды өрлеп кеткен теңіме.
Дәл екі рет: «Ұсын! - депті - атаққа!»
Одағымды¹ бұрғандай ғып жөніне.

Бағаланған жазушысы ем халықтың,
Елім біліп, еміренген жарық күн.
Сонда-дағы жарлығымен елбасы:
«Жүрсін - деген шығар мені - танып мың»

Жетпей қалды маған жетер күй бұғып.
Мен де - пенде.
Дәл екі рет күйді үміт.
Елбасының ізгілігін кескілеп,
Келе берген кедергілер килігіп.

Қызықсам да, қайтем босқа құмартып,
Елбасыға қоя алмаймын кінә артып.
Күншілдердің мен құрбаны болған соң
Көкжиектен шықпады күн мұнартып.

Босатпады **шеңгел уыс** жағамды.
Таптамақ боп биіктегі бағамды.
Елемедім.
Тағы кеттім құйғытып,
Тұлпарыма мықтап қағып тағамды.

¹ Жазушылар одағы

Жыл жылжыды.
Ай жүгірді.
Күн ұшты.
Еселеді несібені, ырысты.
Инфаркт,
Инсульт қабат-қабат килігіп,
Дерттің өрті қысты біраз тынысты.

Тар төсекке таңса да көп кеселім,
Қайсарландым.
Қайтқан емес меселім.
Мен нәр алдым тілеуінен халқымның,
Сақтап жүрген мені өз ұлтым,
Осы елім!

Сыр, жырымды арнадым да жұртыма,
Ырзалығын құйдым іші, сыртыма.
Азаматын ардақ тұттым Алаштың
Алаңдамай аяқ шалғыш қыртына.

Қазағымның құшағына бөлендім.
Ұлы болдым,
Құлы болдым мен елдің.
Алмасам да еш атағын биліктің
Алашымның ақыны боп елендім.

Көргенде ұлтты нарық илеп қинаған,
Үй бағам да,
Үйге симай қиналам.

Қан ғып құям қаламымның ұшына
Қайсарлықты халқым үшін жинаған.

Өжеттікті өзектестен іздеумен
«Құл тірліктің қыл бұғауын үз!» деумен
Ақсақалдық асуына аттадым,
Артта қалып
Жігіт - жастық,
Қыз - дәурен.

Ашылсын деп ақиқаты әр істің,
Қанағатсыз жемқорлармен алыстым.
... Қылтамақ қып,
Қыл үстінде тұрды өмір,
Сөне жаздап, сөне жаздап кәрі ұшқын.

Көк пе,
Хақ па оң қараған?
Сөнбедім!
Қайта тудым!
Ел мұңына шөлдедім.
Ұлт зарына ұл боп жырмен үн қостым,
Қатар түсіп жеңілгенім,
Жеңгенім.

«Таныт елге шенеуніктің түс-кейпін!»
Деп әділет қаламымды күштейтін.
Болып қалдым күресем деп жүргенде,
Аурухана төсегінен түспейтін.

... Өзгереді енді әңгімем баяны.
Өзгертеді тез жүйткуін аяңы.
Ғаламаты-ай мынау жұмбақ тірліктің
... Сипайды жай **ғаламат қол** баяғы.

Әбең еді - **ғаламат қол** иесі!
Тұтқан жерін күйдіретін күйесі.
Жолатпауға жатпай-тұрмай тырысқан
Жақсылықты Софиянға тиесі.

Тірлік шіркін бар мен жоқты теңейтін.
Кідірмейтін, тек ілгері жөнейтін.
Күдігімен жүрегінді шошытып,
Үмітімен алға сүйреп демейтін.

Тосар бетін,
Тосар көтін сол тірлік.
Кездейсоқ пен құпияға мол тірлік.
Алақанын ашып, жұмып жатады
Кезек-кезек бал мен уға толтырып.

Малағамды соза беріп қайтемін,
Әр пендеге шашар сүтін Ай тегін.
Өмір осы-ау қосылмасты қосақтап,
Аш желінге телір кейде бай төлін.

Әбеңе - қыс,
Маған төніп күз келді.
Қырау шалды шалбарланған жүздерді.
Уыстап ап
Табыстырды ақыры
Аурухана палатасы біздерді.

Қажыта ма күйкі тірлік,
Пенделік.
Дерттен әбден қашамыз ба сенделіп.
Қатар түсіп келіскендей екеуміз
Шығушы едік үш айда бір емделіп.

Ә дегенде танымайтын адамдай,
Бұрылмайтын, жанарымыз қадалмай.
Ол да, мен де шекірейіп шекеден
Бара алмадық түсінісер қадамға-ай.

Өмір бірақ сен күткеннен өзгеше,
Адамдыққа адал жаның төзбесе.
Жүрегінді жұлқындырар несіне ол
Бір түйсікті сездірмесе,
Сезбесе.

Сездік білем біз де сол бір түйсікті.
Кеудемізден іштей толқып күй шықты.
Тырыстық біз айлар бойы жанасып,
Түзетуге екеуара қисықты.

Аға болды ол ақ, қарамды саралап,
Бір жылылық қанымызды аралап.
Шаша берді аға-ініге Күн шуақ.
Қаша берді көңілдегі қара дақ.

Қара дақты тазаладық бір-бірлеп,
Бір жылы леп сол ағадан тұрды үрлеп.
Қайран көңіл!

Кең сарай ғой ашылса,
Қоя берер риясыз күмбірлеп.

Кітабымыз - болды-ау деймін Піріміз
Дәл түсіндік бірімізді біріміз.
Шеше бердік шиеленген түйткілді,
Өше берді кекшіл кеуде кіріміз.


Әбе сөйтіп айқара ашты көңілін.
Бар ауырым болып кетті - жеңілім.
Кейде ойлаймын менен де өтіп қателік
Жүр ме екен деп өкпелеумен көп інім.

Пенде болсаң өкпеменен ауырған,
Айрылдым де «ағалайтын» бауырдан.
Жағалайтын жиегінде жаныңның
Қалқалайтын селден, желден, дауылдан.

... Көп шашылмай аттың басын бұрайын,
(Діңкелеткен көп ыңқылмен бір айым).
Палатамның қақ төріне әкеліп,
Дастарқанын жайып еді жұбайым.

Көңіл рас су ішеді көңілден,
Шын райды тапқан сәтте өңіңнен.
Бір ғажайып іңкәрлікті сезесің
... Әбем сонда ақтарылып төгілген:

- Уай, келінжан, ниетіңе ырзамын.
Ішін ашып тастайын деп тұр жаным



Сонау... Сонау қаршадай-ақ кезінде
Кескем жолын мынау Софы мырзаның.

Көп болды ма күпті көңілім алаңы,
Көрген бойда-ақ жақтырмадым баланы.
Ұқсаттым ба сонда бұған,
Білмеймін,
Сарыарқадай анау сары даланы.

Мықтылар көп меніменен егескен.
Күресумен,
Тіресумен мен өскем.
Көп өкінгем көп ағадан түңіліп,
Оңашада кек-қыжылмен кеңескем.
Мен солардың тапқам таңдап інісін,
Жасығы емес,
Асыл болар ірісін.
Жөргегінде тұншықтырып көмейін
Тарылтпақ боп арпалысқам тынысын.

«Елім-айын» Тахауи көп мақтаған.
Мақтағаны көкейіме жақпаған.
Лап ете қап ал тұтансын қыжылым
Көкіректе сона-ау күннен сақтаған.

«Қайдан шыққан жап-жас болып ақ қарға?
Сәбит, Ғабит - ағалары жақтар ма?»
Деп егесіп: «Шығарма!» деп тапсырдым
Шерияздан,
Әбілмәжін,
Саттарға.

Мен қуандым.
Сен қуардың. Білемін.
Мен - егестен,
Сен Тәңірден тіледің.
«Елім-айды» әупірімдеп шығардың,
Мен сезбеген тауып өзің бір ебін.

Ел ұнатқан кітаптарың көбейді.
Сақа қылғым келмей сендей кенейді
Мемсыйлықты бергізбедім бес рет,
Өгейлікпен өксіттім де көмейді.

Екі мәрте ұсынылдың атаққа¹.
Жетем деумен кіл ұлылық жатаққа.
Өзгерткізіп құжатыңды ініме,
Басын да оның іліндірдім шатаққа.

Әділеттен кейде сәл-сәл бездің бе,
Көре алмайсың көретінін көздің де.
Елбасыны тоқтатпақ боп асықтым,
Саған берген уәдесін сездім де.

Қажет болып мендей адам өзіне
Әбіш қолдап,
Жанып түсті сөзіме.
Қызған кезде соғу керек темірді
Кіріп бардық Нұрекеңе тез іле.

¹ «Қазақстанның халық жазушысы» деген атақ

Көп себепті,
Мол сылтауды төндірдік.
Тезбен емес,
Сөзбен жөнді жөндірдік.
«Көбейеді өкпешілер Сізге!» - деп,
Елбасыны оп-оңай-ақ көндірдік.

Қашырардай құлағынан ызыңды,
Жыртты көсем алдындағы тізімді.
«Жазушысы һәм әртісі халықтың»
Деген атақ жойылды да сызылды.

«Бәрін жеңіп аламыз - деп - шетінен!»
Жүрміз бе әлде қалқып қана бетінен.
«Тиді ме - деп - әртістерге кесірім»,
Кәдімгідей кейде біраз өкінем.

Бетіңді енді, інім, қалай бұрасың?
Бүркемесіз шыным осы,
Расым!..
Адалдығың,
Тазалығың айтқызды,
Етің емес мынау берген бір асым.

Жақтырарсың,
Жақтырмассың қартыңды.
Ізі қисық түзеу қиын артыңды.
Мен - ендігі шын тілеулес ағаңмын
Танып білген азаматтық парқыңды. -

Күрсінді де бір сілкінді жай ғана.
Палата үнсіз.
Үнсіз тегіс айнала.
Күңгірт тартып кетті Әбе жанары,
Терезеден сығалады Ай ғана.

Мен не дейін,
Әлсіз, баяу күрсіндім.
Өзіндей ғып жер сілкінткен дүрсілдің.
Даттадым ба,
Ақтадым ба ағаны.
Адам жаны құпия ғой,кім білсін.

«Софьянмын!»
Осы есімде - бар тұлғам.
Атағым жоқ қоршар алды-артымнан.
Иемденіп жүр атақты
Жойылған
«Мықтыларым» жаралғандай алтыннан.

Өкініші өксітсе де көп жылдың,
Дықты еріттім шуағымен от жырдың.
Мен Әбенің ақ көңілін таптым деп,
Бұл күндері інісіндей боп жүрмін.

11-16.03.2012 ж.



АҚҚУЫМДЫ ІЗДЕП ЖҮРМІН ӘЛІ МЕН...

Нұрғиса ағаны аңсағанда



Домбыраның тиегіне байланып,
Өтіп жатты қайран күндер айналып.
Батушы ек-ау қызығына ғұмырдың,
Жатушы ек-ау анау көктен Айды алып.

Күй есетін ойды, бойды сілкілеп,
Мың жүректі баурап алып бір тілек.
Құйылатын нөсер болып дыбыстар
Алатаудың тез оралғыш бұлты кеп.

Үн жететін, мұң жететін көнеден
Бір ғажайып рахатқа бөлеген.
Мұңаясың кейде үнсіз күрсініп,
Қуанасың кейде қозып делебең.

Сиқыр саздар сыр сандығын ашқанда,
Жүн жүйкеңнің пернелерін басқанда,
Байқамайсың ойдағы асқақ сезіммен
Бір-ақ самғап ұшқаныңды аспанға.

Бір күдірет тылсымымен үймелеп,
Ұмыттырып тірлігіңді күйгелек,
Алып кетер алыс алыс әлемге
Өксігіңнен өктем үнді күй бөлек.

Тапқандай боп әсемдіктің елесін,
Еліктейсің,
Ентігесің,
Ересің.
Сыбызғы әуен,
Сыңғыр-сыңғыр әуезді.

Құлап тұрып,
Құлақ болып тересің.

Домбыраның тиегіне тіреліп,
Үміт, күдік бір тірілер,
Бір өліп.
Марқаясың тәтті дәммен тұшынып,
Бұрын-соңды естімеген сыр еміп.

Қара ағашта ақ саусақтар жорғалап,
Бір ғаламат екі ішекке орнап ап,
Бір суытып,
Бір ысытып,
Балқытып,
Қоя берер кеудеңе күй сорғалап.

Бекігендей босап жүрген жан, іргең,
Қатаясың нәзік үнді әмірмен.
Сезінесің өз мәнінің кеңдігін
Табысқандай болып мәңгі Тәңірмен.

Сылқым сыңғыр жүрегінді еріткен,
Уыстайды,
Айырады еріктен.
Кетердей боп сіңіп суық ғарышқа
Желпінесің жерге симай желікпен.

Жүрегінді жұлқындырып желігің,
Күмпілдетіп көңіліңнің көрігін,
Әсемдікке толып кетіп айналаң
Сұлулық боп сыңсып жетер серігің.

Өзгешені өзек талып сезбесе,
Сен - өзгеше,
Әлем-ғалам өзгеше.
Жоқ! Әлеммен кірігесің тұтасып,
Жіберместен ессіз, түссіз езге есе.

Жарасасың жаныңдағы жалынмен,
Жарысасың бипыл үнді жаңа үнмен.
Домбыраның шанағынан құйылып,
Сипап жазар азабынан жаныңды ем.

Егілесің ішті жаспен ақтарып,
Кеткен кезде қашып бойдан шақта ырық.
Оралады көптен бері жоғалған.
Қондырады тақымынды атқа рух.

Сезінесің Тәңірдей дәл өзінді,
Қайта тауып сонау жастық кезінді.
Атыласың арыстан боп аспанға,
Быт-шып қылып құрсаулаған төзімді.

Өзектегі өксігімен толы арман
Кек қамшысын беріп қолға оралған.
Сыбағанды ұрлап жүрген билікті
Қалшылдатып қайтарасың солардан.

Қайтарасың артығымен есеңді,
Күбірлетіп әкім, төре, көсемді.
Күй - құдірет!
Көкірекке сес құйған
Әділеттің қасқа жолы төселді.

Қалай ғана дауылдатты, селдетті.
Күл-қоқысты қуып, айдап жел кетті.
Күй Әлемді жуындырды, тазартты,
Жер бетінде қалдырмай бір жендетті.

Дауылдатты,
Жауындатты,
Долданды.
Жүрек - кірді,
Жуды ағартып қол қанды.
Астан-кестен болып кетіп Дүние
Жермен жексен етті құдай болғанды.

Жердегінің ендігі орнын төр қылып,
Өзегіне намыс құйып,
Өр қылып,
Асқақтады аппақ ардың билігі
Билеп алып бар ғаламды ер қылық.

Кеуделерге еркіндікті ендірді.
Бойға қуат, жүзге жылы өң кірді.
Тазалық кеп,
Тауым, Далам тазарып,
Бар Алашым қанып ішті мөлдірді.

Күй - күдірет!
Ашынтты ұлтты, тасытты.
Құдіретін дос түсініп, қасы ұқты.
Алыстағы ағайынды туыс қып,
Жақындатты жанаспайтын қашықты.

Кекке малып домбыраның тиегін
Танытты күй кім елге құл, ие кім.
Шамырқантты азаматты ардақтап,
Түріп ашып көңілдің көк жиегін.

* * *

Қалқан құлақ - локатор ғой далалық,
Түнеп қалған құлақтарға балалық.
Саз боп, сөз боп ерке ұлына ежелгі
Даласынан құйылады даналық.

Құлағының кең қалқанын түртіп үн
Құйылады ән мен күйі ұлтының.
Сіңген сазға қазағының тапты ұлды
Қасиеті әдеті мен ғұрпының.

Елжіретіп,
Елеңдетіп,
Елітіп,
Көкіректің құнар тұсын кеңітіп,
Жас саусақтан баяу тамған түртініп,
Құмар үнді алып кетті көгі тік.

Бұлақ көзі ашылды да сол үннен,
Құштарлықты мөлдіретті көңілден.
Әуен болып асқақтады аспанға,
Жүректерді тапты күй боп төгілген.

Жолын ашып әрі тура, әрі тік
Туғызды ұлды Жасаған хақ жарытып.

Тамшысына дейін ыстық қанының
Сырлы әуезді аямастан дарытып.

Өткен күннің ұмыт қалған кей үнін,
Зар мен шердің ілгергісін, кейінін
Жеткізем деп ел-жұртына,
Берген-ді
Құлақ түріп, жылап-күліп бейілін.

Тапты мұңды, тапты зарды елдегі
Ақты күй боп ел тілегі шердегі.
Төмендегі сазбен бірге шарықтап,
Төмендеді бітеу кеуде төрдегі.

* * *

Ол - аға-тын.
Ағалығын бұлдайтын.
Іні сөзін жүрдім-бардым тындайтын.
Ойға алды ма әлденені асығыс
Жеткізгенше жеріне оны тынбайтын.

Қалғызбайтын ештеңеден шетірек
Онда да бар,
Менде де бар көкірек.
Шекесінен қарамақшы болғанда,
Тұрып кеткем қайрылмастан екі рет.

Көрінгеннің көп түсіртпей көз етін.
Мінезім бар безергеннен безетін.

Көп жоламай жүргенімді сол ағам
Нәзік жанның түйсігімен сезетін.

Сезетін де екпінінен басыла,
Жайлап қана шақыратын қасына.
Сәл жымыып алатын да, қолқасын
Түсіндіріп жөнелетін асыға.

- Сөз тыңдағын сәл-сәл, інім, бөгеліп.
Шақшам міне.
Қане шылым шегелік.
Және аз-аздап мынадан да жұталық,
Ер жігітке нелер келмес, не келіп.

Әу, айтпақшы, Сыдық¹ - сенің ағаң ғой,
Азбас, тозбас нағыз құндыз жағаң ғой.
Ол қазақтың маңдайалды сазгері!
Дәл осыным - өзім айтқан бағам ғой. -

Мерейленіп күлді тісі ақсиып,
Сол қалпына қалар еді-ау бақсы ұйып.
Ақ көңілдің шын ниеті танылып,
Бірден кеңіп сала берді тапшы иық.

Өзіне де, сөзіне де сенесің,
Сенесің де ботасы боп ересің.
Әзіліне, шуағына шомылып,
Бір ғажайып дүниеге енесің.

Сен ағаңа шаң жуытқың келмейді.
Басқа әуендер құлағыңа енбейді.
Өзгелерге мұрыныңды шүйіріп,
Мүлдем тіпті менсінбейсің мендейді. -

Күлді тағы.
Жасандылау күлкісі.
Кілт өзгерген әлгіндегі түр-түсі.
Әлде дықтың,
Әлде өкпенің өзі боп
Көп тісінен бөлектенді бір тісі.

Сезді білем сәл артықтау кеткенін,
Орынсыздау естілгенін өкпенің.
Сөз ырғағын мұңды әзілге шаптырып,
Ауыстырып ала қойды шекпенін.

- Рас, Сыдық - симфония құдайы.
Әр жанрда ол бірінші ұдайы.
Шуақ шашар өз жұртына қуантып,
Бар шығар-ау басқаның да Күн, Айы.

Жүрміз біз де сол ағандай тырбанып,
Дыбыстардан әуен аулап, үн бағып.
Сыңғыр әуез,
Алтын көмей Музамен
Оңашада кездесеміз ұрланып.

Сондай сәттің құр жібермей уақытын,
Жарқ-жұрқ еткен теріп саздың жақұтын,

Күй боп тасып күмбірлетіп кеудені
Адамзаттың туғызамыз бақытын... -

Неге екенін, солықтап кеп күрсінді.
Мен естідім жүрегінен дүрсілді.
Мұңы, сыры дәл өзімдей ағадан
Көңіліме күрсіндіріп нұр сіңді.

Сезімтал ғой адам жанын ұғатын,
Тебіренсе, дана болып шығатын,
Еміренсе, бар әлемді құшып ап,
Мейірленер насыбайдан бір атым.

Көзге көзді қадап өтіп анықтап,
Өзгерісті мендегі тез танып қап,
Шын күлкімен күлді түгел ашылып,
Өзімсіне арқамнан сәл қағып қап:

- Әйда, кеттік! Біздікіне барамыз!
Жақындап тұр бүгін екеу арамыз.
Шертіп берем біраз күйді мен саған
Өкпелемес мынау аппақ ... қара қыз!.. -

Шомғандай нақ жылуына күнестің,
Нұрағама сөз қайтармай ілестім.
Көнерерін сездім таза өкпенің,
Жаңарарын ұқтым қазір бір ескім.

«Дариғам!» деп таныстырды зайыбын.
- Әкеле бер барын, бәрін... дайынын.
Жайнат, жаным, дастарқанды аянбай,
Асқа, әуенге тойсын бүгін қайының! -



Тойдым, қандым асына да, ниетке.
Мөлдіреді жаны ішек пен тиекте.
Ықыласқа еніп, еріп кеттім мен
Жүрек тулап, соғып жатты жиі өкпе.

Ал домбыра ашынды да ашылды.
Саз күй болып,
Күй шуақ боп шашылды.
Бағзы күннің тылсым бүккен қойнына
Ұшып жеттім,
Құшып жеттім асылды.

Керемет қой күй құбылып кеткенде,
Тез аттайсың бүгінгіңнен өткенге.
Бірде жаздың аптабына қақталып,
Бірде оралып жұпар шашқан көктемге.

Құдіреттің өзі нағыз Нұрағам,
Ызыңнан саз,
Дыбыстан күй құраған.
Жерден тапқан тиек орнар тірегін,
Нәрлі әуезді көктен ғана сұраған.

Он саусағы - дәл он мықты нөкердей
Кең шанақта сабаласып кетердей,
Тыншымайды,
Шымшылайды Әлемді
Көкті жерге,
Жерді көкке көтермей.

Үн ғаламат тасқын селден жаралған,
Дірілдеп кеп, тірілді ал кеп бар арман.

Күй жылады - еңіреді мұңлық қыз
Қан шапшыды жүректегі жарамнан.

Ағыл-тегіл жас па, сел ме төгілген,
Күй ме, қыз ба күңіреніп егілген.
Мен бе мынау екі иығы қушиып,
Бір-ақ сәтте қабырғасы сөгілген?

Қыз уанды, өксігі әне тыйылды,
Саусақтарға бипыл әуен жиылды.
Қос ішектен күрсіндірген кеудеме
Сыңғыр сылдыр күлкі саулап құйылды.

Дүниенің күйге оралды шаттығы,
Жан жарасын сипап жазды тәтті үні.
Бар болса Хақ - күйші аға ол қазір.
Адам сенбес ғажайыпқа батты іні.

Баттым рас, еніп кеттім жұмаққа.
Пейіш әні сіңіп жатыр құлаққа.
Уай, Құдірет!
Төбемді ұрып сұрарым:
Екі ішектен қыз мұңлықты жылатпа!

... Күй құтырды.
Екіленді,
Лепірді.
Ал домбыра кенет ырғып секірді.
Шапшыды ырғақ шашыратып күмісін
Бұзып аққан тасқын судай көпірді.

Ойнақтады орғып, билеп саусақтар.
Домбырадан қашты ерік жан сақтар.
Бірде төске, бірде иыққа асылып,
Бірде лықсып, бірде тыншып қаусап хал.

Күй құбылды,
Әсерленді,
Қуланды.
Жігерленді,
Желбіретіп туды алды.
Наз күлкіні, жаз әзілді тірілтіп,
Көшіріп кеп құя салды думанды.

Ал жайнасын ойын-тойдың базары,
Қыз сыңғыры,
Өр жігіттің наз әні.
Қиқуымен қыран-топан халықтың
Ой ашылды-ау сабантойдың ажары!

Бала Мишка - сол қызықтың еркесі.
Әннің, жырдың, күйдің бастар серкесі.
Ғалиябану қытықтай ма өкшесі
Қоса билеп қоя берді жер төсі.

«Бала Мишка» асыр салды шанақта,
Жеткізбестей саусақ түгіл пар атқа.
Қылғынамын,
Жыладым ба, күлдім бе,
Бір түйнекті қамап алып тамаққа.

Нұрағам ше?..
Аузы кеткен ашылып,
Маңдайдан тер бұршақ-бұршақ шашылып.
Құдірет боп кетіп еді дәл сонда ол
Мынау Әлем тұрды сол сәт бас ұрып.

«Жаратқаннан кем емес!» - деп күйшіні
Әсерленді жанымның бір түйсігі.
Алашыма ортақ осы Оғланды
Туа салған Алатаудың Үйсіні.

Ішек тағып нәзік жүйке, жұлынға,
Жүрегімнің ойнады қол қылында.
Тар кеудемді қағып, жарып өтердей
Айналды жан шырылдаған шыбынға.

Шымыр-шымыр бір ғажайып тұңғыық
Орап алып жып-жылы боп тұрды ұйып.
Түртіп желіп себеледі саз көктен
Тұңғыыққа тым биіктен нұр құйып.

Кілт айналып тұңғыығым айдынға
Тым биікке ұштым қанат жайдым да.
Мол шаттықтың шуағына бөлендім,
Болмағандай уайым да, қайғым да.

Мен сүңгідім айдынына дыбыстың,
Су бетінде жылжып, сырғып ығысты үн.
Сездім алғаш жұтқан сайын қана алмай,
Тек әуенмен дем аларын тыныстың.

Жұттым да ұқтым - мөлдіріне айдынның
Неге ғана қызығарын Ай, Күннің.
Атылғанда әр тамшысы нота боп,
Рахат боп сезілерін жай мұңның.

Ой, ғажап-ай! Өне айдынға қонды кеп
Қос аққу құс!
Иілді аппақ оң білек.
Сұлулықтың сыңсуын-ай, сыңсуын,
Көл бетіне тазалық боп толды леп.

Қанатының суылындай аққудың
Есті демі домбырадан шат будың.
Саусағынан сорғалаған күйшінің
Тамсанамын шырынымен тәтті удың.

Түшіркеніп жұтам мөлдір үлді.
Жаным жайнап тазарды да жуылды.
Талпынамын, алқынамын, ой, Алла-ай!
Таппай жүрген табам ба аппақ қуымды!

Көне аспапта қасиет бар ғаламат,
Көне кезден жеткен бізге ол аманат.
Тамырымда қайнап, тулап, ышқынып
Сол қасиет қан боп кетті аралап.

Сол қасиет киелі аққу құс па екен,
Домбыраға күй боп қалай түсті екен?
Сауылдайды он саусақтың ұшынан
Симай жатқан ыстық сезім ішке кең.

Аппақ қанат ақ армандай, ақ құсым,
Қонайын деп жүрген маған бақысың?
Күй боп туып, күй боп күйіп бір үміт
Күйініш пен сүйінішке батты ішім.

Сыңсыды аққу, сыңсыды күй бөлмеде,
Жарамды іреп, оралды мұң пернеге,
Пендеден мен азамат боп ұрандап,
Сұлқ түсіп қайта айналдым пендеге.

Нені іздедім, нені аңсадым - білмедім.
Есімде тек іштей жылап, күлгенім.
Сыңсуы емес, енді аққудың сұңқылы
Құя салды көкірекке мұң демін.

Жоғалды ма қос аққудың сыңары,
Сұңқыл үнге толды-ау кештің мұнары.
Еніп кеттім дауылына көңілдің
Басылмастан желіктірген құмары.

Нені біліп, кімге нені айтармын.
Аққу әнін,
Аққу мұңын байқар кім.
... Екі ішекті бәйек баяу сызылтып,
Селт еткізіп мені өңіме қайтарды үн.

Есті жидым.
Көзбен тестім күйшіні.
Түсінгенім: бар сезімнің - күй шыңы.
Аялайды жүрегінді уілі,
Аямайды түйсігінді бишігі.

Аққу әлі айналып жүр айдынын.
Аққу сұңқыл - еңіреуі қайғының.
Жұбайыңнан, сыңарыңнан айрылсаң,
Жұбата алмас құдіретің, байлығың.

Қайран ғана он саусақтың қимылы-ай!
Күйші - Тәңір!
Боп кеткен-ді күй - Құдай.
... Аққуды іздеп қойып кеттім айдынға,
Қала берді қала, дала, үй былай.

Күй тоқтады.
Мен арылдым елестен.
Ал аққуым кетер емес тек естен.
Көк айдынның шуылдайды толқыны...
Үңірейген өзегімнен жел ескен...

Ұялаттым, күйді бойға сіңірдім.
Бастауы ол - ойдағы бар күбірдің.
Ризамын кездестірген ағамен
Сол сәтіне мынау жалған ғұмырдың.

Жүрек күпті баяу созған әнімен.
Әлем мықты күйге бөккен сәнімен.
Қондырам деп айдынына көңілдің
Аққуымды іздеп жүрмін әлі мен.

* * *

Өтті жылдар көк сағымы бұлдырап,
Пенде адам боп,
Түзелместен күл бірақ.

Өте берді, кете берді сұм жалған
Ұстатпайтын арманымен құлдырап.

Бірде жетіп, бірде жетпей тілекке,
Жүк түсірдік тілік-жамаулы жүрекке.
Анадайдан ұмтылатын арулар
Жармаспайды бұрынғыдай білекке.

Ертегідей ертеңіне сенсек те,
Жарымадық ден-басы сау генсекке.
Еленбедік жағрафияң дәл келмей,
Операны, романды берсек те.

Тірлік солай бір қалпымен күндегі
Тарта берді сүйретіліп ілгері.
Жылпостарым атақ-даңққа бөленіп,
Босатпады биік-биік мінбені.

Көмей бітеп,
Басып, жаншып дауысты,
Талай кенді Мәскеу тасып, тауысты.
Жерді жаспен сылап, көктен сұраған.
Билігіміз өзімізге ауысты.

Бөркімізді ал атайық аспанға,
Жүрек қаны қуанышпен тасқанда.
Амал нешік, қалдық тағы шаң қауып,
Жылпостарым тағы өңмендеп басты алға.

Азат күнді көреміз деп төбеден
Сенгіш, көнгіш ұлт едік біз не деген.

Төменгіні таз қалпына түсіріп,
Төрдегіні жарылқады егемен.

Бөліп алып,
Еніп алды байлыққа.
Зар ғып қойды баршамызды шайлыққа.
Шиборбайлар одан әрі шілмиіп,
Қоң жамалды қабат-қабат май бұтқа.

Жә, қайтейін оның бәрін қопарып,
Бай байыса,
Кедей көптің шоты арық.
Қисаймайды бір талы да төренің
Тастасаң да талай жерге апарып.

Өтті күндер, төкті күндер жарығын.
Ақын азып,
Семіз болды арығым.
Дыр-дыр қасып бітеу көздер қарынын,
Тентіретті Тәңір сүйген дарынын.

Қаламақы із-түзсіз боп құрыды.
Жоқшылықтың түсті өңешке құрығы.
Министр ғып қонжитқан соң не өнсін
Көмейі апан жемқорлар мен ұрыны.

Өтті күндер,
Жетті айдап кеселін.
Аурухана босатпадық төсегін.
Кешке қарай кең аулада бас қосып,
Сапырушы ек ойдың, қырдың өсегін.

Ойнаушы едік шахматты, дойбыны.
Қашушы еді ондай кезде ой мұңы.
Еркелетіп хал сұраса Нұрағам,
Бар ынтасын ағасына қойды іні.

Кеткен кезде екіндіге күн ауып,
Себелесе тамшысын бұлт жылауық,
Табиғаттың перзентіне айналып,
Отырушы ек үнсіз қалып бірауық.

Басты, шашты су-су болған сілкілеп,
Аға - күйді,
Ал мен көктен жыр тілеп
Шақырушы ек әсерленіп Музаны
Кеудемізде шабыт бұлты күркіреп.

Жетті күндер, дертті күндер тұсаған.
Мен күз болдым.
Ал Нұраға - қыс адам.
Кесел уысы қинағанда қысып ап,
Күрсінүші ек жарылардай құсадан.

Қайран күндер, жайраң күндер кейіндеп,
Дәрі-дәрмек, ем-домға ауып зейін тек,
Ұмытып ек қыз-қырқынның ауылын
Анда-санда барып қайтар сейілдеп.

Денсаулықтың зары, күйі - ерге сын
Болғаннан соң бөліп берер ел несін.
Бірер айға отбасында болып кеп,
Босатпаушы ек аурухана бөлмесін.



Қырауытып жетті бүріп күз демі.
Қайтқан құстың сиреген-ді тізбегі.
Жұбайымның рак басып ішегін
Тағдыр бізді тағы ... тағы тіздеді.

Бір-ақ күнде қайғы бұлтын жамылып,
Бүгінгімнен кешегіні сағынып,
«Тек сол ғана жасай алар!» деуменен
Ал іздейін хирургты сабылып.

Ізгілікті қызғанышпен жарып біз
Күншілдікке тым жақындау халықпыз.
Мықтымыздың мықтылығын көре алмай,
Қаралаумен қараулыққа барыппыз.

Қолдары - алтын,
Кезі - алмас жігітті
Сан тірілткен сөнер деген үмітті,
Шұқып, түртіп,
Қуып шығып ақыры
Бақас тірлік жүн етіпті түбітті.

«Бір табарсың тапсаң содан...» дегенге,
Сеніп іздеп жөнелейін Кегенге,
Орнын сипап қалдым хирург жігіттің
Кеткен екен жаяу, жалғыз төменге...

Қайдан аңдып таба аларсыз ерді сіз,
Жөн-жобасы мекенжайы белгісіз.

Екі-үш күнде күйін кештім пақырдың
Досым түгіл қасыма да бергісіз.

Күз десек те, шуақ мол-тын құйылған.
... Сыбағаңнан құр қалмайсың бұйырған.
Жұмбақ тірлік қиындатып оңайды,
Ал кейде өзі шығарады тұйықтан.

Сырт бергенде жүргендерің «өзім!» деп,
Сатқындықты ауыр екен сезінбек.
Отырғанда өгейлетіп көңілді
Телефоным қоя берді безілдеп.

О, ғаламат!
Босатпашы ерікті.
Аялаумен босатпашы берікті.
Ойдан-қырдан таппай жүрген хирург
Емханаға өзі әлгінде келіпті.

Құстай ұштым өкпемді ұстап қолыма,
«О, Тәңірім! Басташы әділ жолыңа!»
«Баһауддин бәле керден! Құтқаршы,
Жеткізе гөр тілегімді оңына!»

Түскен кезде сақинаға сау басың,
Ұмытасың тірі адамның тәубасын.
Таныстарды танымастай түрменен
Кесіп өттім аурухана ауласын.

Шықты дауыс беседкадан төрдегі:
- Әй, әй тоқта!

Сматаев, кел бері! -

Тоқтау қайда.

Бар арманым - хирург!..

Әу, «Елім-ай!» кел басайық пернені!..

Дауыс қалды.

Қалды білем Нұрағам.

Еленбестен өтініші сұраған.

Науқас буған үні өңешке тығылып,

Қала берді-ау өкініште ірі адам.

Шалса жанды қасіреттің үсігі,

Сындырады оп-оңай-ақ кісіні. .

... Жасалды ота.

Аман қалды жұбайым,

Рак емес, жай боп шығып ісігі.

... Ал, Нұрағам...

Кеше ғана тірі адам,

«Елім-айлап!» тоқтауымды сұраған,

Сол күндерде жылжып кете барыпты-ау

Бұл пәниден бақиына ірі адам.

Дүниеден бір ұлы адам өткенде

Қайғырмайды түк сезбестен көп пенде.

«Су болды - деп - үсті-басым!» ренжір,

Көктен Тәңір жаңбыр-жасын төккенде.

Жатқан сайын палатамда емделіп,

Қиялға еніп кетем мүлде сенделіп:

«Неге сонда бұрылмадым ағаға,
Құлдыратты-ау құрығында пенделік!

Белгілі ғой өкпелетіп алғаным.
Білемін ғой өкпеде шоқ жанғанын.
Тыпырлатып қойған мәнсіз тірліктің
Қашан ғана түсінерміз жалғанын?!»

Мүмкін сонда өкініште сөнді дем...
Сағынып жүр құстар үнін ән кілең.
... Қондыратын айдынына көңілдің
Аққуымды таба алам ба енді мен...

29.04-4.05.2012 ж.



ҒАФУ ХАҚЫНДАҒЫ ЕКІ ӨЛЕҢ



1. Ғафудың монологы

“Таланты тым ірі екен,
Туатын сөзі егіздеп”, -
Деп кепті әлгі Нұрекең,
Мені емес,
Мына сені іздеп.

“Алаштың осы ұл - деген-ді ол, -
Ендігі шығар кырқасы”.
Қазақтан туған кемеңгер,
Оңдасын шалдың Нұртасы.

Мәскеуден сонау сені іздеп
Келмейді текке ұлы адам.
Көктегі Тәңірім негіздеп,
Жаралған мол боп сыбағаң.

Бітпесін талас,
Күресің.
Ешқашан баспа қайтемге.
Мен емес,
Сен ғой кіресің,
Әшімов аға Байкенге.

Шарладың әлден мың тұсты,
Жасын боп мұңды жайша ойып.
Етесің мейман Шыңғысты
Қой емес, семіз тай сойып.

Ашыла берсін қас-қабақ.
Сен үшін, інім, қуанам.



Жүрші енді.
Мықтап ташлап ап,
Иіскейік бір-бір жуадан!

Ұрайық жұмыс енесін.
Сөзді қой, таста!
Жуасың!
Кептірме ағаң өңешін,
Бөшкенің құймай сырасын.

Тесік пе қалтаң?
Қиналма!
Дарынды қарын бүктеген.
Жеңілер ақын финалда,
Жазғанмен кейде мықты өлең.

Тағдырға күйіп-піс мейлі.
Жазылған біздің маңдайға.
Қалтаға ақша түспейді,
Қонғанмен бұлбұл таңдайға.

Қарнымыз кейде ашқанмен,
Көңліміз біздің бай, інім!
Жүреміз ұшып аспанмен,
Мықтының мінбей қайығын.

Мықтыны күндеп қайтеміз
Солардан біздің бақ артық!
Жанымыз жайсаң.
Бай-теңіз
Қараны жүрген ағартып!

Заңғарға сөзбен қалықтар,
Жауласақ елдің жүрегін.
Ұмытпас ертең халық бар
Тықса да көрге
Мың өлім.

Ойпырмай,
мүлде қызынып,
Кеттім бе соғып пәлсафа.
Келіндей ғана сызылып,
Күлесің маған сен, Софы, ә!..

Ықыласы ауған өзіңе,
Басқа ағадан мен кем бе ем.
Он сом бар!
Осы кезіме
Жасырған Бәдеш жеңгеңнен.

Мә, ұста!
Деме қиналам.
Мен - бүгін сенің қонағың!
Ағаны іні сыйлаған
Ұмытпа заңын даланың.

Несіне тізгін іркейік,
Ішейік бүгін өкіртіп.
Айға да құрық сілтейік,
Аспанға Жерді секіртіп!..

Бұлданба, бала!
Бұлданба.

Тапқандай көктің тірегін.
Бастығың айтып тұрғанда,
Тыңдамайтындай кім едің!..

2 . Ғафудың ашуы мен басуы

Шығысынан сібірледі таңсәрі.
Таңсәрінің тәтті ұйқы ғой - аңсары.
Баж-баж еткен телефонмен бұзылды
Таңсәріде уылжыған таң сәні.

Жұмағымда тербетіп ед бір ағын,
Дір еттім де,
жұмағымнан құладым.
Баж-баж еткен трубкаға тығылып,
Едірейіп шыға келді құлағым.

Араласып жер мен көктің бар үні,
Сағым қуды сардаланың сарыны!
Сөйлеп кетті:
- “Неге ұйықтап жатырсың,
Жарылғанда ақ түйенің қарыны?

Білігің жоқ хал-жағдайды сұраған,
Мемлекеттік сыйлық алды бұл ағаң!
Есектерге есем кетіп жүруші ем,
Қайтты бүгін еселеніп сыбағам.”

Тағы оянды тарғыл үндер тырналап,
Шыны үстінде сызғышқа ұқсап, сырғанап!
Екі құлақ - екі антенна

Қалқайып,
Дыбыстардың дүбіріне тұр қарап.

Тіл шешілді:
- “Жылқы керек союға!
Арақ!
Шарап!
Ішуге де, қоюға!
Бол,бол, ойбай!
Жата бермей, тез жет! Тез!
Машинаңды безілдет те!
Сойылда!”

- “Кім екен бұл!”
- “Ой, сен өзің!
Ғафумын!!
Доғар дереу бар нормасын жатудың!”
Әй, қинады-ау!..
Аға көңілін таппасам,
Батып қалар төбедегі тату күн.

- “Құттықтаймын!
Бәрі сіздің пейліңіз!..
Правасыз - нарушитель дейді біз...
Правам жоқ, кілтін берем.
“ВАЗымды”
Басы бүтін алсаңыз да, мейліңіз”.

- “Не дейсің, ей! Шіміркпестен шырайың,
Құдай қылған сені ме еді Құдайым!
Мына менің!..

Сен тілімді қайтарсаң,
Сол “ВАЗыңның” дөңгелегін ұрайын!”

Кетті дейсің тулап, мөңкіп,
шалқайып.
Жетті маған жеті жерлеу, алты айып.
Қос құлағым қос тоқым боп жалбырап,
Қос есек боп шыға берді қалқайып.

* * *

Кіріп-шықтым өзгелермен.
Көрмеді.
Қолымды алды.
Өңін бірақ бермеді.
Төрт тараптан іздеушілер көбейіп,
Жүріп тұрған Ғафекеңнің пәрмені.

Жылжып күндер,
арада бір ай өтті.
Бозғыл таңды боз қыраулы сай өпті.
Таңсәрі еді.
Аңсары еді - тәтті ұйқы,
Ағызатын ауыздардан мәйекті.

Жүн жүйкеңді жұқартқанда төзім көп,
Қайран ұйқы - жұмақ болып сезілмек.
Сол жұмақтан жұлып алып тағы да,
Қоя берді сұр телефон безілдеп.

Дүниенің дүбірінің барлығын,
Дауыстардың тарландарын,

тарғылын,
Бір тірілтіп,
бір жоғалтып трубка
Кенет бірден сөйлеп кетті қарлығып:

- “Әй, сен өзің!..
Білемісің өзіңді?
Тоқта деймін!
Бөлме менің сөзімді.
Түні бойы кітабыңды оқыдым,
Бір ілгем жоқ кірпігімді,
көзімді!

Тіфә, тіфә! Тілім тасқа!
Данасың!
Сен... сен әлі-ақ Жер мен Көкті аласың.
Бол, бол енді!
Тез жет маған!
ішеміз!
Мен - ағаңмын!
Сен - інімсің.
Баласың!”

Әр сөзінен таң сәулесі енеді.
Дүние неткен ыстық еді,
кең еді!
Сылап, сипап қайран Ғафаң жанымды,
Жұмағыма қайта оралтып,
бөледі.



ҚЫЗЫҒУ МЕН ҚЫЗҒАНУ

Шыңғыс Айтматовқа



Онда бұдан жұлдыздар да ірі еді.
Тахауи да,
Қалтай аға тірі еді.
Бәрі есімде...
Ағалардың алдында.
Дірілдейтін жас перілер жүрегі.

Қасиеті Жұмыр Жерге сыймаған
Жазушы еді-ау -
Сол кезде ең сыйлы адам.
...Алматыда өтіп жатты форумы
Азия мен Африкадан жинаған.

Қаламгердің қара,
Ағы,
Сарысы.
Беделдісі,
Жасы менен кәрісі
Қазақ жерін жаулап алды тура он күн
Адамзаттың ары,
Ойы,
Намысы!

Көлік жағын мен басқарам:
“Кел де мін!”
Зыр жүгірдім
Келмесін деп елге мін.
Штабымнан жиі Одаққа келгемін
Әуесқоймын.
Мен де өзгедей пендемін.

Араласқан
О, құдайым, мың кісі!

Ағылшыны,
Орыс,
Неміс,
Үндісі.
Аң-таң қалып кең фойеде тұр едім,
Жетіп келді Төреғұлдың Шыңғысы.

- Сматтаев! - деді түсі жылына.
Тіл күрмелер кездескенде ұлыға.
Есім шығып,
Қарай бердім жалтақтап,
Қасымдағы Нұрғалидың ұлына.

Керемет қой сайрап кетсе тіл-дана.
- Иә, Шықа!
Сматтаев - бұл бала!-
Деді Рекең.
Апыл-құпыл қол созды,
Қол жетпейтін мынау биік тұлғаға.

Табынуға қолдар қандай оңтайлы,
Шықаң - мығым.
Сәл артына шалқайды.
- Әй, қазақтар!-
Көз қиығы шарпыды
Әбдіжәміл,
Тахауи
hәм Қалтайды.

- «Бұл қазақтар неге қалып айтады?» -
Ыңыранды.
Басын әнтек шайқады.
Үш қазақтың үш қимылы білінді -

Бүгілуі,
Шалқақтауы,
Қайқаңы.

- Жүргін! - деді.
Иығымнан ұстады.
Сәл сезілді саусақтардың қысқаны.
Әлі есімде...
Жүрек-бүркіт саңқ етіп,
Тар кеудемнен көк аспанға ұшқаны.

Қара көздер,
Шегір көздер,
Көк көздер.
Күншіл көздер,
Жебір көздер,
Көп көздер
Ту сыртымнан қадап жатты оқтарын
Аямастан нысанаға дөп көздеп.

Асып-тасып,
Мың ысыдым,
Мың қыздым.
Туғандай бір қарсы алдымнан жұлдыз, Күн.
“Менен артық бар ма Әлемде қаламгер
Ертіп кетсе Айтматовы қырғыздың!”

Қос қолтықтан қанат өсіп,
Күш бітті.
Жамай салдым теріскейге түстікті.
Қақпа алдында соңымыздан ере алмай,
Қала берді томсырайып үш мықты.

Скверге ендік.
Келдік,
Жайғастық.
Әңгімеміз жарасты да,
Ойды аштық.
Оны көріп есі шыға қуанып,
Мені көріп ежірейді кей бастық.

Атамекен - киесі ғой ұл-қыздың.
("Елім-айлап" елдің көңлін бұрғыздым).
"Елім-айды" біраз мақтап,
Сұрады ол:
- "Қырық балтасын" қайдан таптың қырғыздың?

Гимні ғой сол бір жоқтау халқымның,
Көктен,
Жерден іздеп соны шарқ ұрдым.
Сен еліңді "Елім-айлап" жырласаң,
Болады ғой қасиеттісі әркімнің.

Айтшы маған "Қырық балтаның" дерегін,-
Мені ақтарып,
Біліп алды керегін.
Содан кейін маңғаз ғана қозғалды
Қоқиқаздай жұтып алған қорегін.

Жалт бұрылды:
-Мен оларды сынағам.
Сен туралы әлгі үшеуден сұрағам.
Шын мықтыны қызғанатын көп қой, көп.
Қызғаныштан мол болады-ау сыбағаң.

Бек ұнатып «Ұлтым!» деген сөзіңді,
«Тауып бер!» деп іздегенмін өзіңді.

«Иссапарға кеткен» деген Тахауи
Қалып айтқан бадырайтып көзімді.

Әбдіжәміл: «Естімеген... білмеген».
Қалтай көкең көзіне елеп, ілмеген.
Ал Тахауи біраз сені мақтап ап,
«Ақсап жатыр сол балада тіл» деген.

Сезгем сені білетінін солардың...
Таптым, інім, сенен енді чоң Арғын.
Әй, бәрібір, қалып айтса достарым,
Кеуіліме сұп-суық боп қонар мұң. -

Сәл күрсінді ішін тарта солықтап,
Алақаны иығыма қонып қап.
Мен марқайдым төбем көкке тигендей
Шынымен-ақ «чоң Арғыны» болып қап.

- Қайран қазақ, күншілдігің ғаламат!
Қаның ойнар бақастық боп аралап.
Бабаларың өр рухы кешегі -
Болмап па еді кісілікке аманат.

Қалай, қайтіп қалғансыңдар адасып?
Бір бірінді мақтамайсың жақ ашып...
Озса біреу...
Талайсыңдар әлгіні
Кететіндей өзгелерден бағы асып.

Әй, қиын-ау тірліктерің ендігі,
Тарылған соң ер жүректің кеңдігі.
Әріптесін көре алмауы қызғанып -
Қаламгердің қасиетсіз ең міні.



Оу, інішек,
Болар ауыр тағдырың.
Басар талай кеуденді шер,
Жанды ірің.
Мойыма тек.
«Елім-айлап» ұмтылып,
Бұр халқыңа шапағатты таң нұрын. -

Құшағына қысып алды қаусырып.
Мен қызыңдым.
Тарта берді тау сұлық.
Айта алмастан алғысымды...
Шұлғыдым,
Ыстық демім шыға бере таусылып...

- “Елім-айды” жазған сендей көкенің,
Қиын болар аттап кетсем мекенін.
Қой соям деп әуре болма,
Қазағым!
Шай ғана ішем.
Қажеті жоқ шекенің. -

Иықтасып қайта Одаққа оралдық,
Адалдыққа жолатпастай арамдық.
Мен дедектеп,
Қарыз сұрап жүгірдім.
Жарасар ма мәрт қазаққа сараңдық.

Қонақ сыйлап,
Салт сақтаған текті елім.
Ой сауған мен
Қой соймасам неткенім.
Құр шайменен чоң Шыңғысты жіберсем,
Бабалардың тоздырам ғой жеткенін.

Қой соямын,
Бас тартамын алдына!
Таңдады ғой балап мені жалдыға.
Бермеді ме уәлі ауыз
Бағамды
Жарқ еткізіп «чоң Арғын!» деп қалды да.

... Кедейлік-ай!
Түбін тескен қалтаның,
Көбейтетін сығыр көздің жалтағын.
Сынап, сыбап сын сағатта оп-оңай
Қара шаштың ағартатын әр талын.

Кедейлікке жігітпін ғой,
Көнем бе.
Қан ойнайды нақ қазақтық денемде.
Қарыз алып тай соям да,
Той жасап,
Мәрт алашты танытамын мен Ерге!..

...Үлкендерге жайып қолды «Ағалап!»
Құрдастарды санап шықтым жағалап.
Бір-ақ сәтте көлден шөл боп қаңсыды,
Құнсыздықпен өз құндарын бағалап.

Өң берсін бе мені онымен көргендер -
Тазалықты жылы жауып көмгендер.
Қарыз емес,
Қарғыс қана бергендер.
Жазушымын десе,
Ешқашан сенбеңдер!
Қосылғанын көре алмаса Ер мен де ер,
Жазылмас-ау жүректегі зар мен шер!

9-10.08.03



БІР ШАТАҚТЫҢ СЫРЫ

Мұқағали, Асқар хақында



Бұзғандай боп батаны,
Жұлғандай боп жас талды.
Екеуінің шатағы
Шахматтан басталды.

* * *

Екеуі де ұлы еді
Екеуі де ер еді.
Бір заманның түлегі,
Бір дәуірдің өрені.

Мықтылары ұлтының,
Түктілері жүректің.
Бір білгіші жылқының
Нақ атпазы түлектің.

Жаулап алып сені тік
Шапшып тау мен тастағы үн,
Ынтықтырып, елітіп
Көсілетін Асқарым.

Есіп, шалқып
Біздерді
Тұлпарларға мінгізіп,
Шұбыртатын іздерді
Түн қойнынан күнді үзіп.

Шұлғытатын даланы
Күй туғызып дүбірден.
Оянатын таң әні
Тұяқ салған мың үннен.

Шаңды аспанға шапшытып,
Өрілетін мұнара.

Сорып Айдың ақ сүтін
Керілетін мұнара.

Арғымақтың үстінде
Екі езуден бу құлап,
Жеткізбестен ешкімге
Көз ұшында бұлдырап,

Аппақ ардай - ақ жейде
Ақ қанат боп жайылып,
Ақ періште - нақ бейне
Бар күнәдан айығып,

Бастап бізді ғарышқа
Ілестіріп жүр-жүрлеп,
Белгісізге,
Алысқа
Енгізердей бір-бірлеп,

Тартпастан тізгінді,
Ірікпестен ат басын,
Ұстардай ғып біз күнді
Үміт отын жаққасын,

Қиқуласып қосылып,
Бассақ тасып
Кеу-кеуге,
Қасы сасып,
Досы ұғып,
Ашынушы ед жау кеуде.

Ашылушы ед ғаламат
Бір жұмақтың есігі.

Бойды шаттық аралап,
Тербететін бесігі.

Табатынбыз мақсатты,
Алатынбыз Айды ұстап.
Шығаратын жақсы атты
Қонып солай байғұс бақ.

Мұқаң сонда алатын
Құшағына Асқарын.
Мәңгілік боп қалатын
Сол сәттегі
Қасқағым!

* * *

Ашып енді жыр кешін
Есілетін мақпал үн.
Оралғандай бір десің
Тауып жанның тәтті әнін.

Еріп кетіп мұңға сан
Ұнатпасты ұнатқан,
Тұшынасың тыңдасаң,
Су ішкендей бұлақтан.

Көңіл көкке жететін
Көмейден жыр төгіліп.
Сондай кезде кететін
Қабырғамыз сөгіліп.

Бір тәттіге тамсанып,
Дем алмастай тұншығып,
Алушы еді-ау баршаның
Кеуделерін мұң сығып.

Отырушы ек бір күлмей,
Жапақ-жапақ жасқанып.
Кетуші еді білдірмей
Жүректерге жас тамып.

Оралушы ек өткенге,
Сәбиі боп ананың.
Жетуші едік көк белге
Исін аңсап даланың.

Желегіндей қалқаның
Орап алып сағымын,
Атқызардай әр таңын
Тұяғында тағының.

Күй құтырып қиянда
Көкке көбік шашқанда,
Ерттеп мініп қиялға
Асығушы ек аспанға.

Жанды уыстап жыр немең
Тәнді ілгері сүйрелеп,
Босағандай түрмеден
Ұмтыласың кимелеп.

Ұмтыласың түк ұқпай
Бір үмітке алдағы.
Көкейіңде ұмытпай
Бір әуеннің қалды әні.

Шамырқанған денеден
Бар-жоғыңды ұға алмай,
Көмейдегі «неменең»
Бұлқынады шыға алмай.

Бұлқынады іштегің,
Жұлқынады бір дәмең,
Ауысқандай түске өңің,
Табысқандай бірдемең.

Ұзап кетіп тым, тым, тым
Өзектегі өзіңнен,
Санасасың сұрғылтым
Санаңдағы сезіммен.

Бей-берекет безесің,
Тынышыңнан безілдеп.
Өзгеруді сезесің,
«Өзгермеген өзім!» деп.

Өкінген,
Сэл ұялған
Шым-шытырық түрменен,
Бауыр басқан ұяңнан
Кеттің ұшып жырменен.

Ауып,
Аунап жырақта
Ес-түсіңді ұлытып,
Қамаласың сұраққа
Бойдағы ойды ұмытып.

Қайдағы мен жайдағы
Тұс-тұсыңнан қамалап,
Сазды сөздің сайраны
Сансыратып сананы ап,

Ілестіріп бір ағын
Домалата ағызып,

Өлең емген құлағың
Кеудеңе бал тамызып,

Жеткеніңді білдірмей
Қарлы қыстан көктемге,
Күлдір-күлдір,
Күлдірлей
Күн шуағын төккенде,

Жер мен көктің арасы
Жамалғандай көрініп,
Қара көздің шарасы
Сырын аша төгіліп,

Бота болып ойнақтап
Асыр салған көңілің,
Әлденені айғақтап,
Секіртсе де сені үнің,

Қуанасың күрсініп,
Еніп кетіп тылсымға.
Бір түзеліп,
Бір сынып,
Шыдайтындай мың сынға,

Аспан астын,
Жер үстін
Мекендеген халықпен,
Келгендей тек келіскің
Алқынасың алып дем.

Қауышасың мінезбен
Келе жатқан ескіден.

Боп кеткендей ілезде,
Адам біткен дос кілең.

Тазарғандай болып қап,
Жуып жанның күнәсін,
Содан кейін солықтап
Тыйыласың,
Тынасың.

Жыр өрбіткен еріннің
Сөгілмейді көбесі...
... Шемендеткен шеріңнің
Жұтылады «негесі».

Қайта оралып бөлмеге
Отырасың ес жиып.
Айналасың пендеге
Қамап алып ескі ұйық.

Ескі ұйықтың тұйығы
Басар мүжіп еңсеңді.
Күйкіліктің күйігі
Болып кетер белсеңді.

Ести алмай күй үнін
Әлгі әсерлі өлеңнің,
Аласарып биігің
Тірелгені-ай төбеңнің.

Отырасың мәңгіріп
Әлем бөлек,
Сен бөлек.
Әлгіндегі мәңгілік
Кетіп қапты-ау дөңгелеп...

Аға-інілі екеу-тін,
Екеуі де - ірі еді.
Мағыналы екеу-тін
Ел деп соққан жүрегі.

Жылардай боп күлетін
Күлкісі бітер күрсініп.
Аспанға күнді ілетін
Тоқтамайтын тіршілік.

Тоқтамайтын тіршілік
Тырбаңынан талмайтын.
Іштен сын мен
Жыр шығып,
Мұңлы әлемге жалғайтын.

Сұм тырнағын сол әлем
Жібергенде батырып,
Құтылады пәледен
Сыр мен мұңды сапырып.

Мұңлы әлемге жалғаған
Кертіп,
Шертіп тірлікті.
Шерленетін арлы адам.
Жасағандай ұрлықты.

Ұрлық емей немене,
Айта алмаса әрнені.
Енбей жатса келеге
Келмей өмір өрнегі.

Тызылдаған ішінің
Ұқпаса жұрт ызасын.
Қайтіп мәңгүрт кісінің
Марғаулығын бұзасың.

Бұзғызбайды қатарын
Әділ, адал сөзге ермей.
Батқан күннің атарын
Сезбесе де өзгермей.

«Өзім!» деумен өзгенің
Ермеуіне өкпелеп,
Қондыратын көзге мұң
Бола қалып бөп-бөлек.

Бөлек еді-ау екеуі,
Бөлек еді-ау басқадан.
Ақыл, ойдың өтеуін
Қайдан білсін қас надан.

Бөлектейтін бөлекті
Бөлек ғұмыр баршадан.
Ашына айтып «керекті»
Тыныштықты жарса адам!

Өзінің
һәм өзгенің
Іздеуменен бағытын,
Орнатып ап өзге Күн
Шақырды олар шабытын.

Елеңдетті
Оянбай

Жатқан соқыр, кереңді.
Төбелерін оярдай
Шақырайды
Төр енді.

Керек емес төрге ондай
Бөлек тілді бөлек үн.
«Өздері би болғандай
Сыртқа салған көнегін».

Шеттетеді қауымнан,
Шығарады одақтан.
Сипамайды сауырдан,
Айырады мадақтан.

Қалтақтасын,
Қаңғырсын -
Кітаптарын баспайды.
Болып сонсоң
Мәңгірсін
Байтал түгіл бас қайғы.

Бөлектеді шеттетіп,
Иелерін ақылдың.
Қиянатпен беттетіп,
Бәсін ұқпай батылдың.

«Жетем - деумен - түбіне,
Жыртam - деумен - жағасын!»
Сол екеудің үкімет
Асқақтатты бағасын.

* * *

Бірі - жарау сәйгүлік,
Бірі - нағыз нар еді!
Екеуін де сай қылып,
Бір бекзаттық бар еді.

Керемет-ау киелік -
Тәңірі берген тілхаттай.
Бір-біріне сүйеніп,
Отыратын тіл қатпай.

Қадір тұтса ол
Ағаны.
Аға сыйлап
Ініні.
Аумай жерден табаны
Отыратын табжылмай
Қазақтың қос құлыны!

Кеңір Аға тынысы,
Насыбайын жиі атып.
Назданатын Інісі
Көк түтінін шұбатып.

Қозданатын ақ шабыт,
Қозғалатын нөсер жыр.
Текіректеп ат шауып,
Көкіректе өсер сыр!

Шарпысатын қас-қабақ,
Табысатын тіл-көмей.
Көз қиығын тастап-ақ,
Ұғысатын үндемей.



Өзгелерге байқалмас
Тылсым сырды кешетін.
Ешкім түстеп айта алмас,
Ойлар биік көшетін.

Сол бір сәттің өтеуі -
Көз жіберсең,
Елеп көп.
Қоюшы еді-ау екеуін
Басқалардан бөлектеп

* * *

Шуақ күннің жатағы -
Бұлт торлады аспанды.
Екеуінің шатағы
Шахматтан басталды.

Идиллия осынау
Аяқ асты бұзылды.
Қиын болар шошымау -
Ұғыныстық үзілді!

Екеуара дау туды
Әлегімен бір тастың.
Кернеп кетті ауқымды
Тар бөлмені
Бір тасқын.

Көктегі күн түнерді,
Бұлт бүркеді аспанды.
...Жақтан тартып жіберді
Мұқағали Асқарды!..

“Әй, Ағасы!..”
Есті іні

Үзе алмады ноқтаны.
Кілт өзгеріп кескіні.
Аға тынды.
Тоқтады.

Қабак сезіп,
Қас байқап,
Оянды ма ар кешіккен?
Ақын аға бас шайқап,
Шығып кетті есіктен.

Барға,
Залға жүгірдік
Арда болмай ісіміз.
Сан құлақты ығыр ғып,
Әй, босады-ау ішіміз!..

“Албан шалдың түйесі
Ұрды деп көк ісекті!..”
Өзгертіп сөз жүйесін
Гулеттік кеп өсекті!

* * *

Ертеңінде-ақ шие ғып,
Байланды ғой тіл-көмей.
...Отырды екеу сүйеніп,
Иықтасып үндемей.

Бірі - жарау күлік-тін,
Бірі-нағыз нар еді.
Екеуінде біліктің,
Бекзаттығы бар еді.

12-13.08.03



КӨРШІМ ЕДІ ОЛ

Шәмигізе



1

Шәмші бізбен,
Біз Шәмшімен көршіміз.
Туыстан да абзал кейде көршіңіз.
Қазақпыз ғой сыбағасы сақталған,
Бөлінбеген және ешқашан еншіміз.

Көрші болу хикаясы қызық-ты...
Жалғай алмай жүрген кез ед үзікті.
Әлде Тәңір,
Әлде тағдыр оң қарап,
Пәтершілер санатына тізіпті.

Ойда жоқта қойған бізді жарытып,
Асыл адам -
Әди аға Шәріпов!
Үйсіздіктің,
Күйсіздіктің күні өшіп,
Бірақ сәтте болмай қалды бәрі түк.

Пәтер алдық біреу емес,
Төрт адам.
Құшағы - күн,
Демі - жалын,
Өрт адам.
Төртеумізді бір қуаныш билеп ап,
Кеудемізде шалқып жатты ортақ ән.

Ордер тиіп,
Тіпті өрледі әніміз.
Қан жүгіріп,
Кірді өңге сәніміз.

Бір-ақ күнде опыр-топыр жиналып,
Бір-ақ күнде көшіп алдық бәріміз.

Іргелерін бұрынғыдан тақап тым,
Көршім болған Оразбек пен Ахат-тын.
Және бірі Айбергенов отбасы.
Буып тұрған шілде аптабы,
Қақап күн.

Аңқа кеуіп,
Тілеп көктен тамшыны,
Сорғалап тер тұлабойды малшыды.
Үрнисаға көмектесіп,
Жүк тасып,
Көрдім сонда дедектеген Шәмшіні.

“Қайран дос-ай!” -
Дедім іштей қуанып.
“Достық бар да қалмас ғұмыр суалып.
Жүр ғой Шәмші Төлегенді жоқтатпай,
Қарлығаш боп,
Достық гүлін суарып”.

Төрт қаламгер шаңырағын көтерді.
Билегендей жеті Әлемді,
Жеті елді.
Бірін-бірі шақыруы басталды,
Жақындатпай бөгделер мен бөтенді.

Ұмытылып дәл кешегі мың қайғы.
Ай мен Күн де саған ғана ымдайды.

Көкіректе көрік те бар,
Желік бар
Адам түгіл Тәңірге көз бұрмайды.

Тойшыл көңіл оңайлықпен іри ме,
Өтіп жатты бір үйден соң бір үйде.
Әлем той боп жатқан кезде,
Апырай,
Қадалғандай болды өкпеге бір ине.

“Өз отауым - Ұрымым мен Қырым!” деп
Отырғанбыз бұрынғыдай дүрілдеп.
Дастарқанын жайған сол күн Үрниса
“Сөйле, Шәке!” деді даусы дірілдеп.

Тұрымтайдай дүр сілкініп Шәмші аға,
Үрнисаға қарап алды тамсана.
Содан кейін сүзіп өтті біздерді:
“Әу, ағайын! Тілек айтам баршаңа!

Болсадағы бұл сөзімде тосындық
Біз Үрниса екеуіміз қосылдық.
Үшеуіңнен артық ешкім табылма-ас,
Бер батаңды!
Адал қарап, осымды ұқ!”

Тастай салды бар салмақты тосын ғып.
Үрей басып,
Тіл байланды.

О, сұмдық!
Алмасты ма қасіретке қасиет?
Тойға келіп,
Ойға батып, шошындық.

Халімізді көрді ол,
Сезді,
Түсінді.
Түсінді де сабамызға түсірді.
“Ой, мы-ырзалар!
Семьясын досымның,
Ба-ақсам деп ем аямаста-ан күшімді...”

Мына уәжге қарысқанда не дейік.
Тағдыр шешсе,
Оны қалай жеңейік.
Әке, шеше ортасында Дәурен ұл
Шат күлгенде,
Кетті дүние кеңейіп.

Дәурен үшін, дәурені үшін қуандық.
Сол дәрменге саусақ созып, уандық.
“Адалы ғой, адамы ғой Шәмші аға
Кеудесінен таптас - дедік - жуандық”.

Тұрса-дағы әр көңілде бір ілгек,
Жалғастырдық тойымызды дүрілдеп.
...Бір кірпікте мөлдіреген бір тамшы
Ып-ыстық боп тұрып қап ед дірілдеп.

Кеш батады.
Таң атады,
Күн шығып.
Өтіп жатты өз заңымен тіршілік.
Шабыт кейде тау суындай жөңкіді,
Кейде тынды дымы құрып,
Тұншығып.

Тәңір жазса жазушылық маңдайға,
Пенде шіркін басқа тірлік таңдай ма.
Кететінбіз кейде барды жағалап,
Тастап алып ащысуды таңдайға.

Жететінбіз кешке “ауылға” жорғалап,
Кейде тиіп,
Кейде тимей оң қабақ.
Тұла бойдан тер мен сорың сорғалап,
Әр сылтауды бір айтумен қорғалап,
Мүсәпір күй кешуші едік,
Сор қамап.

Қиғаш келіп әр нәрсенің жөніне,
Арындаушы ек,
Дарылдаушы ек көбіне.
Жолбарыс боп жотамызды дүрдитіп,
Арыстанның енуші едік кебіне.

Қойшы, әйтеуір,
Бәрін бастан өткердік.

Алғысты да,
Қарғысты да жеп көрдік.
Біреулерге Ай, жұлдыз боп жарқырап,
Біреулермен жіктелдік те,
Септелдік.

Жүрдік теріп ырзық пенен несіпті,
Жамап-жасқап жыртық пенен тесікті.
Әдетінен Шәкең ешбір жазбайтын
Кейде ертерек қағатынын есікті.

“Бас жазайық!”
Үнсіз көзі күлетін.
Көңілінің қалмайтынын білетін.
Баса-көктеп кірген емес,
Төрге озып,
Бұзған емес кісіліктің ретін.

Кішіліктен,
Кісіліктен аспайтын.
Өзгермейтін,
Төсін ұрып, таспайтын.
Керек жерде және ешкімнен жасқанбай,
Айтатынын айтып,
Ашып тастайтын!

Сыздықтатып күрең торы сыраңды,
Көп ұшырдық қиял дейтін қыранды.
Менен қанша текст сұрап алса да,
Шәмші екеуміз туғызбадық бір әнді.

Жылжып ақпай “шабыт” атты өзені.
Шәмші ағаның жазбай жүрген кезі еді.
Тоқпақтап қап күйсандықты ыза боп,
Ауыратын өксік толы өзегі.

Сол өксігі алқымға кеп тығылып,
Тар кеудесін төмпештейтін жұдырық.
“Туған жердің тәбәрік қой ауасы,
Қайтайықшы Қызылқұмда қыдырып!..”

Қызылқұмға түспей қойды жолымыз.
Қиыр-шиыр,
Күйкілікке толып із.
Киіз үйдің көк түтінін жұта алмай,
Арман етіп алғандай ек оны біз...

3

Осы өкініш сазгер жанды жүдетті.
Арық, семіз жылжып бірер жыл өтті.
Маусым айы.
Кенет сырттан Шәкеңнің
Даусы естіліп,
Дір еткізді жүректі:

“Оу, Софыжан!”
Жетті дауыс әр тонда.
Ұшып тұрып,
Атып шықтым балконға.
Шәкем менің қарап тұрды шалқайып,
Кесе толы ыстық шайы бар қолда.

Жүзінен сәл сызды мұңның лебі ескен.
Есен-саулық,

Бала-шаға деместен
Сөйлеп кетті:
“Өтінемін, түсші тез!
Сенсіз шайым өтер емес өңештен”.

Жалаңаяқ,
Мәйке жапқан сымды аппақ.
(Мен емес қой жақсы ағаға сын тақпақ.)
Кідірместен төмен түстім.
Жайғастық.
Дастарқанның шетіне біз шынтақтап.

Үнсіз ғана үнді шайы ішілді.
Үрниса отыр сақтап салқын пішінді.
Бірер мәрте қарап өтіп жеңгеме,
Жүрек құрғыр болжап бәрін түсінді.

“Иә, Шәке?!
Бүкпей сырды ашыңыз...”
“Қы-ы-зық жұртпыз, Софы шырақ, осы біз.
Кекірігің азған кезде дәм беріп,
Көрмейміз-ау ауған кезде қосымыз.

Іші мынау көп сыймайтын кесемнің.
“Екі есе көп құй осыған!” десем - мін.
Мөлшерімнен асып-төгіп Димекен
Үй берді ғой көшесінен көсемнің.

Жасқаншық қып өсірсе де жасымда,
Мен бүгінде тік қараймын жасынға.
Сол пәтерге тіркепті а-анау қос ұлды,
Қарсы айтам ба Димекендей асылға.

Үрнисаммен қосып едім тағдырды,
Уысына қысып тірлік,
Дал қылды.
Сен үшеуің бізге бата беріп ең,
Енді өзің көрсет жүрер даңғылды”.

Ендіккендей демі үзіліп,
Күрсінді.
Мен құрыстым.
Жүрек шаншып,
Тіл сынды.
Адам - жұмбақ,
Құпиясы қат-қабат.
Кім табылар шешер осы тылсымды.

Билеп апты Үрнисаны сонша мұң,
Басқа жүздер жүдемейді онша тым.
...Көріп қалдым дәл сондағы кірпіктен
Қуаныштың дірілдеген моншағын...

Сол-ақ екен тәуекелге бекіндім,
Болмайды деп кейін-кейін өкінгім.
“Әркімнің-ақ өз әкесі өзіне,
Жол болсын!” деп кәдімгідей өтілдім.

Сөйтіп біздер көршіліктен тиылдық.
Болған бәрі:
Жақсылық та қиындық.
Кеуделерде ұйып қалды сыйластық,
Жібермедік өзгелердей құйын ғып.



АЗАМАТТЫҢ БАР МЕН ЖОҒЫН СЫНАР БАҚ

Әбіш Кекілбаев хақында



Онда бұдан көк аспан да биік-тін.
Нұр шуағын құятын-ды иіп Күн.
Томпаңдаған қозысына қол созып,
Мөлдірейтін,
Елжірейтін сүйіктім.

Төнбесін деп,
Келмесін деп ерге сын,
Кең етуші ед орыстың тар бөлмесін.
Жары әкелсе жалғыз-жарым теңгесін,
Жадырайтын,
Қаламайтын өңгесін.

Іздемейтін,
Елемейтін басқаны.
Күлкісімен асқақтайтын аспаны.
Бар тілегі:
Көру ылғи биіктен
Қасындағы мына мендей қасқаны.

Жету үшін бірінші боп көмбеге,
Ұмтылмайын онда ілгері мен неге.
Жаратқанға жалынушы ем кей-кейде:
«Ісім түсіп көрмесін - деп - пендеге!»

«Не тапсам да,
Өзім ғана табам! - деп, -
Жұлдызымды көктегі өзім жағам - деп, -
Өзгелердің қолдауынсыз күлпырып,
Асқақтайды еңбегіммен бағам тек».

Осы тілек - өмірінің тірегі.
Арамдықты жолатпаған бір елі.
Жүріп жатты жорғалатып қаламын
Болашақтың үздік шығар түлегі.

Екі-ақ аттам есік пен төр арасы,
Ақ сарайы ол - Софының,
һәм панасы.
Төгілетін таң сәріде қаламнан
Дүниенің ағы менен қарасы.

Ілінетін қасқағымдай кірпігі,
Асықтырып бір күнінен бір күні.
Қабағына мұң оралып кей күні,
Қымтап жауып тастай-тұғын күлкіні.

Өткеніне үңгіп сүңгіп елінің,
Естісем деп елегзитін жел үнін,
Кешегіні жеткізсем деп ертеңге
Ерте ұмытқан жастықтың наз желігін.

Армандаумен ертегідей ертеңін,
Баяғының шиырлайтын өртеңін.
Арулардың егіліп ап зарымен
Ардақтайтын асып туған еркегін.

Сол еркекті көрсем деумен бүгіннен,
Өткені мен кеткеніне үңілген.
Асып-тасып кей ағасын құрметтеп,
Күйкі тірлік көп пендеден түңілген.

Түңіліп ап тірілердің ісінен,
Сыйынатын аруақтарға ішінен.
Аязынан баяғының жылынып,
Аптабында бүгінгінің үсіген.

Бір тіксініп,
Бір күрсініп,
Бір күліп,
Бірде күдік,
Бірде жеңіп жүрді үміт.
Ағалардың жағасынан қар жауып,
Ызалы өксік өзегінен тұрды ұлып.

Ыңғай таппай замандастан кектенген,
Ізгілікті кездестірді өткеннен.
Қайран қазақ қанша сахи болсаң да,
Бақастықта ашылады-ау бетпердең.

Көп мінезден адалдықты қашырған
Шошынған да,
Жан түршіге ашынған.
Сүңгіп кеткен мөлдіріне тарихтың,
Безінгенде жиырмасыншы ғасырдан.

Қондырам деп ұясына өткенді,
Тірілтем деп ерте үзілген кекті ерді,
Қаламымен қашап жасап,
Орнатты
Кешегіден бүгінгіге өткелді.

Мұқалтпайтын қайран жастық желігі-ай,
Күн жүгіріп,

Өтіп жатты желіп ай.
Тап-тар үйден кең Әлемге асығып,
Туған еді роман боп «Елім-ай».

Онда бұдан жігіттер де ірі еді.
Қос Ғабең де,
Бауыржан да тірі еді.
Солар бар да мызғымастай көруші ек,
Әдебиет күмбезінің тірегі.

«Сол күмбезге кіргізсін - деп - Құдайым!»
Тілеуші еді тілеуімді жұбайым.
Өбектеумен,
Еректеумен бір мені
Толтыратын ықыласқа жыл, айын.

Мен әрине жарым үшін ерекпін,
Данышпанмын,
Басқалардан бөлекпін.
Алақанда Ай аялап тек мені,
Шуағына алған және бөлеп Күн.

Жар көңілін қалдырардай мен неге
Ұмтылмайын бәйгесі мол көмбеге.
Әулиедей мықтылардан жасқанып,
Сенбеймін бе қоғадай көп пендеге?

Пенделердің пенделігін талқандап,
Зұлымдықты қоям мықтап арқандап,
Мен елімнің ертеңімін ер болар,
Қаламымнан таңдайына бал тамбақ.

...

Шуағына шомылам деп Ай, Күннің,
Бірғып мінді ол жотасына айғырдың,
Аспан асты - айт пен тойдың әлемі ед,
Білмеуші еді ол не екенін қайғыңның.

Адамзатқа деген ыстық ынтығын
Жүрегінде дүрсілдеткен ынтық үн.
Дос тұтатын туған жердің бар ұлын,
«Қасқа ғана кезейді - деп - мылтығын!»

Әр қазағын мекен еткен Жер үстін
Қимайтын ол додасына керістің.
«Алаш ұлы - айнасы - дер - шындықтың,
Түзететін дүниенің терісін!»

«Алыптар бар әулиедей,
Әз аға,
Түсірмейтін кіршіктей дақ тазаға.
Ала жіптен аттап кетер пірсізді
Тырп еткізбей тартқызатын жазаға!»

Осы ойымен арқаланды ол,
Лепірді.
Аламанға ат қосуға бекінді.
Бағы заман қойнауынан қопарып,
Қаламымен қалаған соң көпірді.

Қанаттанды,
Асып-тасып ісінді.
Мемсыйлыққа «Елім-айын» ұсынды.

Қанатынан қайырды да қос семіз
Топ еткізіп тақыр жерге түсірді.

Бірқ-ырқ еткен нән тақыттың семізі
Мол айла мен тар есептің егізі,
Інісіне сойыл беріп соққызды,
«Хас жүйріктің бөлек-ау - деп негізі!»

Күші - қара,
Ісі де оның қара-тын.
Жүрек, тілек тұнып тұрған жара-тын.
Бақастықтан сабақ алған сол іні
Қыастыққа ойланбастан баратын.

Жасалса да көрнеу көзге қастандық,
Жасаған жоқ әділетшіл Аспан түк.
Жер үстімен жылжып жетіп жалғандық
Кетіп еді бір ұланды жасқантып.

* * *

Онда бұдан пейілдер де кең еді,
Алыптардың келіп тұрған кемелі.
«Торы Ғабең, сары Ғабең тұрғанда,
Жер ете алмас ешкім биік төбені!»

Осы ойына жарым шұлғып сенетін,
Сенетін де көп қиялға енетін.
Талантыммен тау қопарып,
Тас жарып,
Төбе болып тұрғанымды көретін.

Жарым үшін төбемін де,
Таумын мен.
Көңілім - көл,
Құшағым - күн,
Баурым - кең.
Ен далама шуақ болып төгілсем,
Шөл далаға жаңбыр болып жаудым мен.

Шегіншектеп бөгелемін мен неге,
Намысымды тақса жарым пернеме.
Әулиедей алыптарым жебесе,
Жол тосқызбас Жаратқан Хақ пендеге.

Жүйткуінен жаңылмаса қаламым,
Жер мен көктің ырзалығын аламын.
Тауым мені төбесіне көтерсе,
Бөленемін мерейіне Даланың.

* * *

Көп үмітпен кеуде шөлін қандырып,
Қаламына қиял құсы салды ұрық.
Жер түбінен жетіп жатты ел зары
Күндіз естен,
Түнде түстен қалдырып.

Болса-дағы өр қазағы ақтабан
Көкіректе шерлі кегін сақтаған.
Қақтаса да төре, сұлтан ел-жұртын,
Ал қарасы бір төрені сатпаған.

Өшірердей тауарихтан бір елді,
Тағдыр-қанжар өңешке сан тірелді.

Жоңғар, қазақ талай ғасыр жұлқысып,
Ақырында бірі қалды,
Бірі өлді.

Жер бетінде ышқынды да азалы үн,
Өлмей әрең тірі қалған - қазағың.
Тау, даласын жан-тәнімен қорғаштап,
Тиеп жеткен иініне азабын.

Алашы боп,
Арманы боп жаралып,
Сиясынан қаламгердің нәр алып,
Зар заманда жебе құшып өлсе де,
Құдіреттеніп қайта оралды
Бар Алып.

«Шыбын жанға пана қылып бұтаны,
Ұрымталда ұмтылғандар ұтады!»
Туған солай жалпақ жұртқа жар салып,
«Елім-айдың» тағы екінші кітабы.

* * *

Ер - егесте,
Нар кешуде сыналмақ.
Азаматтың бар мен жоғын сынар бақ.
Өмір - тартыс.
Додасына түспесең,
Құдірет жоқ шың басына шығармақ.

Аталған соң романы - ең мықты,
Мерейленді.

Алып ұшты
Желпінді.
Нән сыйлыққа тағы ұсынды кітабын
«Осы жолы кім тұсар - деп - еркімді!»

Сенген-ді ол,
Тазалыққа сенген-ді.
Сол сеніммен тәтті үмітке енген-ді
«Әй, озармын осы жолы, бұйыртса,
Елден бұрын шаңға бөлеп көмбемді!»

Еркін ұрлап,
Өртін салып жанына,
Сұр қанжарын жанып алып санына,
Топты бастар арғымаққа қадады
Ақ үйдегі сабаздарым тағы да.

Ақсақалдар өлі ме,
Әлде тірі ме,
Үн қатпады
Әулиесі,
Пірі де.
Ұсақ екен «классиктер» шетінен
Бекер балап жүр екенбіз іріге.

Арамдықтың илеп алып қалыбы,
Жұмған аузын ашпады бір алыбы.
Ат иесі кімге шақсын арызын
Тұс-тұсынан қаптатқан соң тағыны.

Көк Тәңір де бұғып қалған жай атпай,
Әділетті,
Адалдықты оятпай.
Жер түбінен ұлып жеткен жауыздық
Қуып кеткен ел еркесін таяқтай.

Қуып кеткен өңешіне жас тығып.
Арман алдап,
Көкіректен қашты үміт.
Бұлтың екен «ұлтым!» дейтін қорғаны
Жалтақтаумен күн өткізген бас бұғып.

* * *

Онда біраз бар еді адам өрелі,
Өздеріне қажет болып керегі,
Төредегі төбелерді төңкеріп,
Төмендерден таба қояр төрені.

Маңдайдағы ырыс жанып үш елі,
Табағыма тартты тағдыр мүшені.
Дәл төрінен шыға келдім Ақ үйдің
Сыпырылып қысасымның кісені.

Өмір-ғұмыр өте берер дөңгелеп,
Ыстығы мен суығына он бөлеп.
Адалдықтан ауып кетсең сәл ғана
Болып қалар
Елің бөлек,
Сен бөлек.

Ағаларым - жағаларым, Інілерім - ірілерім

Мен елімнен бөлектеніп көргем жоқ.
Жалғандыққа жәркештеніп ергем жоқ.
Алдыма кеп бүкшигенде кешегі «ер»,
Өзегімді кек, қыжылға бергем жоқ.

Сырты сап-сау,
Іші бөлек тазадан
Кеуде - түтін,
Түсі бір-ақ әз адам.
Білмегенсіп ешнәрсені көлгірсіп,
Құтылып жүр ары күйер жазадан.

Сол «мықтыңыз» ұсынғанда кітабын,
Терек етіп
Жайқалтып ем бұтағын.
...Арамдығын ойлағанда солардың
Құр қылғынып өксігімді жұтамын.

6-7.09.2009ж.



СІЗ ДЕ, МЕН ДЕ БОЛЫП ЕК ҚОЙ ГОРНОВОЙ

Елбасыға хат



1


Туа бермес аяқ асты ірілік
Жоқтан бар боп,
Тақтан ар боп тіріліп.
Бар пендені тең көргенде келеді ол
Ақыл, сана,
Мейіріммен бірігіп.

Ірілікті тірі ғыпты даналық,
Кішіні - іні,
Үлкендерді аға ғып.
Бір жүректі бөліп берсе баршаға ол
Әлем білген,
Мен ашпаған жаңалық.

Кісәпір ғып кінәлайтын кісіні
Көбейді ғой ағаны ұрар кіші іні.
Ібілістің ісін жасап жатады
Аумай қалып пайғамбардан пішіні.

Бұл тірлікте бәрі-бәрі алдамшы.
Жақсыларды жүндеп ойнар жалғаншы.
Бойдан ойын қуып шығып,
Құл етпек
Жонарқаға сарт-сұрт тиген әр қамшы.

Күңдірентіп зар ұрлайды күлкіні,
Бақас кеуде құлатады ілкіні.
Ірілікті қымтап көміп бауыздар
Қаптап кетті қасқыр аға,
Түлкі іні.



Өңешті орған қан ағады азудан.
Найза-саусақ тынбас көрді қазудан.
Қолды сүйіп,
Құл тірлікке көнесің,
Зордан емес,
Көріп бәрін жазудан.

Ұмытасың көкте Күн мен Ай барын.
Күл болады шоқта өртенген айбарың.
Жылжыр баяу жүрек қаны су болып,
Естілмейді қайдағы мен жайдағы үн.

Отырасың жүнжіп,
Кеміп,
Қамығып.
Тәубаңнан да,
Тобаңнан да жаңылып.
Көкпен,
Хақпен
Табыстырар сырыңды
Жерден ешбір табылмаса жан ұғып.

Түк өнбейді жар салғанмен Жалғанға,
Жүрек жүдеп,
Ойың қажып талғанда.
Үмітіңді үзіп тастап қымсынбай,
Бұғау салар көбейген соң арманға.

Өкінесің ірілікті таба алмай,
Кеудеңдегі шоғыңды үрлеп жаға алмай.
Бүгінгіңнен жоғалған соң кешегі



Қазыбек би,
Абылай хан,
Қабанбай!

Шынымен-ақ жойылды ма Ірілік,
Келмей ме енді ұлыларым тіріліп?
Ар мен иман өшті ме екен
Зұлымдық,
Жалғасқан соң жалғандықпен кірігіп.

Даналарым енді айналып келмей ме,
Жолды бөгеп қысастықтар көлбей ме?..
Жалғасар ма жанды қарыр ызғары,
«Әділет!» деп шырылдаған мендейге?

Білмей қалып кімді кімнің тыңдарын,
Ұмыттық па түнді қуар күн барын?
Талантсызды тайраңдатқан
Биліктің,
Табанында тапталарын кіл дарын.

Көз сүзумен кімге жетер арызың,
Парықсыздық былғап жапса ар ізін.
Бүгінгіңе жалғаса алмай ертеңің
Буға айналса парызың мен қарызың,

Іздей қояр құндап, қолдап кім бізді,
Көрсетпесе көктен Ай мен жұлдызды.
Бір-біріне ынтықпайды неге адам
Көксейтіндей ғарыштағы мұңды ізгі?

Анау көкке талмай қадап жанарды
Аңсаймыз-ау аппақ, мөлдір жан, арды.
Жыртық, тесік тәнің бірақ сақтар ма,
Кеудеңе арың шоқ қып тықса жағарды?

Тұтата алмай жел гулетіп, түтіндеп,
Жамай алмай жан мен тәнді бүтіндеп,
Бықсып, бүксіп өтеміз бе бас шұлғып,
Өктемдінің өкіміне дікілдек?

«Табу үшін талпындырғыш тілекті
Тұру керек тыпырламас білекті!»
Деп кіжініп килігердей шулаймыз,
Оята алмай бүлк етпейтін жүректі.

Бағынбайтын тіл мен үнді жүрекке
Билеп алған ашындырған бір өкпе.
Ой-бойдағы өшірумен сәулеңді ол
Көкіректе қамап тастар түнекке.

«Өкпені емес,
Жүрек тілін ал!» дерлік,
Адасқанға жөн нұсқарлық бар ма ерлік?
Ит қорлықтың түнегінен құтқарар
Ышқындар ма ар-намыспен жанды өрлік?

Тең көргізіп алысың мен жақыңды,
Тақымды емес,
Мойындатып ақылды
Өз бойыңнан табармысың жігерді,
Өзге өңешке тыққызбайтын ақыңды?

Азғыруын таңдап әлде қыртыңның,
Істік етіп әрбір қылын мұртыңның,
Жау шапқанда,
Жаумен бірге жарысып,
Қадармысың қоң етіне жұртыңның.


Өзегіңе қоймаса иман ұялап,
Ар-ұятқа қарсы ұмтылып қиялап,
Қара жүзді тырысамыз ақтауға:
«Білместіктен жасадым - деп - қиянат».

Есті адамға айдап салып есерді,
Өксітумен өкшелейміз өсерді.
Өз құлқының тойса болды талғаусыз
«Жұтса жұтсын қырғын топан осы елді»..

Далақтаймыз қолпаштаумен мықтыны
Балақтаймыз ақыл-ойы түктіні.
Алақтаймыз айдалада жалғыз қап,
Төр мен шердің таяғын жеп жұт күні.

Тыңдата алмай ақылың мен үгітті,
Жеңгізесің күдігіңе үмітті.
Тірі де емес,
Өлі де емес біреу боп,
Шалдан бетер қартайтасың жігітті.

Артқа алаң боп,
Ұмыт болып алдыңғың,
Тілеуіңді қыр астында қалдырдың.
Ызалансаң жылай алмай,



Құр күліп,
Мүжілесің тәлкегі боп тағдырдың.

Сыртың бүтін,
Ішің өлік - зомби боп,
Түк сезбейсің жаудырсаң да ән-күйге оқ.
Өңешіңнен бөтен күлкі қарқылдап,
Санаңды өртер өзге тілмен сан күйлі от.

Алқынсаң да Ірілікке құмартып,
Жеткізбейді ол сағымдай боп мұнартып,
Сағыныштай сан құбылғыш шірікіннен
Өксітсе де алдамайтын мұң артық!

...Десем-дағы
Бір үмітім тіріліп,
Жалт бергендей маған, елге бұрылып.
Талғамынан талаптының табылып,
Төменімен табысады Ірілік.

2

Құныққанмен зорлық, байлық, барға бой,
Аттап кетпес ешқашанда ардан ой.
Қара тастан сұр металды ағызған
Сіз де, мен де болып ек қой горновой.

Шері де едік айға құлаш сермеген.
Сері де едік ер намысын бермеген.
Шыжылдатып суарушы ек шойынды
Сауылдаған маңдайдағы терменен.

Жалынға орап жарқылдатсақ күректі,
Шұрқ-шұрқ тескен көкала ұшқын білекті.
Зор домнаның алауымен шыңдап ек
Өр кеудеде оттан да ыстық жүректі.

Арман бізді жетектейтін ілгері,
Пәк тазалық орап алып ділдегі.
Көз тартатын алқызыл боп үлбіреп,
Арулардың ерінінің гүлдері.

Махаббатқа қыз қызыққа аш қып тым
Шат күндері шарықтатқан жастықтың.
Қара көздің жалт еткенін көруге
Келуші еді-ау ойланбастан бас тіккің!..

Жалындап ек дәл домнадай от болып
Жанарымыз жарқырайтын шоқ толып.
Қыран көзді қызықтырып тартатын
Ақ сазандай ақ балтырлар топ-толық...

Өтті күндер,
Отты күндер зымырап,
Құшағына тәтті еріннің сыбыры ап.
Қызығы да,
Шыжығы да жетерлік
Өркімге де өз ғұмыры ғұмыр-ақ.

Өр адамның әр қилы ғой таланы.
Биігі бар алып шығар талабы.
Тағдырымыз әр тарапқа талпынтып,
Кірпіш қылып орнымызға қалады.

Біреулердің қалыңдау боп пәпкісі.
Біреулердің миылау боп шәпкісі.
Біреулерге қыдыр дарып, бақ қарап,
Біреулерді таппай қойды бақ құсы...

3

Қара түнде ақ қағазға үңілгем.
Жүрегіме,
Арыма тек жүгінгем.
Қара басқан тая басқан сәтім жоқ
Үрейленбен ертеңімнен, бүгіннен.

Миды қашап мың түнім мен мың күнім,
Тауарихтың қатпарларын үңгідім.
Кешегісіз «кеңес» елі болман деп
Өткеніне әз ұлтымның сүңгідім.

Сүңгідім де ерлерімді таптым мен.
Бірде егіліп,
Бірде олармен шат күлгем.
«Елім-айлап!» ел жауларын қуысып.
Кең даламды азат еткем жат тілден.

Татқам дәмін,
Айтқам әнін жұртымның,
Батқам мұңға жамылғанда бұлтын Күн.
Ақтабан боп кеткем бірге шұбырып,
Жылаулы елден келмей ешбір жырылғым.

Естелік көп өшпес мүлде есімнен.
Іздер қалған ақ сүйек боп көшімнен.

Орыс, шүршіт, ойрат, қалмақ
Боратқан
Оқ боранын тосып алғам төсіммен.

«Тазара ма,
Сазара ма күнадан?».
Деп пендені заман талай сынаған.
Өлгендердің өзегінде кек кетіп,
Өрттей қаулап лапылдаған тірі адам.

Жанғам мен де өткендердің кегімен,
Қан тамғанда тұтқын тірлік көгінен.
Құлдық торын түріп тастар сес алғам
Бабалардың нақ алаштық тегінен.

Тегім - мықты,
Кегім - түкті «Ел!» дейтін,
Кеудемде жүр жанған шоғы сөнбейтін.
Адалдық пен адамдыقتан айнымас
Рухым бар бас кессе де өлмейтін.

Астан-кестен болған кезде бұл ғалам,
Ұлын іздеп мұңданғанда тұл далам,
Жүрек болып ұлт зарымен дірілдеп,
Құлақ болып ғасыр үнін тыңдағам.

Бұлақ - жасты,
Қанды ағызса өзенім,
Өрт боп күйген өкінішпен өзегім.
Сіңген сонда түкпіріне жанымның

Қасіреттім,
Қасиеттім- өз Елім!

Өз Еліме өзегімді жалғағам.
Халқым ғана - мен сүйетін бар ғалам.
Тілін,
Ділін,
Дінін мәңгі қорғайды
Өмірінен артық көріп арлы адам.

Мен тілімді емгем анам сүтімен.
Сол тіліммен арды, барды күтіп ем.
Тағылықтың тар қамалын талқандар
Іргем - мықты,
Қақпам - берік бүтін ем.

Тұншықтырып жауын қанмен,
Терменен
Арын ақтап,
Қолдан намыс бермеген.
Қазағымның азат күнін ардақтап,
Еркіндіктің қиясына өрлегем.

Көмек күтпей Құдайдан да басқадан
Отаны үшін құрбан еткен басты адам.
Бабалардың мансұқ қылып ерлігін
Кеудеме біз сұғып жүр ғой қас надан.

Сәби қанын ұрттағанда жат таңдап,
Дүркіретіп қудық жауды «Аттандап!»

Бірде батыс, бірде шығыс қаптап кеп,
Өгей тірлік күліп, ұлып жатты алдап.


Мойымадық аңсауменен арманды.
Жау қолында ұл-қыз қалды,
Жар қалды.
Оқ пен отқа қарсы ұмтылып атойлап,
Қорғап қалдық Отан - қара орманды!

Танытқан-ды Ірілікті ар мықты.
Танытқанбыз тірілікті, барлықты.
Мемлекеттің шекарасын бекітіп,
Асқақтаттық қазақ жұрты - хандықты!

Қаланған-ды қамал болып іргеміз.
Қара бұлтын көгіміздің түргеміз,
Бөлінсек те кейде ру - жыру боп,
Алты алаш боп бөлінбестей біргеміз.

Ұлт ұраны - ой-бойдағы мықтылық!
Ер жеткізген жүректерді түкті ғып.
Алмас қылыш азат қолда ойнайтын,
Ар-намысқа келсе күдік жүк тығып.

Өр қазақты жанын кекке жаныған,
Ойда орыс,
Қырда қытай таныған.
Тәуелсіздік таңын ту ғып көтерген
Суырып ап сауылдаған қанынан.



Құл тірлікке ұл боп тулап, көнбеген.
Азамат боп өскен алаш пендеден.
Сол алаштың жаршысы боп туған соң
Бұл әлемге қол сүйер боп енбегем.

Төрелерім жасын атсын төрінен,
Сүйе алмаспын
Ұялмастың кебімен.
Төрдегінің тобын талақ еткенмін
Мен біргемін жердегі елдің көбімен.

Байтақ жерін сақтап келген сол Елім,
Бірде - қылыш,
Бірде ұстаумен көнегін.
Түскен жоқпыз көктен бүгін салбырап,
Жалғасымыз өнегелі көненің.

Бәрі болған,
Ханы болған,
Ел болған
Империя, патшалықпен тең болған.
Нар қазақты мазақтауға құмар ма,
Дейтұғындар: «Туды бүгін енді ордам!»

Сан ғасырлық Ақ Ордамды білмеген
Қандендер ғой айқасардай пілменен.
Анасының ақ сүтінен безгендер,
У төгеді өттей өгей тілменен.

Кешегісін кеше тұтып менсінбей,
Өз даласын тулақ көріп жерсінбей,



Өз данасын матап берген қасына,
Құнсыздар көп дәл кешегі Ельциндей.

Өтуі үшін өз ішінің есебі,
Тиеді ылғи ел мен жерге кеселі.
Сылтауменен болмаған деп шекара
Талай өлкең өзгелерге көшеді.

Алтын құйып көзден аққан жасыңнан,
Аттап кетер жерге таптап басыңнан.
Тау-тасыңды бөліп берер көршіңе
Сұмдығы көп кеуделерде жасырған.

Озбырлығын түйреп әлсіз өңменге,
Қиналмайды ел мұратын көмгенде,
Миығынан күліп қарар жараңа,
Қанға оранған доллар түссе шеңгелге.

Ұлттан,
Жұрттан,
Тілден,
Діннен өгейге,
Ел - тек жемі тықпалайтын көмейге.
Олар үшін өткендердің бәрі қырт
- Абылай да,
Жәнібек те,
Керей де.

Жасық етер Алаш ұлын - асылды.
Басым етер кешегі жау қасыңды.

Тарихыңды бүгінгіңнен бастайды,
Сызып тастап бұрынғы көп ғасырды.

Түйедей ғып түймедей-ақ кемісін,
Солқ еткізер соққысымен ел ішін.
Әлсіз, нәрсіз тобыр етпек жұртыңды,
Болмағандай Аңырақайда жеңісің.

Ұмытылса ұлтты өршіткен ұраның,
Көмейіңнен төгілмесе жыр-әнің,
Қарғаға ұқсап қарқылдайды төбеңнен,
Сырып тастап кешегінің қыранын.

Ақымақтық аруақтардан аттай ма...
Баяғының баянысыз бақ қайда.
Өткен шақты біз өзіміз өшірсек,
Бүгінімді ертеңгі күн сақтай ма?

Кім тазартар естелікті кірлеген,
Кім босатар тарихымды түрмеден?
Көшімізді қайда бастап барамыз,
Ес-санадан айырылған түрменен?

Өшімізді алардай тек өзіңнен,
Құтылмасақ мылқау, қорқау сезімнен,
Космополит дүбәра ұлтты жасармыз,
Ар-намыстан,
Салт-дәстүрден безінген.

Кебенегін мешеуліктің киерміз.
Құл болармыз,

Қол-аяқты сүйерміз.
Кешегі асқақ Алаш рухты
Кеудені
Бейжинге де,
Мәскеуге де иерміз.

Ақын сайрап,
Биі жайнап,
Қорғап ер,
Менің елім - мемлекет болған ел!
Шалқыды ырыс, балқыды ұлыс тұрғанда
Табанда - жер,
Белде - қару,
Қолда - өнер.

Жетсе-дағы қапымызды аңдып кім,
Сан құлатып, тақымға сап, сан бүктім.
Бізді өйткені бейқамдықтан сақтаған
Шегендеулі шекарасы хандықтың!

«Азаттық!» деп қан кешкенбіз етікпен,
Ел қорғауда сарбаз болып жетіккем.
Орыспен де,
Қытаймен де келісіп,
Жердің шебін Абылай хан бекіткен.

Сағымы ойнап сылаң қағар даламда,
Көкпар тартып,
Құлан қуған заманда,
Сахарасы - жұмағында қазағым
Шекесінен қарайтұғын ғаламға.

Күні - мейрам,
Түні - сайран жайлаудың.
Алты ай жазда нұр шуағын жайған Күн.
Ай астында ақ тамақты иіскеп,
Тапқан алаш серттің жолын байлаудың.

Ары - еркіндік,
Жылқы - жаны алаштың.
Алаш болып жыр мен күйге жанастым.
Мақпал түннің ән көтерсе түндігін,
Әнге ілесіп,
Сезімге еріп адастым.

Жазда - далам той-думанға бөгетін.
Сол далаға қазақ жанын төгетін
Сол тірлікті сор тірлік дер содырға,
Мен емеспін өлтірсе де көнетін.

Ауыстырмас ауырлықты жеңілмен,
Мен біргемін берік іргелі Еліммен.
Қақырамас қабырғасы хандықтың
Сақтап келген алты алашты Өлімнен.

Жанған күнім, болған тілім орақтай,
Сөзім - оқтай,
Сесім - құрыш, болаттай.
Ат жалында ата-бабам күн кешкен
Жерге - жауды,
Елге дауды жолатпай.

Мен соларды таңғызбаймын өсекке,
Мінгізбеймін арғымақтан есекке.
Табынамын рухына бас ұрып,
Кейбіреулер алмаса да есепке.

4

Әріптесім, кешегі дос - Нұрекем.
Мансабыңнан бүгін кейде дір етем.
«Бас кессе де, тіл кесілмес!» дегенді
Алға ұстаған жалаң қылыш - жыр екен.

Сол жырға мен апыл-ғұпыл мінгестім.
Бірде жайнап,
Бірде үркектеп мұң кештім.
Белгісіздік - жадыратар, қорқытар.
Нартәуекел!
Келді сізбен тілдескім.

Кезде сонау «Кеңес» дейтін отарлық,
Шерлі сырды үрікпестен қопардық.
Өйткені біз от пен шоқта шыңдалған
Өжет ойлы болып ек қой металлург!

Қара тастан сұр металды ағыздық.
Ойдан шерді,
Бойдан терді тамыздық.
Ел тілегін ер жүрегі іздеуін
Айтатын кез жетті бүгін аңыз ғып.

Жалындап ек дәл домнадай өртеніп,
Жарқылдатып жастық дейтін еркелік.

Сезбеуші едік уайымды, қайғыны,
Кетпейтіндей бұл ғұмырдан дерт еміп.

Ізімізден өсуші еді-ау гүл шығып.
Біз күлгенде мұң өшетін тұншығып.
Бітпейтіндей көрінуші ед ешқашан
Қыз-қырқынды, қызыл-жасыл тіршілік.

Көп едік біз,
Бар едік біз,
Нар едік.
Жалтақтайтын кез де болған әредік.
Бәрібір біз алғыры боп алаштың
Кеудемізден жататын-ды ар өніп.

Өр мақсатпен от боп жандық күйіп те,
Ұлт мерейін өсірмек боп биікке.
«Жас тұлпарға» билік тұсау салғанда,
Баттық біраз ыза-кекті күйікке.

Бұқтырса да алауладық, сөнбедік.
Өршелендік,
Қарсы тұрдық,
Көнбедік.
Жас жүректің лүпілімен сендік біз
Шығарына мұңлы Әлемнің жөнделіп.

Жастық оты жанымызда жанғанда,
Батушы ек қой бал тілекті арманға.
Ұлт намысын ту етуге серттесіп,
Қоюшы ек қой азаматтық арды алға.

Енуші едік қиялменен ертеңге,
Табылмастай таза өмірде дерт емге.
Ахаң,
Жақаң,
Әлиханнан қан тамған
Шыбық болып шығамыз деп өртеңге.

Көрсетпек боп дала ұлының кеңдігін,
Орнатпақ боп ұлт пен ұлттың теңдігін,
Қайшылыққа қарсы ұмтылдық жалаңтөс
Қуамыз деп жұрт жүзінен ел мұңын.

Сол кездегі жастар асқақ ірі екен.
Өр рухы әлі оларда тірі екен.
Сол тіректі жүрегінде сақтар деп
Сенем сізге - серттесім, Нұрекем.

Қуған жоқпын бұлдыраған сағымды.
Жаным менің жастық отын сағынды.
Тұтатпақ боп өр рухтан шоқ салам,
Кеудемдегі бықсып жатқан жалынды.

Айналамнан таппай кейде ибалық,
Отырғанда зейнеткер боп үй бағып,
Кей пікірді оқығанда газеттен,
Өзіме өзім сия алмаймын қиналып.

Өксігімді өзегімде тербетіп,
Кіргендей нақ өкінемін жерге тік.
Қалайша сіз бекіткенін білмейсіз,

Жердің шебін Бөкейханов,
Ермеков?

Елбасының ызғар ескен сөзінен
Шошысам да, бір тәубаны сезінем.
Шекарамды шегендеткен ұлылар
Тайсалмаған Лениннің өзінен.

Шовинистік үрікпей билік кәрінен,
Шешкен дауды барыменен,
Арымен.
Амал нешік біраз жерім кеткен-ді
Суарылған бабалардың қанымен.

Жеңілгенде большевиктер ақылдан,
Қысқан қысас Сталин боп тақымнан.
Амалсыздан айрылғанбыз ежелгі
Әжтарханнан,
Құлынды,
Би, Қатыннан¹

Жеткізбестен мақсатына діттеген,
Әрқашанда зорлық илеп бүктеген.
Бармағымды тістесем де өкініп,
Қалғаны да қазағыма құт дегем.

Сол даламның баласы боп түлегем.
Сол далама панасы боп жыр егем.

¹ Би, Қатын – Алтайдағы өзендер



Сол даламда оңдалам да қоңданам,
Данасы боп жүректерде түнегем.

Сол даламның махаббатын кештім де,
Баласы боп,
Панасы боп өстім де,
Бір пұшпағын ұстатпаймын даламның
Деп жүруші ем мерейленіп ешкімге.

Сиғызсам деп жалғыз дәннің қауызына,
Көпіретін көбік сөзбен тау жыға,
Қалай ғана сөз салдыңыз абайсыз
«Юристің баласының»¹ аузына?

Ашкөз неме қоқиланып міне енді,
Даламды аңсап шатты-бұтты, шіренді.
«Ұлт болмаған,
Шекарасыз,
Хандықсыз...»
Деп аттандап қоңға салмақ түренді.

Сол зіркілден жүрегіме сыз өтіп,
Шошыды жан біз сұққандай тыз етіп.
Шынықпап па ек от пен шоқта, Нұреке,
Алайықшы қатемізді түзетіп. ⁵

5

Ақ қағазға үңілумен келемін.
Кейде роман,

¹ Жириновский

Кейде туар өлеңім.
Әкім-төре жек көрсе де, түбінде
Ұшпағыма шығарады мені елім.

Аттағам жоқ ала жібін ешкімнің.
Ерте ояндым,
Көп күрсіндім,
Кеш күлдім.
Уай, адамзат, айнымайық тазадан,
Қонағымыз тірлік дейтін - бес күннің.

Қоңыздай боп көң қопарған құнжыңдап,
Байлық қуып жүргендер көп ыржыңдап.
Тұлға түгіл адам таппай қынжылам,
Төбедегім болып кетіп кіл жұмбақ.

Шиелеген шеше алмаймын жұмбағын.
Шенеунікті сескентер ме мұндағы үн.
Ондағыма айқай даусым жетпесе,
Тыңдамайды өксігімді мұндағым.

Шыға алмастан мол жұмбақтың шетіне,
Жас боп ағам ақ қағаздың бетіне.
Кейде өкінем - неге ерттедім қаламды,
Шер мен сордың кеудем төсеп өтіне.

Әй, бәрібір өкінгенмен не етерсің,
Бірде күліп,
Бірде еңіреп өтерсің.
Елдің сөзін сен айтпасаң, кім айтар,
Бәлки бір күн мақсатыңа жетерсің.

Тілім деп ем - ең киелі қымбаттым.
Қымбаттымды шаңқай түсте ұрлаттым.
Құтты орнынан, мықты орнынан тапқызбай,
Жиырма жылда өте шықты зырлап күн.

Ұлтқа,
Тілге,
Ділге деген өгейлік
Өз жеріне өзімізді өгей ғып,
Кірмелердің салып берді астына.
Салт-дәстүрден,
Жөн жобадан кедейлік.

Өзге тілді еміп өскен төрдегі
Тас кеудеден түре алмайды пердені.
Аша алмайды ұлтқа жанын исініп,
Баса алмайды қазақ тілді пернені.

Тілім жеңсе - ұшатынын біледі.
Құр ауаны құшатынын біледі.
Әділеттің құтыла алмай тезінен,
Тонағанын құсатынын біледі.

Мәңгүрт емес, ойлайды олар ертеңін,
Орысша етіп өсірген соң тентегін.
Тілім озса өшетінін түйсініп,
Қарсы ұмтылар қоқандатып келтегін.

Тілсіз,
Ділсіз күнді мұнар жапқанда,
Алаш жүдеп, қасіреткенде батқанда,

Тағдыр, Тәңір қашан берер зауалын
Анасындай ана тілін сатқанға?

Шенеунікке бөтен тілмен тілдеген
Қалшылдайды құр дірілдеп құл денем.
«Тілсіз - ұлт жоқ!
Құримыз ба біржола?!..»
Жауап таппай мол өксумен мұңды емем.

Ақ қағазға жас төгумен келемін.
Кімге керек тілім өлсе, өлеңім.
Тілім барда болашағым бар деуші ем,
Шырақтай боп жарқ етер ме сенерім?..

6

Серттесім ең,
Дерттесім ең, Нұрекем.
Кейде алшақ,
Кейде тілек бір екен.
Биігінен күйік берер көбейді-ау,
Кімді дос қып,
Енді кімді пір етем?

Бет шарпытып бұрқ-сарқ ыстық тасқынға,
Қалқушы ек қой ақ көбігін тастың да.
Тең боп,
Кең боп әзілдесіп жүруші ек,
Мынау біздің көк аспанның астында.

Сол көк аспан бүгін неге сұрланды.
Неге көңіл бар нәрінен құр қалды.

Шалажансар тілімізге қан құймай
Қалай таптық сол шіркіннен құрбанды.

Саф алтынды шоқта сөнген мысыр ғып,
Төрден неге босағаға ысырдық?
Асыл тілді жасық етіп таптатып,
Қай тіл-көздің кесірінен ұшындық?

Көмейімде тіреліп көп негелер
Қу жанымды түрпі болып егелер.
Ана тілде сайрамаймыз неге біз,
Не боп қапты соншама үркіп бөгелер?

Қазақ болып сөйлесеңіз аңырап,
Алты алашың қосылар ед жамырап.
Кешке қарай «қара», «сары» орыстар
Жарысар-ау тек қазақша маңырап.

Бастаңызшы,
Тастаңызшы үрейді.
Қазақ сізден қазақшасын тілейді.
Қашып жүрген қасиет пен киеміз
Тіл боп,
Діл боп шаңырақта түнейді.

Қажет емес бұйрық беру бүліне.
Бар болғаны - құрмет керек тіліме.
Өз орынын ойып төрден алғызсақ,
Айналады ол шуақ шашар күніме.

Кетпес сонда төбемізден бақ тайып.
Елмен бірге тілді ту ғып аттайық.
Бала болып ана тілді аялап,
Дана болып ұлт үмітін ақтайық.

7

Ақ қағазға сиып кетер бар Әлем.
Бар Әлемді жұтып алған қара өлең.
Ұлы ақындар көз жұмады күрсініп,
Жанындағы жазылмайтын жарамен.

Қағазы бар, қаламы бар ақынмын.
Ұлы емеспін, тек соларға жақынмын.
Жазылмайтын жанымда рас жарам бар,
Алыстауымын ауылынан батылдың.

Үндер кезде ауыз бағам үреймен.
Әкім көрсем - қазық болып сілейгем.
Қанат-құйрық бола қояр тобым жоқ,
Шенеуніктер үрке қоймас біреуден.

Қамқорымсып Путин бізге «бақ таңдап»,
«Одағымен» байытам деп жетті алдап.
Өтірігін сезіп, біліп тұрсам да,
Шыға алмаймын қарсы атыла аттандап.

Тәуелсіздік келіп еді құдайдан.
Теңдік нұры құйылып ед Күн, Айдан.
Сол нұрымды құлдық торы бүркелеп,
Өксік зарға айналар ма былайғы ән?..

Тұзақтады ол кеденімен тез ғана.
Жетістірем деуі аяр сөз ғана.
Бұрынғыдай ұстатар ма бұйдасын.
Жат қолына асқар таулы боз дала.

Кеше жайнап азат күйін шертіп ем,
Күйдім бүгін іштегі азап өртімен.
Лақ құрлы тұяқ серпіп туламай,
Айрылар ма алаш жұртым еркінен?

Қалай алмай қамал етіп іргемді,
Ен даламнан тапсам тағы түрмемді,
Сол «одаққа» құл боп қайта кіргенше,
Үзермін мен «Ел!» деп соққан бір демді...

8

Мұң, шерімді айттым бүкпей, Елбасым.
Жоғалтар ма ертең алаш Алласын?
От пен шоқта күйіп, пісіп шыңдалған
Салып ек қой арды, жанды жолға сын.

Болып ек қой ұлт тілеулі белсенді.
Тұқыртуға көнбейміз деп еңсемді.
Көміп алса озбыр «одақ»
Құшақта,
Кім тірілтер кіріптар боп өлсе Елді?

Еміреніп өңін берер кім бізге?
Орнайды ғой шер жүрекке,
Мұң жүзге.

Келешекті өртеткенде не ұтамыз,
Жоқ боларда сеуіп өтіп күлді ізге?

Ажырасақ азат, еркін елдіктен,
Тағы айрылсақ тәуелсіздік, теңдіктен,
Ел-бесікті жер төсінен таба алмай,
Дербестікті жоямыз ғой ел күткен.

Аш болса да жүрген еркін күн кешіп,
Алашыңа жабылады-ау мүлде есік.
Қос тізгінді неге қолдан береміз,
Ат көгіне Ресейдің мінгесіп?

Құл боп көніп сүмендесек бағына,
Аямайды ол,
Алалайды тағы да.
Қылғындырар мойынға сап бұғауын,
Қонып алып Путин ертең тағына.

Төрелерің өз басының қамы үшін
Миллиондап кіргізбек боп табысын,
Өз тізгінін өзге қолға ұстатар,
Таптап езіп өз ұлтының намысын.

Ұлт едік қой асқақ рухты, пәрменді.
Сақтайықшы елді, тілді, жерді енді.
Жинаңызшы маңыңызға тезірек
Отаны үшін отқа түсер ерлерді!

Келсе ұлдарым қашар бізден дүрбелең.
Тазарар-ау күпті көңіл кірлеген.

Ән мен күйін асқақтатар аспанға,
Азат қазақ аман қалып түрмеден.

Құнықса да байлық пенен барға бой,
Әділеттен аттатпаған ардағы ой.
Қараулықты қара термен тазартқан
Екеуіміз де болып ек қой горновой...

9

Ірілікті таптым ба,
Таппадым ба,
Түсіп кеттім өмірдің батпағына.
Мен әйтеуір өзімнің биігімнен
Өз ойымды білдірдім тақтағыға.

Шертіп қылын жүйкемнің мың бұраған,
Үміт іздеп,
Кеудемде мұң құрағам.
Өксігімді өкпемнен сыға берем,
Тоқтата алмай тірлікті құлдыраған.

Мұң-зарыммен Даламның тырнап төсін,
Жаспен шаям ғұмырдың құрғақ кешін.
Екіндіме өкіндім таянғанда
Жеткізе алмай жыр-шерін
Ұрлатты есім.

Алды шолып,
Қарайлап өткеніме,
Кімге айтарды білмей қап өкпені де,

Жерден таппай түсінер түйсіктіні
Жапақтаймын күрсініп көктегіге.

Көк те бүгін жаратпас жылағанды,
Өзің табар тілекті сұрағанды.
«Жармас - дей ме -тұтқаға,
Бос мәлімей,
Жауапты қып бәріне бір адамды».

Жармасар ек,
Жіберсе тұтқасына.
Басар едік адымдап бұтты асыға.
Шетінер ме тор шебі шенеуніктің
Куә бар ма қабағын шытпасына?

Дәл осындай үрейлі сезікпенен,
Ой-бойымнан сесімді езіп келем.
Өз ішімнен қашан мен іздер екем,
Ірілікті
Өзгеден кезікпеген?

Әй, қайдам-ау!
Арылмай пенделіктен
Әпермеспіз теңдікті елге күткен.
Тым болмаса бір сәтке кете алам ба,
Ұлттың мұңын айтуды меңгеріп мен?

Меңгере алсам, айтар ем төрдегіге:
«Түс төменге.
Орал жер-жөргегіңе.

Зарын есті,
Талабын жадыңа түй,
Айналдырмай халқыңды ермегіңе!»

Әй, таппаспын мен ондай Ірілікті.
Бірі мықты ойымның,
Бірі күпті.
(Міне, міне дірілдеп қол-аяғым,
Үрей немең кеудемде тіріліпті).

Сол үрейді түбінде буындырам.
«Ерлік!» дейтін жазылар туымда ұран.
Ән-жырыммен Даламды тамсандырып,
Әділеттің шығымен жуындырам!

Сенем соған!

19-26 қазан 2011ж.

ЕКІНШІ
БӨЛІМ

***Інілерім –
ірілерім***





ТАРЫҚПАС ТАРЛАНЫМ-АЙ!

Оралханға



Ғұмырды келтелеп тым,
Неге сен ерте кеттің?
Мені енді айта алады,
“Сүкем!” деп еркелеп кім?

Тарықпас тарланым-ай,
Жүйткуші ең алда ұдай.
Жалғызды жұлып түсер
Бар болсаң,
зарла, құдай!

Үзе де ғұмырыңды,
Бұза алмас дүбіріңді.
Шауып ең пырағыңмен,
Тауып ең құлыныңды.

Шаң жұқпай иініңе,
Тез шықтың биігіңе.
Апырай, көз тиді ме,
Күншілдің күйігінен?

Шындықты бұзғаны үшін
Кететін мұздап ішің.
Тудырған туралығың
Талайдың қызғанышын.

Шоқ емес,
Жалын едің,
Лапылдап жанып едің.
Асылды қоя тұрмай
Әкетті не ғып өлім?

Асығып,
Ертелеп ең,
Асылып,

Еркелеп ең,
Алтайдың ақиығы ең,
Сен едің ер Төлеген.

Тым асқақ үні,
бойы.
Інім ең тұнық ойы.
Жасап ең маған арнап
Асаны күні бойы.

Сол таяқ сынды бүгін.
Кеш батпай,
сөнді күнің.
Босады бір тұтқасы
Қара жер кіндігінің.
Көбейді кіл айтағы.
Жанды сол мұңайтады.
Еркелеп енді маған
“Сүкем!” деп кім айтады?

АСАТАЯҚ

Гу-гу өсек ойдан, қырдан тұрды өріп,
Кеше өр ек,
бүгін қалдық күрмеліп.
Алшаңдатқан маңдайдағы “Жұлдызға”
Бір-ақ күнде үш-төрт жігіт кірді еніп.

Шағатындай суық қарас шекеңді,
Олар - өзі.
Бізден тапты бөтенді.
Мұқағали, Төлегенді ытқытып,
Айдап шықты Дулат пенен Бекенді.

Жаландаған жас перілер жиылды.
Үш-төртеуге тағы екі-үшеу құйылды.
Асты-үстіне төңкермек боп журналды
Ой мен мида ұйтқытты-ау кеп құйынды!

“Кәртемістер иектеген кешегі,
“Жұлдыз” енді басқа күйге көшеді...”
Ой, құтыртты-ау оқшау сөздің көсемі,
Ой, бөстірді-ау қызыл сөздің шешені!

“Керек емес Тахауидың талқаны!”
“Кетсін алып Мұқағали “қалқаны”!”
“Біз “Жұлдызды” шығарамыз ұшпаққа
Ай мен Күннен тағып беріп алқаны!”

Сөз - дауылдан жел құтырып ескенде,
Өзен тасып,
тау мен дала көшкенде,
Екіленген екпінінен солардың
Тұра алмастай сезілуші ед еш пенде.

Көбік шашты.
Тар қазандай тасыды.
Құйқанды да,
Шиқанды да қасыды.
Олар ғана - бұл дүниенің асылы,
Ал басқалар - нашары мен жасығы.

Күшік құрлы көрмей кейде кісінді,
Кесек-кесек тураймыз деп ісінді.
Жастық - өрт қой.
Кеткеннен соң еркіне
Шарпыды да,
үрейді көп ұшырды.

Алқадағы қос Ғабәң мен Сәбеңе,
Көрсетсін деп жас перілер өнеге.
Кіргізді де Оралхан мен Сағатты
Жас екпінді жекті Шерхан¹ келеге.

Бәрі болды -
арындау да ағындау
Кішілік қып, кісілікке бағынбау.
Көкіректің текірегі көбейіп.
Аяқ асты тірілетін шағын дау.

“Жас Лениншіл!”
Осы атақты енші ғып,
Өзгелерге бұйыртпай еш кеңшілік,
Бастық,
жастық әмпейі боп алған соң
Кернеп кетті кеңсемізді ерсілік.

Ерік тиген.
Қол салатын астау кең.
Қалайша енді асқақтамас жас кеудең.
Тай идея..
Қой идея... ой, туды-ау,
“Асырам - деп, - тіпті сонау Мәскеуден!”

Шоршығанмен лай суға жайындай.
Қалды-ау бірақ қара жерде қайырлай.
Шатастырды “романс” пен “нюансты”,
Скетч пен водевильді айырмай.

Оянды да кеуделерде бір күдік,
Жастық, мастық баяулады іркіліп.

¹ Шерхан Мұртазаев — жаңа бас редактор еді.

Ескегі жоқ қайық болып, арыны
Тұрып қалды онды-солды түртініп.

Сол-ақ екен “өзгелерді” көз көрді.
Асқақ кеуде сылқ түсті,
өзгерді.
“Бөтендерде” бөгде тірлік жоқ екен,
Біліктілік биіктетті “өзгеңді”.

Шіренумен шырқатам деу күшінді,
Басады екен тек өзіңнің пысыңды.
Тереңі еді,
Зерегі еді Оралхан
Көп періден соны ол бұрын түсінді.

Көрді, сезді парасатын басқаның.
Басқаның да биік болар аспанын.
Дос құшақтар ашылғанмен мәңгілік
...Қайран ғұмыр, екенсің-ау қас қағым...

Бауыр болдық.
Қалмай бойда бір өкпе.
Бір ұйыдық жарқын, жастық тілекке.
“Сүкем!” деді қусырылып танауы,
“Сүкесімен” кірді ол мәңгі жүрекке.

Өтті күндер, көп айлар,
өтті жылдар,
Сыбағасын мол етіп төкті жылдар.
Таңдайынан еліне бал тамызып,
Өзегінен нәр берді от-ғұмырлар.



Ноқталап ап шабытты күн-кемені,
Серілері “Жұлдыздың” мінген еді.
Асқақтаған жырымыз гүлдеп еді,
Бір кемеде жанымыз бірге де еді.

Күлкі қайнап,
нұр ойнап қасымызда,
Домалап ед өрге тік тасымыз да.
Жалындаушы ек,
Тәңірге жалынбаушы ек,
Ерекше еді-ау жалы ұзын шашымыз да.

Жалаң едік,
тұңғыық күрделі едік,
Қысқа жіпті ұзартып күрмеп едік,
Ол мен үшін қуанып,
ол үшін мен,
Жүретінбіз көп сынға бірге көніп.

Талай таяқ жесек те мұз ақылдан,
Болашаққа жебе едік біз атылған.
Ол газетке кетті де,
Мен - Цекаға,
Қыздай болып “Жұлдыздан” ұзатылған.

Ертеңгінің үлесін жазып бүгін,
Тіршіліктің орнаттық қазып гүлін.
Пікірлесіп, бірлесіп,
гуілдесіп,
Шертіп жаттық жастықтың нәзік қылын.

* * *

Кешке қарай жоғалтпай ертеңгі ізін,
Алматы тұр жамылып ерте күзін.

... Қарсы алдымнан бір кеште шыға келді,
Оралханым - шалқитын өр теңізім.

Өр теңіздің естілмей ашулы үні,
Толқынының жаңғырмай шашылуы,
Жым-жырт кеште күңгірт боп,
жалындамай,
Оралханның мүмкін бед басылуы.

Ұнатпадым салыңқы қас-қабағын,
Сұрамасқа қалмады басқа амалым.
- Жалын қайда жанарда жарқылдайтын,
Неге сонша, Ораш-ау, пәс қарадың?

Бір күрсініс кеудеде тұншығады,
Әлде өкініш,
әлде өксік үн шығады.
О құдірет! Ып-ыстық екі тамшы
Екі шоқтай қызарып ыршығаны!

- Мен өзіңді, әу, Сүке, келем іздеп.
Үмітімді тұс-тұстан төнеді “үз!” деп.
Сыйлығының...
түгінің қерегі жоқ
Қорламасын мені ешкім келемеждеп! -

Өткен сол күн Цекада іріктеуі,
Мүшелеуі авторды,
жіліктеуі.
Жоқтан барды жасауы қопақарлап,
Өшіруден ал барды үрікпеуі.

Ағытқан-ды көп “мықты” тас бөгенді.
“Бөкеев пе?! Ол әлі жас!” деген-ді.
“Көкірек-ау өзі тым! Текірек-ау!”
“Жауып кеткен арқасын шаш!” деген-ді.

Қозған,
озған қызғаныш сезімдері,
Бұлт боп ұшқан ақ көбік езудегі.
Қылшық іздеп біреудің былшығынан
Бөренесін көрмеген көзіндегі.

Көнбей,
ермей көп сынға қаралаған,
Даралағам.
Орашты саралағам.
Қойшы әйтеуір, жеңгенбіз,
иликтіріп,
Ол кезде де біраз бар саналы адам.

Не демейді өсекті үрген бүлік,
Жеткізген ғой Орашқа түрлендіріп.
Болсын деуден,
болмасын деушілер көп,
Жел боп шайқап сілкінтер,
іргеңді үріп.

Жанды көзі.
Бар сырды естігенде,
Өшті өксік.
Күдігі көшті желге.
- Күрестің бе, жыққанша тіресіп бақ!
Есекке емес,
өкпеле естілерге. -

Бас изеді.
Құшаққа алды мені.
- Сүкем! - деді.
Дірілдеп талды демі.
Сол сенімі денемде ду жүгіріп,
Ғұмыр бойы қанымда қалды лебі.

* * *

Көктем еді шуағын шашыратқан,
Азат елге атқанда шашырап таң.
Отаршылдық бұғауын сыпырған жұрт
Көзден - жалын,
кеудеден жасын атқан.

Алматының ғажап қой мамыр айы,
Табиғатпен жайнайды-ау жан райы.
Тәуелсіз ел,
азат ұл,
еркін қазақ,
Ханы, биі,
оралған Абылайы!

Иығына асылып ертеменен,
Алатауға Күн-Сұлу еркелеген.
Сол Күн-Сұлу нұр төккен өнержайда
Қаламгерлер сыр төгіп,
шертеді өлең.

Телміреді қағазға,
сыр шертеді.
Он-ақ адам.
Жоқ еді бір селтеңі.
Әбу аға үлкендік жасап бізге
Дәм татқызған, сойғызып бір серкені.

Ағалар-ай жолынан айнымаған!
Әбекем боп құшағын жайды далам.
... Дәл сол күні Оралхан ойда жоқта
Әпергендей болып ед Айды маған.

Қыдырыстап шығып ек астан кейін,
Көңіл-күйге мөп-мөлдір аспан бейім.
Бір кезде мен үн-түнсіз тоқтай қалып,
Алма ағашқа үңілдім тастап зейін.

Бұтағының өзгеше ұнағаны,
Ұнағаны,
Көңілімнің құлағаны!
- Асатаяқ жасар мед!
Қандай керім!
Кессе әкеліп, шіркін-ай, бір араны! -

Айтылды да сұқтану ұмытылды.
Ақтау қиын көксеуден үмітіңді.
Бөлмелерге тарадық біраздан соң
Қолда қалам.
Ыр-дудың үні тынды.

Күн еңкейді.
Шарбы бұлт түбіттелді.
Қызыл торғын батысты түріп берді.
Кешкі арайдан жүзіне шырай жаққан
Күлімсіреп Оралхан кіріп келді.

Өзі күлді.
Танаулар желбіреді.
Көзі күлді. Кіршіксіз мөлдіреді.

Сол жақ қолы артына жасырылған
Шынтақ бойлай түрілген оң білегі.

- Тапшы, Сүке, не екенін қолымдағы?
-Кесек шығар әлдебір жолыңдағы...
Жарқ еткізді бұтақты мен қызыққан
Сайрап кетті қанымның көңілді әні.

Бұтақ қайда!
Керемет асатаяқ!
“Құлдық!” дер ем мың мәрте
асамай-ақ.
Сүргіленген, оюмен өрнектелген,
Белгісіндей достықтың
жаса, таяқ!

- Сүкем менің, осыны көзімдей көр! -
Қайран көңіл, ал енді езілмей көр.
Қызыл арай қып-қызыл қанда ойнады
Сыйластықтың қадірін сезінбей көр!

Қыстым досты құшаққа күн қысқандай...
...Үш күннен соң аттанды ол Үндістанға.
Аттаныпты мәңгілік сапарына
Аңыратып қаралы үнді аспанға.

“Көзімдей көр!”
Әлдене білдірді ме?..
Құлағына тылсым бір үн кірді ме?
Мәңгіліктен құлынын кетті іздеп,
Саусағыма таяғын ілдірді де.



ЖАС ТҰЛПАРЛАР ДАЛА КЕЗГЕН КЕЗ ЕДІ

Амангелді Сембинді аңсау



Дүние есігін ашар адам әнменен,
Уызданған,
Ән мен үнге дәндеген.
Ойланатын бойды алатын әуезбен
Аялайтын мұңға толы жанды өлең.

Қынаменде ошап жетіп бір апта,
Шырқырайтын шалқар әуен жыраққа.
Көкірекке сүйінішті тоғытып,
Сырлы сазды құятын-ды құлаққа.

Әнге ұйығыш мен де жанның бірі едім,
Күбірлейтін,
Дірілдейтін жүрегім.
Тік шырқайтын асқақ әнді аңсаймын
Дүр сілкінтіп оятатын қыр елін.

Аңсарым көп, қайсыбірін айтармын.
Жұрт сезбесті көзімдегі байқар мұң.
Сұңгіп кетем әнге ілесіп өткенге
Жастық шақты келгенде сан қайтарғым.

Мен білгенді жүр ме екен деп ел білмей,
Қалам кейде жас боп тамып мөлтілдей.
Бипыл әуен сорғаласа биіктен
Жүйкем босап,
Қоя берем елпілдей.

Кетем ұзап, саз боп ұйып ұзаққа,
Бабам жатқан Самарқанға, Жызаққа.

Ән боп өксір,
Ән боп және күлімдер,
Шырылдаған шыбын жаным тұзақта.

Өткеншекте ән созғанда талайлар.
Ақ сүңгісін дәл кеудеме қадайды Ай.
Сүңгі - сазды шіміркеніп жұтамын
«Әнді сүйсең, менше сүй!» деп Абайдай.

Қазақ қана ән, күйіне сусаған.
Ән, күйімен қарсы алатын туса адам.
Сазын созып шымырлатар Даласын
Жылқы бағып,
Қойын жайып,
Қуса да аң.

Дала, бала - бөлінбейтін қос ұғым.
Бір-бірінен тапқан көңіл қошығын.
Анасындай еміренсе біреуі,
Әнмен түзген бірі жоба-жосығын.

Ән - сезімі от боп жанып, күйетін.
Күліп, жылап,
Өксіп тұрып сүйетін.
Тәкаппарды талықсытып тұқыртып,
Тас кеудені бұлықсытып иетін.

«Ел!» деп аңсап,
«Ел!» деп шөлдеп өзегі,

«Жас тұлпарлар» дала кезген кез еді.
Туған жердің жарыстырып жайлауы,
Шөл қандырған салқындатып өзені.

Аралады орман, көлін,
Тау-тасын.
Үлкендердің алды бата, тәубасын.
Бұлақ болып қандыра алса қазағын,
Әр боп, нәр боп неге еліне жаумасын.

Шарлап биік, сүңгіп іздеп тереңін,
Санасына сіңіп жатты зерек үн,
Кеніші ғой - ақыл-ойдың ел іші,
Елге беріп,
Елден алмақ керегін.

Араласып үлкен-кіші, бәрімен,
Тарихтан,
Кеңес қозғап әріден,
Жас тұлпарлар біраз-біраз ойқтастап,
Әр жиынын тәмамдайтын әнімен.

Ән самғайтын Айға ұшып жетердей,
Жердің көкке туын ұстап өтердей.
Тынып, тұнып адам, дала қалатын
Жанды, жансыз ұйып тыңдап, жөтелмей.

Кешкі шапақ қырмызысын көбейтіп,
Көкжиекті қоятын тез кеңейтіп.
Егілетін кеуделерге саз қонып,
Төгілетін кедергісіз көмей түк.

Мамыражай сондай сәттің бірі еді,
Ел мен ердің қабысатын тілегі.
Кенет әнді қағып ала жөнелді
Тотық өнді қырдың нағыз түлегі.

Дауыс қандай!
Дауысқа ерген ән қандай!
Ой, ақтарды-ау саз толқынын нән тандай.
Жарқырады көздер, жүздер жадырап,
Жүректердің өз жұлдызы жанғандай.

Жауды аспаннан ән сорғалап төгіліп,
Сыр боп тамып, кеуделерге егіліп.
Тынши қалды Әлем, Ғалам, Дүние
Ғажап үнге ғажап қала емініп.

Еміренді,
Тебіренді Даласы
Шырқағанда шырқыратып баласы.
Жер Аспанмен,
Аспан Жермен табысты
Тұтамдай да болмай кетіп арасы.

Бал тамғанда тамсандырып көмейден,
Тұнжыр кештің бояулары көбейген.
Жапырақтар сыбырласып сырласып,
Билеп кетті тау, төбелер серейген.

Қазағымның қанды еріткен әндері-ай!
Жандыратын жанды өртпен әндері-ай!

Бір ғажайып әсемдікті туғызды,
Қондыра сап жүзге шуақ, өңге арай.

Ал түлек ше әуеннен нұр түлеткен,
Шырақ жаққан суырып ап түнектен,
Сиқыршыдай баурап алып барады
Тылсымымен кеуделерде дір еткен.

Керемет қой асқақ әннің дуасы,
Кереметтің болды ел-жұрт куәсы.
Ән, күйімен арқаланып Алаштың
Арыстан боп кетуші еді жуасы!

Кешкі ауаны кезіп кетті ғаламат
Ән қан болып қызды бойда аралап.
Аң, құсымен, іш-тысымен ысынған
Дүр сілкініп өре тұрды бар алап.

Ал дауыс ше?..
Дәл пейіштің үніндей
Сорғалады кібіртігі білінбей.
Жан біткеннің кірпігіне тұнған шық
Ырзалықтың үнсіз қатқан тіліндей.

Қайран ғана ғажабымдай қазағым!
Өзгелігің - өзектегі таза мұң.
Ән салғанда асқақтайсың әп-сәтте-ақ
Жұлқып тастап жан-тәніңнің азабын.

Шырқады ұлың тамылжытып қыр әнін,
Алашының айнымастай ұранын.

Анау қызыл, алау қызыл шапаққа
Алып кетті жұртты желпіп бір ағын.

Ашылғандай сол шапақта нұр есік,
Ынтық көңіл кетті әуенге ілесіп.
Жаның жайнап,
Қаның ойнап кетеді-ау
Бар мен жоғың қалған кезде тіресіп.

Ән - ғаламат алау көктен нұр сауған,
Босап шыққан көмейдегі құрсаудан.
Жаралғандай саз-құдірет саумалдан
Оралғандай дауда жүрген бір сауғаң.

Сипағандай әуен болып жел жібек,
Шалқып, толқып сала берді ел-жүрек.
Торғын кештің арайына шомылып,
Тұрдым мен де көппен бірге елжіреп.

Ән боп тасып кеткен жаны, жүрегі
Қырмызыдай қызыл кештің түлегі -
Қыздыратын қырдың қырғын қызығын
Амангелді Сембин атты ұлы еді.

* * *

Мәскеу. Тамыз.
Ыстық аптап қақтаған.
Ығы-жығы көшеде жұрт қаптаған.
Дәл сол кезде консерваторияның
Жас тұлпарлар есігінен аттаған.

Жиып тастап бар шаруаның өңгесін
Үш-төрт қазақ әдейі іздеп келгесін,
Дәліз бойлап, қабаттарды аралап,
Тапты ақыры ректордың бөлмесін.

Кіргендерді шетелдік деп көрді ме,
Нұсқады тез хатшы бикеш төрді де.
«Қабылдауын өтінеміз!» деген соң
Лез оралды ректорға енді де.

Ашты есікті үнсіз ымдап, бас иіп,
Ал біздер ше?..неден босап, жасиық.
Тосқызбастан шақырса өзі нән бастық
Тар қазандай бұрқырайық, тасиық.

Сол екпінмен сайрап кеттік лепіріп,
Ананы айтып... мына тұсқа секіріп.
Ой, мақтадық.
Сыйғызбадық жер-көкке
Мықтымызды алып келген...
Көпіріп.

Ректор кенет кнопканы басып қап,
Ыңыранды аппақ шашын қасып қап.
Хатшы бикеш тағы бізге ымдады,
Кірген бойда есігін кең ашып қап.

Көнеміз бе ым-дымына хатшының,
Босатқан соң нөсер сөздің қапшығын.
«Шешсін - дедік - мынау жөнсіз таласты
«Әуен!» дейтін құдіретті тақсыр үн!»

Әркімге де қадірлі ғой өз құны,
Кең бөлмені ректордың кезді үні:
«Әу, мырзалар! Сона-әу июль айында-ақ
Өтіп кеткен қабылдаудың мезгілі!»

Тыңдау қайда...
Одан сайын ашынып,
Бір дәлелді бір дәлелден асырып,
«Ең болмаса тыңдаңызшы дауысын!»
Деп жалындық аяғына бас ұрып.

Құтылмасын бізден енді білді ме,
Трубкасын құлағына ілді де:
«Тез жина!» деп беріп тастап бұйрығын
Тұрды орнынан миығынан күлді де.

Не дегенін бір естімей, бір естіп,
Үнсіз шұлғып, ректорға ілестік.
Үмітіңді шорт кескілеп тастамай,
Тосса дедік дәмелентіп күн өстіп.

Концерт залға шұбап кірдік бәріміз.
Бас изесті қарсы ап екі-үш кәрі қыз.
«Жина! деген осы ма - деп - мықтылар?»
Сәл күптілеу сияқтымыз әлі біз.

Суық қыстың қары қонған басына,
Кәрі қыздар қояр емес асыға.
Сыбыр-сыбыр, күбір-күбір сөйлесіп,
Барды бірі рояльдың қасына.

«Баста!» деген берді ректор белгісін.
Бір-ақ сәтте жанды қысқан келді сын.
«Таң қалдырар мына бізді кімсің?» деп
Қабырғадан көп портрет төнді шын.

Тастүйін боп қыран құстай бекініп,
Сахнаға шықты Аман секіріп.
Қолын созды рояльда отырған:
«Нотаңызды беріңіз!» деп өтініп.

Ал қалшисын біздің «мырза» мүсіндей,
«Нотасының» не екенін түсінбей.
«Нотасыз-ақ айтады!» деп шуладық,
Мықтымыздың абройын түсірмей.

Бас изеді ақ басты ару күбірлеп.
Біз шұлығыдық: «Ұмтыл алға! Жүгірі!» деп.
Сол-ақ екен асқақ дауыс аспандап,
Кең зал іші қоя берді дүбірлеп.

Бір-ақ тұтам бақ пен сордың арасы
Баласынан шыққан сәтте данасы.
Толқынды әуен құдірет боп толғатып,
Туа салды қазақтың кең даласы.

Сол даламен сәйгүліктер жарысты,
Таң қалдырып, тамсандырып ғарышты.
Дүбірлеткен саздан оқшау ұмтылған
«Ақбақайдың» тұяғынан шаң ұшты.

«Ақбақай-ай» - әннің нағыз керімі!
Өрнектелді-ай, бедерленді-ай өрімі.

Сұлулықты сорғалатқан таңдайы
Сахнаға алып келді серіні.

Қайран дауыс кідіріссіз шектелмей,
Есік-тесік тауып көкке кетті өрлей.
Маңғазданып төбемізден шаншылған
Портреттер қозғалысып кеткендей.

Мөлдір әуен күміс үнмен таза ақты.
Айта алмаймын тілім жетіп ғажапты.
Кәрі арулар жап-жас қызға айналып,
Сүйіп жатты жүрегімен қазақты.

Сүйіп жатты,
Иіп жатты жүректер.
... Әй, ұстатты-ау қолымызға тілекті ер.
Ұшып жетті кермесіне «Ақбақай»
Ой, шапшыды-ау қыс қартайтқан білектер!

Лез тұтанған «Ақбақайдың» ізінен,
Көрдік нұрды арулардың жүзінен.
Солықтайды бір күрсініп, бір күліп
Айрылғысы келмей қала түзімен.

Тамсандырды дала солай қаланы,
Тұлғалантып тотық жүзді баланы.
Алау жұққан жалаудай боп көрінді
Жер сипаған кең шалбардың балағы.

Болсын молдау шалбары да, жаны да,
Амангелді шырқады әнді тағы да.

Аузын ашып, көзін жұмды Москва,
Шеберліктің шеңгеліне бағына.

Қондырғанда атқа үмітпен жақынын
Қазақпыз ғой қыса қояр тақымын.
Бір қуанып,
Бір қуарып,
Бір ысып,
Күтіп тұрмыз не боларын ақырын.

Ал айтайын не бітіп, не болғанын,
Ыстық қанның жүрегіме толғанын,
Ректор да, арулар да «құтырды»,
Тұрып кетіп,
Ұрып кетіп қолдарын!..

Илікпесті иліктіріп ақыры -
Шапалақтың құлақ жарды шатыры.
Жаулап алды көзді ашып-жұмғанша,
Өр Мәскеуді алаштың жас батыры.

Өнерлімен қазағым бай,
Дала бай.
Сол далама Күн құмартып, қарады Ай.
Студент боп шыға келді біздің ұл
«Өтіп кеткен мезгіліне» қарамай.

* * *

Күн зымырап, ай жүгіріп, жыл өсіп,
Уақыттан жүрдік қалмай, ілесіп.
Ілімін де
Білімін де,

Білігін

Ашып жатты бір есіктен бір есік.

Үлкен жолға шығарып сап ботасын,
Берген ұлты ақ тілекпен батасын.
Тоқып жатты «арулардың» тәлімін,
Оқып жатты «түсінбеген» нотасын.

Студенттік жылдар қандай аяулы,
Ұшқыр етіп шығаратын баяуды.
Алыстарды бір-біріне икемдеп,
Жақын етіп жіберетін таяуды.

Аман мені іздеп талай келетін.
Келетін де концерт қойып беретін.
Есігімнің ту сыртынан таласып,
Көрші қыздар тірілетін, өлетін.

Ісінетін тамыр кеңіп алқымы,
Төгілетін үннің күміс, алтыны.
Құйылатын әнге ынтық боп, сауылдап
Тереземнен кештің қызыл жалқыны.

Саз боп шалқып, балқып әлем кеңісі,
Толушы еді көңілдердің кемісі.
Енуші еді менің тап-тар бөлмеме
Аяштардың латыш, орыс, немісі.

Қайран сайран,
Жастық,
Мастық күндер-ай!

Ән боп өртеп,
Саз боп сүйген үндер-ай!
Қара көздер,
Көкшіл көздер сағынтқан
Кімдер кетіп,
Қалды бүгін кімдер-ай?!.

* * *

Жас тұлпарлар тұяғынан шаң ұшып,
Атқан таңмен, шыққан Күнмен жарысып,
Өз ұлтының өзегіне өнерді
Құймақ болып жанұшырды алысып.

Алматыға келіп ек-ау ақпанда¹,
Көңіл ақты,
Тілек көкті тапқанда.
«Ұшпағына шығарамыз қазақты!»
Деген арман асықтырып жатты алда.

Жүздесіп ек Жазушылар үйінде,
Ұлттық тіл мен ділді үйіп иінге.
Қадамақшы болып өткір қанжарды
Қатып қалған шовинистік түйінге.

Қаламгерлер - өз ұлтының мақтаны.
Көбі бізді шын жүректен жақтады.
«Татар - деді - ана тілдің ақ сүтін!»
«Атар - дедік - ұлтымыздың ақ таңы!»

Кездестік біз һәм жастармен қалалық.
«Жүрмендер - деп - саясатты шала ұғып,
Өз халқыңның салт-санасы - өнегең,
Өз ұлтыңның бай тілінде - даналық».

Амангелді берген сонда ән салып.
Студенттер таңдай қақты тамсанып.
Алатаудың ақ шыңындай арымыз,
Тұрсын деп ек алдымыздан қарсы алып.

* * *

Өтті жылдар көктен құйып шуағын.
Шуақ болып жадыратып туады үн.
Аспаныңның түріп тастап түндігін
Көңіліңнін кірін, шерін жуады үн.

Амангелді - сол үні еді халқының.
Кішіге - аға,
Інісі еді қартының.
Ғажайыпқа толы ұлттық үнімен
Бүтіндейтін сынық жанын жартының.

Қазағының жазды атын аспанға.
Үлгі болды алға ұмтылған жастарға.
Мейірімнің не екенін танытты ол
Мейірімнен жұрдай болған бастарға.

Бұл ғұмырдың жеткендей боп мәніне,
Тыңдаушы едік,
Қанбаушы едік әніне.
Жалықпаушы ек,

Қалықтаушы ек сазымен
Қиялға еніп ғарыштан да әріге.

Адалдыққа бас иетін халқымның,
Бауырмалдық **қасиетін** халқымның,
Қызғаншақтық,
Күншілдік пен
Бақастық -
Дейтін жояр
Қасіреті артып мың.

Көктен әуен кеудені ертіп жауғанда,
Көптің көңлі қопарылып ауғанда,
Қазағымның **қасіреті** оянып,
Ойнақ салды қызғаныштық жау қанда.

Сол бақастық өршіп,
Тулап,
Тіріліп,
Кекшіл кеуде жауыздықпен бірігіп,
Жақсымызға азу басар әдетпен
Олжа болды ұсақтарға ірілік.

Көзге шыққан сүйелдей боп іріміз,
Ол бар жерде
Өлгендей боп тіріміз,
Озған жанның етегінен жұлмалап,
Жәукемдейміз бірімізді біріміз.

Елдің даңқын асқақтатса іріміз,
Бұлт жамылар қызғаныштан күніміз.

«Менің әнім естілмесе эфирден!»
Өшсін онда анау ұлттық үніміз!

Осы тілек қарғыс болып жабысты.
Ойдан қуып елдік, ұлттық намысты,
Күміс көмей
Күйіп, құрып,
У жұтып,
Әншібектің алтын жағы қарысты.

Бітеп жаптық уыз төгер көмейді.
Қара тілек,
Қарау көңіл көбейді.
Өзіміздік тұншықтырып бұлбұлды,
Қарқылдаттық қарға, құзғын - өгейді.

Асқақтайтын ән әуені,
Күй үні,
Өнер,
Жырдың шарықтайтын биігі -
Неге екені,
Биліктінің бүгінгі
Болып алды ес тандырар күйігі.

Ашып тастап кеудесінің жан сырын,
Жаңғыртса ұлы халқымыздың таңсығын.
Әкеледі билік
Соны құлатып,
Өзгелердің өзекті өртер қаңсығын.

Артық көріп елдің сорын
Бағынан.

Жерісе де төрелер өз қағынан.
Өзегімді өртеп жатқан дертіммен
Әншіні де,
Әнін де оның сағынам.

Айрылып қап алтын дауыс інімнен,
Көп аңсаймын пейіш дәмді үнін мен.
Күншілдіктің құрығымен қыратын
Зияны мол зиялымнан түңілгем.

Тамылжытып сорғалатар қыр әнін
Қанатынан қайрылды да қыраным,
Көк сотына жеңдеттерін тапсырып,
Мәңгі тапты жер қойнынан тұрағын.

Қысастықты айтыңдаршы,
Кім үзбек?
Өзгертер ме озбырлықты бір із кеп?
... Сол інімді дала әуенін сала алмай,
Жүрегімнің мұңлы сазы жүр іздеп.

5.05-9.052012 ж.



ЖОҚ МЕНІҢ ҚАРАҒАНДЫМ ӨСКЕМЕНДЕЙ

Серік Ахметовке уәж



Ірі болам деп талпынған ұл едің
Жарық дүниең жолатпайтын түнегін.
Балалықтың бал дәуренін қызықтап,
Жақсылыққа талпынатын жүрегің.

Сен соғысты көрмесең де, көргенсің.
Соғыс күні бұл жалғанға енгенсің.
Ақ төсінен уыз сүтпен бірге аққан
Қанды жасын аналардың емгенсің.

Сен күлкі деп ұғып өстің жылауды.
Үйренгенсің тұрмай жатып құлауды.
Мандайыңа ерте жазған тағдырың
Аямастан сыналуды, сынауды.

Жұбататын жоқтау болып әлдиің,
Зармен қоса естілетін ән-күйің.
Өксік өксіп көп көмейден төгілген
Еңсенді езіп, сәбиінде-ақ талды иін.

Өзегіңе сенің де өксік қосылтып,
Озбыр тірлік ойыныңды осылтып,
Қызыл таңда қызыл шақа табанмен
Қанды із салдың аппақ қарда жосылтып.

Бәрі соның балалық ед, пәктік ед.
Жетелейтін қара түнде ақ тілек.
Үзік-үзік үзілсе де шат күлкің
Әй, бәрібір үміт іздеп тапты кеп.

Аш кеудемен бораны ұлып, жел көшкен,
Сіміруші ең күрсініп қап шерді ескен.
Өсіп жаттың көп жетімдей жас жұтып,
Әкелердің алақанын көрместен.

Анда-санда зар, шері көп ұяда,
Аялайтын ән ата боп, күй - ана.
Мұңды көзді сынық шыны әйнектен
Қадайтынсың қыран ұшқан қияға.

Жетсе-дағы қырдан асып қандай күн
Көңіл көкке талпынудан талмайтын.
Көп жыртықтан жарқ ететін ақ тәндей.
Жоқшылықтан жақсылықты таңдайтын.

Қап-қара боп қоюланып тым бояу.
Соғыс өрті ыстап көшті күн баяу.
Тата бердің ащы дәмін кермектің,
Бата бердің көз жұмбастан мұңға ояу.

Мұң да керек сезу үшін қайғыны,
Төзім керек болу үшін әйгілі.
Бұл өмірдің кезек-кезек сынайды
Ақ, қараны
Жоқ, барымен ай, күні.

* * *

Бірде мұңмен, бірде сырмен қауышып,
Өзекті өртеп өтті жылдар ауысып.
Жеттім елге желкен етіп арманды
Мәскеудегі оқуымды тауысып.

«Алам!» дегем асқарды емес аспанды.
Жазам деп ем романды, дастанды.
Күндіз оттың ұшқынымен алысып,
Түнде қағаз шимайлауым басталды.

Қиял ғажап, ертіп кетер мінгессең.
Таң атады түнек басқан түн кессең.
Ашылады бағзы заман тылсымы
Өткендермен өзектес боп тілдессең.

Кеттім сүңгіп, үңгіп тарих қатпарын.
Достар таптым.
Сездім кекшіл жат барын.
Қанбай жұттым қанды жолдың ауасын,
Жанын ұқтым - бабалардың ақбарын.

Сарбаз болдым батырларға ілесіп,
Орыс, қытай, ойраттармен күресіп.
Ақ табаннан қызыл қанды шұбыртып,
Зұлмат қырғын басып қалды сіресіп.

Ойға қаштық, қырға қаштық еңіреп,
Ажал болып қоршап алды төңірек.
Ұлт екенбіз қайғы-шері көбірек,
Жарық күні түнегінен кемірек.

Аздау екен жоғалтқаннан тапқаным.
Көмейімде тұншығумен жатты әнім.
Ел көкседі,
Мен көкседім сан ғасыр
Аялайтын азаттықтың ақ таңын.



Мың жығылдықы ұлы айқаста,
Мың тұрып.
Батты түнек,
Атты таңым құлпырып.
Түсе салды көктен күткен еркіндік
Ұлыорыстық шовинизм кілт іріп.

Тәуелсіздік тартты бізді ілгері.
Күлді аруы Алашымның,
Күлді ері.
Қор құлдықтан босатпады Русьтің
Үш ғасырдай бұғаулаған күндері.

Арыла алмай сор бодандық кебінен,
Ресейдің кеткім келмей шебінен,
Тығам артты,
Тепкілесе тоқтамай,
Өзім барып қамытына жегілем.

Жүрсе де ешкім қарсы ұмтылып,
Жасқамай,
Сор маңдайды өзім бояп, қасқалай,
Қос көршіге жапақ-жапақ бүгіліп,
Жарамаймыз тік қарауға
Басқадай.

Қыраным жоқ көз тартатын қиядан.
Тербетпейді тебірентіп күй-анам.
Көкбөріден көк күшікке айналып,
Бабалардың аруағынан ұялам.

Тым жомарт боп жарылқағыш бөтенді,
Бұқар туған,
Қазыбек өлген мекенді,
Кәдімгідей мақтан етіп жүруші ем,
«Шылқытар - деп - әлі-ақ менің шекемді!»

Соғыс күні туған елдің ұлы едім.
Ақын болдым.
Қанат қақтым.
Түледім.
«Елім-айлап!» елді түнек торласа,
Дәл Данкодай жұлып берер жүрегін.

Мен соғысты көрмесем де, көргенмін.
Жеңіс тілеп солдаттарға ергенмін.
Үлкен шермен кішкенемнен уланып,
Қанды жасын аналардың тергенмін.

Жас күлкімді алмастырып жылаумен,
Ұмтылуды жалғастырғам құлаумен.
Алып шықты азамат қып ақыры
Бір бітпей-ақ титықтатар «құр әурем».

Құр әуреммен тыйдым талай өксікті.
Көп ізімнен гүл де өсті, көк шықты.
Айтарымды ақтарып сап тоқ бетке,
Қоя алмадым жамбастарға көпшікті.

Дос та таптым,
Қасым да бар аздаған,
Өштік оты өсегімен маздаған.



Күнгейімнен құлатам деп күншілдер
Жер қоймады ойқы-шойқы ор қазбаған.

Сүрінтсе де құлата алмай жүр әлі
Сынып, қирап күрегі һәм құралы.
Жүйткуінен танбай әзір келеді
Еңбегім мен талантымның пырағы.

Болған бір кез Софьянның жолдасы -
Қас-қабақпен жұрт шұлғытқан елбасы.
Біреуінің лық-лық толып арбасы,
Біреуінің құр қабысқан дорбасы.

Дорбасының қордаланып жазғаны,
Жұрт жүрегін жайлап кеткен сазды әні.
Өткендер мен кеткендерді тірілтті,
Зая кетпей тарихты қазғаны.

Бәрі соның «Ұлтым!» дейтін тілектен,
Ұлт күрсінсе,
Жан-тәніммен дір еткем.
Топырағым табанымды жылытып,
Бір жасытып,
Бір тасытып күн өткен.

Жасытса да жасқанбадым ешкімнен.
Жеңеді ғой әрқашанда кеш күлген.
Жыл-жыл сайын бір-бір кітап шығарып,
Есемді алдым ерегісіп өш күнмен.

Жұртым білді,
Алқалады қолды алып.
Қыртым күлді,
Қызғанышпен долданып.
Ерін Елі ардақ тұтса,
Төр безіп,
Пиғылдардың оң, терісі болды анық.

Ия, айтпақшы, Қарағанды - отаным.
Сонда туып, сонда аунаған ботамын.
Туған жерден бүгін ұзап кетсем де,
Ұмытқам жоқ, ошақтағы от әнін.

Сол ошағым - қанымдағы жылуым,
Ағыл-тегіл жылауым мен күлуім.
Маздаған от - атамекен белгісі,
Қалт тыятын жүрегімнің ұлуын.

Ұлытқан да, жылтқан да тал бесік
Ән боп, күй боп балқытатын жанда есіп.
... Ата-анамды жайғастырғам төбеге,
Мені күтер ашылмастан қалды есік.

«Есігім көп әлі ашатын елімде,
Елім - арқам,
Әрі сүйер белім де!»
Деп төресін тақсам да сан өкпеге,
Қимаушы едім қиянатшыл өлімге.

Бір босатпай жеккен атын дертеден
Орыс билеп,



Жөйт илеген ертеден,
Жолатпастан өз ұлдарын өгей қып,
Қарағандым өзектерді өртеген.

Қаралаған аппақ ардай мәніңді,
Жаралаған жаныңды үзген жаныңды.
Сабалаған орысшалап шықпыртып,
Мазақтаумен қазақша айтқан әніңді.

Қазақы иісті болмаған бір әкімі,
Өзге тілмен тақылдаған тақымы.
Қолтықтайтын мәтүшкесі ардақты
Қажет емес балпылдайтын ақыны.

Сезіп келдім,
Төзіп келдім осыған.
Қайран жүрек езілген де шошыған.
Халқым бірге мерейленсе менімен
Облысым үшін бәрі - бос ылаң!..

Қол созсам да бүгін жерден Күнге мен
Іздемеген,
Танымаған,
Білмеген.
Қайдан ұқсын Алашының ақынын
Қош айтысса ұлттық ана тілменен.

Ырқыменен төрдегі ұйғыр мұртының,
Ғұрпыменен космополит қыртының,
Өз қағынан жеріп жүрген әкімге
Керек емес қаламгері ұлтының.

Жолатпайды ол тарс бекітіп есігін,
Кеудесінің қалап тастап тесігін,
Көрсетпейді,
Мың жерден сен дана бол
Өз ұлына өзі туған бесігін.

Сөз өтпейді түйсігі жоқ қасқаға.
Жүрегі оның жүрек емес тас қана.
Бар тесігін ашып, шашып тастайды
Сүргілейтін,
Пергілейтін басқаға.

Жә, қайтемін әкімдерді көгендеп,
Биігімнен әлгілерге төмендеп.
Ұмтылады әлі-ақ олар ұялмай
Бірі ұрам деп,
Бірі көтке тебем деп.

* * *

Желпілдетіп күпті көңіл желігін,
Әкім болды Ахметов Серігің.
Аяқ асты әлденеге елігіп,
Қышып кетті қышымайтын ерінім.

Уандым ба, қуандым ба,
Білмеймін.
Сәл босадым тас кеудемді ілмей мұң.
Ырза болдым өзіме өзім оңаша
Ақ сәулесін сезгендей боп күңгейдің.

Сол екпінмен жүрегімді ақтарып,
Жаздым хатты егілуге шақ қалып,



Ел құшағын ашар інім дедім бе,
Көкейімді бір жақсы үміт жатты алып.

Бар сырымды қайтем бүркеп жасырып,
Мен күткеннен түсті інім асырып.
Іле-шала орынбасар Арманы
Жетіп келді аяғыма бас ұрып.

Жаным жайнап,
Қаным ойнап,
Ет қызды.
Жүрегімнен мың ваттай ток өткізді.
Әкімімнің құзыретті елшісі
Қаламын да,
Сәлемін де жеткізді.

Серік мені, сенсем Арман сөзіне,
Біледі екен,
Іледі екен көзіне.
Тау кеудесін иіп, бері бұрылған
Мен әйтеуір ұнап қаппын өзіне.

Түрмекші екен темір торды бір беттеп,
Жүрмекші екен қаламгерді құрметтеп.
Ақынымен әкімі тез табысса,
Болады екен ол да өзінше бір мектеп.

Таппақ екен ұмыт болған талайды.
Жақпақ екен соларға Күн және Айды.
Ордасына айналдырып өнердің
Зиялымен толтырмақшы маңайды.

Уәдесі әкімімнің ұнап тым,
Зейінімді, пейілімді құлаттым.
Көңіл көлін шалқытса әкім кеудеде,
Мен - құятын соған мөлдір бұлақпын.

Қол созғандай ақ шілтерлі ғашығым,
Арқаландым,
Ысыдым да тасыдым.
Төрге төрем ән мен жырды шығарса,
Одан өтер табылмайды асылың.

Ақын жүрек - антеннасы Әлемнің,
Сезім сырын сиғызады ол пәлен мың.
Өз халқының жыршысы мен жаршысы,
Және ұйтқысы ұйып тыңдар сан елдің.

«Бар - дедім мен - Серік атты серігім.
Елге басшы.
Маған қосшы сері інім.
Туған жердің топырағын басармын!»
Деп желпіндім басып көңіл көрігін.

* * *

Аунап, қунап арада екі-үш ай өтті.
Ақ сүтімен жанға үмітті Ай екті.
«Татасың - деп - көп ұзамай аулыңнан,
Жұта алмаған жастағы уыз мәйекті!»

Келіп қап ем жетпіс дейтін белеске.
Қызықпаушы ем қызықтырғыш елеске.

Бірақ мүлде бір сағыныш сарғайтты
Түсе беріп туған жер мен ел еске.

Хабарластым, уәдесіне қанғалы,
Әкім бірақ трубкасын алмады.
Бір күн кешке «звандады» Арманы
Зілдей болып пәс дененің салмағы.

«Ойымызда тойыңыздың болары.
Сіз туралы түк айтқан жоқ... жоғары.
Жиырма жылдық діңкемізді құртуда.
Түспей тұр-ау сізге қарай жол әлі.

Зәремізді зәр түбіне батырып,
Астана түр төбемізде ақырып,
Мұрнымызға су жетпей жүр.
Ал сізді...
Қарашада қалармыз-ау шақырып»...

Төпелегіш төрелерге не дейін
Өкпеде емес,
Өксікте өлді көмейім.
Бір-ақ сәтте өңменінен итеріп,
Облысым тапса ұлынан өгейін.

Мен қайтейін мың құбылғыш әкімін,
Көп бұйрықпен азайтқан соң ақылын.
Астанада бір зекіру саңқ етсе,
Қыса қояр қопаңдағыш тақымын.

Төмендемес өз биігім өзімде,
Өкінтсе де өз күйігім өзімде.
Жас емеспін іріп кетер сезімде,
Еркім, ырқым бұлтартпайтын төзімде.

Кешегім мен бүгінім бар ел білген.
Елмен бірге мұңайғам да һәм күлгем.
Иінімде биігім мен күйігім,
Үмітімді күдігіме жеңдірмен.

Мерейлендім мерейтойым дүрілдеп.
Жігіт болдым жетпісіме ұрын кеп.
Папкасы жоқ,
Шапаны жоқ хатшысы
Облыстың тұрды алдымда дірілдеп.

Шыға келген ұрыдай боп тасадан
Мазағы ма қазағына жасаған,
Тіленшідей алақанын құр жайып,
Неге келген анау жақтан осы адам?

Осындайда жұрттың көңлін мұң сүзбек,
Жақсы еді ғой кеткені оның үнсіз кеп.
Мен қуардым тепсінгенде кекшіл зал
Облыстың басшыларын «құнсыз!» деп.

Төрдің емес, ұлы екенмін мен елдің.
Ұлт жанының шуағына бөлендім.
Келмеді деп Ахметов, Есімов
Қисайған жоқ бір қылшығы төбемнің.

* * *

Жүзге толып қазағымның хас ұлы,
Жұртпен бірге жаным шалқып тасыды.
Жыр мен сырдың дес берместей алыбы -
Алты алашты асқақтатқан Қасымы.

Дүрілдетіп жасап тойды баршалық,
Қарағандым дараланды жар салып.
Жарап қапты қазақылық дәстүрге,
Кәдімгідей қонақтарын қарсы алып.

Мен де жеттім кеселіме қарамай,
Анасына ұмтылған жас баладай.
Томпаңдап жүр қолтоқпақтай Арманы
Неге екені... қол беруге жарамай.

Мен өзімнен танушы едім... Шеріні!
Қанды азулы көргендей боп бөріні
Жерлестерім мүлде үркітіп қойған ба,
Сүзді көзін Нығыметтің Серігі.

Менде де бар от шашырар көз деген.
Намысым бар Хақ алдында езбеген.
Тақ пен бақтан дарын артық ежелден
Мысы басып асып тұрар өзгеден.

От шашатын жанарымды білді ме,
Көмейіне тығып қалып үнді де,
Әкім мені ертіп ала жөнелді,
Қолтығымнан қолтығына ілді де.

Кең бөлмеге оңаша кеп жайғастық.
Жасырмадық,
Тұнып жүрген ойды аштық.
Бір бозарды,
Бір қызарды ол түтігіп,
Қателігін мойындаушы ед қай бастық.

Тек өзі емес.
Кінәлі екен басқалар.
«Софья ағаны елемеген қасқалар
Той өтсінші,
Бәрін, бәрін жасаймын
Бір сіз үшін шарам дайын басты алар!»

Төгілмеді ырзалықпен жыр, әнім.
Сұсты әкімнен басты алмауын сұрадым.
Үйіп-төкті уәдесін төре інім,
Беремін деп
Үйін,
Джипын,
Пырағын!

Алсам деп ем уәдесіз
Көңілін.
Алдап-сулап жібермекші мені інім.
Шын ниетке сиғызбас ем,
Түсінсе ол,
Талайлардың беріп жүрген көлігін.

Содан бері талай жылжып су ақты.
Жұтып қойды қыс ызғары шуақты.

Серік бірақ кетті мүлде хабарсыз,
Естуімше жүр дейді сау, қуатты.

Күтуменен өкпе-баурым кепкенде,
Қал-ағаммен¹ кездесіп қап өткенде,
Бердібегін² мақтағанда ол,
Күрсіндім:
«Қайтейін-ай, Өскеменім жоқ менде!»

* * *

Ырза етсе Семейің мен Өскеменің,
Бар деп мен Қарағандым бөскен едім.
Төбемді туған жерде көрсетпеген
Ізбарлы әкімімнен сескенемін.

Аямас жерлесінен хош, көмегің
Қал-аға, Семейің мен Өскеменің!
Ал менің Қарағандым -
Тоқалындай
Әкімге жалтақтаса, сескенемін.

Сыйласа Семейің мен Өскеменің,
Білмейді қалам парқын ештеменің.
Қойған соң Қарағандым өгейсітіп,
Халін мен жетім ұлдың кешкен едім.

Кеткенде жауға Семей, Өскеменің
Өткенге тарих бойлап көшкен едім.

1

Қалихан Ысқақов

2

Бердібек Сапарбаев - әкім.

Еліммен «Елім-айлап!» қауышсам да
Бүгін мен жаңа әкімнен сескенемін.

Қазақы бүгін Семей, Өскеменің,
Алға ұстап Бердібектей өскен ерін.
Білікті бір жан шықпай ұлт қаны бар
Өлкемде ділім жүдеп, өшті өнерім.

Бар сенің Семейің мен Өскеменің.
«Жоқ - дейді Қарағандым - еш керегің!»
Болдық қой осы күні барлық қазақ
Құлындай төбедегі бес төренің.

Бар сенің Семейің мен Өскеменің.
Баруға туған жерге сескенемін.
Алдамшы уәдесін үйіп-төккен
Серіктің алам кейде еске лебін...

* * *

Бар әлі де Қарағандым - мекенім!
Әкімдерім дей берсе де: «Бөтенім!»
Құстай ұшып туған жердің төріне
Ұлы болып түбінде бір жетемін.
Сенем соған.

10-15.04.2012 ж.



ІРІЛІК

Иманғали Тасмағамбетовке ырзалық



Ұлылықтан күдерімді үзбегем,
Ірілікті замандастан іздегем.
Үміт үзсе ақын ақын болар ма,
Қиясына қиял көзін сүзбеген.

«Табам!» - деумен күдігіме көнбегем, -
Азаматты асқақтаған пендеден
«Менің» емес,
«Бізін» алға шығарып,
Өзін емес,
Өзге қамын жөндеген!»

Аулын ғана аялайтын күйкіні,
Дейсің жеріп:
«Жікшілдіктің қиқымы!»
Аттандаумен өзге жақтың иті үрсе ол
Шырт бұзады тұтас ұлттық ұйқыны.

Шығарам деп төр басына төрені,
Өз жерінің итін, битін тереді.
Баптағанмен әлгілерден күні ертең
Сіркелер мен күшік қаптап өреді.

Сылап, сипап,
Сырбаздай ғып сіркесін,
Үй ішінен сайлап берер күркесін.
Ел ұлысын таппақ түгіл олардан
Ел ұрысын көргендей боп үркесің.

Өз ұланын басып, жаншып басқаның,
Жайын табар тек өзіндік қасқаның.

Өзгеге ашпас тас есікті жыл бойы
Өздері үшін сарт еткізер қасқағым.

Тұманға орап салбыраған бозғылтым,
Жасырады бөгделерден көз құлпын.
Өсірумен есіреді иіс алмас,
Қуыс кеуде өз мұрты мен өз қыртын.

Мен осындай қасқалардан безінгем,
Басқашылдың басқалығын сезінгем.
Бір қазақты қырық бөлшек қып бөлгенде,
Жаным жылап,
Еңсем күл боп езілген.

Кете берген бұлт бүркеніп, күн іріп,
Аш кеудемді басқан күдік,
Мұң ұлып.
Айғақтаған төрелерді - ұсақтық,
Тайғақтаған төрден сырғып ірілік.

Көміп тастап биіктегім ынсапты,
Арын алдап,
Жанын жалдап мың сатты.
Сыналап кеп,
Сыпалап жеп қан-жынды,
Қор болып жүр тойғыза алмай құрсақты.

Осылардан бөлек, ерек жігітті
Таптым да мен
Ерттеп міндім үмітті.
Қасқалардың басқалығын жолатпас,
Қазақылық қанына әбден сіңіпті.

Көрдім, сендім ұлтжанды ініме,
Кейде әнді,
Кейде жанға мұң іле,
Таптым,
Жақтым кеудеме бір шырақты
Кездестім деп азаматқа,
Іріге!..

* * *

Палатаның¹ мұң-мұхтажы ойымда,
Сансыратып салмақ түскен мойынға.
Ойда жоқта мен онымен кездестім
Ұлы Абайдың Семейдегі тойында.

«Ағалап!» кеп ашты айқара құшағын.
Жүректің біз іздейміз ғой түсі ағын.
Құлап түсіп көңіліне інінің
Көп күдікті ізгі үмітпен тұсадым.

Көргендей боп қазақтықтың кеңдігін,
Саз тербеткен көкіректен сөнді мұң.
Бір-ақ сәтте Азамат боп мен күткен
Жайлауына жан-тәнімнің енді інім.

Ой, бойына еш алалық кірмеген
Кісілік пен
Тектік тұнған түрменен
Созды қолын,

Бұзып шығып қамалын
Шенеуніктік шеңберімен күрмеген.

Ықыласқа таныттым ба ырзалық,
Жанар отын бір өшірдім,
Бір жағып.
Үздіктілер іңкәрлікпен шашылды,
Түздікке тән асып-тасар мырзалық.

Ол - ағаны,
Мен ініні таптым ба,
Кермек жастың тәтті уызын таттым да,
Жайлап қана жанды әнмен әлдилеп,
Бір қосылып шырқап кеттік «Аққұмға».

Таң боп атқан аялаумен кешімді,
Жүйе-жүйкем жібектей боп есілді.
Жанымды үккен бір шаруаның түйіні
Уәдесімен оп-оңай-ақ шешілді.

Келмек, көрмек палатаны бұл інім,
Танытты ма кісілігін, білігін.
Емдегендей біржолата сезіндім,
Жүрегімнің Колбин тілген тілігін.

Қақса арқаға,
Марқаятын пендеміз.
Күліп, жылап пейішке сан енгеміз.
Биліктінің биігіне шыққандай,
Ауысамыз ырза болған өңге біз.

Тасыдым ба,
Ысыдым ба,
Білмеймін.
Ыржиғаным хақ, оқушым, күл мейлің.
Жып-жылы боп оралғаным есімде,
Арқалап ап бір шуағын күнгейдің.

Әр уәденің - соңы жұмбақ,
Басы - үміт.
Межелі күн жетті таудан асылып.
Келді Имашжан сергек аттап, тік басып,
Мен де, ұжым да сала бердік тасынып.

Көрді інім жыртықты да,
Тесікті.
Тас еденді...
Үңірейген есікті
Тау боп жатқан кітаптарды үйіліп,
Керек қылып бөленетін бесікті.

Болмайды оған өнер мұңы - жай ұшық.
Кетті білем қабырғасы қайысып.
Ол мені емес,
Енді оны мен жұбаттым,
Бір-бір шыны ыстық, суық шай ішіп.

Басын шалмай өзгелердей әрненің,
Бермек болды қаржысын да, жәрдемін.
Жұта бердім ем болардай әр демін,
Алғыс болып шығып жатты әр демім.

Сыртым жайнап,
Әрлі нәрді терді ішім.
«Болса - деумен - бәрі осындай ер мүсін! -
Бар екен-ау,
Нар екен-ау шын қазақ
Тіліп түсер кердеңдіктің кергісін!»

Мерейленіп мен қалдым да, кетті інім.
Көмейімнен ырза ыңқылды төкті үнім.
Вертушканың шырылымен жүректі
Алдантам деп өтті күпті көп күнім.

Ести алмай вертушкадан інісін,
Жүрді ағасы жалғастырып тірі ісін.
Кейде кажып күрсініспен сығымдап,
Қос өкпеден ытқытатын тынысын.

Жұмысы оның бастан асқан көп еді.
Қаурыт науқан - ірісі һәм төмені,
Астананы көшірем деп жүргенде,
Қайдан тисін палатаға көмегі.

Қалай тағам жақсы ініге өкпені.
Неге тұрар шуағын-ақ төккені.
Қожанасыр қылығы ғой - қол созу
Жерде тұрып сонау Айға көктегі.

Тірлігімді жасай бердім тырбанып,
Сеніміммен ерге, төрге нұрланып.
Бір жақсылық Ақмоладан келердей
Қарайтынмын кейде өзімнен ұрланып.

Сол тараптан ешбір сыбыс білінбей,
Өте берді жүгірген күн сүрінбей.
Танымассың өзгелерді тым жақсы
Өз кеудеңе өзің терең үңілмей.

Жүрген шақта мұрыныңнан шаншылып,
Кетердей боп қарбаласта жан шығып,
Ұмыттырып өзге түгіл өзінді,
Тезін құрар уақытқа таршылық.

Ұқтым солай азаматтың тірлігін
Сыйласарын білер өзі кімді кім.
Бұзбаса екен шарасыздық, менмендік
Төрдегі мен төменгінің бірлігін.

Қарбаласы қамалаған ініге,
Өкпе айтарлық сөз оралмас тіліме.
Тазасына шаң жуытсам, не болам
Өзім тапқан армандаған іріме.

* * *

Асқақ Қасым,
Асқар Қасым,
Жыр - Қасым.
Тоқсан жаста ол.
Биігінде тұр басым.
Аласартар сол биікті көбейіп,
Көп қиқыммен түсті айқасқа бір басым.

«Ақылды» мол ақымақ дер ақынды.
Оқымайтын мөр басылған хатыңды.

«Қасым!» десең,
Басын шайкап төрелер,
«Ауыш!» деумен алмастырар атыңды.

«Қасымың кім? Мұқағали болмаса!
Тақпақшыдан қоймаған ғой ол да аса...»
Деп тұқыртпай түйсіксіздер не десін
Кеудесіне түйірдей нәр қонбаса.

Масыл көріп асыл ұлын халықтың,
Кіл надандар шалды аяғын алыптың.
Шәуілдегіш шавкаларды тыя алмай
Ел ішінде жалғыз қалып тарықтым.

Мың жасағыр Амангелді Дінұлы
Танытқаны-ай кім ұсағын,
Кім ірі.
Азаматтың арқасында құлпырып,
Шыға келді ұлы ақынның ғұмыры.

Бос сөзінің бәсі азып,
Құны арып,
Боп кеткенде билік жүнжіп, тым арық,
Амангелді хас ақынды тірілтті,
Төрт томдығын қаржысымен шығарып.

Елдік ұран,
Ұлттық намыс мазалап,
Ер мерейін көтерді нар азамат.
Алашына аялатты Ақынды

Төре,
Төрдің кір-батпағын тазалап.

Ел құрметі сіңген Ақын-Еріне,
Талаттырмай шенеуніктік бөріге.
Анау сұсты Астанадан
Жалғыз кеп,
Шыққан Имаш кең сарайдың төріне.

Жаққан сонда ол өз ұлтының жанына,
Жаққан сонда ол ұшқынды ұлт қанына.
Хан тағынан биік тұрар әрқашан
Таққан туы ақындықтың тағына.

Алқалаған киелінің киесін,
Қастерлеген шын құдірет иесін.
Жарқыратқан ақ маңдайын Ақынның
Биліктінің сүртіп жаққан күйесін.

Ақыны үшін отқа оранып өзегі,
Үкіметке жұрт өкпелі кез еді.
Бәкенеге үйіп-төгер құрметтің
Зор Қасымға жетпей қойған кезегі.

Бар кінасы - туғандығы Арқада,
Жат болуы кейбір «мықты» ортаға.
Фашистей боп көріне ме, кім білсін
Ақын тегі - Арғын әке, мәрт ана.

Жо-жоқ, халқы төбесіне көтерген,
Қайтқан емес ешқашанда беті елден.

Ол күлгенде Алаш біткен қуанып,
Ол жөтелсе,
Ұлты бірге жөтелген.

Сезген соны нәзік сырлы жанымен,
Жетті Имашжан тулар ыстық қанымен.
Ел жүрегін елжірете тербетті ол.
Төрден бөлек азаматтық арымен.

Мол күдікті сілкіп, жұлқып бір үміт
Көкейімде өшкен сенім тіріліп:
«Көрсетті - деп марқайғам-ды - белгісін
Көптен бері кездеспеген Ірілік!»

Ірілікті жан-тәніммен аңсағам.
Аңсап өткен менен бұрын қанша адам.
Ұлыларды ұлындай боп қадірлер
Ірілікті ұлылық деп тамсанам.

Қасым десем жерге қоям асымды,
Арлы ақын деп тапқам содан асылды.
Имашжанды нар қазаққа балаймын
Қастерлеген бар қазақтық Қасымды!

Іні тапқам қадірімді түсінген.
Тәңір Хаққа тәуба қылғам ішімнен.
Ықыласты таптым білем,
Жүргенде
Көңіл қалып талайлардан ісінген.

Ол сыйлады жазғанымды бағалап,
Көңілімнің көл жиегін жағалап.
Мен жүйткіттім іңкәрліктің тұлпарын
Ағалықтың кепілімен тағалап.

Бұзылды да төрдің биік қорғаны,
Екеуара түсіністік орнады.
Татуласса ақыны мен әкімі
Ұшпағына шығар ма ел арманы?

Мен қайтейін жұмбақ мәнді ақтарып,
Күн зымырап,
Шабан жылдар жатты ағып.
...Имаш інім шақыртқан соң өзіне
Кетті Алмасым Астанаға аттанып.

Сынап еді ұлды біраз сол інім,
Түс-келбеті баурады ма көңілін,
Қасына ертіп, бірге өткізбек баламмен
Бұл өмірдің ауырын да, жеңілін.

Мен ырзамын ол мырзалық танытса,
Ізгілікті ізеті мол жаны ұқса.
«Сақта - деймін - қазір мақтап,
Күні ертең
Сәлемдеспей кететіннен, жалықса!»

Кейде жасық,
Кейде асқақ әр адам,
Шыға алмайды мінез дейтін шарадан.

Көкірегін көкірекке басқызса,
Кейде ызасы қанмен бойға тараған.

Кейде адамбыз,
Кейде ұсақ пендеміз.
Кейде дана,
Кейде ақылға кеңдеміз.
Кейде апталап күтеміз-ау қабақты,
Құрт-құмырсқа боп кеткендей өңгіміз.

Ұмтыламыз мықтыларға далақтап,
Түскендей нақ көктен солар салақтап.
Қолын берсе,
Кұдай қолын сүйгендей,
Ой, бөсеміз ерінді құр жалап қап.

Мықтылықтың ұқпай бәсін, бағасын
Салыстырмай ескісі мен жаңасын,
Өз басыңды төсеп озбыр табанға,
Құл таңбасын маңдайыңа жағасың.

Өңешінде бұқса бұқсын үн мейлі
Күшік боп та енді ол төрге үрмейді.
Бүрсеңдейсің ызғырықтан шыға алмай,
Беріп қойып мықтыларға күңгейді.

Жүрген шақта кейде күйбең күй кешіп,
Өр кеудеден ашылғанда сыйлы есік,
Марқаясың кәдімгідей мәз болып,
Кеткендей-ақ өмірлерің үйлесіп.

Мәз болғанмын кез болғанда сондай күн
«Інім бар - деп - терісімді оңдайтын».
Жылы жүздің шуағына бөленгем,
Енді ешқашан адамдай боп тоңбайтын.

Сол сеніммен жіберіп ем ұлымды,
Күй ғып шертіп кеудемдегі бір үнді.
Адалдыққа ашып тастап сырымды,
«Ақтарам - деп - мәрт көңілден жырымды!»

Қайран жүрек - антеннасы Әлемнің!
Табар ән, жыр,
Өтер кейде сенен мұң.
Сол жүректің лүпілімен сыр аулап,
Дос көңілдің лүпіліне кенелдім.

Күттім ұлдың қуанышты үнін мен,
Шалқып айтар кездескенін ініммен.
Кешіксе де кешіктірмес бір хабар
Үмітті үзбей өз кеудеме үңілгем.

Үңілгем де аулап іштей тәубамды,
Іңкәрлікті шүкірлікпен сауғам-ды.
Өн-бойымды әлдебір күй әлдилеп,
Жып-жылы боп сол күй көктен жауған-ды.

Тереземнен Ай қараған сол түні,
Ақ сүтінің аймалаған толқыны.
Талып жеткен айдаладан бір әуен,
«Таппа - деумен - айналадан олқыны».

Олқым біткен.
Бар дүнием топ-толық,
Күдіретке қол бергендей тап болып,
Ду-ду қызған қан ойнақтап тамырда
Әбжыландай зуылдайды отта өріп.

Елітемін бір желікті сезініп,
Еріте ме ұшқыр демді жез үміт,
Анау Айдан, мынау түннен сыр ұрлап,
Жаттым білем ғажап мұңмен кезігіп.

Ғажап мұңның азабы жоқ, мәні бар.
Тән ұйымас,
Күйіп-жанып жан ұғар
Сондай сәтте Тәңір Хақпен жанасар
Ғаламат қой адам дейтін жануар.

Айдың сүтін жұттым,
Және мұңды еміп,
Бара жатты жұлдыз сөніп,
Түн кеміп,
Таң сарғайды, ғажап сырым азайып,
Сарсаңы көп басталды бір күнделік.

Кете алмады шуағы мол Күнге еніп,
Бір ызың күй мазаны ұрлап, тұрды өніп.
Неге екенін ұға алмадым.
Әсерлі
Түнгі сырды тұрды жұмбақ мұң бөліп.

Қинамай ма ала көңіл алаңы,
Кезіп кетті қиял тау мен даланы.

«Қиянат қып қиналтам ба ініні,
Несіне сол жібердім - деп - баланы?»

Адам жаны - жұмбақтың ең қиыны,
Шешілмейтін оңайлықпен түйіні.
Әлгіндегі жап-жайдары мінездің
Аяқ асты ойнақтайды-ау құйыны.

Кінасыз-ақ сезінесің кінәңды,
Өн-бойыңнан тінтіп іздеп күманды.
Ашық күнде-ақ басып қалып аспаның,
Су боласың кешпей, теспей тұманды.

Үгілесің,
Жүгінесің арыңа,
Үңілесің беріге де,
Арыға.
Ең ақыры өз-өзіңнен жеңіліп,
Тиісесің жанын жыртып жарыңа.

Күмбірлеген күй қашады кеудеңнен,
Ыңырантар ыңқыл күйік беубеумен.
Әлдилеген Ай сәулесін ұмытып,
Отырасың жанды қажап әуреңмен.

Босатпайды әңгі әуреңнің әлегі.
Күнің - күйік,
Түнің - ғажап ән еді.
Түйткіл жүрек әлденені сезе ме,
Табылмастай түршігесің жан емі.

Үркітеді үрей үстеп күдігің,
Кім жайдары,
Кім беймаза,
Кіді кім?
Бір өзіңнен соның бәрі табылып,
Кешегіден мүлде өзгеше бүгінің.

Сол бүгінің екі бүктеп беліңді,
Шалшық етті шалқар көңіл көліңді.
Үш күн бойы босағадан аттатпай,
Сенген інің телміртіпті төліңді.

Бермесе де жылы жүзін бұрмай тым,
Қазақ арбап ықыласты ұрлайтын.
Бер жағымен үйіп-төгіп пейілді,
Шақырып ап күшікті де ұрмайтын.

Шуақ шашар жоғалды ма Ай мүлде,
Жаныңды үкпей,
Кірер ме екен қайғы інге?
Үш тәулікте үш-ақ минут таппаған
Інім ісін сыйғызармын қай ділге?

Қаурыт жұмыс бауыздардай тамақты
Жетсе-дағы алды-артынан қамап тым.
Болады ғой жалқы сәтті табуға,
Жарқ еткізер анау ұлға қабақты.

Болар еді-ау ашылғанда қас-қабақ,
Жүзім - шырай,
Таңым - арай,

Аспан - ақ.
... Содан ба екен жерден төрге қараймын
Көп иықтың тасасынан баспалап.

... Кейін білдім.
Қайтыс болып жақыны,
Босамапты көліктен бір тақымы.
Жаны ауырған жақсы ініні түсінбей,
Бекер... босқа өкпелеген ақыны...

Адам - жұмбақ.
Сырын оның кім білсін.
Күн күрсінсе,
Еміреніп түн күлсін.
Өксімесін өгейсіреп көңілім
Сол көңілден туа-тын жыр-бүлдіршін.

Жыр-бүлдіршін өксімесін күрсініп,
Ертеңгі - емен,
Бүгінгі ол бір шыбық.
Бірде күліп,
Бірде еңіреп жүрсе де,
Кішкентайдан басталады Тіршілік.

Тау қозғалтып, көл шайқалтып күлгенде,
Көңіл көкте,
Көз аспанда жүргенде,
Кім ойлайды мынау жарық Жалғанмен
Ойда жоқта қоштасарын бір демде.

Төлеген боп даласына Жібектің
Ел қызығар келуші еді гүл еккім.
Көздің жасын запыран ғып төккізіп,
Мың тілекті ұрып жықты бір екпін.

Ішті ұлытып, боз інгендей боздатып,
Зар мен шерді боталатып, қоздатып,
Қалмайды ізден қара адамдай қасірет
Көмейімнен тумай жатқан сөзді атып.

Көзден қан боп,
Тілден зар боп ағар мұң,
Дақ түсірсең тазасына ақ ардың.
Мен сезгенді ел сезбесе селт етіп,
Ұлт мүддесін жалғыз қайдан табармын?

Табармын ба шақ ғұмырым қалғанда,
Жалынбастай мынау жалған Жалғанға.
Жұлқынам ба жанталасып,
Мойынға
Ажал сұмың қыл тұзағын салғанда.

Кетермін бе тағдырымды жеңе алмай,
Өтермін бе нені алып, нені алмай.
Өзгелерге өкшелете бересің
Неге сонша өгей тұтып мені, Алла-ай?

Көкіректен сәуле қашқан.
Жеңілмін.
Серік болар серігі жоқ көңілдің.
Әрекетім ыржаң топты құтыртып,
Бәтуасыз көр күлкіден жеңілдім.

Нені біліп, нені іліп талпындым,
Қадесіне жарамасам халқымның.
Алдағымды күреп жапса бақас топ,
Қалай сезбен не боларын артымның.

Жанарымды толтырмақ боп іріңге,
Тұншықтырмас болған сол топ тірімде.
Есімімді өшірмек боп айқасар,
Өлсем ертең тыға салып бір інге.

Аққа жағың, Хақтағалам, қайда еді,
Сынып қап пед көңіліңнің әйнегі.
Неге төкпес бүгін көктен Күн нұрын,
Шомылдырмас неге сүтке Ай мені?

Көк аспаным қара жерге құлар ма,
Жүрек соқпай бір-ақ сәтте тынар ма,
Қызығы мен шыжығы мол тірліктен
Адасып қап, енем бе тор-мұнарға?

Жарық күнді түнек көрге жұтқызып,
Өр көңілді кер ажалмен бұққызып,
Жеңілем бе жерге бөлеп жүректі
Күншілдердің қарқылына ұтқызып.

Туған жерден ауытқымай табаны,
Мен едім ғой жырлар Тау мен Даланы.
Суырып ап өңешінен ажалдың
Қылтамақтан кім құтқарып қалады?

«Қазағым!» деп,
«Ғажабым!» деп үздіккем.

Ғажабымнан еркелеткен жүз күткем.
Сол еліме сырымды айтып біткізбей,
Қас қағымда үзілер ме біздік дем?

Бір қылына тең көрмейтін мұртымның
Есірер ме төрт-бес қырты жұртымның.
Солар ертең есімімді ұрласа,
Мен жадынан жоғалам ба ұлтымның?

Қалай көнем күншіл, бақас кесікке,
Қарсы тұрмай сарт жабылар есікке.
Берерімді бермей неге өлемін,
Бөленбесем
Ел жүрегі - бесікке.

Құрбан шалар ақсарбас қой сияқты
Жата бермей серппей мүлде тұяқты,
Тасытармын ыстық қанды жұлқыntyп,
Сақтау үшін, ғұмырды,
Ар, ұятты!

Күресемін,
Тіресемін, өлмеспін.
Тас төбеменен нұрын шашар сөнбес Күн.
Мен - қазақпын!
Көк түріктің бөрісі!
Улы ісіктің шеңгеліне көнбеспін.

Мылжалармын ажал-мыстан шекесін.
Қиғызбаспын өмірге өлім некесін.

Өшігетін мен жұтардай ауасын
Танытармын қызғаншаққа кекесін.

Жармасамын бір талына үміттің,
Өңешімді келсем егер тірілтім.
Өзектегі өрт-жалынды сөндіріп,
Көрсетемін ер қайратын жігіттің.

* * *

Күйіп-жанған,
Әлі өлмеген,
Тірімін.
О дүниеге кезектегі бірімін.
... Жұлып апты жіберместен о жаққа,
Өңешінен ажал-сұмның ірі інім.

Қыл үстінде тұрған кезде өмірім,
Бұл Жалғанға қайта әкепті мені інім.
Ойдан, қырдан қаптатыпты ілезде,
Дәрісін де, дәрігерін де, көңілін.

Жарық көрдім,
Қайта тудым,
Оралдым.
Бұрынғыдай күншуақпын,
Боранмын.
Сәбиі боп тілегінен жаралдым
Жетісудың,
Арал,
Арқа,
Оралдың.

Інім-ірім құйып жанға жан нұрын,
Қайта оянды көмейімде ән-жырым.
Сырыменен,
Мұңыменен жалғасты
Тағдырына әз халқымның тағдырым.

Жыртқыздырмай кесел дертке жағамды,
Қададым мен қара жерге табанды.
Жүрегінен қанын құяр жүрекке,
Құрметтейік Имашжандай Адамды!

Адам болу - киелі ісі парыздың,
Түйісетін шыңы ғой ол бар іздің.
Мен сенемін дәрігерлердің сөзіне
Ініме де,
Бәріне де қарызбын.

Алдыртпақ боп хирургтың білгірін,
Жіберіпті інім соған бір күнін.
Азамат тек азаматтық танытар
Ал әйтпесе біліп жатыр кімді кім.

Дәрігерлердің сол айтқанына сенемін,
Сол сеніммен ертеңіме енемін.
Өшіртпейді жұлдызымды көгімнен
Ардақ тұтып мені Ерім, мені Елім.

... Әй, бәрібір, кім не десе, о десін,
Көз жұмасың,
Түбі әйтеуір өлесің.
Су тасиын,

Жыр тасиын халқыма
Ғұмырымның толтырып ап кемесін.

Сол себеп боп,
Ашылды деп көмейім
Мен ініме, Имашжанға сенейін.
Кездестіріп тірлік ылғи сынайды-ау
Бұл жалғанның туысқанын,
Өгейін.

Өгейін де,
Өзгесін де - өзім деп,
Жаным бүгін әр пендені сезінбек.
Дүниенің ең асылы - Адам деп,
Ырза жүрек соңғы сәтте көз ілмек.

Мен іріні тірі күнде іздеп ем.
Тауыпты оны рақ бүрген мұз денем.
Керек екен Азаматқа шын сену,
Адалдықтан күдеріңді үзбеген.

«Табам!» деумен күдігіме көнбеп ем.
Ірі болдым
Ірі ініммен мен деген.
Бар мәнімді ел нәрімен жөндегем,
Өзегімнен құйылады енді өлең.
Сенем соған!

22-31.03.2012 ж.



ОЛ ЖАС ЕДІ МӨЛДІРІН КІР ШАЛМАҒАН

Мұхтар Құл-Мұхаммедке уәж



Ол жас еді аға жолын аулайтын.
Ініліктің ізетінен аумайтын.
Шырайыңнан шуақ тауып ілезде
Көлеңкесіз көңіліңді жаулайтын.

Ілгергінің нұры түсер кейінге
Кез еді көп ықылас та,
Мейір де.
Аға ырза боп сәлеміне бауырдың
Толушы еді-ау іні ағалық пейілге.

Еңсе өсіріп риясыз шат күндер,
Естілмейтін
Күбір,
Өсек,
Жат тілдер.
Шын тілекшің кездескенде, марқайып,
Көңіл шіркін: «Тазалықты таптым!» дер.

«Ел!» деп соғар жүрегіңнің үніне
Қуанатын
Қуанасың ініге.
Алғысынан артық не бар жалғанда
Айтылатын тірілердің тіріге.

Іні сөзі шарпып тарап қаныма,
Құйылатын ыстық толқын жаныма.
Еріп, сеніп кетуші едім мақтауға
Пенделікпен
Пенделікке бағына.

Тамсанғанда ол таңдайынан бал тамып,
Шұлғытатын бар әлемді ар танып.
Дүниеден жоғалатын харамдық
Бір анадан туғандай боп бар халық.

«Адалдықтың бастау көзі - мен екем.
«Елім-айым» - талантымның кені екен.
Ел тірлігі - мәңгі бітпес мерекем,
Ел бірлігі - таусылмайтын берекем!»

Дәл осылай бөстіретін сол інім,
Тулатумен мас кеудемнің солығын.
Шарасынан әй, шығара жаздайтын
Мадақ сүйгіш бітеу көңіл толығын.

Ақ орданың төрінде едім онда мен,
Бір биіктеу орынтаққа қонған ем.
Көлеңкеме көз сүзгендер көбейген,
Шаң қаптырып кеткендей мен жорғамен.

Қабағымның ашылуын іздейтін,
Жағымпаздар қатарын бір үзбейтін.
Кеше ғана қалжыңымыз жарасқан
Құрдастарым сызылып қап: «Сіз!» дейтін.

Қысылушы ем өз-өзімнен ондайда,
Қыз көргендей тиіп шыққан он байға.
«Мансаптыға маңырағыш марғауды
Шықпыртар мед - деп ойлаушы ем - борбайға!»

Мен түңіліп,
Ез құбылып күн өткен,
Мұңды,
Сырды кезек жанға түнеткен.
Арпалысқам жанталаса жұлқынып,
Құтылғанша шенеуніктік түнектен.

Нас, ласты жүрсем де ойға құйғызбай,
Талай мәрте өкпем өшіп, ми қызды-ай.
... Сол кездері сол жас жігіт мақтаған
«Елім-айды» жер мен көкке сиғызбай...

* * *

Желтоқсанда халқым тауып жендетті,
Іштен кекті,
Көзден жасты селдетті.
Кеше ғана «орыс, қазақ!» демейтін
Бір-ақ сәтте қақ жарылып ел кетті.

Аяқ асты тапталған ұлт намысын
Қорғады ұл-қыз.
Құламайтын ар үшін.
Қаңғып келген Колбинді емес,
Тағынан
Көрмек болып өз халқының арысын.

Қанымен бояп қыршындарым қар үстін,
Аппақ таңын атқызды елге намыстың.
Мен жастардың жалынынан тұтандым,
Шоқ боп жанған кеудемде әлі бар ұшқын.

«Ұлтшыл!» дейтін ауыз қалмай үрмеген,
Тазам сонда қап-қара боп кірлеген.
«Әділет!» деп қарсы ұмтылып Колбинге,
Безіп шықтым ақ үйдегі түрмеден.

Мұңлы елімнің азаттығы аңсатты,
Төрдегі топ өз қазағын сан сатты.
Өз еркіммен қолды төсеп төбеке,
Тастап кеттім мағынасыз мансапты.

Жеңбеуші еді зорлық атты күш кімді,
Ыза-кектен жаным талай ышқыңды.
Келем әлі сөндірмеуге тырысып,
Кеудемдегі жастар жаққан ұшқыңды.

Сол күндерде сол інішек кездескен.
Айтты ашығын сөз көпіртіп езбестен:
«Елім-айың» - жастарды, аға, оятты!»
Деді өзінің өрлегенін сезбестен.

Мен ұқсам да асқақ сөздің астарын,
Түсіндім тек ерге дос пен қас барын.
Ойды оздырдым жалынымен жанымның
Жағып берген желтоқсандық жастарым.

Оңашада шабыт буар түндерден,
Жүрегімді бұлқындырып мұңды өргем.
Берешегім молайса да,
Білмеппін,
Келешегім келетінін кімдермен.

Тәуелсіздік таңы атқанда,
Қуандық:
«Ресейлік жойылды - деп - жуандық!»
Әуелеттік елұранын аспанға,
Көк аспандай қолға көкшіл ту алдық.

Ұлтымыздың дербестігін сағына,
Отырғыздық елбасыны тағына.
Жарасар деп жақсылығы жұртына,
Жанасар деп өз халқының жанына.

Азаттығын азапты елдің тіледік,
Сол тілекпен таң атқыздық, түнедік.
Малдандық та уәдеге,
Алдандық,
Бар байлықтан ажырап қап,
Мұң еміп.

Кен сатылып,
Тауар болып жер кетті.
Ел сенімін көкірекке жерлетті.
Кірмелерге кіріптар ғып ілезде,
Ұлтты ұлытып кеудесіне шер бөкті.

Қаптап келіп қайдағы мен жайдағы,
Қазағымды қойдай қуып айдады.
Қалталылар сатып алып билікті
Ысырылды
«Ұлтым!» дейтін қаймағы.

Әлсіздерім ойыншығы боп әлдінің,
... Шыға келді төре болып әлгі інім.
Оң-терісін саралап тек оздырды ол
Өзінің де,
Өзгенің де жарлығын.

Мен қауыштым елге төнген мұңменен.
Тілім - өгей,
Бітеу көмей,
Тұл - денем.
Жарық күнде түн түнекке оrandым,
Өз қарасын өз төресі тілдеген.

Төре - кердең,
Қара халық - байғұсың.
Көз жасымен жұта берді қайғысын.
Елді - жерден,
Ерді төрден айырып,
Жаяулатты тартып алып тайлысын.

Жұрт өткерді жұтқа таяу шер кезді.
Ауыл тозып,
Олай-бұлай ел безді.
Ұлтқа бұлт қып төбесінен төндірді,
Шегінді үзер шенеуніктей кербезді.

Соның бірі - інішек ед төрдегі.
Көкірегінің оянбаған кердеңі.
Танымады қаламгерді ол әдейі
Кіл шенділер болғаннан соң көргені.

Басқа елемей,
Құламады аспаным.
Әдеті ғой асқақтамақ қасқаның.
Білемін ғой татымасын
Бір маған
Ойлайтынның он шақтысы бас қамын.

Күпті көңіл зілді өткізіп жүректен,
Көп күдікпен күйік жамап,
Дір еткем.
Ашыларын сезем бұлттан көгімнің,
Арыларын ұлтым бір күн түнектен.

Тексіз өскен төбедегі «бектердің»
Төбеттігін балтыр қабар көп көрдім.
Қиялыммен тірілтсем де өлгенді,
Қиянатын тірілердің өткердім.

Танытсам деп замандасқа хан, биді
Бастан кештім қаламгерлік сан күйді.
Неге екені... әр ізімді әлі де
Түсі суық түнергендер аңдиды.

Білсем де оны
Түр таныттым білмеген.
Хандық құрдым,
Сарай салдым тілменен.
Ойды құйдым,
Жанды бердім ерлерге.
Тәнім босап,
Қалды өзімде құр денем.

Оралттым мен ояттым да көп күнді,
Абылайды,
Батырларды,
Тектімді.
Ерлерімнің қайта әкелдім далама
Өзегінде толқындаған екпінді.

Бассын деумен халқым алға бір адым,
Әуелеттім азаттықтың ұранын.
Айналдырдым гимніне ұлтымның
Қазағымның қасиетті бір әнін.

Тауым,
Далам тебіреніп тындады,
«Елім-айлап!» аһ ұрғанда мұңды әні.
«Елім-айды» жақтырмады набобтар
Елге төсер болмаған соң құндағы.

Қынжыламын құсаланып мен неге,
Құласа олар
Адамдықтан пендеге.
Өкінем тек тоқтата алмай кіжініп,
Төрдегінің байитынын елді еме.

Өтетіндер тар иненің көзінен
Аман қап жүр ар мен соттың тезінен.
Сатқын билік заң, низамды өлтірсе,
Шығарады өз жендетін өзінен.

... Кеттім білем пәлсафалап ауытқып,
Торлап алған құл тірліктен қауіп қып.

Көп інілер бүгін төрде шіренсе,
Көп иекті кеткен қаулап жауып түк.

Ақ қағазға сүйкектетіп қаламды,
Тербетемін алдыма алып ғаламды.
Аспандаттым көкке тіреп тауымды,
Асқақтаттым - жерұйығым - даламды.

Тілек сауып тұмшалаған түндерден
Бодандықты құдым елден,
Мұңды - ерден.
Алашымның аманатын арқалап,
Жұртқа ашылдым жазушылық мінберден.

«Ұлым!» деді ұлтым мені алқалап,
Емірендім,
Кердеңдемей шалқалап.
Төрелер ше?..
Төрдегілер менсінбей
«Құлым!» деді менен Күнді қалқалап.

Төрді қайтем?..
Елге сүйеп арқамды,
Шабытыма шомылдырам әр таңды.
Күйіп кеттім прозаның шоғында,
Сүйікті еттім поэзия - қалқамды.

Бірде күлдім,
Бірде егілдім еңіреп.
Бірде ашылды,
Бірде қысты төңірек.

Өңешінен Русь қолын босаттым,
Болсыншы деп ел тынысы кеңірек.

Босатпайды қанды шеңгел бәрібір,
Тарайтындай содан аяз,
Әрі нұр,
«Кремль!» деп ақордамыз сайрайды
Қайталанып жаңа әуенмен
Кәрі жыр.

Жаңа әуенді ескі сазбен айтады
Еркін елдің Ресейшіл байтағы.
Содан ба екен түсіп алды соңыма,
Жарамсақ пен жағымпаздың айтағы.

Қараймын ба шәуілдегіш үргенге,
Жатпас жігер кеудемдегі түрмемде.
«Елім-айым» жарыс тілеп жұлқынды,
Ауыздық сап, қос тізгінін түргенде.

Қыздым мен де,
Бастым еркек намысқа.
Үш кітапты қостым ұлы жарысқа.
«Эпопея» деп мақталып кітабым
Қазақ атын танытқан соң алысқа.

Батыраш пен Қотыраштар әлі де,
Сілтер сойыл хас жүйріктің бәріне.
Мұрттай ұшты оза берген тұлпарым
Ұшырап қап бақастықтың кәріне.

Айнымас деп адалынан,
Жөнінен,
Сол ініме азамат деп сеніп ем.
Ол адасып кеткені ме жолынан,
Жүрмін бе әлде мүлде адасып тегі мен?..

* * *

Ол жас еді мөлдірін кір шалмаған.
Қиялымен заңғар көкке самғаған.
Үш ұйықтаса түсіне оның кірмейтін
Кісәпірлік мүсәпір ғып жалмаған.

Ол жас еді,
Асқақ еді арманы,
Кеудесінде күмбірлеуші ед арлы әні.
Іліп түсер сілтегенін құқармай,
Қараулықты қармамайтын қармағы.

Кісілігі,
Кішілігі бар еді.
Білімі де,
Білігі де өрелі.
Жарасатын жаныңды ұғып жанымен
Жасамаған кезде өзінен «төрені».

Дәл осындай болса екен деп кең інім,
Ұмтылатын құшақ жайып көңілің.
Шын тілектес тапқанына қуанып,
Алданбастай марқаятын сенімің.

Іздеуші едім адалды һәм Адамды,
«Іні тапсам,

Берсем - деуші ем - жағамды».
Жоламаушы ем жалт бергішке жел сөзді,
Өзім біліп - өзгермейтін бағамды.

Ол жас еді-ау аға жолын аулаған.
Төрелікті туа сала саумаған.
... Балалықтың тазалығын бұзатын
Өз ішіне өз тысымен жау ма адам?..

* * *

Сол інішек аға жолын тосатын
Боп кетті де өзімшілдеу аса тым,
Құлап жатқан аяқтары мертігіп,
Сүйреп шықты «жақындардың» қос атын.

Озбырлықтың шаңы бүркеп боз қырды,
Адалдықты һарам былық тоздырды.
Арғымақты ұрып жығып шекеден
Мықшыңдатып мәстектерді оздырды.

Озсам да ылғи қала берем кешігіп,
Арман қирап,
Болып мүлде еш үміт.
«Елім-айды» оқитындар сүйсініп,
Авторына жүрер неге өшігіп?

Осы сауал қашап қинап миымды,
Ой мен бойға құя салар құйынды.
Есектілер көкпар қылып тартып жүр
Тұлпарыма лайықты сыйымды.

Құр мақтаудың алдаусытар несі үгіт,
Озам тағы.

Қала алмаспын кешігіп.
«Елім-айдың» берер әкеп бәйгесін
Авторына жүретіндер өшігіп.

Көңіліңді көтере алмай көпшікпен,
Өкініш көп өзек өртер өксікпен.
Мен өкпемді қалай айтам бөтенге,
Сіңбесе оған қазақылық тек сүтпен.

Сақтау үшін сан күйзелген арымды,
Адалдықпен аластадым нәрімді.
Қона алмаспын тауық болып торына
Теріп жейтін жем ғып шашар тарысын.

Жолым тосып жүре-тұғын сол інім,
Естіместей болғаны ма ел үнін.
«Елім-айды» қайта мақтап қалар ма,
Ауыстырса ертең мінген көлігін.

Жо-жоқ қайтем оған енді кінә артып,
Мақтауынан
Өзім ұғар мұң артық.
Мен сенемін ұлт таңына ататын,
Түн түнегін түріп ашар мұнартып.
Сенем соған!

8-10.02.2012 жс.



СУРЕТКЕ ҚАРАП КҮРСІНДІМ



Қайта оралған кешегі,
Мынау бір сондай кеш еді.
Көзімнен бұршақ үзіліп,
Кеудемде бұлттар көшеді.
Жым-жырт бір қысқы кеш еді.

Ұстадым қайдан мұны мен...
Фотоға көп-көп үңілем.
Меңіреу жаным.
Мәңгүртпін
Айрылған үннен,
Тілінен.
Күрсінем.
Үнсіз үңілем.

Көздерде шуақ жандырып,
Қандырып елді,
Таң қылып,
Кететін еді ат-атақ,
Жететін еді жаңғырық
Дабырасы елде жаңғырып.

Жаңалық едік жырдағы,
Даралық едік сырдағы.
Бүгінгі сөздің Ертеңі ек,
Талшыбық едік қырдағы,
Құнарлы болған құндағы.

Сермесе кетсек,
Сері едік.
Періште де едік,
Пері едік.
Айға да азу білеуші ек,

Тәңірге бермей төрелік.
Ер едік,
Әрі өр едік!

Жатпаушы ек тілеп күйді аса.
Жүруші ек еркін,
Сыйласа.
Жетуші ек барға дүркіреп,
Шынымен достар қинаса.
Бөлуші ек сырды симаса.

Жұлдыз боп жанып “Жұлдызда”
Болып ек үлгі ұл-қызға.
Жарасып сәтте қалушы ек,
Таласып қалып бір қызға.
Ортақ боп қазақ, қырғызға.

Жоқ емес түгел бар едік.
Атаны емес,
Нар едік.
Іргені бермей жүрсек те,
Ұстасушы едік әредік.
Достыққа берік,
Ар едік.

Аға еді Ғафу,
Ірі еді.
Телегей жырдың пірі еді.
Баладай еді-ау ақкөңіл
Кіршіксіз еді-ау жүрегі.
Үстінде ед елдің тілегі.

Бекежан - асыл аға-тын
Аға-тын:
Үнсіз бағатын.
Қоздатып ойды,
Маздатып
Көздерде алау жағатын,
Әркімнің бабын табатын.

Қазақы - Асқар қалжыңы.
Болса да шидей,
Нар - жүгі.
Есіліп кетсе,
Мұхит-тын,
Білінбей сөздің әр жігі.
Түйрейтін келсе, ал, жыны!

Оралхан желдей есетін,
Тау жылжып,
Көлдер көшетін.
Түнерткен көңіл түйткілін
Бір ауыз сөзбен шешетін,
Марқайып көңлің өсетін.

Сағаттың ойы - тұңғиық,
Тым терең,
Әрі тым биік.
Күліп бір сөйлеп кеткенде,
Өтетін жанға нұр құйып.
Тұратын сонда Күн де иіп.

Тұйғындай ғана Жарасқан -
Әрі көл еді,



Әрі Аспан.
Жыры бар еді мөп-мөлдір
Сыны бар жырмен таласқан.
Сыры - көл,
Ойы - кәрі Аспан.

Маратым - інім,
Мақтаным.
Досқа күн сыйлап,
Жатқа - мұң.
Көп күйді жастай кешіріп.
Өсірген Алаш бақбағын,
Табам деп Елдің соқпағын.

Созылып түсті кеш бүгін.
Қызарып батып,
Өшті күн.
Сендерді көріп суреттен
Кеудеме сусып көшті мұң.
Сендерді сездім.
Естідім.

Ағалар!
Қайран інілер!
Өлмеген.
Мәңгі тірілер!
Сендермен шуақ оралар,
Сендермен шындық тірілер.
Қадірі күнде білінер
Сағындым бүгін,
Ірілер!

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ АҒАЛАРЫМ - ЖАҒАЛАРЫМ

ТАҚТЫ ЕМЕС, ТАПТЫМ АДАМДЫ.....	5
ҰЛЫ ҰСТАЗ ҺӘМ ЖАС ТҰЛПАРЛАР	
Мұхтар Әуезов аруағына.....	31
ТЕКТІЛІК НЕМЕСЕ БІР ӨКІНІШ, БІР ӨКСІК	
Сәбит Мұқанов рухына.....	59
АТАСАҚАЛ СЫРЫ	
(Сәбең һәм Ғабең).....	81
ҚУЫРДАҚ ИІСІ	
(Ғ.Мұстафинге).....	97
ХАҚ-ДАЛА	
Ұлы Қасымның аруағына.....	109
ҚИМАС АДАМ - ДИМАШ АҒАМ.....	135
КЕРЕК ЕКЕН ЕКІНШІ РЕТ КІРМЕУІМ	
(Бәйкен Әшімов ағаға наз).....	159
ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ АҒАНЫҢ ҚАЙРАУЫ.....	173
ӨКПЕ	
(Сырбай ағаға).....	177
ҚИЯНАТ	
(Е.Әукебаевқа).....	191
ІЗДЕЙМІН АҢСАП АҒАМДЫ	
(Ә.Нұршайыховқа).....	201
КІСІЛІК	
(Т. Ахтановқа).....	217

БЕТШЩ ЕНДІ, ІНІМ, ҚАЛАЙ БҰРАСЫҢ?	
(Әбдіжәміл ағаның ашылуы).....	227
АҚҚУЫМДЫІЗДЕП ЖҰРМІН ӨЛІМЕН...	
(Нұрғиса ағаны аңсағанда).....	249
ҒАФУ ХАҚЫНДАҒЫ ЕКІ ӨЛЕҢ.....	273
ҚЫЗЫҒУ МЕН ҚЫЗҒАНУ	
(Ш.Айтматовқа).....	281
БІР ШАТАҚТЫҢ СЫРЫ	
(Мұқағали, Асқар хақында).....	289
КӨРШІМ ЕДІ ОЛ	
(Шәмшіге).....	303
АЗАМАТТЫҢ БАР МЕН ЖОҒЫН СЫНАР БАҚ	
(Ө.Кекілбаев хақында).....	313
СІЗ ДЕ, МЕН ДЕ БОЛЫП ЕК ҚОЙ ГОРНОВОЙ	
(Елбасыға хат).....	325

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ІНІЛЕРІМ - ІРІЛЕРІМ

ТАРЫҚПАС ТАРЛАНЫМ-АЙ!.....	359
ЖАС ТҮЛПАРЛАР ДАЛА КЕЗГЕН КЕЗ ЕДІ	
(Амангелді Сембинді аңсау).....	371
ЖОҚ МЕНІҢ ҚАРАҒ АНДЫМ ӨСКЕМЕНДЕЙ	
(Серік Ахметовке уәж).....	389
ІРІЛІК	
(И.Тасмағамбетовке ырзалық).....	407
ОЛ ЖАС ЕДІ МӨЛДІРІН КІР ШАЛМАҒАН	
(Мұхтар Құл-Мұхаммедке уәж).....	431
Суретке қарап күрсіндім.....	445



Осы кітаптың жарық көруіне
демеушілік жасаған асыл азамат
Құсайын ОМАРОВ мырзаға
шексіз алыс-құрметімді білдіремін.

Автор



ISBN 978-601-7011-51-2



Софиян
Софы СМАТАЕВ

**АҒАЛАРЫМ – ЖАҒАЛАРЫМ,
ІНІЛЕРІМ – ІРІЛЕРІМ**

Редакторы Талғат Әнуарұлы
Беттеген суретші Нұргелді Сергожаұлы
Корректоры Жан Алмасұлы

Басуға 24.01.2013 қол қойылды.

Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Қаріп түрі “Таймс”.

Көлемі 28,25 баспа табак. Таралымы 3000 дана.

Тапсырыс берушінің файлдарынан “Курсив” ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, “Бағанашыл” ықшам ауданы, Восточная көшесі, 2 үй.